«Ұлттық архив қоры және архивтер
туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының 25 жылдығына орай

МЕМЛЕКЕТТІК, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ВЕДОМСТВОЛЫҚ АРХИВТЕРДІҢ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖИНАҚТАУ, САҚТАУ, ЕСЕПКЕ АЛУ МЕН ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

жинағы

Сборник

НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ ПО ВОПРОСАМ КОМПЛЕКТОВАНИЯ, ХРАНЕНИЯ, УЧЕТА И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ДОКУМЕНТОВ ГОСУДАРСТВЕННЫМИ, СПЕЦИАЛЬНЫМИ ГОСУДАРСТВЕННЫМИ И ВЕДОМСТВЕННЫМИ АРХИВАМИ

2023

ӘОЖ 930.25 (574)
КБЖ 79.3 (5Қаз)

М 44 Мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік және ведомстволық архивтердің құжаттарды жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жинағы = Сборник нормативных правовых актов по вопросам комплектования, хранения, учета и использования документов государственными, специальными государственными и ведомственными архивами / Ред. Мұстафина Ә.Қ., құраст.: Мұқажанова Г.Ж., Сыздықова Е.С., Маканбаев Т.Д. – Қарағанды: «Tengri ltd» ЖШС, 2023. – 667 б.

ISBN 978-601-7652-79-1

Нормативтік құқықтық актілер жинағы мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік және ведомстволық архивтерді жинақтау, сақтау, есепке алу және пайдалану мәселелері бойынша дайындалып, 2023 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша «Әділет» АҚЖ www.adilet.zan.kz сайтында ұсынылған нормативтік құқықтық актілер негізінде жасалды.

Басылым архившілерге, тарихшыларға, ведомстволық архив қызметкерлеріне, студенттерге, сондай-ақ Қазақстан архивтерін дамыту мәселелеріне қызығушылық танытатын көпшілікке арналады.

Сборник нормативных правовых актов по вопросам комплектования, хранения, учета и использования документов государственными, специальными государственными и ведомственными архивами составлен на основе нормативных правовых актов, представленных на сайте ИПС «Әділет» www.adilet.zan.kz по состоянию на 1 сентября 2023 года.

Издание адресовано архивистам, историкам, сотрудникам ведомственных архивов, студентам, а также всем, кто интересуется вопросами развития архивов Казахстана.

УДК 930.25 (574)
ББК 79.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7652-79-1 © ҚР Президентінің Архиві, 2023

Мазмұны
Оглавление

Алғы сөз 5

Предисловие 8

«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы»
1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-1
Қазақстан Республикасының Заңы 11

Закон Республики Казахстан от 22 декабря 1998 года
№ 326-1 «О Национальном архивном фонде и архивах» 36

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық
қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы
№ 370-II Қазақстан Республикасының Заңы 62

Закон Республики Казахстан от 7 января 2003 года
№ 370 «Об электронном документе
и электронной цифровой подписи» 82

«Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа
да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы
мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен
пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан
Республикасы Мәдениет және спорт министрінің
2023 жылғы 9 тамыздағы № 215 бұйрығы 104

Приказ Министра культуры и спорта Республики
Казахстан от 9 августа 2023 года № 215 «Об утверждении
Правил комплектования, хранения, учета и использования
документов Национального архивного фонда и других
архивных документов государственными
и специальными государственными архивами» 226

«Ұлттық архив қорының құжаттарын
және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық
және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен
пайдалану қағидалары» Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығы 347

Приказ Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 25 августа 2023 года № 235 «Об утверждении Правил приема, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда и других архивных документов ведомственными и частными архивами».....436

«Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығы.....525

Приказ Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 25 августа 2023 года № 236 «Об утверждении Правил документирования, управления документацией и использования систем электронного документооборота в государственных и негосударственных организациях» 595

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры Қазақстан халқының ұлттық, тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Жинақтау процесі ұйымдардың іс қағаздарын жүргізуден басталады, оны дұрыс орындаған кезде есепке алу, сақтау және пайдалануы қамтамасыз етіледі. Осы процестің құқықтық негіздері қолданыстағы заңнамамен реттеледі. Бүгін архив заңнамасы саласында өзгерістер мен толықтырулардың жұмыстары серпінді жүріп жатыр. Бұл ақпараттық массивті сапалы қалыптастыру, оны өңдеу және талдау – Қазақстандағы архив мекемелерінің міндеттерінің бірі және оның шешімі – жинақтау болып табылады, яғни ақпарат көздерін, қабылдануға жататын құжаттардың құрамын анықтауға мүмкіндік беретін және олардың тұрақты түсуін қамтамасыз ететін архивтер қызметіндегі базалық процесс. Жинақтау процесі ұйымдардың іс қағаздарын жүргізуден басталады, оны дұрыс орындаған кезде есепке алу, сақтау және пайдалану қамтамасыз етіледі. Бұл процестің құқықтық негіздері қолданыстағы заңнамамен реттеледі. Бұл ретте архив заңнамасы саласында өзгерістер мен толықтырулардың серпінді режимі жүріп жатыр. Бұл мемлекетті, экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, мәдениетті басқару жүйесіндегі өзгерістерге, сондай-ақ жаңа заңдардың қабылдануына, оларға байланысты салаларда бірқатар өзгерістер мен толықтырулармен байланысты. Барлық жаңалықтарды бақылап отыру өте қиын. Осы мәселенің өзектілігін түсіне отырып, ҚР Президентінің Архиві мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік және ведомстволық архивтердің құжаттарды жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жинағын дайындады[1].

ҚР Ұлттық архив қоры туралы Заң нормаларын жүзеге асыратын заң күшіндегі нормативтік құқықтық актілер «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау,

[1] 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі – ҚР Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығы.

сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары»[2] және «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары»[3] болып табылады.

Қағидалар архивтік мекемелердің қызметін ұйымдастыруды реттейді. Оларда жекелеген тәжірибелік жұмыстарды орындау технологияларына қойылатын талаптарды қысқаша реттейді. Қағидалар жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

Архив қызметін реттейтін құқық нормалары бейінді архив заңнамасына ғана емес, сонымен бірге құқықтың аралас салаларының заңнамалық актілеріне, мысалы, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамаға белсенді енгізіледі. Цифрлық трансформация дәуіріндегі архив мекемелерінің міндеттері мен жұмыс бағыттары өзгеріссіз қалады: құжаттарды басқару жүйесін жетілдіру және жаңғырту, архив құжаттарын талдау, пайдалану, қолжетімділігі, сақталуы және қорғалуы Сабақтас заңнама құқықтық қатынастарды, сондай-ақ электрондық құжаттардың айналысы саласында туындайтын құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуді, өзгертуді немесе тоқтатуды көздейтін электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған электрондық құжаттарды жасау және пайдалану кезінде туындайтын қатынастарды реттеуге қатысты нормаларды қамтиды.

Сабақтас заңнама құқықтық қатынастарды, сондай-ақ электрондық құжаттардың айналысы саласында туындайтын құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуді, өзгертуді немесе тоқтатуды көздейтін электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған электрондық құжаттарды жасау және пайдалану кезінде туындайтын қатынастарды реттеуге қатысты нормаларды қамтиды. Осы мәселелердің барлығы Қазақстан Рес-

---

[2] ҚР Мәдениет және спорт Министрінің № 215 бұйрығымен бекітілген; 2023 жылдың 9 тамызынан 2023 жылдың 17 тамызындағы ҚР Әділет Министрлігінде тіркелген № 33290.

[3] 2023 жылдың 25 тамызынан ҚР Мәдениет және спорт Министрінің № 235 бұйрығымен бекітілген; 2023 жылдың 28 тамызында ҚР Әділет Министрлігінде тіркелген № 33338.

публикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңымен реттеледі.

Электрондық құжаттармен жұмысты ұйымдастыру тәртібіне қойылатын талаптар заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде де қамтылады. Бұл «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалар»[4] әзірлеу және бекіту 2023 жылғы сәуірде Үкіметтің құзыретінен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің құзыретіне берілді.

Архив саласындағы нормативтік-құқықтық актілер архив қызметін ұйымдастыруда және реттеуде шешуші рөл атқарады. Олар архив саласындағы процестерді тиімді басқаруға және Қазақстан Республикасының құжаттық мұрасын жинақтауды, есепке алуды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрылымды, стандарттар мен ережелерді айқындайды.

Нормативтік құқықтық актілердің жинағы тәжірибелік қолдануға және архив мекемелері мен іс жүргізу қызметтерінің қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

[4] 2023 жылдың 25 тамызынан ҚР Мәдениет және спорт Министрінің № 236 бұйрығымен бекітілген; 2023 жылдың 28 тамызында ҚР Әділет Министрлігінде тіркелген № 33339.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Национальный архивный фонд Республики Казахстан является национальным достоянием и неотъемлемой частью историко-культурного наследия народа Казахстана. Качественное формирование этого информационного массива, его обработка и анализ – одна из задач архивных учреждений Казахстана, решением которой является комплектование – базовый процесс в деятельности архивов, позволяющий определить источники информации, состав документов, подлежащих приему, и обеспечивающий их постоянное поступление. Процесс комплектования начинается в делопроизводстве организаций, при правильном выполнении которого обеспечивается учет, хранение и использование. Правовые основы этого процесса регулируются действующим законодательством. При этом в сфере архивного законодательства происходит динамичный режим изменений и дополнений. Это связано с изменениями в системе управления государством, экономикой, социальной сферой, наукой, культурой, а также с принятием новых законов, рядом изменений и дополнений к ним в смежных отраслях. Уследить за всеми новшествами достаточно сложно. Понимая актуальность этого вопроса, Архивом Президента РК подготовлен сборник нормативных правовых актов по вопросам комплектования, хранения, учета и использования документов государственными, специальными государственными и ведомственными архивами.

Необходимость подготовки сборника нормативных правовых актов вызвана также изменениями в законодательстве в связи с подписанием 19 апреля 2023 года Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам административной реформы в Республике Казахстан». В качестве законодательных новелл предложены меры по децентрализации государственной власти, предусмотрены новые подходы по разграничению полномочий между уровнями государственного управления (Правительство – центральные исполнительные органы – местные исполнительные органы). В связи с этим, утверждение подзаконных нормативных правовых актов из компетенции Правительства были переданы в компетенцию уполномоченных государствен-

ных органов, в архивной отрасли – Министерству культуры и спорта Республики Казахстан[5].

Подзаконными нормативными правовыми актами, реализующими нормы Закона о Национальном архивном фонде РК, являются «Правила комплектования, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда и других архивных документов государственными и специальными государственными архивами»[6] и «Правила приема, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда и других архивных документов ведомственными и частными архивами»[7].

Правила регулируют организацию деятельности архивных учреждений. В них кратко регламентируются требования, предъявляемые к технологии выполнения отдельных практических работ. Правила обязательны для исполнения физическими и юридическими лицами.

Нормы права, регулирующие архивную деятельность, активно включаются не только в профильное архивное законодательство, но и в законодательные акты смежных отраслей права, например, в законодательство об электронном документе и электронной цифровой подписи. Задачи и направления работы архивных учреждений в эпоху цифровой трансформации остаются прежними: это совершенствование и модернизация системы управления данными, анализ, использование, доступ, сохранность и защита архивных данных. Смежное законодательство включает нормы, касающиеся регулирования отношений, возникающих при создании и использовании электронных документов, удостоверенных посредством электронных цифровых подписей, предусматривающих установление, изменение или прекращение правоотношений, а также прав и обязанностей участников правоотношений, возникающих в сфере обращения

[5] С 1 сентября 2023 г. Министерство культуры и информации РК – Указ Президента РК от 1 сентября 2023 года № 318.

[6] Утверждены приказом Министра культуры и спорта РК от 9 августа 2023 года № 215; Зарегистрирован в Министерстве юстиции РК 17 августа 2023 года № 33290.

[7] Утверждены приказом Министра культуры и спорта РК от 25 августа 2023 года № 235; Зарегистрирован в Министерстве юстиции РК 28 августа 2023 года № 33338.

электронных документов. Все эти вопросы регулируются Законом Республики Казахстан от 7 января 2003 года № 370 «Об электронном документе и электронной цифровой подписи».

Требования, предъявляемые к порядку организации работы с электронными документами также содержатся в подзаконных нормативных правовых актах. Это «Правила документирования, управления документацией и использования систем электронного документооборота в государственных и негосударственных организациях»[8], разработка и утверждение которых в апреле 2023 года из компетенции Правительства была передана в компетенцию Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.

Нормативно-правовые акты в архивной отрасли играют решающую роль в организации и регулировании деятельности архивов. Они определяют структуру, стандарты и правила, которые позволяют эффективно управлять процессами в архивной отрасли и обеспечивать комплектование, учет, сохранность и использование документального наследия Республики Казахстан.

Сборник нормативных правовых документов рассчитан на практическое применение и предназначен для оказания методической помощи работникам архивных учреждений и делопроизводственных служб.

[8] Утверждены приказом Министра культуры и спорта РК от 25 августа 2023 года № 236; Зарегистрирован в Министерстве юстиции РК 28 августа 2023 года № 33339.

«ҰЛТТЫҚ АРХИВ ҚОРЫ ЖӘНЕ АРХИВТЕР ТУРАЛЫ» 1998 ЖЫЛҒЫ 22 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 326-1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Заңның тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 28.10.2015 № 368-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

- "облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)", "облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)", "облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық)" деген сөздер тиісінше "облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың", "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың", "облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың" деген сөздермен ауыстырылды;

- "мұрағат", "мұрағаттарды", "мұрағаттардың", "мұрағаттар", "мұрағаты", "Мұрағат", "мұрағаттарының", "мұрағаттары", "мұрағаттың", "мұрағаттарындағы", "мұрағаттардағы", "мұрағатқа", "Мұрағатының", "мұрағаттарда", "мұрағаттарға", "мұрағаттық", "мұрағаттарынан", "мұрағаттарында" және "мұрағатты" деген сөздер тиісінше "архив", "архивтерді", "архивтердің", "архивтер", "архиві", "Архив", "архивтерінің", "архивтері", "архивтің", "архивтеріндегі", "архивтердегі", "архивке", "Архивінің", "архивтерде", "архивтерге", "архивтік", "архивтерінен", "архивтерінде" және "архивті" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 28.10.2015 № 368-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құжаттарын жинау, жинақтау, сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану және Қазақстан Республикасындағы архив ісін мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау.
Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы мемлекеттік архив – осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының архив мекемесі немесе бөлімшесі;

2) архив – архивтік құжаттарды жинауды, сатып алуды, жинақтауды, ретке келтіруді, сақтауды, есепке алу мен пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі;

3) архив коллекциясы – қор құрушылар қызметінде қалыптасқан, бір немесе бірнеше белгілері бойынша біріктірілген құжаттардың жиынтығы;

4) архив қоры – бір-бірімен тарихи немесе қисынды байланысты архивтік құжаттардың жиынтығы;

5) архивтік құжат – қоғам мен мемлекет үшін маңыздылығына қарай сақталатын немесе сақталуға жататын, сол сияқты меншік иесі үшін құндылығы бар құжат;

6) архивтік құжаттарды есепке алу (бұдан әрі – есепке алу) – есепке алу бірліктерінде архивтік құжаттардың саны мен құрамын белгілеу және әрбір есепке алу бірлігінің белгілі бір кешенге және олардың есепке алу құжаттарындағы жалпы санына тиесілігін тіркеу;

7) архивтік құжаттарды пайдаланушы – ақпаратты пайдалану мақсатында алу үшін архивтік құжаттарға жүгінетін жеке немесе заңды тұлға;

8) архивтік құжаттарды ретке келтіру (бұдан әрі – ретке келтіру) – архивтік құжаттарды сақтау бірліктеріне (істерге) қалыптастыру, осындай сақтау бірліктерін (істерді) Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасына сәйкес сипаттау және ресімдеу жөніндегі жұмыстар кешені;

9) архивтік құжаттарды электрондық нысанға аудару – архивтік құжаттардың электрондық көшірмелерін жасау және уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ақпараттық жүйелерге мәліметтерді көшіру;

10) архив ісі – жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын қалыптастырумен, архивтерді, архив қорлары мен коллекцияларын құрумен, архивтік құжаттарды жинауды, жинақтауды, ретке келтіруді, сақтауды, есепке алу мен пайдалануды ұйымдастырумен байланысты қызмет саласы;

11) аса құнды құжат – Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының баға жетпестей тарихи-мәдени және ғылыми құндылығы, қоғам мен мемлекет үшін ерекше маңызы бар архивтік құжаты;

12) басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету – заңды тұлғалардың құжаттама жасау және құжаттарды жасау, алу кезінен бастап архивтік сақтауға бергенге дейін олармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі қызметі;

13) ведомстволық архив – архивтік құжаттарды жинауды, ретке келтіруді, уақытша сақтауды, есепке алуды, пайдалануды және Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғаның мекемесі немесе құрылымдық бөлімшесі;

14) жеке архив – архивтік құжаттарды жинауды, сатып алуды, жинақтауды, ретке келтіруді, сақтауды, есепке алу мен пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік емес заңды тұлға немесе оның құрылымдық бөлімшесі немесе қызметі, жинауы және сатып алуы нәтижесінде пайда болған жеке тұлғаның архивтік құжаттары;

15) жеке құрам жөніндегі құжаттар – жұмыскерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың кешені және оларды зейнетақымен қамсыздандыруға арналған ақшаның ұсталуы мен аударылуы туралы мәліметтер;

16) Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры (бұдан әрі – Ұлттық архив қоры) – тарихи, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе мәдени маңызы бар мемлекеттік және мемлекеттік емес архив қорларының, коллекциялардың және архивтік құжаттардың жиынтығы;

17) құжат – материалдық жеткізгіште дәлме-дәл жазып алынған, сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат;

18) құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қоры – аса құнды құжаттардың сақтандыру көшірмелерінің жиынтығы;

19) мемлекеттік архив – Ұлттық архив қорының құжаттарын жинау, сатып алу, жинақтау, ретке келтіру, тұрақты сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану құқығы берілген мемлекеттік мекеме;

20) орталық мемлекеттік архив – архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органның қарауындағы мемлекеттік архив;

21) ресми құжат – жеке немесе заңды тұлға жасаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген және куәландырылған құжат;

22) уәкілетті орган – архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

23) Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік есепке алу (бұдан әрі – мемлекеттік есепке алу) – архив қорларының саны мен құрамы, сақтау бірліктерінің саны туралы мәліметтерді қамтитын, Ұлттық архив қорының құжаттарын облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және тұтастай алғанда мемлекет деңгейінде есепке алу жүйесі;

24) Ұлттық архив қорының құжаты – құжаттар құндылығының мемлекеттік сараптамасынан өткен, мемлекеттік есепке қойылған және тұрақты сақталуға жататын архивтік құжат;

25) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы – "электрондық үкіметтің" архитектурасын дамытуды әдіснамалық қамтамасыз ету жөніндегі функциялар, сондай-ақ "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де функциялар жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда – ҚР 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Ұлттық архив қоры және архив ісі

Ескерту. 2-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ұлттық архив қоры Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады және оны Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде мемлекет қорғайды.

2. Ұлттық архив қорына Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сақтаулы және халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстанға қайтарылуға тиісті архив құжаттары да жатады.

3. Ұлттық архив қоры қоғам мен мемлекеттің қажеттерін қанағаттандыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға қызмет етеді.

4. Архивтер ісін дамыту мен жетілдіруге қамқорлық жасауды мемлекет өз мойнына алады. Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтау барлық жеке және заңды тұлғалардың міндеті болып табылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.05.2018 №155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңдары

Қазақстан Республикасының ұлттық архив қоры және архивтер туралы Заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2- тарау.
Ұлттық архив қоры

4-бап. Ұлттық архив қорының құрамы

1. Ұлттық архив қорының құрамына:

1) заң актілері және басқа да ресми құжаттар;

2) басқару, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, технологиялық, патенттік-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, геологиялық, телеметриялық және басқа да арнаулы құжаттама;

3) электрондық ақпараттық ресурстар, машинамен оқуға бағдарланған және дыбыстық-бейне құжаттама;

4) тарих пен мәдениетті деректі ескерткіштері;

5) жеке адам тегінің құжаттары және ұлттық құндылық болып табылатын өзге де құжаттама;

6) Қазақстан Республикасының меншігіне түскен өзге де құжаттар;

7) аса құнды құжаттардың сақтандыру көшірмелері кіреді.

2. Алып тасталды – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 16.05.2018 №155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Ұлттық архив қорын қалыптастыру негіздері және оның жинақтау көздері

Ескерту. 5-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің, орталық мемлекеттік архивтердің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының, арнаулы мемлекеттік архивтердің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік архивтерінің, кітапханалардың және музейлердің құжаттары Ұлттық архив қорын қалыптастырудың негізі болып табылады.

2. Ұлттық архив қорының жинақтау көздері:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Парламент пен жергілікті өкілді органдардың, Конституциялық Соттың, Үкіметтің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, соттардың, прокуратура органдарының, Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік заңды тұлғаларының, оның ішінде шет елдегілердің де ведомстволық архивтері;

2) жеке архивтер болып табылады.

3. Ұлттық архив қоры жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі архивтік құжаттарды сыйға тарту, өсиет етіп қалдыру, сатып алу арқылы да толықтырылуы мүмкін.

4. Мемлекет Қазақстан аумағынан тыс жерлерде табылған Қазақстан Республикасының тарихи мұра құжаттарын қайтаруға шаралар қолданады, жинақталған және Қазақстан Республикасымен тарихи байланысты құжаттарды іздестіру мен Отанына қайтаруды көтермелеп, қаржыландырып отырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2001.11.10 № 256, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 368-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Архивтік құжаттарды, архив қорлары мен коллекцияларын Ұлттық архив қорының құрамына жатқызу, оның жинақтау көздерін белгілеу тәртібі

1. Архивтік құжаттарды, архив қорлары мен коллекцияларын Ұлттық архив қорының құрамына жатқызу, оны жинақтау көздерін белгілеу, сондай-ақ оларды Ұлттық архив қорының құрамынан шығарып тастау құжаттардың құндылығына мемлекеттік сараптама жасау негізінде жүргізіледі. Құжаттардың жасалған жері, мазмұны, сыртқы ерекшеліктері олардың құндылығының өлшемшарттары болып табылады.

2. Құжаттардың құндылығына мемлекеттік сараптаманы уәкілетті орган құратын Орталық сараптау-тексеру комиссиясы және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, орталық мемлекеттік архивтер, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, арнаулы мемлекеттік архивтер, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары құратын сараптау-тексеру комиссиялары жүргізеді.

3. Уәкілетті орган сараптау-тексеру комиссиясының қорытындысы негізінде:

1) Ұлттық архив қорының жинақтау көздерінің тиісті жергілікті атқарушы органдармен келісілген тізімдерін бекітеді;

2) архивтік құжаттарды, архив қорлары мен коллекцияларын Ұлттық архив қорының құрамына жатқызу, сондай-ақ оларды оның құрамынан шығарып тастау туралы шешім

қабылдайды. Саяси және идеологиялық пікірлер бойынша шығарып тастауға тыйым салынады;

3) тарихи және өзге де құндылығы жоқ және практикалық маңызын жойған құжаттарды сақтау мерзімдері мен жою тәртібін белгілейді;

4) мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар немесе мемлекеттік емес ұйымдар әзірлеген, сақтау мерзімдері көрсетіле отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде қалыптасатын құжаттардың салалық (ведомстволық) тізбелерін келіседі.

4. Ұлттық архив қорының жинақтау көздерінің:

1) республикалық меншіктегі архивтік құжаттарын Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің немесе орталық мемлекеттік архивтердің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің және арнаулы мемлекеттік архивтердің келісімінсіз;

2) коммуналдық меншіктегі архивтік құжаттарын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының келісімінсіз;

3) жеке меншіктегі архивтік құжаттарын архивтің тұрған жеріне қарай, уәкілетті органның не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының келісімінсіз жоюға жол берілмейді.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2018 №155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Ұлттық архив қорының құжаттарын меншіктену құқықтарына кепілдік беру мен оларды қорғау

1. Ұлттық архив қорының құжаттары мемлекеттік және жеке меншікте болады.

2. Мемлекеттік меншікке:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінде, орталық мемлекеттік архивтерде, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында, арнаулы мемлекеттік архивтерде, мемлекеттік кітапханаларда және музейлерде сақтаулы республикалық меншіктегі құжаттар;

1-1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, орталық атқарушы органдарының, Жоғарғы

Сотының, Бас прокуратурасының, Ұлттық Банкінің және басқа да мемлекеттік республикалық заңды тұлғалардың қызметі нәтижесінде жасалған және жасалып жатқан құжаттар;

2) коммуналдық меншіктегі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалық, аудандық мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарында сақтаулы, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, соттардың, прокуратураның, коммуналдық кәсіпорындар мен басқа да мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметі нәтижесінде жасалған және жасалып жатқан құжаттар;

3) Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қоры жатады.

3. Жеке, мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің қызметі немесе жинауы, сатып алуы нәтижесінде жасалған құжаттары жеке меншікке жатады.

4. Уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттарын иелену және пайдалану құқықтары беріледі.

5. Архивтік құжат меншік иесінің келісімінсіз Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздерде архивтен алып қойылуы мүмкін.

6. Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттары мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру, сатып алу-сату, айырбастау немесе сыйға тарту, яғни меншік құқығын беруге байланысты мәмілелер жасау объектісі бола алмайды, сондай-ақ оларды тұрақты сақтау үшін басқа мемлекеттерге әкетуге болмайды.

7. Ұлттық архив қорының жеке меншіктегі құжаттары, меншік иесінің уәкілетті органмен алдын ала жазбаша келісімімен кейін ғана және аталған құжаттардың дубликаттарын немесе көшірмелерін мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға тапсырған жағдайда сатып алу-сату, айырбастау немесе сыйға тарту объектісі бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тыс жерлерге әкетуге болады.

8. Жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың құжаттарын меншіктену құқығын мемлекетке беру тараптардың келісімі бойынша жасалады. Жеке адамдар құжаттарын пайдалануға шектеу мерзімін архивке берілген кезден бастап 70 жылдан аспайтын уақытқа белгілей алады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2001.11.10 № 256, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 368-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Заңды тұлғалар қайта құрылған не таратылған жағдайда архив құжаттарына меншік құқығы

1. Мемлекеттік ұйымдар жекешелендірілгенде, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жекешелендірілгенге дейін жасалған Ұлттық архив қорының құжаттары мемлекеттік меншік мәртебесін сақтап қалады.

2. Мемлекеттік заңды тұлғалардың шетел компаниясының немесе жеке адамның басқаруына берілген архивтері мемлекеттік меншік мәртебесін сақтап қалады және мемлекетке қайтарылуға тиіс.

3. Заңды тұлғалар қайта ұйымдастырылған кезде Ұлттық архив қорының құжаттары және жеке құрам жөніндегі құжаттар ретке келтірілген түрде құқық мирасқорларына беріледі.

4. Заңды тұлғалар таратылған кезде Ұлттық архив қорының құжаттары және жеке құрам жөніндегі құжаттар уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті мемлекеттік немесе арнаулы мемлекеттік архивке ретке келтірілген түрде сақтауға беріледі.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.11.10 № 256; 07.03.2014 №177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 №155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау.
Ұлттық архив қоры құжаттарының мемлекеттік есебін жүргізу, оларды сақтау, сақталуын қамтамасыз ету, тұрақты сақтауға беру

9-бап. Мемлекеттік есепке алу

Ескерту. 9-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ұлттық архив қорының құжаттары, олардың меншік нысандарына қарамастан, орталықтандырылған мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

2. Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар құжаттардың құрамы туралы деректерді мемлекеттік есепке алуды уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізеді және осы деректерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына ұсынады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2004.12.20 №13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 №155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Мемлекеттік қор каталогы

1. Уәкілетті орган Ұлттық архив қорының құжаттары және оның жинақтау көздері туралы мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қор каталогын жүргізеді.

2. Уәкілетті орган, осы Заңның 16-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуларын қанағаттандыру үшін Мемлекеттік қор каталогының ақпаратына қолжетімділікті және оның пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда ҚР 16.05.2018 №155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтау

1. Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттары ведомстволық және жеке архивтерде уақытша сақталу сатысынан өтеді, содан соң Ұлттық архив қорының құжаттарын тұрақты сақтауға айрықша құқық берілетін тиісті мемлекеттік архивтерге беріледі.

2. Ұлттық архив қорының құжаттарын тұрақты сақтауды Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві, орталық мемлекеттік архивтер, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

кітапханасы, арнаулы мемлекеттік архивтер мен облыстардың және қалалардың мемлекеттік архивтері жүзеге асырады.

3. Жеке және заңды тұлғалар Ұлттық архив қорының құжаттарын жинау, жинақтау, сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану үшін ведомстволық және жеке архивтер құрады.

4. Ұлттық архив қорының жеке меншіктегі құжаттарын сақтау және пайдалану жөніндегі міндеттемелер олардың меншік иелері Қазақстан Республикасының Ұлттық архивімен, орталық мемлекеттік архивтермен, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивімен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасымен немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен жасасатын шарттарда көрсетіледі.

5. Ұлттық архив қорының ресми құжаттарының мемлекеттік меншік болып табылатын төлнұсқаларымен жеке архивтерді жинақтауға тыйым салынады.

6. Алынып тасталды – ҚР 2011.07.05 №452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2001.11.10 № 256, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 368-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 №155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Ұлттық архив қоры құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету

1. Ұлттық архив қоры құжаттарының меншік иелері құжаттарды олардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақтауға міндетті. Мемлекеттік архивтер Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құрады.

Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қоры Ұлттық архив қоры құжаттарының төлнұсқаларынан бөлек, арнайы жабдықталған архив құжаттарының қоймасында (архив қоймасында) сақталады.

2. Ұлттық архив қорының құжаттары (мемлекеттік меншіктегі), сондай-ақ мемлекеттік архивтер мен олардың филиал-

дарының үйлері, үй-жайлары мен жабдықтары иеліктен шығаруға жатпайды.

3. Архив қорлары, архив коллекциялары, олардың бөліктері заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының объектілеріне жатқызылуы және тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2001.11.10 № 256, 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Ұлттық архив қорының құжаттарын тұрақты сақтауға беру

1. Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттары ведомстволық архивтерде сақтау мерзімі өткен соң мемлекеттік архивтерге тұрақты сақтауға берілуге тиіс.

1-1. Ұлттық архив қорының құжаттарын ретке келтірілген түрде беру мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына, Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына сәйкес архивтерді өткізетін заңды тұлғалардың меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі.

2. алып тасталды

3. Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттарын тұрақты сақтауға басқа мемлекеттерге беруді ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті орган жүргізеді.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2001.11.10 № 256, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау.
Ұлттық архив қорының құжаттарын пайдалану

14-бап. Ұлттық архив қорының құжаттарын пайдалану тәртібі

Ескерту. 14-бап алып тасталды – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Ұлттық архив қоры құжаттарын пайдаланудағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне кепілдіктер

1. Мемлекеттік меншік болып табылатын архив құжаттарындағы ақпараттар мемлекеттік интеллектуалдық меншігі ретінде Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтері мен олардың филиалдарындағы құжаттар, сондай-ақ оларға арналған ақпарат жүйесі олар мемлекеттік архивтер мен филиалдарға келіп түскен соң бір жыл өткеннен кейін жұртшылықтың пайдалануы үшін ашылады.

3. Ұлттық архив қорының жеке меншіктегі құжаттарын пайдалану меншік иесінің келісімімен ғана жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының мемлекеттік және ведомстволық архивтер мен олардың филиалдарында сақталатын, Ұлттық архив қорының пайдалану үшін ашық құжаттарын тегін пайдалануға құқығы бар. Жеке және заңды тұлғалардың жекелеген санаттарына құжаттарды пайдалануды шектеу осы Заңның 16-бабында белгіленеді.

5. Мемлекеттік, ведомстволық және жеке архивтер жеке және заңды тұлғаларға өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті ақпаратты архивтік құжаттар негізінде беріп отыруға міндетті. Заңды және жеке тұлғалардың архивтік құжаттан куәландырылған архивтік көшірмелер мен үзінділер алуға құқығы бар. Мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдары, ведомстволық және жеке меншік архивтер берген көшірмелер мен үзінділер түпнұсқалық заңды күші бар ресми құжаттар болып табылады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2001.11.10 № 256; 28.10.2015 № 368-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-1-бап. Архивтік құжаттарды электрондық нысанға аудару

1. Мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті архивтік құжаттарды электрондық нысанға аударуды тұрақты негізде қамтамасыз етуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген архивтік құжаттарды электрондық нысанға аударуды "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы жүзеге асырады.

3. Электрондық нысанға аударылған архивтік құжаттарға қол жеткізу мемлекеттік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды қорғау жөніндегі талаптар сақтала отырып, барлық мүдделі мемлекеттік органдар үшін ашық болып табылады.

4. Мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмесі архивтік құжаттың бастапқы түпнұсқасына тең болып табылады.

Ескерту. 4-тарау 15-1-баппен толықтырылды – ҚР 17.11.2015 № 408-V Заңымен (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Ұлттық архив қорының құжаттарын пайдаланудағы шектеулер

1. Ұлттық архив қорының мемлекеттік және мемлекеттік емес құпиялары бар құжаттарын пайдаланудағы шектеулер, оларды құпиясыздандыру және жалпы пайдалануға беру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2. Алып тасталды – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Пайдалануға шектеу қоюға құқығы бар меншік иелерінің архив құжаттарын олардың өздері немесе құқық мұрагерлері (мұрагерлері) келісім бергенде ғана пайдалануға болады.

4. Аса құнды құжаттардың төлнұсқалары, сондай-ақ физикалық жай-күйі қанағаттанарлықсыз архивтік құжаттар

архивтік құжаттарды пайдаланушыларға берілмейді. Олардың орнына көшірмелері беріледі.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-1-бап. Ұлттық архив қорының құжаттарын пайдаланушылардың міндеттері

Ұлттық архив қорының құжаттарын пайдаланушылар:

1) пайдаланылатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

2) пайдаланылған құжаттар мәтінінің өңін айналдыруға және оны бұрмалауға жол бермеуге;

3) құжаттарды жариялаған кезде олардың сақталу орнын және оның иесін көрсетуге міндетті.

Ескерту. 16-1-баппен толықтырылды – ҚР 2001.11.10 № 256 Заңымен.

17-бап. Мемлекеттік архивтердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету негізі мен тәртібі

Ескерту. 17-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 02.11.2020 № 370-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1. Мемлекеттік архивтер тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуге құқылы.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлеріне:

1) ретке келтіру;

2) жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтінімдері) бойынша құжаттама жасау мен құжаттаманы басқарудың қазіргі заманғы негіздерін оқыту жөніндегі курстар мен семинарлар өткізу;

3) архив істері мен құжаттарын реставрациялау, консервациялау, түптеу, архивтік қораптарды дайындау;

4) архивтік құжаттардың сақтандыру көшірмелерін дайындау, мәтінін қалпына келтіру;

5) архивтік құжаттардың көшірмесін жасау;

6) осы Заңның 15-1-бабының 1-тармағында көрсетілген архивтік құжаттарды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтінімдері) бойынша архивтік құжаттарды электрондық нысанға аудару;

7) жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтінімдері) бойынша құжаттамалық көрмелерді ұйымдастыру және өткізу;

8) жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтінімдері) бойынша генеалогиялық және тақырыптық сипаттардағы ақпаратты анықтау;

9) сақтау мерзімдерін көрсете отырып, құжаттар тізбесін, істер номенклатураларын әзірлеу;

10) әдістемелік әдебиетті, архивтік құжаттардың жинақтарын, оқыту және басқа да жарияланымдарды басып шығару және өткізу;

11) архивтік құжаттарды депозитарлық сақтау жатады.

2. Құжаттарды коммерциялық жолмен пайдалану кезінде оларға меншік құқығы олардың меншік иесінде сақталады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2001.11.10 № 256, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.05 № 165 (01.01.2008 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.08 № 247; 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.11.2020 № 370-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау.
Архив ісін мемлекеттік реттеу мен басқару

18-бап. Архив ісін мемлекеттік реттеу

1. Алып тасталды – ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-1. Алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Уәкілетті орган жүзеге асыратын архив ісін мемлекеттік реттеу мәселелеріне:

1) архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидаларын бекіту;

2-1) алып тасталды – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2-2) алып тасталды – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2-3) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін, олардың сақталу мерзімдерін көрсете отырып, бекіту;

2-4) алып тасталды – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2-5) мемлекеттік архивтердің үлгілік штаттарын бекіту;

2-6) мемлекеттік архивтердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту;

2-7) орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту;

2-8) Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құру және сақтау қағидаларын бекіту;

2-9) мемлекеттік архивтер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу;

3) Орталық сараптау-тексеру комиссиясы және орталық мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің сараптау-тексеру комиссиялары туралы ережелерді бекіту;

4) алып тасталды – ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды – ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен шығатын архив анықтамаларына және архив құжаттарының көшірмелеріне апостиль қою;

7) Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша ақпараттық желі және деректер қорын құру;

8) алынып тасталды – ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) автоматтандырылған архивтік технологиялар әзірлеу мен енгізуді ұйымдастыру;

10) Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың сұрау салулары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін басып шығаруды және пайдалануды ұйымдастыру;

11) Ұлттық архив қорын және Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын қалыптастыру мен олардың жұмыс істеуі, Ұлттық архив қорының құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;

12) республикалық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғау, оларды сақтау және пайдалану;

13) Қазақстан Республикасының тарихы жөніндегі шет елдердегі архив құжаттарын жинау мен оларды елге қайтару;

14) алынып тасталды – ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) архив ісін басқару және жүргізу органдарының қызметіне әдістемелік басшылық жасау және оны үйлестіру;

16) архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелеріне салааралық ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау;

17) Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау;

18) архив ісі жөніндегі халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының өкілдігін қамтамасыз ету;

19) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Примечание. Статья 18-1 в редакции Закона РК от 24.05.2018 № 156-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Статья 19. Государственное управление архивным делом

1. Государственное управление архивным делом осуществляется уполномоченным органом и местными исполнительными органами областей, городов республиканского значения, столицы.

2. Указания уполномоченного органа обязательны для исполнения физическими и юридическими лицами.

3. (исключен)

Примечание. В статью 19 внесены изменения - Законом РК от 20 декабря 2004 г. № 13 (вводится в действие с 1 января 2005 г.).

Статья 20. Система органов управления и ведения архивным делом в Республике Казахстан

В систему органов управления и ведения архивным делом входят:

1) уполномоченный орган, местные исполнительные органы областей, городов республиканского значения, столицы;

2) архивные учреждения: Национальный архив Республики Казахстан, центральные государственные архивы, Библиотека Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, специальные государственные архивы, государственные архивы областей, городов республиканского значения, столицы, городов и районов.

Примечание. Статья 20 с изменениями, внесенными законами РК от 20.12.2004 № 13 (вводится в действие с 01.01.2005); от 16.05.2018 № 155-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Статья 21. Финансирование государственных архивов

Финансирование государственных архивов осуществляется за счет:

1) бюджетных средств;

2) средств, полученных за оказание платных видов деятельности по реализации товаров (работ, услуг).

Примечание. Статья 21 в редакции Закона РК от 02.11.2020 № 370-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Статья 22. Специальные государственные архивы Республики Казахстан

1. В целях обеспечения национальной безопасности в Министерстве обороны Республики Казахстан, Комитете национальной безопасности Республики Казахстан, Министерстве внутренних дел Республики Казахстан, Службе государственной охраны Республики Казахстан, Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, антикоррупционной службе, службе экономических расследований могут создаваться специальные государственные архивы.

2. Создание специальных государственных архивов осуществляется актом Президента Республики Казахстан.

3. Государственные органы Республики Казахстан, в которых в установленном настоящим Законом порядке созданы специальные государственные архивы, наделяются правом сбора, приобретения, постоянного хранения и использования архивных документов, относящихся к их деятельности.

4. Порядок деятельности специальных государственных архивов государственных органов Республики Казахстан определяется нормативными правовыми актами.

Примечание. Статья 22 с изменениями, внесенными законами РК от 08.05.2003 № 413; от 20.12.2004 № 13 (вводится в действие с 01.01.2005); от 27.05.2010 № 279-IV (порядок введения в действие см. ст. 2); от 13.02.2012 № 553-IV (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после его первого официального опубликования); от 04.07.2014 № 233-V (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 07.11.2014 № 248-V (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 06.04.2016 № 484-V (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 03.07.2017 № 84-VI (вводится

в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 16.05.2018 № 155-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 28.12.2018 № 210-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 06.10.2020 № 365-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Глава 6.
Международное сотрудничество

Статья 23. Международные связи и контакты

1. Физические и юридические лица – собственники документов Национального архивного фонда вправе устанавливать и поддерживать международные связи и прямые контакты.

2. Государство содействует расширению контактов между архивными учреждениями Республики Казахстан и других государств во взаимном использовании имеющихся архивных документов, если это не наносит вреда интересам Республики Казахстан.

Статья 24. Международные договоры

Если международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан, установлены иные нормы, чем те, которые содержатся в законодательстве Республики Казахстан по архивному делу, то применяются нормы международного договора.

Статья 25. Право доступа в архивы иностранцев и лиц без гражданства

1. Иностранцы и лица без гражданства пользуются архивными документами на тех же основаниях, что и граждане Республики Казахстан.

2. Законами Республики Казахстан могут быть установлены ограничения в отношении граждан тех государств, в которых предусмотрено ограничение доступа граждан Республики Казахстан к их архивам.

Статья 26. Вывоз документов Национального архивного фонда за пределы Республики Казахстан

1. Вывоз документов Национального архивного фонда, находящихся в государственной собственности, за пределы Республики Казахстан запрещается.

2. Уполномоченный орган Республики Казахстан вправе разрешать временный вывоз документов Национального архивного фонда, находящихся в государственной собственности, за пределы Республики Казахстан в соответствии с порядком, утверждаемым Правительством Республики Казахстан.

Глава 7.
Заключительные положения

Статья 27. Ответственность за нарушение законодательства Республики Казахстан о Национальном архивном фонде и архивах

1. Физические и юридические лица, виновные в нарушении законодательства по архивному делу, несут ответственность в соответствии с законами Республики Казахстан.

2. Ущерб, причиненный Национальному архивному фонду, подлежит возмещению в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Примечание. Статья 27 с изменением, внесенным Законом РК от 04.06.2009 №162-IV (порядок введения в действие см. ст.2).

Президент Республики Казахстан

«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА ТУРАЛЫ» 2003 ЖЫЛҒЫ 7 ҚАҢТАРДАҒЫ № 370-II ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

МАЗМҰНЫ

Осы Заң электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған, құқықтық қатынастардың орнатылуын, өзгертілуін немесе тоқтатылуын көздейтін электрондық құжаттарды жасау және пайдалану кезінде туындайтын қатынастарды, сондай-ақ азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, құқықтық қатынастарға қатысушылардың электрондық құжаттар айналымы саласында туындайтын құқықтары мен міндеттерін реттеуге бағытталған.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

1-1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) арнайы куәландырушы орталық – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының уәкілетті бөлімшесі;

2-1) арнайы куәландырушы орталықты аккредиттеу – арнайы куәландырушы орталықтың қызметті жүзеге асыруға құзыретін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми тануы;

3) архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган – архив ісі және басқаруды

құжаттамалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) куәландырушы орталық – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растайтын заңды тұлға;

5) куәландырушы орталықты аккредиттеу – куәландырушы орталықтың қызметтер көрсету құзыретін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның ресми тануы;

5-1) Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландырушы орталығы – арнайы куәландырушы орталықтардың электрондық цифрлық қолтаңбасының ашық кілттерінің тиістілігі мен жарамдылығын растауды жүзеге асыратын куәландырушы орталық;

5-2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы – Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінде және өзге де мемлекеттік ақпараттық ресурстарында мемлекеттік органдарға, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қызмет көрсететін куәландырушы орталық;

5-3) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығы – куәландырушы орталықтардың электрондық цифрлық қолтаңбасының ашық кілттерінің тиесілілігін және жарамдылығын растауды жүзеге асыратын куәландырушы орталық;

5-4) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапы – трансшекаралық өзара іс-қимыл жасау шеңберінде шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаның және Қазақстан Республикасының аумағында берілген электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын растауды жүзеге асыратын ақпараттық жүйе;

5-5) Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығы - мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде электрондық құжаттарды қалыптастыру үшін жеке немесе заңды тұлғаларға электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын және тіркеу куәліктерін беретін куәландырушы орталық;

6) қол қоюшы тұлға – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін құқыққа сыйымды иеленетін және оны электрондық құжатта пайдалану құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

7) құжаттың электрондық көшірмесі – төлнұсқа құжаттың түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

8) алып тасталды – ҚР 28.12.2017 № 128-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) тіркеу куәлігі – куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін электрондық құжат;

10) тіркеу куәлігін иеленуші – өз атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті құқыққа сыйымды иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

11) электрондық архив – архивтік электрондық құжаттардың жиынтығы;

12) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

13) электрондық құжат айналымы – мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында электрондық құжаттар алмасу;

14) электрондық құжат айналымы жүйесі – қатысушылары арасындағы қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі;

15) электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы – электрондық құжаттарды жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздеу және тарату процестеріне қатысатын жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе лауазымды адам;

16) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

17) электрондық цифрлық қолтаңба құралдары – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның төлнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;

18) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті – кез келген тұлғаға қолжетімді және электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын растауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі;

19) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда – ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді – ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Шетелдік тіркеу куәлігін пайдалану мен шетелдік жеке және заңды тұлғалар қатысатын электрондық құжаттарды алмасу

1. Егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, куәландырушы орталық пен шетелдік тіркеу куәлігі иесінің арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеу кезінде тіркеу куәлігі берілген мемлекеттің құқығы қолданылады.

2. Егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, шетелдік жеке және заңды тұлғалар қатысатын электрондық құжаттарды алмасу кезінде Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Ескерту. 4-бап алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Уәкілетті органдардың құзыреті

1. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган:

1) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді;

3) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері бойынша практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;

4) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) куәландырушы орталықтың үлгілік ережесін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландырушы орталықтың тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекітеді;

7) объектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі объектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекітеді;

8) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) шет мемлекеттердің куәландырушы орталықтарының, сенім білдірілген үшінші тараптарының Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапымен өзара іс-қимылын тіркеу және тоқтату қағидаларын бекітеді;

10) электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларын бекітеді;

11) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын растау қағидаларын бекітеді;

13-1) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы ұлттық куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасы сенім білдірілген үшінші тарапының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

13-2) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13-3) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша куәландырушы орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган:

1) электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер мәселелеріне салааралық ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің, орталық мемлекеттік архивтердің жинақтау көздерінде Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер бөлігінде сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарын, тәуекелді бағалау өлшемшарттарын, тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін бекітеді;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) куәландырушы орталықтарды аккредиттеу туралы куәлікті беру және кері қайтарып алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда – ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді – ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-1-бап. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-1-баппен толықтырылды – ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді – ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-2-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер мәселелеріне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің және орталық мемлекеттік архивтердің жинақтау көздерін қоспағанда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер бөлігінде сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 5-2-баппен толықтырылды – ҚР 16.05.2018 № 155-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-3-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) Қазақстан Республикасы арнайы негізгі куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландырушы орталығының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 5-3-баппен толықтырылды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау.
Электрондық құжат

6-бап. Электрондық құжат айналымының принциптері

Электрондық құжат айналымы:

1) электрондық құжат айналымының әр түрлі жүйелерінің жұмыс істеуі;

2) деректер жасау, өңдеу, сақтау, беру, ұсыну және растау үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылатын қызметтің кез келген салаларында электрондық құжаттарды пайдалану;

3) кез келген ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжаттарды беру принциптері негізінде мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Электрондық құжат айналымына қойылатын талаптар

1. Осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

2. Электрондық құжат оны телекоммуникациялар желісі арқылы берген кезден бастап жіберілген болып есептеледі.

3. Кірген электрондық құжат жолданым иесінің ақпараттық жүйесінде оны тіркегеннен кейін түскен болып есептеледі.

4. Алғаны туралы хабарламада электрондық құжатты алу фактісі мен уақыты туралы және оның жөнелтушісі туралы деректер болуға тиіс. Ол авторға түспеген жағдайда, жолданым иесі құжатты алмаған болып есептеледі.

4-1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттың электрондық көшірмесі беріледі.

5. Электрондық құжат айналымының тәртібін архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

6. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын электрондық құжаттарды және өзге де деректерді мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздеу, тарату, пайдалану, қорғау, тіркеу, растау және жою тәртібін, сондай-ақ арнаулы куәландырушы орталықты құру,

аккредиттеу және оның қызметін тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайды.

7. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының талаптары цифрлық құжаттар сервисі арқылы ұсынылған электрондық құжаттарға қолданылмайды.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда – ҚР 2009.06.04. № 162-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді – ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Электрондық құжаттарды сақтау

Электрондық құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде сақталады.

Мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде сақталатын электрондық құжаттар цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылуы және берілуі мүмкін.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушының құқықтары мен міндеттері

1. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы:

1) куәландырушы орталық тіркеген электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау үшін осы куәландырушы орталыққа жүгінуге;

2) бірнеше куәландырушы орталықтың қызмет көрсетуін пайдалануға құқылы.

2. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы белгіленген электрондық құжат айналымы ережелерін сақтауға міндетті.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.12.2004 № 13 Заңымен (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау.
Электрондық цифрлық қолтаңба

10-бап. Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану

1. Электрондық цифрлық қолтаңба қол қоюшы тұлғаның өзі қойған қолымен тең және мынадай шарттар орындалған кезде:

1) тіркеу куәлігі бар ашық кілттің көмегімен электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығы куәландырылғанда;

2) электрондық құжатқа қол қойған тұлға электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне заңды түрде иелік еткенде;

3) электрондық цифрлық қолтаңба тіркеу куәлігінде аталған мәліметтерге сәйкес пайдаланылғанда;

4) Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландырушы орталығы немесе Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген шетелдік куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаны жасағанда және тіркеу куәлігін бергенде, бірдей заңдық салдарға әкеп соғады.

2. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері оларды заңды негіздерде иеленетін тұлғалардың меншігі болып табылады.

Тұлға әртүрлі ақпараттық жүйелерге арналған электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттеріне ие бола алады. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін басқа тұлғаларға беруге болмайды.

Куәландырушы орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларына сәйкес куәландырушы орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін сақтауға жол беріледі.

3. Заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасының тіркеу куәлігін иеленуші – заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын адам осы заңды тұлғаның жұмыскеріне немесе өзі тағайындаған адамға осы заңды тұлғаның атынан электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалануға өкілеттік беруге құқылы.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді – 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Электрондық цифрлық қолтаңба құралдары

Электрондық цифрлық қолтаңба құралдарының Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сәйкестігі расталуға жатады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда – ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Электрондық құжат айналымы жүйесіндегі электрондық цифрлық қолтаңба

1. Электрондық цифрлық қолтаңбаны мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің өкілеттігі шегінде өздері шығаратын электрондық құжаттарды куәландыру кезінде пайдалана алады.

2. Электрондық құжат айналымының мемлекеттік емес жүйелерінде электрондық цифрлық қолтаңба Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен пайдаланылады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді – 2010.07.15 №337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

13-бап. Шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаны тану

Шетелдік тіркеу куәлігі бар шетелдік электрондық цифрлық қолтаңба Қазақстан Республикасының аумағында мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапы шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын куәландырса;

2) электрондық құжатқа қол қойған тұлға шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін заңды түрде иеленсе;

3) шетелдік электрондық цифрлық қолтаңба тіркеу куәлігінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес пайдаланылған болса;

4) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген шетелдік куәландырушы орталықтың немесе Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші

тарапында тіркелген, шет мемлекеттің сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген шетелдік куәландырушы орталықтың электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен қалыптастырылса, танылады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-тарау.
Тіркеу куәлігі

14-бап. Тіркеу куәлігін беру

Тіркеу куәлігі он алты жасқа толған адамға ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беріледі.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда – ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

14-1-бап. Тіркеу куәлігін беруден бас тарту

Куәландырушы орталық:

1) ұсынылған құжаттар толық болмаған;

2) анық емес мәліметтер ұсынылған;

3) соттың заңды күшіне енген шешіміне сәйкес;

4) адам он алты жасқа толмаған жағдайларда, тіркеу куәлігін беруден бас тартады.

Ескерту. 4-тарау 14-1-баппен толықтырылды – ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Тіркеу куәлігінің мазмұны

1. Тіркеу куәлігінде мынадай мәліметтер:

1) тіркеу куәлігінің нөмірі мен оның қолданылу мерзімі;

2) электрондық цифрлық қолтаңбаның иесін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін деректер;

3) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті;

4) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану салалары мен оны қолдануды шектеу туралы ақпарат;

6) тиісті куәландырушы орталықтың реквизиттері болуға тиіс.

2. Куәландырушы орталық электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушымен келісе отырып, электрондық құжат айналымы үшін қажетті қосымша ақпаратты тіркеу куәлігіне енгізеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Тіркеу куәліктерін куәландырушы орталықтарда сақтау тәртібі мен мерзімі

1. Тіркеу куәліктерінің көшірмелері уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті куәландырушы орталықтарда сақталады.

2. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерін куәландырушы орталықтарда сақтау мерзімі - кемінде бес жыл.

3. Кері қайтарып алынған тіркеу куәліктері осы баптың 2-тармағында аталған мерзім өткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұрағаттық сақтауға түседі.

17-бап. Тіркеу куәлігі иесінің құқықтары мен міндеттері

1. Егер тіркеу куәлігінің иесі тіркеу куәлігінде аталған ашық кілтке сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне қол жеткізу режимі бұзылады деп санаса, ол куәландырушы орталықтан тіркеу куәлігін кері қайтарып алуды талап етуге құқылы.

2. Тіркеу куәлігінің иесі:

1) куәландырушы орталыққа дұрыс ақпарат беруге;

2) тіркеу куәлігінде аталған ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті пайдалануға;

3) алып тасталды – ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) электрондық цифрлық қолтаңбаның өздеріне тиесілі жабық кілтін заңсыз қол жеткізу мен пайдаланудан қорғау үшін шаралар қолдануға, сондай-ақ ашық кілттерді Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сақтауға міндетті.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу

1. Тіркеу куәлігін берген куәландырушы орталық оны тиісті хабарлама негізінде мынадай жағдайларда:

1) тіркеу куәлігі иесінің не оның өкілінің талап етуі бойынша;

2) тіркеу куәлігін алған кезде дұрыс емес мәліметтерді не толық емес құжаттар топтамасын беру фактісі анықталған кезде;

3) тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болса;

4) тіркеу куәлігі иесінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерсе;

5) тіркеу куәлігінің иесі - заңды тұлғаның атауы ауысса, қайта ұйымдастырылса, таратылса, заңды тұлғаның басшысы ауысса;

6) куәландырушы орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісімде көзделген жағдайларда;

7) соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша кері қайтарып алады.

2. Куәландырушы орталық тіркеу куәлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде кері қайтарып алады.

3. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу кезінде куәландырушы орталық тиісті ақпарат алынған кезден бастап бір күн ішінде тіркеу куәліктерінің тіркеліміне өзгерістер енгізуге міндетті.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Шетелдік тіркеу куәліктерін тану

Ескерту. 19-бап алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-тарау.
Куәландырушы орталық

20-бап. Куәландырушы орталықтың қызметі

1. Куәландырушы орталық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады.

2. Куәландырушы орталық электрондық құжат айналымының бірнеше жүйесіне қызмет көрсете алады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда – ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-1-бап. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік монополия

Ескерту. 5-тарау 20-1-баппен толықтырылды – ҚР 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; алып тасталды – ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-2-бап. Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу

1. Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу куәландырушы орталықтардың (Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын қоспағанда) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруы үшін міндетті шарт болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган аккредиттеуді Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын куәландырушы орталықтарға қатысты жүзеге асырады.

2. Егер куәландырушы орталықтың өтінішінде анағұрлым қысқа мерзім көрсетілмесе, куәландырушы орталықты аккредиттеу үш жыл мерзімге тегін негізде жүзеге асырылады.

3. Арнайы куәландырушы орталықтарды аккредиттеу арнайы куәландырушы орталықтардың (Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландырушы орталығын қоспағанда) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруы үшін міндетті шарт болып табылады.

Ескерту. 5-тарау 20-2-баппен толықтырылды – ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020

№ 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Куәландырушы орталықтың функциялары

1. Куәландырушы орталық:

1) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін заңсыз қол жеткізуден қорғау үшін шаралар қолдана отырып, электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылардың өтініші бойынша электрондық цифрлық қолтаңбаның кілттерін жасайды;

2) тіркеу куәліктерін береді, тіркейді, кері қайтарып алады, сақтайды, белгіленген тәртіппен берілген тіркеу куәліктерінің тіркелімін жүргізеді;

2-1) тіркеу куәліктерін қолдану қағидаларын бекітеді;

3) қолданылып жүрген және кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерін есепке алуды жүзеге асырады;

4) куәландырушы орталық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеген электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігін және жарамдылығын растайды.

2. Куәландырушы орталық сақтауда тұрған электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттері және (немесе) жабық кілттері жоғалуының, модификациялануының және қолдан жасалуының алдын алу үшін қажетті барлық шараларды қолдануға міндетті.

3. Куәландырушы орталық осы баптың 2-тармағында көзделген міндетті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы ұлттық куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасы негізгі куәландырушы орталығының функцияларын жүзеге асыруды "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы қамтамасыз етеді.

5. Қазақстан Республикасы арнайы негізгі куәландырушы орталығы функцияларының жүзеге асырылуын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қамтамасыз етеді.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Куәландырушы орталықтың қызметін тоқтату

1. Куәландырушы орталықтың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тоқтатылады.

2. Куәландырушы орталық өз қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда қызметін тоқтатқанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын бұл туралы өздері қызмет көрсететін электрондық құжат айналымы жүйелеріне қатысушылардың барлығын және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

3. Куәландырушы орталықтың қызметін тоқтату кезінде ол берген тіркеу куәліктері мен электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті кілттері, тіркеу куәліктерінің иелері туралы мәліметтер тіркеу куәлігінің иесімен келісіле отырып, басқа куәландырушы орталықтарға беріледі.

4. Осы баптың 2-тармағында аталған мерзім өткеннен кейін басқа куәландырушы орталықтарға берілмеген тіркеу куәліктері мен электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті кілттері қолданылуын тоқтатады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақталуға тиіс.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Тіркеу куәліктерінің иелері, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық және ашық кілттері туралы мәліметтерді қорғау

1. Куәландырушы орталық тіркеу куәліктерінің иелері туралы мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді және оларды Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда ашады.

2. Тараптардың келісіміне сәйкес жасырын болып табылатын тіркеу куәліктерінің иелері туралы мәліметтер тіркеу куәліктерінің жалпы қол жететін тіркеліміне енгізілмейді.

6-тарау.
Қорытынды ережелер

24-бап. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікте болады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда электрондық құжаттарды қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Дауларды қарау

Электрондық құжатты және электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану кезінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен қаралуға тиіс.

26-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2003 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 7 ЯНВАРЯ 2003 ГОДА № 370 «ОБ ЭЛЕКТРОННОМ ДОКУМЕНТЕ И ЭЛЕКТРОННОЙ ЦИФРОВОЙ ПОДПИСИ»

СОДЕРЖАНИЕ

Настоящий Закон направлен на регулирование отношений, возникающих при создании и использовании электронных документов, удостоверенных посредством электронных цифровых подписей, предусматривающих установление, изменение или прекращение правоотношений, а также прав и обязанностей участников правоотношений, возникающих в сфере обращения электронных документов, включая совершение гражданско-правовых сделок.

Глава 1. Общие положения

Статья 1. Основные понятия, используемые в настоящем Законе

В настоящем Законе используются следующие основные понятия:

1) уполномоченный орган в сфере информатизации – центральный исполнительный орган, осуществляющий руководство и межотраслевую координацию в сфере информатизации и "электронного правительства";

1-1) уполномоченный орган в сфере обеспечения информационной безопасности – центральный исполнительный орган, осуществляющий руководство и межотраслевую координацию в сфере обеспечения информационной безопасности;

2) специальный удостоверяющий центр – уполномоченное подразделение государственного органа Республики Казахстан, удостоверяющее соответствие открытого ключа электронной цифровой подписи закрытому ключу электронной цифровой подписи, осуществляющее деятельность, связанную с использованием сведений, составляющих государственные секреты;

2-1) аккредитация специального удостоверяющего центра – официальное признание Комитетом национальной безопас-

ности Республики Казахстан компетентности специального удостоверяющего центра в осуществлении деятельности;

3) уполномоченный орган в сфере архивного дела и документационного обеспечения управления – центральный исполнительный орган, осуществляющий руководство в сфере архивного дела и документационного обеспечения управления;

4) удостоверяющий центр – юридическое лицо, удостоверяющее соответствие открытого ключа электронной цифровой подписи закрытому ключу электронной цифровой подписи, а также подтверждающее достоверность регистрационного свидетельства;

5) аккредитация удостоверяющего центра – официальное признание уполномоченным органом в сфере обеспечения информационной безопасности компетентности удостоверяющего центра в оказании услуг;

5-1) специальный корневой удостоверяющий центр Республики Казахстан – удостоверяющий центр, осуществляющий подтверждение принадлежности и действительности открытых ключей электронной цифровой подписи специальных удостоверяющих центров;

5-2) удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан – удостоверяющий центр, обслуживающий государственные органы, должностных лиц государственных органов в информационных системах и иных государственных информационных ресурсах государственных органов Республики Казахстан;

5-3) корневой удостоверяющий центр Республики Казахстан – удостоверяющий центр, осуществляющий подтверждение принадлежности и действительности открытых ключей электронной цифровой подписи удостоверяющих центров;

5-4) доверенная третья сторона Республики Казахстан – информационная система, осуществляющая в рамках трансграничного взаимодействия подтверждение подлинности иностранной электронной цифровой подписи и электронной цифровой подписи, выданной на территории Республики Казахстан;

5-5) национальный удостоверяющий центр Республики Казахстан – удостоверяющий центр, предоставляющий средства электронной цифровой подписи и регистрационные свиде-

тельства физическим или юридическим лицам для формирования электронных документов в государственных и негосударственных информационных системах;

6) подписывающее лицо – физическое или юридическое лицо, правомерно владеющее закрытым ключом электронной цифровой подписи и обладающее правом на ее использование в электронном документе;

7) электронная копия документа – документ, полностью воспроизводящий вид и информацию (данные) подлинного документа в электронно-цифровой форме;

8) исключен Законом РК от 28.12.2017 № 128-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования);

9) регистрационное свидетельство – электронный документ, выдаваемый удостоверяющим центром для подтверждения соответствия электронной цифровой подписи требованиям, установленным настоящим Законом;

10) владелец регистрационного свидетельства – физическое или юридическое лицо, на имя которого выдано регистрационное свидетельство, правомерно владеющее закрытым ключом, соответствующим открытому ключу, указанному в регистрационном свидетельстве;

11) электронный архив – совокупность архивных электронных документов;

12) электронный документ – документ, в котором информация представлена в электронно-цифровой форме и удостоверена посредством электронной цифровой подписи;

13) электронный документооборот – обмен электронными документами между государственными органами, физическими и юридическими лицами;

14) система электронного документооборота – система обмена электронными документами, отношения между участниками которой регулируются настоящим Законом и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан;

15) участник системы электронного документооборота – физическое или юридическое лицо, государственный орган или должностное лицо, участвующие в процессах сбора, обработки, хранения, передачи, поиска и распространения электронных документов;

16) электронная цифровая подпись – набор электронных цифровых символов, созданный средствами электронной цифровой подписи и подтверждающий достоверность электронного документа, его принадлежность и неизменность содержания;

17) средства электронной цифровой подписи – совокупность программных и технических средств, используемых для создания и проверки подлинности электронной цифровой подписи;

18) открытый ключ электронной цифровой подписи – последовательность электронных цифровых символов, доступная любому лицу и предназначенная для подтверждения подлинности электронной цифровой подписи в электронном документе;

19) закрытый ключ электронной цифровой подписи – последовательность электронных цифровых символов, предназначенная для создания электронной цифровой подписи с использованием средств электронной цифровой подписи.

Примечание. Статья 1 в редакции Закона РК от 24.11.2015 № 419-V (вводится в действие с 01.01.2016); с изменениями, внесенными законами РК от 28.12.2017 № 128-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 16.05.2018 № 155-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования); от 25.06.2020 № 347-VI (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Статья 2. Законодательство Республики Казахстан об электронном документе и электронной цифровой подписи

1. Законодательство Республики Казахстан об электронном документе и электронной цифровой подписи основывается на Конституции Республики Казахстан, состоит из настоящего Закона и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан.

2. Если международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан, установлены иные правила, чем те, которые содержатся в настоящем Законе, то применяются правила международного договора.

Статья 3. Использование иностранного регистрационного свидетельства и обмен электронными документами с участием иностранных физических и юридических лиц

1. При регулировании правоотношений, возникающих между удостоверяющим центром и владельцем иностранного регистрационного свидетельства, применяется право государства, в котором было выдано регистрационное свидетельство, если иное не установлено соглашением сторон.

2. При обмене электронными документами с участием иностранных физических и юридических лиц применяется законодательство Республики Казахстан, если иное не установлено соглашением сторон.

Статья 4. Компетенция Правительства Республики Казахстан

Примечание. Статья 4 исключена Законом РК от 19.04.2023 № 223-VII (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Статья 5. Компетенция уполномоченных органов

1. Уполномоченный орган в сфере информатизации:

27. Көлемді, күрделі және бірнеше біртекті архив қорларының құжаттарымен жұмыс істеу үшін құжаттардың құндылығына сараптама жүргізудің жұмыс жоспарлары және тұрақты сақтауға жататын және жатпайтын құжаттардың жобаланған тізбелері жасалады. Тұрақты сақтауға жататын және жатпайтын құжаттар тізбелеріндегі құжаттар тобына тұрақты сақтауға қалатын құжаттардың құрамы мен мазмұны және жоюға іріктелген құжаттар туралы түсініктемелер беріледі.

28. 1917 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде қалыптасқан құжаттар, 1956 жылды қоса алғанға дейін іс жүргізуі аяқталған жеке істер мен өмірбаяндық сипаттағы құжаттар жоюға жатпайды.

1917 – 1956 жылдар аралығындағы кезеңде қалыптасқан құжаттарды жою уәкілетті органмен келісу бойынша жүзеге асырылады.

29. Жоюға жататын архивтік құжаттар осы Қағидалардың 282 – 283-тармақтарына сәйкес қайта өңдеуге жатады.

3-параграф. Архивтік құжаттарды қабылдау, тапсыру тәртібі

30. ҰАҚ құжаттарын жинақтау көздерінен қабылдауды архив жинақтау көзі болып табылатын ұйым басшысымен келісу бойынша архив басшысы бекітетін жоспар-графикке сәйкес жүзеге асырады.

ҰАҚ құжаттарын, сондай-ақ уақытша сақтау мерзімі аяқталмаған архивтік құжаттарды жоспардан тыс қабылдау жинақтау көзі таратылған немесе архивтік құжаттардың сақталуына қатер төнген жағдайда жүзеге асырылады.

ҰАҚ құрамына жатқызылмаған құжаттарды депозитарлық сақтауға қабылдау шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардан құжаттарды қабылдау мерзімі шартта айқындалады.

31. Архивтік құжаттар архивке ҒАА-мен және аса құнды құжаттардың сақтандыру көшірмелерімен (бар болса) бірге ретке келтіріліп қабылданады.

Архивтік құжаттарды қабылдау кезінде құжаттардың физикалық, санитариялық-гигиеналық, техникалық жай-күйіне және аса құнды құжаттардың сақтандыру көшірмелеріне, сонымен қатар есептік құжаттардың толықтығына тексеру жүргізіледі.

Уақытша сақтау мерзімі аяқталмаған архивтік құжаттарды қабылдау құжаттарды тұрақты сақтауға қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді және істер номенклатурасы, ол болмаған жағдайда ұйым жасаған тізімдеме бойынша жүргізіледі.

32. Істерді, құжаттарды қабылдау бір-бірлеп жүргізіледі, аса құнды істердің әр парағы тексеріліп қабылданады. Тізімдеменің барлық даналарына архивтік құжаттардың архивке қабылданғаны туралы белгі қойылады. Тізімдемеде көрсетілген сақтау бірліктері болмаған кезде онда жаңа қорытынды жазба жасалады. Жоқ болып шыққан сақтау бірліктерінің нөмірлері және болмау себептері құжаттарды сақтауға қабылдау-тапсыру актісінде және актіге қоса берілетін анықтамада көрсетіледі. Жинақтау көзі сақтауға түспеген архивтік құжаттарды іздестіру бойынша шаралар қабылдайды. Жоғалған төлнұсқа архивтік құжаттар болған жағдайда олардың көшірмелерімен ауыстырылады.

Архивтік құжаттарды қабылдау осы Қағидалардың 16-қосымшасындағы нысанға сәйкес екі данада жасалатын құжаттарды сақтауға қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді. Бір данасы – архивте, екіншісі – жинақтау көзінде қалады. Архивтік құжаттармен бірге архивке істер, құжаттар тізімдемесінің үш данасы тапсырылады.

Архивтік құжаттарды жинақтау көзінен алғаш рет қабылдаған кезде архив қорына тарихи анықтама қабылданады.

33. ҰАҚ құрамына жатқызылған жеке тұлғалардың құжаттары архивке сыйға тарту, сатып алу-сату шарттары, өсиет немесе сот шешімі бойынша республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің немесе ЖАО-ның СТК-сы шешімінің негізінде қабылданады.

Көрсетілген құжаттарды архивке қабылдау осы Қағидалардың 17-қосымшасындағы нысанға сәйкес жеке тектік құжаттарды сақтауға қабылдау актісімен ресімделеді.

Құжаттардың құндылығын сараптау нәтижелері бойынша көрсетілген архивтік құжаттарды толық немесе ішінара қайтару туралы шешім қабылдаған кезде осы Қағидалардың 18-қосымшасындағы нысанға сәйкес екі данада жеке тектік архивтік құжаттарды қайтару актісі ресімделеді. Актінің бір данасы архивте қалады, екіншісі құжаттармен бірге олардың меншік иесіне немесе иеленушісіне қайтарылады.

34. Архивке ретке келтірілмей түскен тұрақты және ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) сақталатын құжаттар тізімдеме жасалғанға дейін картоннан жасалған қатты мұқабаға тігіледі немесе барлық құжаттардың мәтінін, күнін, визаларын, қарарларын және олардағы басқа да белгілерді еркін оқу мүмкіндігін ескере отырып түптеледі.

Істің мұқабасында қор құрушының, оның құрылымдық бөлімшесінің атаулары, істің нөмірі (индексі), істің тақырыбы, істің (томның, бөліктің) күні, істегі парақтардың саны, істі сақтау мерзімі, істің архивтік шифрі көрсетіледі.

Мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттар және аса құнды құжаттар үш клапанды және баулары бар қатты папкаларда немесе картон футлярларда (қораптарда немесе тубустарда) сақталады.

35. Аудиовизуалды құжаттар архивке тұрақты сақтауға мынадай жинақта қабылданады:

1) киноқұжаттар – бейненің негативі, дубль-негатив (контратип), фонограмманың негативі, фонограмманың магниттік түпнұсқасы, позитивтік көшірмесі, шулар мен музыканың магниттік фонограммасы, бейненің аралық позитиві (лаванда), орнатылатын роликтер және түрлі-түсті киноқұжаттарға арналған паспорттар, эталондық көшірме;

2) фотоқұжаттар – негатив, бақылау фототаңбасы немесе негатив болмаған кездегі позитив;

3) фоноқұжаттар және бейнеқұжаттар – түпнұсқа және көшірме.

Олармен бірге мәтіндік ілеспе құжаттама қабылданады:

1) киноқұжаттар үшін – монтаждау парақтары, аннотациялар, аяқталған туындыларға рұқсат беру куәліктері, техникалық жай-күйі туралы актілер, түстер мен жарық паспорттарының жазбалары;

2) фотоқұжаттар үшін – аннотациялар;

3) фонокұжаттар мен бейнекұжаттар үшін – монтаждау парақтары, техникалық жай-күйі туралы актілер, сөйленген сөздердің мәтіні, каталогтар, сөз сөйлеушілердің тізімдері, кештердің, концерттердің бағдарламалары, рецензиялар, мақалалар және басқа да құжаттар.

36. Ғылыми-техникалық құжаттама сақтауға ғылыми-зерттеу, конструкторлық, технологиялық, жобалау-сметалық, патенттік-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, геологиялық, телеметриялық, жер орналастыру, орман орналастыру және әртүрлі ақпаратты жеткізгіштердегі өзге де құжаттама сияқты топтар бойынша жасалған тізімдемелермен қабылданады.

37. Электрондық істерді мемлекеттік сақтауға қабылдау ақпараттық жүйелер арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін құжатқа сәйкес цифрлік байланысы арналары арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық құжаттар мемлекеттік сақтауға PDF/A-1 сақтау форматында тапсырылады және мынадай файлдарды қамтиды:

1) электрондық қолтаңбалар файлдары;

2) электрондық қолтаңбаны тексерудің оң нәтижесін растайтын электрондық қолтаңбаны тексеру файлдары;

3) электрондық құжаттың метадеректер файлы.

38. Қабылдау қорытындысы бойынша осы Қағидалардың 19-қосымшасындағы нысанға сәйкес электрондық құжаттарды қабылдау-тапсыру актісі, осы Қағидалардың 20-қосымшасындағы нысанға сәйкес электрондық құжаттардың миграциясы және қайта жазу туралы актісі ресімделеді.

39. Электрондық істер осы Қағидалардың 12-қосымшасындағы нысанға сәйкес тұрақты сақталатын электрондық істер тізімдемесіне сәйкес әр бірлік бойынша тізімдемелердің нөмірлері мен атаулары, тапсыру тәсілі (ақпараттық топтаманың сәйкестендіргіші немесе электрондық жеткізгіштер туралы деректер) көрсетілетін ілеспе хатпен бірге мемлекеттік сақтауға беріледі.

Тұрақты сақталатын электрондық істердің тізімдемелері республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің немесе ЖАО-ның СТК-сымен алдын ала бекітілуге тиіс.

40. Ақпараттық пакетте электрондық іс деңгейінде мынадай метадеректер бар:

- құрылымдық бөлімшенің электрондық істер тізімдемесіндегі электрондық істің реттік нөмірі;
- электрондық істің индексі;
- электрондық істің тақырыбы;
- электрондық істің электрондық құжаттарының соңғы күндері;
- электрондық істің электрондық құжаттарының саны;
- электрондық істің электрондық құжаттарының көлемі;
- электрондық істің электрондық құжаттарының тілі (тілдері).

Электрондық іс деңгейіндегі метадеректердің тұтастығы ақпараттық пакетте олардың деректерінің толық құрамы көрсетіліп расталады.

41. Ақпараттық пакетте уақытша (10 жылға дейін), ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) және тұрақты сақталатын электрондық құжат деңгейіндегі мынадай метадеректер бар:

- электрондық құжат түрінің атауы (бұйрық, хат, смета және т. б.);
- электрондық құжаттың күні;
- электрондық құжаттарға қол жеткізу құқығы (барлығына қол жеткізуге рұқсат етіледі; қол жеткізуді қор құрушы белгілейді);
- қол жеткізудегі шектеулер алып тасталған күн (бар болса);
- электрондық құжаттың тіркеу индексі;
- электрондық құжаттың тілі;
- электрондық құжаттың авторы туралы деректер (орындаушы лауазымының атауы, электрондық құжатты дайындаған ұйымның атауы);
- электрондық құжаттың файлдары туралы мәліметтер (атаулары, көлемі, деректерінің толық құрамы);
- деректердің толық құрамын тұжырымдау алгоритмі (хэштеу алгоритмі – хэш-функцияның мәнін есептеудің криптографиялық алгоритмі) (алгоритмнің белгіленуі, техникалық нормативтік құқықтық актіге сілтеме) туралы мәліметтер.

Электрондық құжат деңгейіндегі метадеректердің тұтастығы ішкі тізімдемеде көрсетілген барлық құжат үшін ортақ деректердің толық құрамымен расталады.

Метадеректердің тұтастығы бұзылған кезде электрондық құжаттың тұтастығын бұзу туралы акт жасалады.

42. Электрондық құжат деңгейінде сипаттау үшін электрондық құжаттарды жасау мен жаңғырту ерекшеліктерін сипаттайтын қосымша метадеректер пайдаланылады:

- жалпы басқару мәнмәтінін құрайтын құжаттарға сілтемелер;
- электрондық құжат жасауға жәрдемдескен ақпараттық технология (бағдарламалық өнім нұсқасы) туралы мәліметтер;
- электрондық құжатты жаңғырту үшін қажетті техникалық және бағдарламалық құралдар туралы мәліметтер;
- электрондық құжатты қорғау туралы мәліметтер пайдаланылады.

43. Электрондық құжаттарды тұрақты сақтауға тапсырған кезде төрт деңгейлі сипаттау жүйесі пайдаланылады:

- қор деңгейінде;
- электрондық істер тізімдемесі деңгейінде;
- электрондық іс деңгейінде;
- электрондық құжат деңгейінде.

44. Электрондық құжаттарды қор деңгейінде сипаттау үшін метадеректердің мынадай құрамы қажет:

- ұйымның атауы;
- ұйымның мемлекеттік тіркеу нөмірі немесе төлеушінің есептік нөмірі;
- ұйымның байланыс деректері (пошталық мекенжайы, телефон, телефакс нөмірлері, соның ішінде автоматты қала-аралық (халықаралық) телефон байланысының коды, ресми электрондық пошта мекенжайы);
- архив ісі және құжаттама саласындағы заңнамаға сәйкес жасалатын қорға тарихи-архивтік анықтама.

45. Қазіргі немесе өткен оқиғаларды бастамашылық құжаттау нәтижесінде архив жасаған құжаттар (сауалнамалар, фотосуреттер, естеліктер жазбалары, әңгімелесулер, сұхбаттар және басқа материалдар) ҰАҚ құрамына кіреді және тізімдемеге енгізіледі.

46. Жинақтау көздерінен құпия құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Жинақтау көзі болып табылатын таратылған ұйымнан архивке қабылдаған архивтік құжаттар белгіленген сақтау мерзімдері аяқталғаннан кейін жоюға бөлінеді. Үлгілік немесе салалық тізбелерге сәйкес сақтау мерзімінде "СТК" белгісі бар архивтік құжаттар олардың құндылығына сараптама жүргізілгеннен кейін ғана жоюға бөлінеді.

48. Меншік нысанына қарамастан таратылған ұйымның жеке құрам бойынша құжаттары құқықтық мирасқоры немесе жоғары тұрған ұйымы болмаған кезде "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабына сәйкес ретке келтіріліп архивке сақтауға қабылданады.

49. Мемлекеттік меншіктегі архивтік құжаттарды бір архивтен екіншісіне тапсыру архивтің бейінін нақтылауға байланысты, сондай-ақ құжаттардың құндылығын сараптау нәтижелері бойынша уәкілетті органның немесе ЖАО-ның шешімі негізінде не уәкілетті органмен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Тапсыру кезінде екі данада құжаттарды сақтауға қабылдау-тапсыру актісі жасалады, бір мезгілде тізімдеменің үш данасы, архив қорының ісі және архив қорының парағы тапсырылады.

4-параграф. Архивті Қазақстан Республикасы үшін маңызы бар шетелдік архивтік құжаттармен немесе олардың төлнұсқа құқығындағы көшірмелерімен толықтыру

50. Архивті Қазақстан Республикасы үшін маңызы бар шетелдік архивтік құжаттармен толықтыру мыналардан:

1) шетелде осы құжаттар туралы архивтік және жарияланған мәліметтерді анықтаудан;

2) Қазақстан тарихы бойынша құжаттары бар мемлекеттік, мемлекеттік емес және өзге де заңды және жеке тұлғаларды анықтаудан;

3) Қазақстан тарихы бойынша құжаттарды сақтайтын шетелдік мемлекеттік және мемлекеттік емес архивтер туралы анықтамалықтар мен басқа да басылымдардың библиографиясын әзірлеуден;

4) елдер, архив қоймалары, иелері бойынша архив қорларының, коллекцияларының, жинақтар мен жекелеген құжаттардың тізбелерін жасаудан;

5) Қазақстан тарихы бойынша төлнұсқалар құқығындағы көшірмелер түрінде алынған құжаттар туралы мәліметтерді анықтаудан;

6) Қазақстан тарихы бойынша шетелдік құжаттардың немесе олардың төлнұсқа құқығындағы көшірмелерінің анықталғаны және сатып алынғаны туралы уәкілетті органды уақтылы хабардар етуден;

7) уәкілетті органның, ЖАО-ның шет елдердің архивтік ұйымдарымен халықаралық шарттары мен келісімдеріне сәйкес архивтік құжаттардың көшірмелерімен баламалы алмасу бойынша жұмысты жүзеге асырудан;

8) архивтік құжаттарды немесе олардың төлнұсқа құқығындағы көшірмелерін тұрақты сақтауға қабылдаудан тұрады.

51. Уәкілетті орган архивтердің шетелден Қазақстан тарихы бойынша архивтік құжаттарды немесе олардың төлнұсқа құқығындағы көшірмелерін анықтау және сатып алу жөніндегі жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады.

52. Шетелден алынған архивтік құжаттарды немесе төлнұсқалар құқығында көшірмелерді архивке қабылдау көрсетілген құжаттардың меншік иесі мен архив арасындағы төлнұсқа құжаттарды немесе олардың көшірмелерін сату, сыйға тарту, құжаттардың көшірмелерімен алмасу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады. Шарт жасасу тиісті елдің заңнамасы ескеріліп жүзеге асырылады.

Шартта тапсырылатын архивтік құжаттарды немесе төлнұсқа құқығындағы көшірмелерді пайдаланудың ерекше шарттары ескеріледі. Құжаттарды қабылдау құжаттарды сақтауға қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді.

53. Шетелден төлнұсқалар немесе төлнұсқалар құқығындағы көшірмелер түрінде келіп түскен, архивке тұрақты сақтауға қабылданған құжаттар олардың шығу тегіне қарамастан ҰАҚ құрамына енгізіледі және мемлекеттік есепке алынуға жатады.

3-тарау.
Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды сақтау тәртібі

1-параграф. Архивтік құжаттарды қорға жүйелеу

54. Архивте ҰАҚ құжаттары және басқа да архивтік құжаттар архив қорлары бойынша ұйымдастырылады. Архивтік құжаттардың жекелеген түрлері осы Қағидалардың 93–94-тармақтарына сәйкес оларды қордан тыс ұйымдастыруға болады.

55. Архив қорларының түрлері:

1) ұйым қызметінің процесінде түзілген архивтік құжаттардан тұратын ұйымның архив қоры;

2) жекелеген жеке тұлғаның, отбасының өмірі мен қызметі процесінде пайда болған, ҰАҚ құрамына енгізілген архивтік құжаттардан тұратын жеке тектік архив қоры;

3) өзара тарихи және/немесе қисынды байланыстары бар екі немесе одан көп ұйымның, сондай-ақ жеке тұлғалардың қызметі процесінде қалыптасқан архивтік құжаттардан тұратын біріктірілген архив қоры.

Құжаттарды архив қоры бойынша жіктеу кезінде қорлардың бөлінбеуі (бөлшектенбеуі) қағидаты қолданылады. Ұйымның, жекелеген жеке тұлғаның архив қорының құжаттары құжаттардың тарихи қалыптасқан кешені болып табылады. Ондай қорлардың құжаттары арасындағы шығу тегінің бірлестігі, тарихи және логикалық тығыз байланыстар олардың тұтастығын сақтау талабын анықтайды.

Архив қорларының бөлінбеуі (бөлшектенбеуі) қағидатына сәйкес архивтерді жинақтау бір қордың архивтік құжаттары толығымен бір архивте шоғырланатындай етіп жүзеге асырылады.

56. Архив қорына архивтік коллекция теңестіріледі.

57. Архивтік құжаттардың қорға тиесілілігін анықтау, нақтылау, қор құрушының заңды дербестігін және қор құжаттарының хронологиялық шектерін, архив қорларының хронологиялық шекараларын айқындау жөніндегі жұмыс жинақтау көздерінде іс жүргізу сатысында істер номенклатурасына сәйкес істерді қалыптастыру және мемлекеттік сақтауға архивке тапсыру үшін құжаттарды іріктеу процесінде, архивте – реттелмеген күйде қабылданған архивтік құжат-

тарды сипаттау, қанағаттанарлықсыз жасалған тізімдемелерді қайта өңдеу, біріктірілген архив қорлары мен архивтік коллекцияларды құру, қорға жүйелеудің қатесін түзету кезінде жүзеге асырылады.

58. Құжаттардың белгілі бір архив қорына тиесілілігі туралы мәліметтер істің мұқабасында көрсетіледі.

59. Ғылыми-техникалық құжаттаманың қорға тиесілігі мынадай белгілер:

1) ғылыми-зерттеу және технологиялық құжаттама үшін – титулдық парақтан алынған әзірлеушінің атауы;

2) конструкторлық және жобалық құжаттама үшін – сызбалардағы бұрыштық мөртабан, мәтіндік құжаттардың титулдық парағы, қолдану мөртабаны, жобаның немесе ерекшеліктің құрамы бойынша айқындалады.

Жобаны (тақырыпты) әзірлеуші ұйым жасаған ғылыми-техникалық құжаттама бас жобалаушы ұйым қорының құрамында тұрақты сақтауға түседі.

60. Ұйым қайта ұйымдастырылған кезде іс жүргізуі аяқталған істер қайта ұйымдастырылатын ұйымның архив қорына енгізіледі, ал аяқталмаған істер іс жүргізуді аяқтау үшін құқық мирасқорына беріледі және құқық мирасқорының архив қорына енгізіледі.

61. Архив қорына қате енгізілген құжаттар анықталған кезде, олар бөліп алынады және өздері тиесілі архив қорларының құжаттарына қосылады.

62. Жеке тектік архив қорынан ұйымның архивтік құжаттары, егер осы архив қоры сол архивте сақтаулы болса және ұйымның архивтік құжаттары жеке тектік архив қорын құрған жеке тұлғаның қызметімен байланысты болмаса, тиісті архив қорына бөлінеді және қосылады.

Қоғамдық бірлестіктердің басшыларының немесе мүшелерінің жеке тектік архив қорынан сол қоғамдық бірлестіктердің архивтік құжаттары бөлінуге жатпайды.

63. Архив қорына (біріктірілген архив қорына) қалыптастырылған архивтік құжаттар қорға қайта жүйеленбейді.

Архивтік құжаттарды қорға қайта жүйелеуге қорға жүйелеудің архивтік құжаттарды іздестіруді қиындататындай қателері анықталған кезде ғана жол беріледі, бұл ретте қор құжаттары ғылыми айналымға енгізілмеуі шарт.

Қорға қайта жүйелеу республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің немесе ЖАО-ның СТК-сының шешімі бойынша жүргізіледі.

64. Әрбір архив қорына тиісті қор құрушының ресми атауы оның бағыныстылығы, хронологиялық кезекпен атауының барлық өзгерістері, сондай-ақ орналасқан жері көрсетіліп беріледі.

65. Біріктірілген архив қорының атауы мынадай белгілердің бірі бойынша қалыптастырылады:

1) оған енгізілген архив қорларының жалпылама атауы;

2) басшы органның атауы және оған бағынысты ұйымдардың жалпылама атауы;

3) бірін-бірі алмастырған ұйымдардың атауларын тізу;

4) ұйымның соңғы атауы мен "және оның алдындағы ұйымдар" деген сөздер.

Біріктірілген архив қорына құжаттары енген барлық ұйымдардың нақты атаулары есептік құжаттарда келтіріледі.

66. Архив қорының атауында оның хронологиялық шекаралары көрсетіледі.

67. Архивтік коллекцияның атауында құжаттарды біріктірудің белгілері және оны құрастырушы (жеке немесе заңды тұлға) көрсетіледі.

68. Жинақтау көзінің құрылу уақыты мен құқықтық мәртебесіне байланысты оның архивтік құжаттары архивке жаңа архив қоры немесе архивтегі архив қорының жалғасатын бөлігі ретінде қабылданады.

69. Жаңа архив қорларын құруға:

1) ұйымның атауының немесе оның қызметінің немесе функцияларының әкімшілік-аумақтық шекараларының өзгеруі;

2) ұйымды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) негіз болып табылмайды.

70. Архив қорының хронологиялық шекаралары мыналар болып табылады:

1) ұйымның архив қоры үшін – олардың құрылуы мен таратылуының құқықтық актілер негізінде белгіленетін ресми күндері бірнеше құқықтық актілер болған кезде олардың ең алғашқысының күні ұйымның құрылған күні болып қабылданады);

2) біріктірілген архив қоры үшін – құжаттары біріктірілген архив қорының құрамына кірген ұйымдар қызметінің мерзімі бойынша ең алғашқы құрылған және ең соңғы таратылған күндері;

3) жеке тектік архив қоры үшін – жеке тұлғаның, отбасы мүшелерінің немесе тектің туған және қайтыс болған күндері;

4) архивтік коллекция үшін – ең алғашқы және ең соңғы құжаттың күні.

71. Архив қорының хронологиялық шекаралары оны құрайтын архивтік құжаттардың соңғы күндерімен сәйкес келмеуі мүмкін:

1) ұйымның архив қорында – ұйым қызметінің бастапқы және/немесе соңғы кезеңдерінің архивтік құжаттарының болмауының ықтималдығына, алдыңғы ұйым іс жүргізуді аяқтау үшін берген неғұрлым ескі архивтік құжаттардың қор құрамына енгізілуіне байланысты;

2) жеке тектік архив қорында – қор құрушы жинаған құжаттар, естелік-мерейтой іс-шараларын өткізу және басқалар есебінен.

72. Архивтің архивтік құжаттарын қорға жүйелеу тәртібі ол құрылған мемлекеттік органның ОСТК-мен келісілген құқықтық актілермен айқындалады.

2-параграф. Архивтік құжаттарды архив қоры шегінде ұйымдастыру

73. Архив қоры шегінде архивтік құжаттар сақтау бірліктері бойынша ұйымдастырылады. Сақтау бірліктері жүйеленеді, тізімдемеге енгізіледі және оларды есепке алуды, іздеуді және пайдалануды қамтамасыз ететін тәртіппен ресімделеді.

74. Архивте сақтау бірліктерін жүйелеу тізімдемелерді жасау және қайта өңдеу арқылы жүргізіледі.

75. Сақтау бірліктерін жүйелеу схемасы архив қоры құжаттарын ішкі ұйымдастыру үшін негіз болып табылады және тізімдемемен (тізімдемелермен) бекітіледі.

76. Жүйелеу схемасының бөлімдері (кіші бөлімдері) бойынша архив қоры шегінде сақтау бірліктерін жүйелеу мынадай бір немесе бірнеше белгілерді ескере отырып жүргізіледі:

1) құрылымдық (сақтау бірлігінің құрылымдық бөлімшелерге тиесілілігіне сәйкес);

2) хронологиялық (сақтау бірліктері жататын кезеңдер немесе күндер бойынша);

3) функционалдық, салалық, тақырыптық, нысаналы-мәселелік (ұйымның функцияларын немесе сақтау бірлігінің мазмұнына қатысты мәселелерді ескере отырып);

4) номиналдық (құжаттардың түрлері мен әртүрлілігі бойынша);

5) корреспонденттік (хат алмасу нәтижесінде сақтау бірліктері құрылған ұйымдардың атауы немесе жеке тұлғалардың тектері бойынша);

6) географиялық (құжаттардың мазмұны, олардың авторлары, корреспонденттері байланысты белгілі бір аумақтарға, елді мекендерге және басқа да географиялық объектілерге сәйкес);

7) авторлық (құжаттардың авторлары болып табылатын ұйымдардың атаулары немесе жеке тұлғалардың тектері бойынша).

77. Құрылымдық және хронологиялық белгілер жүйелеу схемасының екі нұсқасында қолданылады: хронологиялық-құрылымдық және құрылымдық-хронологиялық.

78. Жүйелеудің хронологиялық-құрылымдық схемасы жұмыс істеп тұрған ұйымның (осы архив қорларының құжаттарын одан әрі толықтыруды ескере отырып) және құрылымы жиі өзгеретін таратылған ұйымдардың қорларына қатысты қолданылады.

Осы схема бойынша жүйелеу кезінде сақтау бірліктері олардың құрылған уақыты (кезеңдері немесе күндері) бойынша, ал әрбір хронологиялық топ шегінде – ұйымның құрылымдық бөлімшелері бойынша топтастырылады.

79. Жүйелеудің құрылымдық-хронологиялық схемасы құрылымы тұрақты, өзгерістер сирек болған ұйымдардың қорларына қатысты, сондай-ақ таратылған ұйымдардың сақтау бірлігін жүйелеу кезінде қолданылады.

Осы схема бойынша жүйелеу кезінде сақтау бірліктері қор құрушының құрылымдық бөлімшелері бойынша, әрбір құрылымдық топ шегінде – оларды құрған уақыты (кезеңдері немесе күндері) бойынша топтастырылады.

80. Хронологиялық және функционалдық белгілер жүйелеу схемасының екі нұсқасында қолданылады: хроноло-

гиялық-функционалдық немесе функционалдық-хронологиялық.

Хронологиялық-функционалдық немесе функционалдық-хронологиялық жүйелеу схемасы құрылымы жиі өзгеретін немесе құрылымы жоқ ұйымдардың қорларына қатысты қолданылады.

Сақтау бірліктерін хронологиялық-функционалдық схема бойынша жүйелеу кезінде оларды топтау алдымен хронологиялық белгісі бойынша, кейін қор құрушы қызметінің функциялары бойынша жүргізіледі.

Функционалдық-хронологиялық схема бойынша жүйелеу кезінде сақтау бірліктері алдымен қор құрушы қызметінің функциялары, кейін хронологиялық белгілері бойынша топтастырылады.

81. Хронологиялық және тақырыптық белгілер жүйелеу схемасының екі нұсқасында қолданылады: хронологиялық-тақырыптық немесе тақырыптық-хронологиялық.

Сақтау бірліктерін жүйелеудің хронологиялық-тақырыптық немесе тақырыптық-хронологиялық схемалары көлемі шағын архив қорларына, сондай-ақ жеке коллекцияларға қатысты қолданылады.

82. Хронологиялық және номиналды белгілер жүйелеу схемасының екі нұсқасында қолданылады: хронологиялық-номиналды және номиналды-хронологиялық.

Хронологиялық-номиналды және номиналды-хронологиялық схемалар құрылымсыз ұйымдардың архив қорларының сақтау бірліктерін жүйелеу үшін қолданылады.

83. Аудиовизуалды және электрондық құжаттаманың сақтау бірліктерін жүйелеу кезінде объектілік және форматтық белгілер қосымша қолданылады.

84. Сақтау бірліктері архив қорының архивтік құжаттарының барлық немесе жекелеген топтары үшін қолданылуы орынды болып табылатын белгілері бойынша рет-ретімен топтастырылады.

85. Жеке құрам бойынша құжаттар, ғылыми-зерттеу ұйымдарының архив қорларындағы ғылыми-техникалық құжаттама, баспалардағы қолжазбалар, медициналық ұйымдардағы аурулар тарихы, бақылау органдарының қорларындағы

тексеру актілері ерекше топтарға бөлінеді және басқару құжаттамасынан оқшау жүйеленеді.

86. Жеке тектік архивтік құжаттар архив әзірлейтін жүйелеу схемасына сәйкес жүйеленеді.

87. Біріктірілген архив қорында сақтау бірліктері қор құрушылардың маңыздылығы, олардың құрылу хронологиясы, атаулар әліпбиі бойынша орналастырылады. Бір түрдегі ұйымдардың архив қорлары үшін жүйелеудің ортақ схемасы пайдаланылады.

88. Архивтік коллекция шегінде бір түрдегі (әр түрдегі) архивтік құжаттар авторлық белгісі бойынша сақтау бірліктері топтарын ұйымдар атауларының немесе жеке тұлғалар тегінің әліпбилік ретімен орналастыра отырып топтастырылады. Тақырыптық белгісі бойынша жасалған архивтік коллекция шегінде архивтік құжаттарды топтастыру олардың маңыздылығы немесе хронологиялық тәртіппен орналастырылған тақырыптар немесе мәселелер бойынша жүргізіледі.

89. Жүйелеу схемасына сәйкес сақтау бірліктері мынадай түрде топтастырылады:

1) сақтау бірліктері іс жүргізу басталған немесе іс жүргізуді жалғастыру үшін осы ұйымға (құрылымдық бөлімшеге) басқа ұйымнан (құрылымдық бөлімшеден) келіп түскен жылға жатады;

2) жоспарлар, есептер, сметалар мен материалдар бар сақтау бірліктері олардың жасалған күніне қарамастан, олар жасалған жылға жатады, ұзақ мерзімді жоспарлардың сақтау бірліктері олар қолданылған бастапқы жылға, ал сол жылдар бойынша есептер – есептік кезеңнің соңғы жылына жатады;

3) іс жүргізуі бір құрылымдық бөлімшеде басталған және жалғастыру үшін басқа құрылымдық бөлімшеге берілген сақтау бірліктері іс жүргізуді аяқтаған бөлімшеге жатады;

4) жыл немесе хронологиялық кезең шегінде сақтау бірліктері ұйым функцияларының маңыздылығы бойынша немесе құжаттардың түрлері мен әр түрінің маңыздылығы мен қисынды өзара байланысы тәртібімен орналастырылады;

5) жеке істерден тұратын сақтау бірліктері жұмыскерлердің жұмыстан босаған жылдары мен тектерінің әліпбиі бойынша жүйеленеді.

90. Жүйелеудің соңғы (аяқтайтын) схемалары шегінде сақтау бірліктері олардың маңыздылығы немесе хронологиясы бойынша орналастырылады.

91. Электрондық құжат айналымы жүйелерінде қалыптастырылған электрондық құжаттарды жүйелеу қағаз жеткізгіштердегі құжаттарды жүйелеу сияқты жүзеге асырылады.

92. Электрондық жеткізгіштердегі құжаттар ақпаратты жеткізгіштердің түрлері бойынша (магниттік таспалар, лазерлік және қатты дискілер, компакт-дискілер, дискеталар), түрлердің ішінде – ақпаратты ұсыну форматтары бойынша, одан әрі – жазылған ақпараттың сипаты бойынша жүйеленеді.

3-параграф. Аудиовизуалды құжаттарды және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды қордан тыс ұйымдастыру тәртібі

93. Түрлі жинақтау көздерінің қызметінде құрылған аудиовизуалды құжаттарды түрлеріне, бір немесе бірнеше сыртқы белгілеріне (түсіне, ақпаратты жеткізгіштің материалына, оның форматына, дыбыстық ақпаратты жазу жүйесіне және басқаларына) қарай ұйымдастыру архивтік құжаттарды қордан тыс ұйымдастыру болып табылады.

94. Киноқұжаттар және бейнеқұжаттар:

1) түрлері бойынша (фильмдер, арнайы шығарылымдар, киножурналдар, жеке кино- және телесюжеттер);

2) шығарылған жылдары;

3) есепке алу бірліктері (жиынтықтары);

4) түстілігі (түрлі-түсті, қара-ақ);

5) пленка форматы 8 миллиметр (бұдан әрі – мм), 16 мм, 35 мм, 70 мм және басқалары) бойынша жүйеленеді.

Белгілі бір фильм, арнайы шығарылым, киножурнал, жеке кино немесе телесюжет жазылған сақтау бірлігінің бір бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі киноқұжаттарды есепке алу бірлігі ретінде қабылданады.

Бейнелеу және/немесе дыбыстық ақпарат жазылған киноүлдірдің немесе магниттік таспаның физикалық оқшауланған орамасы киноқұжаттардың сақтау бірлігі ретінде қабылданады.

Сақтау бірліктері жинақтың элементтері бойынша, ал олардың ішінде – киноқұжат бөліктері нөмірлерінің реті бойынша орналастырылады.

Киноқұжаттың жиынтығы бір фильмге, арнайы шығарылымға, киножурналға, кино- және телесюжетке жататын түпнұсқадан және көшірмелерден тұрады.

Белгілі бір түрдегі киноқұжаттар мен бейнеқұжаттарға жеке тізімдеме жасалады. Тізімдеменің ішінде киноқұжаттар оларды дайындау уақыты, өндірістік нөмірлері, ақпарат жеткізгіштің материалы мен форматы, басқа да белгілері бойынша жүйеленеді.

95. Белгілі бір сюжет, әдебиет және өнер туындысы (авторлық, тақырыптық немесе басқа да белгілерімен біріктірілген бірнеше әдебиет және өнер туындысы) жазылған сақтау бірлігінің бір бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі бейнеқұжаттарды есепке алу бірлігі ретінде қабылданады.

Магниттік таспаның физикалық оқшауланған орамасы, кассета, бейнелеу және дыбыстық ақпарат жазылған диск бейнеқұжаттардың сақтау бірлігі ретінде қабылданады.

96. Фотоқұжаттар мынадай түрлер бойынша жүйеленеді:

1) түсі әртүрлі (түрлі-түсті немесе ақ-қара) және мөлшердегі негативтер;

2) түсі әртүрлі слайдтар (диапозитивтер);

3) позитивтер, фототаңбалар;

4) фотоальбомдар;

5) диафильмдер;

6) цифрлық немесе өзге де машинамен оқылатын ақпарат жеткізгіштегі "Э" әрпімен белгіленетін фотоқұжаттар.

Негативтердің өлшемдері 2-ден 8-ге дейінгі сандармен белгіленеді: "2" саны өлшемі 2,5 сантиметр (бұдан әрі – см) х 3,5 см негативке сәйкес келеді; "3" – 6 см х 6 см; "4" – 6 см х 9 см; "5" – 9 см х 12 см; "6" – 10 см х 15 см; "7" – 13 см х 18 см; "8" – 18 см х 24 см. 6-8 өлшемді негативтердің шағын көлемін жүйелеу кезінде оларды бір топқа біріктіруге жол беріледі.

Белгілі бір түрдегі фотоқұжаттарға жеке тізімдеме жасалады. Әрбір тізімдеменің ішінде фотоқұжаттар авторлары, түсірім объектісі немесе орны, басқа белгілері бойынша жүйеленеді.

Белгілі бір диафильм жазылған бір немесе бірнеше сақтау бірлігі фотоқұжаттарды есепке алу бірлігі ретінде қабылданады.

Физикалық оқшауланған кадр (негатив, дубль-негатив, позитив, слайд (диапозитив), панорамалық түсірілімнің бірнеше кадры, фототаңбалар, диафильмнің орамасы, фотоальбом) фотоқұжаттардың сақтау бірлігі ретінде қабылданады.

97. Электрондық құжат жазылған сақтау бірлігінің бір бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі электрондық жеткізгіштердегі архивтік құжаттарды есепке алу бірлігі ретінде қабылданады.

Құжаттың бір бөлігі, бір немесе бірнеше құжат жазылған физикалық оқшауланған жеткізгіш электрондық жеткізгіштердегі архивтік құжаттарды сақтау бірлігі ретінде қабылданады.

98. Фоноқұжаттар дыбыстық ақпаратты жазу түрлері бойынша жүйеленеді:

1) фонографиялық;

2) граммофон;

3) оптикалық;

4) магниттік;

5) лазерлік.

Белгілі бір жазба түрінің фоноқұжаттарына жеке тізімдеме жасалады.

Тізімдеменің ішінде фоноқұжаттар оларды шығарған ұйымдарға тиесілілігі, өндірістік нөмірлері, мазмұны, жазбаны жеткізгіштің форматы және басқа да белгілері бойынша жүйеленеді.

Түрлер ішінде фоноқұжаттар есепке алу бірліктері мен жиынтықтар бойынша орналастырылады.

Белгілі бір оқиға, әдебиет пен өнер туындысы (авторлық, тақырыптық немесе басқа да белгілері бойынша біріктірілген әдебиет пен өнердің бірнеше туындысы) туралы дыбыстық ақпарат жазылған сақтау бірлігінің бір бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі фоноқұжаттарды есепке алу бірлігі ретінде қабылданады.

Физикалық оқшауланған киноүлдірдің, магнитті немесе қағаз таспаның орамы, кассета, балауыз білікше, дыбыстық ақпарат жазылған диск фоноқұжаттардың сақтау бірлігі ретінде қабылданады.

Фоноқұжаттың жиынтығы белгілі бір есепке алу бірлігіне жататын түпнұсқадан және көшірмелерден тұрады.

99. Есепке алу бірліктерінің ішіндегі сақтау бірліктері заттаңбаларда белгіленген өндірістік нөмірлерінің ретімен, ал жиынтықтың ішінде түпнұсқалар, көшірмелер ретімен орналастырылады.

4-параграф. Архивтік құжаттарды сақтау тәртібі

100. Архивтік құжаттар олардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақталады.

101. Архивтік құжаттарды сақтау шарттары:

1) архивтердің ғимараттарын салу, реконструкциялау және жөндеу;

2) архивтің ғимараты мен үй-жайларында өртке қарсы, күзет, температуралық-ылғалдылық, жарық және санитариялық-гигиеналық режимдерді жасау;

3) архивтік құжаттарды сақтаудың және орнын ауыстырудың арнайы құралдарын (стеллаждар, шкафтар, сейфтер, қораптар, папкалар және басқа да сақтау құралдары) қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

102. Архив ғимараты орналасқан ауданда атмосфералық ауадағы зиянды қоспалардың орташа тәуліктік шоғырлануының мынадай санитарлық нормалардан асуына жол берілмейді:

1) күкірт қышқылы – 1 текше метрге 0,1 миллиграмм (бұдан әрі – мг/м³);

2) күкірт тотығы – 0,05 мг/м³;

3) азот тотығы – 0,085 мг/м³;

4) хлор – 0,03 мг/м³;

5) күкіртсутегі – 0,008 мг/м³.

103. Архив ғимаратын салу және реконструкциялау ғимараттарға қойылатын талаптарды қамтитын нормативтік техникалық құжаттарға және жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

104. Архив ғимараты архивтік құжаттарды жинауға, сатып алуға, жинақтауға, ретке келтіруге, сақтауға, есепке алуға және пайдалануға арналған негізгі және көмекші үй-жайлардың кешені болып табылады.

Архив ғимараты күзет және өртке қарсы жүйелері мен дабыл құралдарымен жабдықталады.

105. Архив үй-жайларына мыналар жатады:

1) архив қоймалары;

2) архив қызметкерлерінің жұмыс үй-жайлары;

3) архивтік құжаттарды қабылдауға және уақытша сақтауға, акклиматизациялауға арналған үй-жайлар;

4) зақымданған архивтік құжаттарды оқшаулауға, дезинфекциялауға және дезинсекциялауға арналған үй-жайлар;

5) архивтік құжаттарды шаң-тозаңнан тазартуға, түптеуге және реставрациялауға арналған үй-жайлар;

6) архивтік құжаттардың көшірмесін жасауға және реставрациялауға, үлдірді өңдеуге және аудиовизуалды құжаттарға техникалық бақылау жүргізуге арналған үй-жайлар;

7) есептік құжаттарды сақтауға арналған үй-жайлар;

8) электрондық жеткізгіштердегі архивтік құжаттарды сақтауға арналған үй-жайлар;

9) оқу залының істерді және анықтамалық-іздестіру құралдарын беру учаскелері, уақытша қоймасы бар үй-жайлары;

10) ғылыми-анықтамалық кітапхана;

11) әдістемелік кабинет;

12) көрме залы.

106. Архивті архивтік құжаттарды сақтауға бейімделген ғимараттар мен үй-жайларда орналастыру ғимараттың (үй-жайдың) архивті орналастыруға сәйкестігін сараптау нәтижелері негізінде республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің немесе ЖАО-ның СТК-сының шешімімен жүзеге асырылады.

Сараптама ғимараттың отқа төзімділік дәрежесін, оның негізгі конструкцияларының беріктігін және ықтимал жүктемені ескере отырып, қабатаралық жабындардың беріктігін, ғимарат үй-жайларының (қабат, жертөле, шатыр) жай-күйін, жылыту және желдету жүйелерінің болуы мен жай-күйін анықтайды.

Архивтерді:

1) ескі құрылыстарда, ағаштан салынған құрылыстарда;

2) негізгі үй-жайлары, жертөлесі, шатыры дымқыл ғимараттарда;

3) пешпен жылытылатын ғимараттарда;

4) қоғамдық тамақтандыру қызметтері, азық-түлік қоймалары, өрт қауіпті және агрессивті заттарды сақтайтын немесе өрт қауіпті және химиялық технологияларды

қолданатын ұйымдар орналасқан ғимараттарда орналастыруға жол берілмейді.

107. Архивтік құжаттарды сақтауға бейімделген ғимараттардағы архивтік құжаттарды сақтауға арналған үй-жайлар ғимараттың қалған үй-жайларынан оқшауланады.

108. Архив қоймасы архивтің зертханалық, өндірістік, тұрмыстық үй-жайларынан барынша алшақ орналасады және олармен ортақ желдету арналарынан оқшауланады. Архив қоймасы көршілес үй-жайлардан жанбайтын қабырғалармен және отқа төзімділігі кемінде екі сағатқа жететін жабындармен бөлінеді. Архив қоймасында сумен жабдықтау және кәріз құбырларын салуға, судың технологиялық немесе тұрмыстық шығару құбырларын өткізуге жол берілмейді.

109. Архив қоймасы лифтілерге және баспалдақ алаңдарына ыңғайлы шығу талаптарын сақтай отырып орналастырылады.

110. Архив қоймасының қабырғаларын, еденін, төбесін, ішкі арматураларын жабу үшін және архивтік құжаттарды сақтау жабдықтары мен құралдарын жасау үшін шаң-тозаң жинайтын және/немесе агрессивті химиялық заттарды бөлетін материалдарды пайдалануға жол берілмейді.

111. Архив қоймасы ауаның 2-3 рет алмасуын, температуралық-ылғалдылық режимінің тұрақтылығын, ауаны шаң-тозаң мен агрессивті қоспалардан тазартуды қамтамасыз ететін табиғи немесе жасанды желдеткішпен, ауа баптау жүйесімен жабдықталады.

Архив қоймасында тұрақты микроклиматтың желдетілмейтін аймақтарының пайда болуын болдырмайтын ауаның еркін айналымы қамтамасыз етіледі.

Архив қоймасының еденнен төбеге дейінгі биіктігі кемінде 2,5 метр болады және 4 метрден аспайды.

112. Магниттік жұмыс қабаты бар жеткізгіштердегі фоно-, бейне- және электрондық құжаттарды кернеуі 400 амперден асатын паразитті тұрақты немесе ауыспалы магнит өрісі бар архив қоймасында сақтауға жол берілмейді.

113. Нитронегіздегі архивтік құжаттардың архив қоймасы басқа архив қоймаларынан оқшауланады. Нитронегіздегі архивтік құжаттардың архив қоймасының төменгі жағында қосымша ауа сору қуысы жасалады.

114. Архив ғимаратындағы және архив қоймаларындағы өртке қарсы режим Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

115. Архивтің күзет режимі инженерлік-техникалық нығайтуды қамтамасыз ету, архив ғимаратының (үй-жайының) күзет дабылы құралдарымен жабдықтау, күзет бекетін (бекеттерін) ұйымдастыру, үй-жайларды мөрлеу, объектішілік және өткізу режимдерін сақтау, қызметтік үй-жайлардың кілттерін сақтау шаралары кешенімен қамтамасыз етіледі.

Құпия архив құжаттары сақталатын және олармен жұмыстар жүргізілетін архив қоймаларына және архивтің басқа да үй-жайларына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

116. Архив ғимараты күзет дабылы құралдарымен жабдықталуы тиіс. Тәулік бойғы күзет бекеті болмаған жағдайда архив қоймаларына, материалдық құндылықтарға, сондай-ақ архив ғимаратынан шығатын авариялық және қосалқы шығатын есіктерге, негізгі есікке мөр басылуы тиіс.

117. Архив құжаттары тұрақты немесе уақытша сақталатын архив қоймалары мен архив үй-жайлары ықтимал бұзып кіруге қарсы техникалық нығайтылған, құпиялылығы жоғары құлыптармен жарақталған есіктермен жабдықталады.

Цоколь қабаттарының және жертөле үй-жайларының терезелеріне қайырмалы металл торлар орнатылады.

Кілттердің барлық даналары (құпиялылық режимінің арнайы талаптары қолданылатын архив үй-жайларына жататындарды қоспағанда) архив үй-жайлары құлыптарының кілттерін тіркеу журналында есепке алынады, бұл журналды жүргізуді архив басшысы архивтің жауапты қызметкеріне жүктейді. Көрсетілген журналда архивтің қай қызметкерінде қай үй-жайдың кілті бар екендігі тіркеледі, қызметкер кілттің данасын алғаны туралы қол қояды.

Құлыптармен жабдықталған архивтің барлық үй-жайларына кілттердің кемінде екі жиынтығы болады, олардың біреуі үнемі архивтің күзет қызметінде болады.

Кілттерді жұмыс және жұмыстан тыс уақытта сақтау, күзет қызметінен кілттерді алу, кілттерді және үй-жайларды күзетке тапсыру тәртібін архив басшысы белгілейді.

Архив қоймасы жұмыс уақытында, егер онда қызметкерлер жұмыс істемесе, кілтпен жабылады. Архив қоймасының кілті жұмыс уақытында архив қоймасының меңгерушісінде немесе оны алмастыратын тұлғада болады.

118. Архив қоймасына осы архив қоймасының меңгерушісі мен қызметкерлері, архив басшысы мен оның орынбасарлары, архив қорының бас сақтаушысы кіре алады. Архив қоймасына кіруге құқығы бар адамдардың тегі бойынша тізімі күзет бекетінде болады. Архив қызметкерлері архив қоймасына тек архив қоймасының меңгерушісімен немесе оны алмастыратын тұлғамен бірге кіреді. Өзге адамдар архив қоймасына ерекше жағдайларда тек архив басшысының жазбаша рұқсатымен және архив қоймасы меңгерушісімен немесе оны алмастыратын тұлғамен бірге кіре алады.

119. Архивтен архивтік құжаттарды, материалдық құндылықтарды және ғылыми-анықтамалық кітапхананың кітаптарын, сондай-ақ ҒАА-ны алып шығу тек арнайы рұқсат қағаздары бойынша жүзеге асырылады.

120. Архив қоймаларында ұзақ мерзімді сақтаудың мынадай температуралық-ылғалдылық режимі қамтамасыз етіледі:

1) қағаз жеткізгіштердегі құжаттар үшін – температура +17 – +19°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50 – 55%;

2) ақ-қара үлдірлі жеткізгіштердегі киноқұжаттар үшін:

- нитро негізде – температура +10°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40 55%;

- қауіпсіз негізде – температура +15°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-55%;

- түрлі-түсті үлдір жеткізгіштердегі киноқұжаттар үшін – температура -5°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40 – 55%;

3) фотоқұжаттар үшін:

- ақ-қара түсті – температура +15°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-55%;

- түрлі-түсті – температура -5°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-55%;

4) магниттік таспадағы және дискілік жеткізгіштердегі құжаттар үшін – температура +8 - +18°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 45 – 65 %;

5) ақпарат электрондық жеткізгіштердегі құжаттар үшін – температура +15 – +20°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50 – 65 %.

121. Электрондық құжаттарды (істерді) сақтауды ұйымдастыру мыналарды қамтиды:

- белгіленген сақтау мерзімінде электрондық құжаттарды (істерді) кепілді сақтау;

- барлық сақтау нысандарының бар болуы мен физикалық сақталуын қамтамасыз ету;

- барлық сақтау нысандарының тұтастығын қамтамасыз ету;

- ұзақ мерзімді перспективада электрондық құжаттарды (істерді) қайта жаңғыртуға жағдай жасау;

- электрондық құжаттардың (істердің) қозғалысын бақылау (жаңа электрондық жеткізгішке қайта жазу және басқа да қайта жазу нысандары).

Архивте электрондық құжаттар (істер):

1) физикалық оқшауланған жеткізгіштерде – екі данада, оның біреуі негізгі, екіншісі жұмыс данасы болып табылады (бұл ретте негізгі және жұмыс даналары жеткізгіш өндірушілер ұсынған температуралық-ылғалдылық режимінде әртүрлі архив қоймаларында (үй-жайларында) сақталады);

2) ЭА АЖ – архивтің меншікті жабдығында немесе мемлекеттік органдардың деректерді өңдеу орталықтарында сақталады.

Электрондық құжаттарды физикалық оқшауланған жеткізгіштерде сақтаудың міндетті шарттары:

1) ақпаратты ұзақ уақыт (10 жылдан астам) сақтауға арналған жеткізгіштерді қолдану;

2) оларды жаңғыртуды, көшіруді және конвертациялауды жүзеге асыруға, сондай-ақ физикалық және техникалық жай-күйін бақылауға мүмкіндік беретін техникалық және бағдарламалық құралдардың болуы;

3) жаңа жеткізгіштерге көшірілуін және қазіргі заманғы форматтарға конвертациялауды жүргізу;

4) олардың теңтүпнұсқалығын, тұтастығын, шынайылығын, пайдалануға жарамдылығын бақылауды ұйымдастыру.

ЭА АЖ электрондық құжаттарды (істерді) сақтаудың нормативтік шарттары:

1) оның мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру, дамыту, пайдалануға беру және оларда ақпаратты сақтау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру;

2) оны пайдалану кезінде ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау талаптарының сақталуы;

3) электрондық құжаттардың резервтік көшірілуін, оның ішінде бұлтты технологияларды қолдану және оларды қазіргі заманғы форматтарға конвертациялау арқылы қамтамасыз етіледі.

122. Электрондық құжаттарды (істерді) сақтау шарттары:

- сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимінің сақталуын, сақтаудың санитариялық-гигиеналық, өртке қарсы және күзет режимдерінің сақталуын;

- арнайы сақтау құралдарын (серверлік жабдық, металл шкафтар, бокстар, футлярлар және басқа да сақтау құралдары) қолдануды қамтамасыз етуі тиіс.

123. Электрондық құжаттарды (істерді) сақтау шарттарының беріктігін айқындайтын негізгі параметрлер:

- ортаның ластануы;

- сақтаудың температуралық шарттары;

- ортаның салыстырмалы ылғалдылығы;

- электромагниттік өрістердің әсері;

- деректерді өңдеу орталығының жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлармен, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

- электрондық жеткізгіштерді пайдалану мерзімін бақылау жатады.

124. Қоймада электрондық құжаттарды (істерді) сақтаудың оңтайлы температуралық-ылғалдылық режимін қамтамасыз ету үшін мынадай талаптардың сақталуы қамтамасыз етіледі:

- магниттік таспа мен дискілі жеткізгіштер үшін ауа температурасы +8-ден +18°С дейін болуы тиіс, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 45-тен 65 % дейінгі аралықта сақталуы тиіс;

- оптикалық дискілер үшін температура +25°С аспауы, салыстырмалы ылғалдылық 20-50 % болуы керек;

- серверлік жабдық үшін ауа температурасы+18-ден+24°С дейін, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30-50 % құрауы тиіс.

Ауаның ылғалдылығының өзгеру жылдамдығы сағатына 6 %-дан аспауы керек.

Атмосфералық қысым 84-тен 107 кПа дейінгі аралықта болуы тиіс.

125. Климаты реттелмейтін архив қоймасында үй-жайларды оңтайлы жылыту мен желдету, сондай-ақ ауаны ылғалдандырудың немесе құрғатудың механикалық құралдарын қолдана отырып, температуралық-ылғалдылық режимін оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады. Температураның (±5°С) және ауаның салыстырмалы ылғалдылығының (±10%) маусымдық және/немесе тәуліктік күрт ауытқуларына жол берілмейді.

Ауаның салыстырмалы ылғалдылығының 79-90% дейін көтерілуімен қатар температуралық-ылғалдылық режимі ұзақ уақыт (үш тәуліктен және одан көп) бұзылған кезде оны қалыпқа келтіру бойынша шаралар (қарқынды желдету, архив қоймасын құрғату) қолданылады.

126. Архивтік құжаттарды технологиялық өңдеу кезеңінде олардың температуралық-ылғалдылығы режимі реттелмеген, температурасы 20±5°С және салыстырмалы ауа ылғалдылығы 50±20% үй-жайларда уақытша сақтауға (екі айға дейін) жол беріледі.

Архивтік құжаттарды сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимі бөлмедегі және сырттағы ауаның температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығын үнемі бір уақытта өлшеп отыру жолымен бақыланады.

Ауа баптағышы бар үй-жайларда өлшеу аптасына кемінде бір рет, климаты реттелмейтін архив қоймаларында – аптасына екі рет, режим бұзылған кезде – тәулігіне бір рет жүргізіледі.

127. Бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері тіркеу журналдарында тіркеледі, онда аспаптар көрсеткіштерінің дұрыстығын тексеру және ол бұзылған кезде температуралық-ылғалдылық режимін қалыпқа келтіру бойынша қабылданған шаралар көрсетіледі.

128. Қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының номенклатурасы, бөлмедегі және сырттағы ауаның параметрлерін өлшеу және тіркеу тәртібі нормативтік және әдістемелік құжаттарда айқындалады.

Бақылау-өлшеу аспаптары жылыту және желдету жүйелерінен (бақылау нүктесі) алыста архив қоймасының басты кіре берісінде стеллажда бір қалқанға, бөлмеге немесе қабатқа кемінде бір бақылау нүктесі орнатылады.

129. Архивтік құжаттарды сақтау қараңғы жерде жүзеге асырылады. Архивтік құжаттар мұқабаларда, папкаларда, қораптарда, шкафтарда, жабық түрдегі стеллаждарда, сондай-ақ осы Қағидалардың 131-тармағында белгіленген жарық режимін сақтай отырып орналастырылады.

130. Архив қоймалары табиғи немесе жасанды жарықпен жабдықталады және терезелері бар немесе терезелері жоқ үй-жайларда орналастырылады.

131. Архив қоймасына табиғи жарықтың сейіліңкі шуағын пайдалануға болады, бұл ретте терезелерге жарық сейілткіштердің, сәуле ағынын автоматты реттегіштердің (арнайы шыны), қорғаныш сүзгілердің, жалюзилердің, перделердің, әйнек бетіне жағылған жабындардың қолданылуы шарт.

Архив қоймасында жасанды жарықтандыру үшін сыртқы беті тегіс жабық плафондардағы қыздыру шамдары қолданылады.

132. Архив қоймаларындағы электр сымдары жасырын салынады, тасымалданатын аппараттарға (шаңсорғыштарға, шамдарға және басқаларға) арналған герметикалық немесе жартылай герметикалық штепсельдік розеткалар пайдаланылады. Тасымалданатын аппараттың баулары резеңке оқшаулағышпен жабдықталады. Архив қоймалары жалпы және әр қабат бойынша электр ажыратқыштармен жабдықталады. Розеткаларды тоқпен қоректендіруді және оларды ажыратуды қамтамасыз ететін ажыратқыштар, тарату электр қалқандары мен сақтандырғыштар архив қоймасынан тыс орнатылады. Архив қоймасындағы жұмыс аяқталғаннан кейін аппаратура, электр розеткалары рет-ретімен тоқтан ажыратылады.

АШ (ақ жарық шамдары), ААШ (ашық жарық шамдары), САШ (сарғыш ақ жарық шамдары) түрдегі спектрдің кесілген ультракүлгін бөлігі бар люминесцентті шамдарды қолдануға болады. Көрінетін спектрдің диапазонындағы жарықтандыру деңгейі стеллаждың еденнен 1 метр биіктіктегі тік бетінде – 20-50 люкстен, жұмыс үстелдерінде – 100 люкстен аспайды.

133. Архивтік құжаттарды табиғи және жасанды жарықтың зақымдаушы әсерінен қорғау архивтің барлық үй-жайларында архивтік құжаттармен кез келген жұмыс түрін жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

134. Архив қоймалары және архив үй-жайлары жәндіктердің, кеміргіштердің, зең мен шаңның пайда болуына мүмкіндік бермейтін жағдайларда ұсталады.

135. Архив қоймасында стеллаждарды, шкафтарды, сақтау құралдарын (қораптарды, папкаларды, қаптамаларды) ылғалды тазарту, шаңсорғышпен шаңсыздандыру жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Стеллаждардың цокольдік бөліктері, едендер, плинтустар, терезе алды төсеніштері антисептиктердің сулы ерітінділерімен (формалиннің – 2%, АБ катаминінің – 5%) өңделуге жатады.

Архив қоймасында сыртқы киіммен, су және лас аяқ киіммен кіруге, кез келген бөгде заттарды сақтауға, азық-түлік өнімдерін пайдалануға болмайды.

136. Архивтік құжаттар қатаң реттелген күйде сол үшін бөлінген орында (стеллаждарда, шкафтарда) орналастырылады.

137. Архив үй-жайларындағы жылдың жылы мезгілінде ашылатын терезелер, архив қоймасының қабырғаларындағы, төбелеріндегі, едендеріндегі желдеткіш саңылаулар, желдеткіш жүйелеріндегі сыртқы саңылаулар ұяшықтарының диаметрі 0,5 мм аспайтын торлармен қорғалады.

138. Жәндіктер мен зең саңырауқұлақтарын анықтау мақсатында архив құжаттары (таңдау бойынша) және архив қоймаларының үй-жайларында жылына екі рет (жылыту маусымының басында және соңында) энтомологиялық және микологиялық тексеру жүргізіледі. Биологиялық зиянкестер табылған жағдайда шұғыл түрде архивтік құжаттарды, сақтау құралдарын, архив қоймаларын өңдеу бойынша шаралар қабылданады.

Санитариялық-гигиеналық жұмыстарды жүргізу үшін санитариялық күндер жоспарланады.

139. Архив қоймалары стационарлық немесе жылжымалы металл стеллаждармен жабдықталады. Тиісті санитариялық-биологиялық жай-күйдегі және оттан қорғайтын құраммен өңделген стационарлық ағаш стеллаждарды пайдалануға рұқсат етіледі.

Қосымша немесе арнайы жабдық ретінде металл шкафтар, сейфтер, шкаф-стеллаждар, сонымен қатар металл қалқалары мен сөрелері бар стационарлық бөлік-бокстар пайдаланылады.

140. Қағаз негіздегі архивтік құжаттар стеллаждарда, металл шкафтарда көлденеңінен немесе қораптарда, папкаларда, футлярларда тігінен орналастырылады.

141. Киноқұжаттар, орамасы микрофильмдер көлденеңінен металл немесе пластик қораптарда "шырша" түріндегі стеллаждарда немесе стационарлық стеллаждарда сақталады. Жанбайтын триацетатты негіздегі киноқұжаттар киноүлдір негізінен бөлінетін сірке қышқылы буларының қорап ішінде жиналуының алдын алу үшін саңылаулары бар тығыз жабылмайтын металл немесе пластик қораптарда сақталады.

142. Магниттік таспадағы құжаттар тиісті өлшемдегі өзекшелерге, катушкаларға немесе кассеталарға оралып, полиэтилен үлдірден жасалған пакетке және зауыттан шыққан қораптарға салынады немесе заттаңбаларға арналған ойықтары бар полиэтилен футлярға (контейнерге) орналастырылады.

143. Компакт-дискілер зауыттық қаптамамен қапталып, содан соң қорапқа орналастырылады.

144. Микрофильмдер, кинофильмдер фотографиялық қабаты сыртқа қаратылып орамасы шеттерін шығармай өзекшелерге орама етіп тығыз оралатын стандартты қорғағыш ракордтарға оралады және металл қораптарға салынады.

145. Бейнеқұжаттар зауыттық қаптамада тігінен сақталады.

146. Магниттік жұмыс қабаты бар жеткізгіштердегі архивтік құжаттарды ферро магнитті металл стеллаждарда сақтауға жол берілмейді.

Болат стеллаждар ерекше жағдайларда, тек стеллаждың контурлары магнитсізденген және тұйықталған (стеллаждың

металл бөліктері электр сымымен қосылған және олар тиімді түрде жерге тұйықталған) жағдайда ғана қолданылады.

147. Графикалық ғылыми-техникалық құжаттама А4 форматына дейін бүктелген түрде клапандары бар папкаларда сақталады. Ватмандағы, остралондағы, пленкадағы сызбалар бүктелмейді және тубустарда сақталады.

148. Аудиовизуалды немесе электрондық құжаттардың әрбір сақтау бірлігі ішінде архивтік құжаттың еркін қозғалуына жол бермейтін герметикалы емес жеке қаптамаға салынады.

149. Табиғи жарықтандырылатын архив қоймасында стеллаждар мен ашық түрдегі шкафтар терезе ойықтары бар қабырғаларға перпендикуляр түрде орнатылады. Терезелері жоқ архив қоймасында стеллаждар мен шкафтар үй-жайдың ерекшеліктерін, жабдық конструкциясын және оны орналастыру нормаларын ескере отырып орнатылады. Архивтік құжаттарды сақтауға арналған стеллаждарды, шкафтарды және басқа да жабдықтарды ғимараттың сыртқы қабырғаларына және жылу көздеріне жақын орналастыруға болмайды.

150. Стационарлық стеллаждар мен шкафтар архив қоймаларында мынадай нормаларды сақтай отырып орнатылады:

1) стеллаждар қатары арасындағы қашықтық (негізгі өту жолы) – 120 см кем емес;

2) стеллаждар арасындағы қашықтық (өтетін жер) – 75 см кем емес;

3) ғимараттың сыртқы қабырғасы мен қабырғаға параллель стеллаждар арасындағы қашықтық – 75 см кем емес;

4) стеллаждың немесе шкафтың қабырғасы мен шетінің арасындағы қашықтық (айналып өту) – 45 см кем емес;

5) еден мен стеллаждың (шкафтың) төменгі сөресінің арасындағы қашықтық – 15 см кем емес, цокольдық қабаттарда – 30 см кем емес.

Тартпалары бар жабдықтардың ара қашықтығы (өтетін жері) жабдықтың өлшем түрін ескере отырып есептеледі.

5-параграф. Архивтік құжаттарды архив қоймасына орналастыру

151. Архивтік құжаттар архив қоймасында оларды кешенді есепке алуды, сақтауды және жедел іздестіруді

қамтамасыз ететін тәртіппен орналастырылады. Архивте архив қорларын орналастыру тәртібі архив басшысы бекітетін архив қорларын орналастыру жоспарында (схемасында) айқындалады. Архив қорларын орналастыру жоспарында (схемасында) архив қорларын архив қоймасында олардың әрбір стеллаж бойынша нөмірлерін көрсете отырып орналастырылуы көрсетіледі. Архив қорларын орналастыру жоспары (схемасы) архивтік құжаттарды есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеде немесе архивтік құжаттарды есепке алуға жауапты қызметкерде, ал архив қорларын орналастыру жоспарының (схемасының) тиісті бөлімдері – архив қоймаларында болады.

152. Оқшауланған сақтауға мынадай архивтік құжаттар жатады:

1) құпия;

2) мәдени құндылықтарға жатқызылған, бағалы металдармен және тастармен безендірілген, қосымшасында бағалы металдар мен тастар бар;

3) нитронегіздегі;

4) биологиялық зиянкестермен зақымданған;

5) жинақтау көзінің таратылуына байланысты архивке сақтауға тапсырылған уақытша сақталатын құжаттар.

153. Құпия архивтік құжаттарды архив қоймасына орналастыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мәдени құндылықтарға жатқызылған немесе бағалы металдармен және тастармен безендірілген немесе қосымшасында бағалы металдар мен тастар бар архивтік құжаттар архив қорларының құрамынан алынады және сейфте сақтауға жатады. Алынған архивтік құжаттың орнына алмастырушы карта және архивтік құжаттың көшірмесі салынады.

154. Аудиовизуалды және электрондық құжаттар олардың жеткізгіштеріне арналған нормативтік сақтау режимдеріне байланысты жеке үй-жайларда сақталады.

Бір архив қоймасына әртүрлі жеткізгіштердегі, бірақ бірдей сақтау режимдерін талап ететін архивтік құжаттарды орналастыруға жол беріледі.

155. Электрондық жеткізгіштердегі құжаттар өртенбейтін шкафтарда, бокстарда, футлярларда, ұяшықтарда, ал

электрондық құжаттар арнайы құрылғыларда орналастырылады.

156. Электрондық жеткізгіштермен жұмыс жасаған кезде электрондық жеткізгіштердің жұмыс беттерін қолмен ұстауға тиым салынады. Электрондық жеткізгіштерді тазалау және қолмен өңдеу кезінде оларды тек қолғап киіп жиектерін немесе қорғаныс корпусынан ғана ұстау керек.

Оптикалық дискілерді өңдеу кезінде қолданылатын тазартқыш заттардың әсеріне төзімді қолғаптар, сүрткіштер мен майлықтар қолданылады. Қолғаптар үшін ең қолайлы материал мақта болып табылады. Сондай-ақ пластиктенбеген полиэтиленді, фторы бар полимерлерді және латексті қолдануға рұқсат етіледі. Қолғап материалының құрамында бояғыштар болмауы керек.

157. Пайдалану архив қоры архив қоймасында көшірмелердің жеткізгіштерінің түріне байланысты орналастырылады.

Қағаз негіздегі пайдалану архив қорының көшірмелері, оның ішінде фотокөшірмелер қағаз негіздегі төлнұсқа архивтік құжаттармен бірге бөлек стеллаждарда немесе шкафтарда архив қорлары мен істердің нөмірлерінің ретімен сақталады.

Үлдір негіздегі пайдалану архив қорының көшірмелері тиісті сақтау режимдері бар архив қоймаларында орналастырылады. Әрбір бюкске бір іс немесе оның бір бөлігі түсірілген үлдір бөлігі салынады. Ерекше жағдайларда істің көлемі шағын болғанда бір бөлікте көшірілген үш істен артық болмауы тиіс.

158. Архивтің негізгі және қосалқы есепке алу құжаттары оқшауланған үй-жайда немесе архивтік құжаттарды есепке алуға жауапты қызметкердің (лердің) жұмыс үй-жайында орналастырылады.

159. Істер, құжаттар тізімдемелерінің бірінші даналары қағаз негіздегі төлнұсқа архивтік құжаттар үшін белгіленген сақтау режимдерін сақтай отырып оқшауланған үй-жайда немесе архив құжаттарын есепке алуға жауапты қызметкердің (лердің) жұмыс үй-жайында орналастырылады.

Істер, құжаттар тізімдемелерінің екінші даналары архив қоймасының оқшауланған бөлігіндегі стеллажда немесе шкафта орналастырылады.

Істер, құжаттар тізімдемелерінің үшінші даналары оқу залында орналастырылады.

160. Архивтің барлық үй-жайлары, қабаттары, архив ғимаратының ярустары, сондай-ақ стеллаждар, сейфтер, шкафтар мен сөрелер нөмірленеді.

Әрбір жеке үй-жайда стеллаждар мен шкафтар кіреберістен солдан оңға қарай дербес нөмірленеді. Стеллаждар мен шкафтардағы сөрелер жоғарыдан төмен қарай солдан оңға қарай нөмірленеді.

161. Архивтік құжаттарды сақтау және іздеу орындарын бекіту мақсатында архив қоймасында осы Қағидалардың 21 және 22-қосымшаларындағы нысанға сәйкес қор бойынша топографиялық көрсеткіштердің карточкалары және осы Қағидалардың 23-қосымшасындағы нысанға сәйкес стеллаждар бойынша топографиялық көрсеткіштердің карточкалары жасалады.

162. Қор бойынша топографиялық көрсеткіштің карточкалары әрбір архив қорына бөлек дайындалады және архив қорының нөмірлері ретімен орналастырылады. Карточка толған кезде "жалғасы" белгісі бар карточка басталады.

Стеллаж бойынша топографиялық көрсеткіштің карточкалары әрбір стеллажға жасалады және архивтің жеке үй-жайының шегінде стеллаждар нөмірлерінің реті бойынша орналастырылады. Топографиялық көрсеткіштердің бір данасы – архив құжаттарын есепке алуға жауапты қызметкерде (лерде), екіншісі архив қоймасында сақталады.

Топографиялық көрсеткіштерді жүргізу қағаз жеткізгіште немесе белгіленген деректемелерге сәйкес автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Архивтік құжаттарды орналастырудағы өзгерістер топографиялық көрсеткіштердің барлық даналарында, сондай-ақ архив қорларын орналастыру жоспарында (схемасында) уақтылы көрсетіледі.

163. Архивтік құжаттарды сақтаудың әрбір бастапқы құралына архив қорының, тізімдеменің және қораптағы сақтау бірліктерінің атауы мен нөмірлері көрсетілетін заттаңба ресімделеді.

6-параграф. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйіне тексеру жүргізу

164. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру сақтаудағы архивтік құжаттардың нақты бар-жоғын анықтау және архивтік құжаттарды іздестіруді ұйымдастыру үшін жоқ архивтік құжаттарды анықтау, архивтік құжаттарды есепке алудағы кемшіліктерді анықтау және жою, реставрациялауды, консервациялық-профилактикалық және техникалық өңдеуді талап ететін архивтік құжаттарды анықтау және есепке алу мақсатында жүргізіледі.

165. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйіне жоспарлы циклдық және кезектен тыс тексерулер жүргізіледі.

Бар-жоғын жоспарлы циклдық тексеру құжаттардың белгілі бір санаты үшін белгіленген мынадай кезеңділікпен жүргізіледі:

1) ҰАҚ мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттары үшін – жыл сайын;

2) аса құнды құжаттар үшін – 10 жылда бір рет;

3) аудиовизуалды және электрондық құжаттар үшін – 5 жылда бір рет;

4) нитронегіздегі киноқұжаттар үшін – 2 жылда бір рет.

ЭА АЖ электрондық құжаттардың бар-жоғын тексеру автоматты түрде жүргізіледі.

Қалған архивтік құжаттарды тексерудің циклін құжаттарды пайдалану қарқындылығына және есепке алу жағдайына байланысты, бірақ 20 жылда бір реттен сиретпей архив белгілейді.

Архивтік құжаттардың барлық немесе жекелеген топтары үшін архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін кезектен тыс тексеру табиғи апаттар, жаппай орын ауыстыру және басқа да жағдайлар кезінде, сондай-ақ архив қоймасының меңгерушісі ауысқан кезде жүргізіледі.

166. Электрондық құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін мыналарды:

- электрондық жеткізгіштердің бар-жоғы мен жай-күйін тексеруді;

- электрондық құжаттарды пайдалану мерзімі аяқталған электрондық жеткізгіштерден бос электрондық жеткізгіштерге көшіруді;

- электрондық құжаттардың бақылау сипаттамаларын тексеруді қамтитын жұмыстар жүргізіледі.

167. Құпия архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және таратылуы шектелген қызметтік ақпаратпен жұмыс туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

168. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексерудің басында тексерілетін архив қорларының және архивтік құжаттардың есептік құжаттарының толықтығын анықтауды, олардың салыстырмалы көрсеткіштерін салыстыруды, тізімдеме (есепке алу және сипаттау кітабы) бойынша сақтау бірліктерінің нөмірлеу тәртібін нақтылауды және олардың қорытынды жазбаларының дұрыс жасалуын тексеруді қамтитын есепке алу құжаттарын салыстырып тексеру жүргізіледі.

169. Электрондық жеткізгіштердің бар-жоғы мен жай-күйін бір реттік тексеру:

- ұйым архивінің электрондық жеткізгіштерін басқа қоймаға көшіргеннен кейін;

- төтенше жағдайлардан кейін;

- ұйым архивінің басшысы (мемлекеттік есепке алу үшін және архив қоймасына жауапты тұлғалар) ауысқан кезде жүргізіледі.

170. Архивтегі архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеруді архив басшысының шешімімен құрылатын және кемінде үш архив қызметкерінен тұратын комиссия жүргізеді.

171. Архивтік құжаттары ішкі тізімдеме бойынша есепке алынған сақтау бірліктерінің бар-жоғын тексеру кезінде архивтік құжаттардың бар-жоғы ішкі тізімдememен, брошюраланбай (тігілмей) сақталатын сақтау бірліктеріндегі парақтардың бар-жоғын салыстырып тексеріледі.

Мәдени құндылықтарға жатқызылған архивтік құжаттардың әр парағы тексеріледі.

Архивтің оқу залына және жұмыс үй-жайларына берілген архивтік құжаттар жалпы негізде тексеріледі, олардың шифрлары алмастырушы карталар мен архив қоймаларынан архивтік құжаттарды беру кітаптары бойынша белгіленеді. Уақытша пайдалануға берілген архивтік құжаттар беру

кітаптары мен беру актілері бойынша тексеріледі және бар деп есептеледі.

172. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру кезінде:

1) архивтік құжаттардың стеллаждарда және бастапқы сақтау құралдарында орналасу тәртібін сақтау;

2) осы архив қорын тексеру кезінде анықталған дұрыс орналастырылмаған сақтау бірліктерін өз орындарына қайтару;

3) басқа архив қорларының дұрыс орналастырылмаған сақтау бірліктерін тексерілетін архив қорынан (архивтік құжаттар кешенінен) алып, бас сақтаушыға немесе архив қоймасының меңгерушісіне тапсыру;

4) зеңмен немесе басқа да биологиялық зиянкестермен залалданған сақтау бірліктерін алып тастау;

5) тізімдемеге (есепке алу және сипаттау кітабына) енгізілмеген сақтау бірліктерін алып тастауға және оларды кейін архив басшысы белгілеген мерзімде өңдеу және сипаттау үшін архив қорының (архивтік құжаттар кешенінің) соңына орналастыру;

6) есептен шығарылған, бірақ архив қоймасынан уақтылы алынбаған архивтік құжаттарды алып тастау;

7) физикалық ақаулары бар архивтік құжаттарды анықтау қажет.

173. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында:

1) тізімдемеге (есепке алу және сипаттау кітабына) есепке алынбаған сақтау бірліктерін енгізуге;

2) тізімдемелер мен басқа да есепке алу құжаттарында түзетулер немесе жазбалар жасауға рұқсат етілмейді.

174. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру нәтижелері және оның барысында анықталған кемшіліктер осы Қағидалардың 24, 25 және 26-қосымшаларындағы нысанға сәйкес архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру парағында (бұдан әрі – тексеру парағы) және осы Қағидалардың 27, 28 және 29-қосымшаларындағы нысанға сәйкес архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру актісінде жазылады.

Тексеру парағы тікелей тексеру барысында әрбір тізімдемеге бөлек жасалады. Көлемі шағын архив қорларын

тексеру кезінде барлық тізімдемелерге бір тексеру парағын жасауға жол беріледі.

Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында, сондай-ақ істердің әр парағын тексеру кезінде тексеру парағының бағандарында көзделмеген кемшіліктер анықталған жағдайда параққа нақтылаулар мен қосымша деректемелер енгізіледі. Тексеру парақтары әрбір тексеру бойынша архив қоры шегінде жалпы тәртіппен нөмірленеді және оған комиссия мүшелері қол қояды.

175. Тексеру парағының (парақтарының) негізінде архивтік құжаттардың бар-жоғы мен және жай-күйін тексеру актісі жасалады Техникалық қателер, құжаттардың болмауы және олардың бүлінуі анықталған кезде архивтік құжаттардың бар-жоғын және жай-күйін тексеру актісімен бір мезгілде осы Қағидалардың 30-қосымшадағы нысанға сәйкес есепке алу құжаттарында техникалық қателер туралы актісі, осы Қағидалардың 31-қосымшадағы нысанға сәйкес архивтік құжаттардың табылғаны туралы актісі, осы Қағидалардың 32-қосымшадағы нысанға сәйкес құжаттардың түзетілмейтін бүлінуі туралы актісі жасалады.

176. Қоймадан берілген электрондық құжаттар мен жеткізгіштердің болуы олардың берілген электрондық құжаттар мен жеткізгіштердің алмастыру карталарындағы нөмірлерін осы Қағидалардың 33-қосымшасындағы нысанға сәйкес жасалатын қоймадан электрондық жеткізгіштерді беру кітабындағы жазбалармен салыстыру арқылы тексеріледі.

Жойылмайтын ақаулар анықталған кезде электрондық жеткізгіш қоймадан шығарылады және осы Қағидалардың 34-қосымшасындағы нысанға сәйкес электрондық құжаттар мен жеткізгіштерді есептен шығару туралы акт бойынша есептен шығарылады.

Әрбір есептен шығарылған электрондық жеткізгішке осы Қағидалардың 35-қосымшасындағы нысанға сәйкес есептен шығарылған электрондық құжат пен жеткізгіштегі карточкасы қалыптастырылады.

177. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру аяқталған соң тізімдеменің (есепке алу және сипаттау кітабының) соңында "тексерілді" деген мөртабан, күні, тексеру жүргізген адамдардың лауазымы және қолы қойылады.

Тізімдеменің (есепке алу және сипаттау кітабының) қорытынды жазбасында есепке алынбаған литерлік және қойылмай қалған реттік нөмірлер, белгіленген тәртіпке сәйкес алып тасталған сақтау бірліктері табылған кезде қорытынды жазба қайта жасалады.

178. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында болмаған барлық сақтау бірліктеріне осы Қағидалардың 36-қосымшасындағы нысанға сәйкес табылмаған архивтік құжаттарды есепке алу карточкалары жасалады. Табылмаған архивтік құжаттардың картотекасын жүргізу табылмаған архивтік құжаттарды есепке алу карточкаларына сәйкес орталықтандырылған түрде қағаз жеткізгіште немесе автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Архивтік құжаттардың физикалық жай-күйін тексеру нәтижелері осы Қағидалардың 41, 42, 43, 44, 45, 46-қосымшаларындағы нысанға сәйкес архивтік құжаттардың физикалық (техникалық) жай-күйін есепке алу карточкасына енгізіледі.

179. Архивтік құжаттардың, электрондық құжаттардың (істердің) бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барлық есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізілгеннен кейін аяқталған болып есептеледі. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексергеннен кейін сирек пайдаланылатын қорлардың архивтік құжаттары салынған қораптарға, жанбайтын шкафтарға, бокстарға, футлярларға, құжаттар электрондық жеткізгіштерде сақталған жағдайда ұяшықтарға мөр басылады.

180. Архивтік құжаттардың, электрондық құжаттардың (істердің) бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында табылмаған архивтік құжаттарды іздестіру олардың жоқ екендігі анықталған сәттен бастап ұйымдастырылады және бір жыл ішінде тікелей архивте және басқа да ұйымдарда жүргізіледі. Іздестіру мерзімін архивтің тиісті құрылымдық бөлімшесі басшысының баяндау жазбасы негізінде архивтің басшысы ұзартады.

181. Іздестіру барысында табылған архивтік құжаттар бас сақтаушыға немесе архив қоймасының меңгерушісіне беріледі, ол оларды орнына қайтарады. Тексеру парағының "Ескертпе" бағанында, табылмаған архивтік құжаттардың картотекасында архивтік құжаттардың табылғаны туралы белгі

қойылады, ол архив қоймасы меңгерушісінің қолымен расталады.

182. Болмау себебі құжатпен расталған архивтік құжаттар осы Қағидалардың 282-тармағына сәйкес есептен шығарылады.

Іздестіру барысында табылмаған архивтік құжаттарға осы Қағидалардың 37 және 38-қосымшаларындағы нысанға сәйкес іздестіру жолдары таусылған құжаттардың табылмағандығы туралы акт және іздестіру жүргізу туралы анықтама жасалады, олар архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру актісімен бірге архивтік құжаттарды есептен шығару туралы мәселені шешу үшін уәкілетті органға ұсынылады.

183. Архивтік құжаттарды есептен шығару туралы шешім уәкілетті органның жазбаша келісімінің негізінде архив басшысының бұйрығымен ресімделеді.

Табылмаған архивтік құжаттардың картотекасында архивтік құжаттардың есептен шығарылғандығы туралы белгі қойылады. Өзгерістер барлық есепке алу құжаттарына енгізіледі, "Архив қорларының құрамы мен көлеміндегі өзгерістер туралы мәліметтерге" енгізіледі, олар Мемлекеттік қор каталогына өзгерістер енгізу үшін уәкілетті органға жіберіледі.

184. Жыл ішінде архив қоймаларынан берілген архивтік істердің, құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру архив басшылығы белгілеген мерзімдерде тұрақты түрде жүргізіледі. Оның нәтижелері осы Қағидалардың 27, 28 және 29-қосымшаларындағы нысанға сәйкес архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру актісімен ресімделеді.

185. Архивтік құжаттардың негізсіз болмауы анықталған кезде оларды жедел іздестіру жүзеге асырылады. Егер жедел іздестіру барысында жоқ құжаттар табылмаса, онда олар одан әрі іздестіру үшін анықталмаған құжаттардың картотекасына енгізіледі.

7-параграф. Архивтік құжаттардың техникалық және физикалық-химиялық жай-күйін тексеру мен есепке алу тәртібі

186. Архивке келіп түскен архивтік құжаттарды олардың физикалық жай-күйін алдын ала тексермей архив қоймаларына қабылдауға және орналастыруға жол берілмейді. Архивке келіп түскен архивтік құжаттар архив қоймасына тапсырыл-

ғанға дейін қабылдау және уақытша сақтау үй-жайларында орналастырылады, тасымалдау қорабынан босатылады, стеллаждар мен үстелдерге, уақытша ұяшықтарға, бокстарға салынады.

187. Келіп түскен архивтік құжаттардың, сондай-ақ олардың сақтандыру көшірмелерінің физикалық және техникалық жай-күйін бағалау архивтік құжаттарды архивке қабылдаған сәттен бастап үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

188. Қағаз негіздегі архивтік құжаттардың физикалық жағдайын бағалау нәтижесінде:

1) биологиялық зиянкестермен зақымданған;

2) ылғалдылығы жоғары;

3) қағазы және мәтіндері бүлінген;

4) шаң басқан архивтік құжаттар анықталады.

Істердегі, папкалардағы, қораптардағы металл, картон, қағаз және басқа да бетбелгілер, төсемдер, қыстырғыштар алынып тасталуы тиіс.

189. Аудиовизуалды және электрондық құжаттардың, сақтандыру көшірмелерінің техникалық жай-күйін бағалау кезінде материалдық жеткізгіштен ақпаратты оқу мүмкіндігі, осы құжаттардың техникалық сипаттамаларының ілеспе құжаттамадағы мәліметтерге сәйкестігі белгіленеді. Сонымен бірге кинофотоқұжат негізінің түрі анықталады. Нитронегіздегі архивтік құжаттар эмульсиялық қабатты қалпына келтіру мүмкіндігімен, кейін қауіпсіз негізге қайта көшіріле отырып, тұрақтылыққа дереу тексерілуге жатады.

190. Ақаулар анықталған жағдайда ақаулардың сипаты және оларды жою шаралары көрсетілген еркін нысандағы акт жасалады. Ақауларды жою жинақтау көзі есебінен жүргізіледі.

191. Биологиялық зиянкестермен (жәндіктер, белсенді зең) зақымданған келіп түскен архивтік құжаттар санитариялық-гигиеналық өңдеуге (дезинфекция, дезинсекция) жіберіледі.

Дымқылданған архивтік құжаттар табылған жағдайда олар толық кепкенге дейін акклиматизация жүргізіледі. Акклиматизация қабылдау және уақытша сақтау үй-жайларында 7-14 тәулік ішінде (дымқылдану дәрежесіне байланысты) ауаны қарқынды желдету және сақтау бірліктерін

үстелдерде, стеллаждарда ашылған күйде орналастыру арқылы жүргізіледі.

Келіп түскен архивтік құжаттардың қағазы мен мәтінінің сапасы олардың жай-күйін жалпы бағалау үшін іріктеліп тексеріледі.

192. Келіп түскен құжаттарды шаң-тозаңнан тазарту сорғы шкафтарды пайдалану арқылы арнайы үй-жайда жүргізіледі. Қораптар, папкалар, мұқабалар, істердің түбір-шектері шаңнан тазартылуға жатады.

193. Келіп түскен аудиовизуалды, соның ішінде электрондық жеткізгіштердегі құжаттар қайта орауға, шаңнан тазартуға, кірден тазартуға, акклиматизациялауға және буыптүюге жатады.

Архив қоймасына орналастырар алдында үлдір және дискілік негіздегі аудиовизуалды және электрондық құжаттарға 20±3°С температурада және 35±15% ауаның салыстырмалы ылғалдылығында, түрлі-түсті кино- және фотоқұжаттар үшін – 35±15% салыстырмалы ылғалдылықта ашық қаптамада акклиматизациялау жүргізіледі. Киноқұжаттар мен орамасы микрофильмдерді акклиматизациялау ұзақтығы 10 тәуліктен кем емес, магниттік таспадағы және дискілік жеткізгіштердегі архивтік құжаттар – 3 тәуліктен кем емес, фотоқұжаттар мен микрофишалар – 24 сағаттан кем емес.

194. Сақтау процесінде архивтік құжаттардың физикалық-химиялық және техникалық жай-күйін тексеру зақымданған архивтік құжаттарды және физикалық немесе биологиялық жай-күйі қауіпті болуы ықтимал архивтік құжаттарды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Архивтік құжаттардың физикалық-химиялық және техникалық жай-күйін тексеру архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында, архивтік құжаттарды архив қоймасынан беруге дайындау кезінде, архивтік құжаттардың әр бірлігін (парағын) қарауға байланысты жұмыстар кезінде жүзеге асырылады.

195. Сақтау процесінде қағаз негізіндегі архивтік құжаттардың физикалық жай-күйін тексеру дымқылданған, биологиялық зиянкестермен (зең, жәндіктер) зақымданған, қағазы мен мәтінінде ақаулары бар архивтік құжаттарды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Дымқылданған архивтік құжаттар (істер, істер топтары) дереу бөліп алынып, кезектен тыс өңдеуге (кептіру, акклиматизация) жатады. Архивтік құжаттар жаппай дымқылданған кезде архив қоймасын кептіру, сақтау режимін қалыпқа келтіру бойынша шаралар жүргізіледі.

Биологиялық зиянкестермен (зең, жәндіктер) зақымданған архивтік құжаттар дереу оқшаулануға жатады.

Қағаз бен мәтіннің ақауларының болуы істердің әр парағын қарау кезінде көзбен шолып қарау арқылы белгіленеді. Ақаулар уәкілетті органның әдістемелік ұсынымдарын ескере отырып, қағаз (әріптік индекстеу) және мәтін (цифрлық индекстеу) ақауларының үлгілік белгілері бойынша бірыңғай әріптік-цифрлық индекстеу негізінде жіктеледі.

Зақымдану салдарынан мәтіннің көп бөлігін оқу және оларды қалпына келтіру мүмкін болмайтын архивтік құжаттар жоюға іріктеледі. Зақымданған архивтік құжаттардың мәтінін тым болмаса ішінара қалпына келтіру мүмкін болған кезде, олар тұрақты сақтауда қалдырылады, сканерленеді, реставрацияланады немесе фотокөшірмесі түсіріледі.

196. Сақтау процесінде аудиовизуалды құжаттардың техникалық жай-күйін тексеру мыналарды анықтау мақсатында жүзеге асырылады:

1) олардың қаптамасының жай-күйі;

2) стандартты ракордтардың болуы;

3) олардың үстіңгі қабатының және перфорация жолақтары мен жапсырмаларының техникалық жай-күйі;

4) ластанудың және механикалық зақымданудың болуы;

5) нитронегізінің тұрақтылығы;

6) ені 35 мм және 16 мм киноүлдірлер мен магниттік таспалардың перфорациясы қадамы;

7) физикалық-механикалық сипаттамалары (эмульсиялық қабаттың бүлінуі, қабыршақтануы немесе жұмыс қабатының үгітілуі және басқалары);

8) химиялық және биологиялық ақаулардың болуы (микроорганизмдермен, жәндіктермен және кеміргіштермен зақымдану, тұздардың кристалдану және химиялық-фотографиялық өңдеудің қалдық өнімдерінің ыдырау іздері);

9) фоно-және бейнеқұжаттардың электроакустикалық сипаттамалары;

10) бейне-арнадағы бейне құжаттардың параметрлері;

11) кино-, фото-, бейнеқұжаттардың бейне сапасы;

12) машиналық жеткізгіштің жекелеген бөліктерінің магнитсізденген аймақтарының болуы және механикалық зақымдануының болуы;

13) триацетатты үлдірдің сірке суы синдромының болуы.

197. Сақтау процесінде электронды құжаттардың (істердің) техникалық жай-күйін тексеру мыналарды анықтау мақсатында жүзеге асырылады:

1) қаптаманың жай-күйі (тек физикалық оқшауланған жеткізгіштер үшін);

2) зиянды бағдарламалық қамтылымның болуы;

3) жаңғыртылуы;

4) сыртқы зақымданулардың болуы (тек физикалық оқшауланған жеткізгіштер үшін);

5) жаңа тасымалдауыштарға көшіру қажеттігі (тек физикалық тұрғыдан оқшауланған жеткізгіштер үшін);

6) басқа форматтарға конвертациялау қажеттілігі;

7) электрондық құжаттарды сипаттайтын параметрлер деңгейі (мысалы, ақпаратты уақыт бірлігінде оқу кезіндегі іркілістер саны).

198. Киноқұжаттардың (бейненің негативінің, контратиптің (дубль-негативтің), позитив көшірменің) техникалық жай-күйін тексеру фильмді тексеру немесе дыбысты монтаждау үстелінде монтаж парағымен салыстыра отырып тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Позитив көшірменің техникалық жай-күйін оптикалық проекция жағдайында шағылыстырғыш экранда қарау арқылы тексерген кезде бейненің сапасы, бөлік ішіндегі жоспарлардың тығыздығы мен түсі бойынша тегістігі және көшірме ішіндегі бөліктердің тегістігі визуалды және есту бағалауы бойынша, кадрдың орнықтылығы, бейненің контрастылығы, киноқұжаттың техникалық жай-күйін есепке алу карточкасына сәйкес бейнеде ақаулардың болуы немесе болмауы белгіленеді.

Аралық позитивті (лаванда), қайта жазу фонограммасының негативін, фонограмманың магниттік түпнұсқасын, шулар мен музыканың магниттік фонограммасын бақылау фильмді тексеру үстелінде тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Киноқұжаттардың техникалық жай-күйін тексеру нәтижесінде осы Қағидалардың 39-қосымшасындағы нысанға сәйкес киноқұжаттарда кездесетін негізгі ақаулардың тізбесі жасалады.

199. Фоноқұжаттардың электр акустикалық сипаттамаларын (жиіліктің бұрмалануы, копирэффект деңгейі, фонның және шудың деңгейі, шытынаулар мен тақылдаулардың баржоғы, кідірістің шуы) тексеру тыңдауға арналған бақылау агрегаттары, қуат күшейткіштері, дыбыс зорайтқыштары және басқа да қажетті жабдықтары бар кәсіби магнитофондарда тыңдау арқылы жүргізеді. Беткі қабатының жай-күйі (ферромагниттік жабын, үлдірдің қыртыстануы, шеттерінің қисайған тұстарының, механикалық зақымданудың және химиялық немесе биологиялық ластану іздерінің бар-жоғы), бастапқы және соңғы ракордтардың бар-жоғы, фоноқұжаттардың техникалық жай-күйін есепке алу карточкасына сәйкес фоноқұжаттардағы жапсырмалардың сапасы айқындалады.

200. Фотоқұжаттарды бақылау фотоқұжаттарды және бақылау таңбаларын монтаждау немесе жарық үстелінде қарау арқылы жүргізіледі. Беткі қабатының техникалық жай-күйі (сызаттардың, кірдің, қажалудың және басқа да ақаулардың болмауы), фотографиялық сапасы (айқындылық, контрастылық, оптикалық тығыздық диапазоны, бұлдыраудың болмауы, басып шығарылатын ақаулардың бар-жоғы) айқындалады.

Ақауы бар түзілімдердің түрлерін көзбен шолып анықтау қиын болған жағдайларда фотоқұжат лупа немесе микроскоп астында қаралады.

201. Бейнеқұжаттардың техникалық параметрлерін тексеру бақылау-өлшеу аппаратурасының кешені – жазба форматымен, бейнежазба стандарттары мен жүйелерімен айқындалатын тиісті типтегі бейнемагнитофондардың көмегімен жүргізеді.

202. Электрондық құжаттардың техникалық параметрлерін тексеру тиісті архивтік құжаттардың түрімен жұмыс істеуге арналған арнайы аппаратураны және бағдарламалық қамтылымды пайдалана отырып жүргізіледі.

203. Құжаттардың физикалық тұтастығына қатер туғызатын материалдық жеткізгіштерінің бұзылу дәрежесі жоғары

ҰАҚ құжаттары қанағаттанғысыз физикалық жай-күйдегі құжаттар деп танылады.

ҰАҚ құжатын физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз деп тану туралы және оны осы Қағидалардың 205 – 206-тармақтарына сәйкес жүргізілетін арнайы өңдеуді ұйымдастыру үшін шұғыл түрде арнайы есепке қою туралы шешімді реставратордың және архив құжаттарын сақтауға жауапты құрылымдық бөлімше басшысының сараптамалық қорытындысы негізінде архив басшысы қабылдайды.

204. Физикалық жай-күйі олардың материалдық жеткізгіштерін қалпына келтіру және ондағы құжаттық ақпаратты пайдалану мүмкін болмайтын архивтік құжаттар зақымдануы түзетілмейтін архивтік құжаттар болып танылады.

Архивтік құжатты зақымдануы түзетілмейтін деп тану және оны есептен шығару туралы шешімді республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің немесе ЖАО-ның СТК қорытындысының, реставратордың және архивтік құжаттарды сақтауға жауапты құрылымдық бөлімше басшысының сараптамалық қорытындысының және құжаттардың түзетілмейтін зақымдануы туралы актінің негізінде ОСТК қабылдайды. ОСТК-ның жазбаша шешімінің негізінде зақымдануы түзетілмейтін архивтік құжаттарды есептен шығару туралы архив басшысының бұйрығы шығарылады.

Мәдени құндылықтарға жатқызылған ҰАҚ зақымдануы түзетілмейтін құжаттарын есептен шығаруға және жоюға жол берілмейді.

205. Қағаз негіздегі архивтік құжаттардың физикалық және техникалық жай-күйін есепке алу:

1) осы Қағидалардың 40-қосымшасындағы нысанға сәйкес істің куәландыру парағында;

2) архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру парағында және архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру актісінде;

3) осы Қағидалардың 41-қосымшасындағы нысанға сәйкес жеткізгіші бүлінген архивтік құжаттарды есепке алу карточкасында;

4) осы Қағидалардың 42-қосымшасындағы нысанға сәйкес мәтіні зақымданған архивтік құжаттарды есепке алу карточкасында жүзеге асырылады.

206. Аудиовизуалды құжаттардың физикалық және техникалық жай-күйін есепке алу:

1) осы Қағидалардың 43- қосымшасындағы нысанға сәйкес киноқұжаттың техникалық жай-күйін есепке алу карточкасында;

2) осы Қағидалардың 44-қосымшасындағы нысанға сәйкес фотоқұжаттың техникалық жай-күйін есепке алу карточкасында;

3) осы Қағидалардың 45-қосымшасындағы нысанға сәйкес фоноқұжаттың техникалық жай-күйін есепке алу карточкасында;

4) осы Қағидалардың 46-қосымшасындағы нысанға сәйкес бейнеқұжаттың техникалық жай-күйін есепке алу карточкасында жүзеге асырылады.

ҰАҚ физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз құжаттарын есепке алу бақылау-есепке алу карточкаларында немесе есепке алу кітабында жүргізіледі.

Архивтік құжаттардың физикалық және техникалық жай-күйін есепке алу қағаз жеткізгіште немесе автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

8-параграф. Архивтік құжаттарды физикалық-химиялық және техникалық өңдеуден өткізу тәртібі

207. Архивтік құжаттарды физикалық-химиялық және техникалық өңдеу:

1) архивтік құжаттардың тез ескіру және бүліну себептерін жою;

2) олардың қасиеттерін, техникалық сипаттамаларын, ұзақ мерзімділігін қалпына келтіру;

3) құжаттық ақпаратты неғұрлым төзімді жеткізгіштерде жаңғырту мақсатында жүргізіледі.

208. Мыналар қағаз негіздегі архивтік құжаттарды физикалық-химиялық және техникалық өңдеудің негізгі түрлері болып табылады:

1) архив қоймаларындағы және архивтік құжаттардағы биологиялық зиянкестерді жою және биопрофилактика,

биоқорғау шараларының жиынтығы ретінде архив қоймаларын дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау;

2) архивтік құжаттардың түпнұсқаларының қасиеттері мен ұзақ мерзімділігін қалпына келтіру бойынша жұмыстар мен технологиялық операциялардың кешені ретінде реставрациялау (реставрациялық-консервациялық өңдеу);

3) аса құнды құжаттар көшірмелерінің сақтандыру қоры мен пайдалану қорын құру мақсатында архивтік құжаттарды жаңғырту, мәтіндері өшкен және жазуы солғын архивтік құжаттарды фото реставрациялау, құжаттық ақпаратты сақтау үшін ұзақ сақталмайтын немесе бүлінген жеткізгіштердегі түпнұсқаларды көшірмелермен ауыстыру;

4) архивтік құжаттарды түптеу;

5) архивтік құжаттарды шаң-тозаңнан тазарту;

6) архивтік құжаттарды авариялық-құтқару жұмыстары режимінде, оның ішінде кептіру, дезинфекциялау, дезинсекциялау, мұздату, реставрациялау, жаңғырту, дезактивациялау құралдары мен тәсілдерін және нысаналы өңдеудің басқа да түрлерін қолдана отырып өңдеу.

209. Магниттік таспадағы архивтік құжаттар үшін физикалық-химиялық және техникалық өңдеудің мынадай түрлері пайдаланылады:

1) арнайы тазалайтын жабдықта беткі қабатын шаң мен кір бөлшектерінен тазарту;

2) кеуіп қалған және қыртысталған жапсырмаларды ауыстыру;

3) магниттік таспа орамдарын қорғаныш магниттік таспамен екі жағынан 2-2,5 метрден ресімдеу;

4) архивтік құжаттарды сақтау және тасымалдау кезінде температура мен ылғалдылықтың ауысуынан пайда болған магниттік таспалар орамындағы ішкі кернеуді жою мақсатында қайта орау.

210. Дискілік жеткізгіштердегі архивтік құжаттар үшін физикалық-химиялық және техникалық өңдеудің мынадай түрлері пайдаланылады:

1) шаңнан тазарту;

2) антистатикпен сүрту.

211. Кино-, фотоқұжаттар, кинофильмдерге микроформалар мен фонограммалар үшін физикалық-химиялық және техникалық өңдеудің мынадай түрлері пайдаланылады:

1) шаңнан тазарту;

2) балауыз, май және өзге де ластануларды жою;

3) желімделген және тесілген жерлерді нығайту;

4) перфорацияны жөндеу;

5) тұрпайы, қыртысталған жамаулар мен жапсырмаларды қайта жасау;

6) кадрлардың бүлінген жерлерін жөндеу.

212. Фоноқұжаттардың грамтүпнұсқалары үшін электротехникалық тазалау қолданылады.

213. Архивтік құжаттарды физикалық-химиялық және техникалық өңдеу бойынша жұмыстар жоспарлы түрде және жоспардан тыс жүргізіледі.

Архивтік құжаттарды жоспарлы өңдеу олардың әртүрлі құндылық топтарына тиесілілігін, әртүрлі түрдегі архивтік құжаттардың физикалық жай-күйінің ерекшеліктерін және архив мүмкіндіктерін ескере отырып, архивте белгіленген кезектілік тәртібімен олардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру нәтижелері бойынша жүргізіледі. Бірінші кезекте мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттар мен аса құнды құжаттарға физикалық-химиялық және техникалық өңдеу жүргізіледі.

Жоспардан тыс физикалық-химиялық және техникалық өңдеу архивтік құжаттардың отпен, сумен, химиялық немесе радиоактивті заттармен жергілікті немесе жаппай зақымдануына байланысты авариялық-құтқару жағдайларында жүргізіледі. Архивтік құжаттарды және оларды сақтау орындарын бөлу, оқшаулау, санитариялық өңдеу жөніндегі шұғыл шаралар архивтік құжаттар биологиялық зиянкестермен зақымданған кезде де қолданылады.

214. Архивтік құжаттарды физикалық-химиялық және техникалық өңдеу бойынша жұмыстардың номенклатурасы, жүргізу тәртібі және технологиясы осы Қағидаларда айқындалады.

9-параграф. Архив қоймаларынан архивтік құжаттарды беру тәртібі

215. Пайдалану қоры бар архивтік құжаттар архив қоймасынан берілмейді.

Қалпына келтіру жұмыстарын қоспағанда, архив қоймасынан аса құнды, оның ішінде мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттардың төлнұсқалары, сондай-ақ физикалық жай-

күйі қанағаттанғысыз ҰАҚ құжаттары берілмейді, сонымен қатар оларды сөгуге тыйым салынады. Сканерлеу істерді сөгуді талап етпейтін арнайы техникалық жабдықта жүзеге асырылуы тиіс.

216. Архивтің оқу залына пайдаланушыларға және жұмыс үй-жайларына архив қызметкерлеріне қызметтік мақсатта архивтік құжаттар архив қоймасынан архив қоймасы меңгерушісінің немесе сақтауды қамтамасыз ету бөлімі басшысының жазбаша рұқсатымен беріледі.

Қор құрушыларға, сот, құқық қорғау және өзге де уәкілетті органдарға уақытша пайдалануға архив қоймасынан архивтік құжаттар, сондай-ақ электрондық құжаттарға (істерге) қолжетімділік архив басшысының немесе оның орынбасарының жазбаша рұқсатымен беріледі.

Көрмеге қою үшін ұйымдарға архивтік құжаттар архив қоймасынан көрме өткізу туралы шарттың және архив басшысының тиісті бұйрығының негізінде беріледі.

Архив зертханасының қызметкерлеріне, мамандандырылған ұйымдарға сақтандыру қоры мен пайдалану қорын құру және архивтік құжаттарға арнайы өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін архивтік құжаттар архив қоймасынан мамандандырылған ұйыммен жасалған тиісті шарт негізінде беріледі.

217. Архив қоймасынан архивтік құжаттарды беруді, оларды кері қабылдауды, оларды архив қоймасынан беру алдында және қайтару кезінде архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін парақтап тексеруді архив қоймасының қызметкері жүргізеді.

Пайдаланушылардың оқу залында қайтаратын архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін парақтап тексеруді оқу залының қызметкері жүзеге асырады.

218. Мына архивтік құжаттар архив қоймасынан берер алдында және оларды қайтарған кезде олардың бар-жоғы мен жай-күйін парақтап тексерілуі тиіс:

1) мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттар және аса құнды құжаттар;

2) безендірілуінде немесе оларға қосымшада асыл тастар мен металдар бар архивтік құжаттар;

3) брошюраланбаған архивтік құжаттар;

4) бұрын архив қоймасынан берілмеген және куәландыру парақтары жоқ істер;

5) қолтаңбалар, графикалық құжаттар, пошталық және елтаңбалық белгілер, мөрлер, ашықхаттар, мекенжайлары, маркалары бар конверттер бар істер.

Парақтап тексеруге жататын басқа істердің құрамын архивтің сараптамалық-әдістемелік комиссиясының шешімі негізінде архив басшысы айқындайды.

Парақтап тексеру жүргізілгені туралы белгі істің куәландыру парағына қойылады.

Архив қоймасынан берілетін сақтау бірліктері мен тізімдемелердің орнына осы Қағидалардың 47-қосымшасындағы нысанға сәйкес алмастыру картасы салынады.

219. Архив қоймасынан берілетін архивтік құжаттарда архивтік шифр, нөмірленген парақтар, істі куәландыру парағы және осы Қағидалардың 48-қосымшасындағы нысанға сәйкес құжаттарды пайдалану парағы болады.

220. Архив қоймасынан архивтік құжаттар мен істерді берген кезде архивтік шифр мен тақырыптарды (аннотацияны) тізімдememен (есепке алу және сипаттау кітабымен) салыстырып тексеру, сондай-ақ белгіленген жағдайларда архивтік істерді парақтап тексеру жүргізіледі.

Қоймадан электрондық жеткізгіштердегі құжаттар берілген кезде электрондық жеткізгіштегі құжатты құрайтын барлық сақтау объектілерінің бүтіндігін тексеру жүзеге асырылады.

Архивтік құжаттардың архивтік шифрын тізімдememен (есепке алу және сипаттау кітабымен) салыстыру кезінде істің мұқабасы мен титулдық парағының, аудиовизуалды, электрондық құжаттың бастапқы сақтау құралының дұрыс ресімделуі, сақтау бірлігінің тақырыбы мен шифрінің дұрыс құрылуы тексеріледі. Елеулі түзетулер енгізу кезде мұқаба мен титул парағы ескі мұқабаны сақтай отырып ауыстырылады.

Архив қоймасынан істерден алынған жекелеген архивтік құжаттарды беруге дайындау кезінде әрбір парақтың артқы жағына архивтік құжаттың мәтінінен бөлек архивтік шифры бар мөртабан және берілген күні қойылады.

221. Архивтік құжаттар архив қоймасынан мынадай мерзімнен:

1) екі аптадан аспайтын мерзімге берілетін аса құнды және аудиовизуалды құжаттарды қоспағанда, оқу залының пайдаланушыларына және архив қызметкерлеріне бір айдан;

2) қор құрушыларға уақытша пайдалануға үш айдан;

3) сот, құқық қорғау және өзге де уәкілетті органдарға алты айдан;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 ақпандағы № 98 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік меншіктегі ҰАҚ құжаттарын Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге уақытша әкетуге рұқсат беру қағидаларына сәйкес елден тысқары жерлерге уақытша әкету үшін алты айдан аспайтын мерзімге беріледі.

Құпия құжаттарды беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

222. Архивтік құжаттарды және істерді көрмеге қою үшін архив қоймасынан беру көрмені өткізу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Сақтандыру қорын, пайдалану қорын құру және арнайы өңдеу үшін архивтік құжаттарды беру мерзімі архивтің жұмыс жоспарында және бөгде ұйымдармен тиісті жұмыстарды жүргізу шарттарында айқындалады.

223. Архивтік құжаттарды және істерді берудің белгіленген мерзімдерін ұзартуға ерекше жағдайларда архив басшысының жазбаша рұқсаты бойынша жол беріледі.

224. Архивтік құжаттарды және істерді архив қоймасынан беру осы Қағидалардың 49-қосымшасындағы нысанға сәйкес әрбір архив қоймасы және беру түрі бойынша бөлек жүргізілетін архив қоймасынан архивтік құжаттарды, пайдалану қорының көшірмелерін беру кітаптарында тіркеледі.

225. Пайдалану қорынан архивтік құжаттарды, архивтік құжаттардың көшірмелерін, оқу залына тізімдемелерді беру осы Қағидалардың 50-қосымшасындағы нысанға сәйкес бойынша архивтік құжаттарды, архив қоймасынан пайдалану қорының көшірмелерін, тізімдемелерді беруге тапсырыспен ресімделеді және архивтік құжаттарды, архив қоймасынан пайдалану қорының көшірмелерін оқу залына беру кітабында тіркеледі, оған оқу залының қызметкері қол қояды. Пайдаланушының орындалған тапсырысы берілген архивтік құжат-

тармен бірге оқу залына жіберіледі және пайдаланушының жеке ісінде сақталады.

226. Архивтік құжаттарды және істерді қызмет мақсатында пайдалану үшін архив жұмыскеріне беру тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы бұрыштама қоятын архивтік құжаттарды, пайдалану қорының көшірмелерін, тізімдемелерді беруге тапсырыспен ресімделеді. Тапсырыс архивтік құжаттарды, пайдалану қорының көшірмелерін қоймадан жұмыс үйжайларына беру кітабында тіркеледі және оған архивтік құжаттарды алған қызметкер әрбір сақтау бірлігі үшін қол қояды.

227. Архив зертханасына архивтік құжаттарды және істерді беру тиісті жұмыстарды жүргізуге тапсырыспен ресімделеді және архивтік құжаттарды, пайдалану қорының көшірмелерін қоймадан зертханаға беру кітабында тіркеледі, оған зертхана қызметкері қол қояды. Тапсырыс зертханада және архивтің тиісті құрылымдық бөлімшесінде есепке алынады және архивтік құжаттармен жұмыс жүргізудің барлық кезеңдерінің барысын бақылау құжаты ретінде қызмет етеді.

228. Архивтік құжаттарды және істерді уақытша пайдалануға беру осы Қағидалардың 51-қосымшасындағы нысанға сәйкес архивтік құжаттарды уақытша пайдалануға беру туралы актімен ресімделеді және архивтік құжаттарды, пайдалану қорының көшірмелерін қоймадан уақытша пайдалануға беру кітабында тіркеледі.

229. Тізімдемелер бес күннен аспайтын мерзімге беріледі. Бір данадағы және орталықтандырылып сақталатын тізімдемелерді ерекше жағдайларда архив басшысының немесе оның орынбасарының рұқсатымен бір күннен аспайтын мерзімге беруге жол беріледі.

230. Істер, электрондық құжаттар тізімдемесін архив қызметкерлеріне және архивтің оқу залында (арнайы жабдықталған жұмыс орнында) мемлекеттік органдардың, соттардың, мүдделі ұйымдардың, азаматтардың жұмыс істеуі үшін алу және беру жергілікті желі, цифрлық байланыс арналары, ЭА АЖ арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық істер тізімдемесі мен электрондық құжаттарға қол жеткізу үшін архив басшысы пайдаланушының

ЭА АЖ-дағы авторлануы мен өтінішінің негізінде ЭА АЖ-да рұқсат береді.

231. Архивтік құжаттарды беру кітаптарын тексеру жарты жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Егер беру кітаптарын тексеру нәтижесінде архивтік құжаттарды қайтару мерзімінің бұзылу фактісі анықталса, оның себептері анықталады және архивтік құжаттарды қайтару шаралары қабылданады. Егер архивтік құжаттарды мерзімінде архив қоймасына қайтармау оларды одан әрі пайдалану қажеттілігінен туындаған болса, құжаттарды беру қайта ресімделеді. Архивтік құжаттарды қайтару дәлелді себепсіз кешіктірілген жағдайда оларды дереу архив қоймасына қайтару үшін шаралар қабылданады.

232. Архивтік құжаттардың және істердің сақталуын бақылау мақсатында архивтік құжаттардың сақталуына жауапты бөлімше архив қоймасынан берілген архивтік құжаттардың және істердің сақталуына тексеру жүргізеді. Тексерулер жоспарлы тәртіппен немесе қажеттілігіне қарай архив басшысымен келісу бойынша жүргізіледі.

233. Архив құжаттарын және істерін архив қоймасына қайтару кезінде осы Қағидалардың 186-206-тармақтарына сәйкес олардың физикалық жай-күйін парақтап тексеру жүзеге асырылады.

Архивтік құжаттарды және істерді беру кітабына оларды қайтарған адамның көзінше архивтік құжаттардың қайтарылғаны туралы белгі қойылады. Қайтарылатын архивтік құжаттардың зақымданғаны анықталған кезде еркін нысанда акт жасалады, оған архив қоймасының қызметкері және архивтік құжаттарды және істерді қайтарушы тұлға қол қояды және архив басшысының қарауына ұсынылады.

234. Архив пайдаланушыға қол қою арқылы отырып алынған архивтік құжаттардың және істердің сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы хабардар етеді.

235. Архивтік құжаттар және істер ұрланған немесе зақымданған, оның ішінде олардың мәтініне өзгерістер енгізілген кезде архив тиісті өтінішпен архив орналасқан жердегі ішкі істер органдарына жүгінеді, үш күн мерзімде уәкілетті органды, Қазақстан Республикасы Президенті архивін немесе ЖАО-ны хабардар етеді, залалды өтеу үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдайды.

10-параграф. Архивтік құжаттарды тасымалдау және олардың орнын ауыстыру тәртібі

236. Архивтік құжаттарды және істерді кез келген қашықтыққа тасымалдау кезінде архивтік құжаттарды жауын-шашыннан, жарықтан, механикалық зақымданудан қорғауды қамтамасыз ететін арнайы қаптама түрлерін қолдану арқылы оларды қоршаған ортаның зиянды факторларының әсерінен қорғау және күзету бойынша шаралар сақталады.

237. Архивтік құжаттарды және істерді тасымалдау үшін архивтік құжаттардың қаптама ішінде орын ауыстыру, соғылу және әртүрлі шайқалу мүмкіндігін болдырмайтын тығыз төсемелер пайдаланылады.

Фото, фоноқұжаттар тиісті көлемдегі қатты конструкциялық қорапта, ылғал өткізбейтін матаға оралып тігінен орналастырылады.

Аудиовизуалды және электрондық құжаттар, графикалық және ірі форматтағы істер мен құжаттар тек өздері сақталып тұрған қаптамада немесе оларды тасымалдауға арналған арнайы құралдарда тасымалданады.

238. Архивтік құжаттарды және істерді қала ішінде тасымалдау жабық машиналарда архив қызметкерінің сүйемелдеуімен жүргізіледі.

Архивтік құжаттарды және істерді алыс арақашықтыққа тасымалдау ораулы күйде жабық көлік құралында жүзеге асырылады.

11-параграф. Мәдени құндылықтарға жататын құжаттар мен аса құнды құжаттарды анықтау және бөлу тәртібі. Пайдалану қорын құру

239. ҰАҚ құжаттарын анықтауды және мәдени құндылықтар мен аса құнды құжаттарға жатқызуды салалық ғылыми-әдістемелік әзірлемелер мен құралдар негізінде білікті мамандар жоспарлы түрде жүргізеді.

240. ҰАҚ құрамында мәдени құндылықтарға жататын құжаттарды айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасына, республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің немесе ЖАО-ның СТК-сына

сәйкес жүзеге асырылады және осы Қағидалардың 287-тармағына сәйкес архивтің есепке алу құжаттарымен бекітіледі.

241. Пайдалану қоры сақтандыру қорымен бір мезгілде мынадай жиынтықта жасалады:

1) қағаз негіздегі архивтік құжаттар үшін бірінші буынның негативті микроформасынан дайындалған галогенді күміс үлдірдегі (негативті немесе позитивті) екінші буынның бір микроформасы және екінші буынның микроформасынан дайындалған үшінші буынның бір микроформасы;

2) фотоқұжаттар үшін бір позитивті фототаңба және бір дубль-негатив;

3) киноқұжаттар үшін бір позитивті бірлескен көшірме, бейненің бір аралық позитиві және фонограмманың бір контратипі (дыбыстық киноқұжаттар үшін). Бейненің позитивті көшірмесі және аралық позитиві тұрақты сақтауға қабылданатын киноқұжаттың жиынтығына кіреді. Betacam және VHS форматтарындағы бейнефонграммалар түріндегі киноқұжаттардың пайдалану қорын қосымша дайындауға рұқсат етіледі;

4) фоноқұжаттар үшін магниттік таспада немесе цифрлық жеткізгіште бір көшірме (DAT-кассета);

5) бейне құжаттар үшін VHS форматындағы бір көшірме.

242. Пайдалану қорына архивтік құжаттардың көшірмелерін, оның ішінде басқа жұмыстар процесінде жасалған электрондық жеткізгіштердегі көшірмелерін енгізуді архивтің өзі жүзеге асырады.

Пайдалану қорына толық көшірілген сақтау бірліктерінің көшірмелері енгізіледі. Жекелеген архивтік құжаттардың көшірмелері пайдалану қорына архивтік құжаттардың тақырыптық топтамаларының құрамында енгізіледі.

243. Пайдалану қорының бар-жоғы мен жай-күйін тексеру көшірмелердің сақталуын бақылау және пайдалану қорын уақтылы қалпына келтіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мақсатында жүзеге асырылады.

Пайдалану қорының бар-жоғы мен жай-күйін тексеру жөніндегі жұмыстың көлемі мен кезеңділігі оның жалпы көлемін, құрамын, көшірмелерді беру қарқындылығы мен оларды

қайта жаңғыртудың жиілігін, сондай-ақ сақтау шарттарын ескере отырып айқындалады.

12-параграф. Төтенше жағдайлар кезінде архивтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету тәртібі

244. Архив туындауы ықтимал төтенше жағдайларды ескере отырып "Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмылдыру жоспарын әзірлейді.

245. Төтенше жағдайлар туындаған кезде архив басшысы ол жайында уәкілетті органға және ЖАО-ға дереу хабарлайды, олармен келісу бойынша архивтің төтенше жағдай режиміндегі жұмысы туралы шешім қабылдайды.

4-тарау. Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік есепке алу және басқа да архивтік құжаттарды есепке алу тәртібі

1-параграф. Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік есепке алу және басқа да архивтік құжаттарды есепке алу тәртібі

246. Архив ҰАҚ құжаттарын мемлекеттік есепке алуды және басқа да архивтік құжаттарды есепке алуды жүзеге асырады.

Архивтегі құжаттарды есепке алу құжаттармен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде есепке алу құжаттарын орталықтандыру, біріздендіру, серпінділік, толықтық, анықтық және сабақтастық қағидаттары негізінде құрылады. Көрсетілген қағидаттар:

1) ҰАҚ жинақтау көздерінің және қалыптастыру негізінің барлығына ортақ есепке алу бірліктерін белгілеу;

2) архивтік құжаттарды сақтау мен есепке алуды ұйымдастырудың тұтастығы;

3) есептік көрсеткіштердің салыстырмалылығы;

4) есепке алу құжаттары нысандарының тұрақтылығы мен оларды толтыруға қойылатын талаптарды қатаң регламенттеу;

5) ҰАҚ құжаттарының нақты саны мен құрамын көрсететін, олардың көлемі мен құрамы туралы өзгерістерді барлық есепке алу құжаттарына жедел енгізу негізінде іске асырылады.

247. ҰАҚ құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу құжаттарын жүргізу тәртібі, оның ішінде архив паспортының және жинақтау көзі паспортының нысандары, сонымен қатар оларды ұсыну тәртібі "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасы заңнамасының 18-бабы 2-тармағының 2-7-тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу қағидаларында айқындалады.

248. Архивте сақталатын, оның ішінде тізімдемеге енбеген және осы архив үшін бейіндік емес, сондай-ақ архивтік құжаттардың сақтандыру көшірмелері және пайдалану қорының, тізімдеменің көшірмелері есепке алуға жатады.

249. Әр қоймада орналасқан электрондық жеткізгіштерді есепке алу оларда жазылған электрондық құжаттардың сақтау мерзіміне сәйкес бөлек жүргізіледі.

250. Қоймаға келіп түскен барлық электрондық жеткізгіштердің есебі осы Қағидалардың 52-қосымшасындағы нысанға сәйкес электрондық жеткізгіштерді есепке алу кітабында жүргізіледі.

Электрондық жеткізгіштің қатты корпусына осы Қағидалардың 53-қосымшасындағы нысанға сәйкес жапсырма жабыстырылады.

Қоймада тіркелген әрбір электрондық жеткізгіш үшін осы Қағидалардың 54-қосымшасындағы нысанға сәйкес бойынша ұйым архивінің электрондық жеткізгішінің карточкасы жасалады.

251. Есепке алу сақтау бірліктеріне архивтік шифрлардың құрамдас бөлігі болып табылатын есепке алу нөмірлерін беру жолымен жүргізіледі.

Аудиовизуалды құжаттардың сақтау бірлігінің архивтік шифрінің құрамына жиынтық элементінің белгілері (әріптік және цифрлық), негатив өлшемі, дыбыстық ақпаратты жеткізгіштің түрі де енгізіледі.

Электрондық құжаттардың сақтау бірлігінің құрамына жазба форматы және ақпаратты жеткізгіштің түрі енгізіледі.

252. Архивте архивтік құжаттарды есепке алуды арнайы бөлімше жүзеге асырады немесе арнайы бөлінген қызметкерге жүктеледі. Есепке алу құжаттарына жазбаларды тек есепке алуға жауапты қызметкерлер ғана енгізеді.

253. Архивте архив басшысының бұйрығымен архивтік құжаттарды есепке алу схемасы әзірленеді және бекітіледі.

Архивтік құжаттарды есепке алу схемасы есепке алу тәртібін графикалық нысанда белгілейді.

254. Тізімдемелерден басқа есепке алу құжаттары қызмет бабында пайдалануға арналған және пайдаланушыларға берілмейді.

Есепке алу құжаттарын сақтау осы Қағидалардың 158–159-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

255. Архив қоры мен сақтау бірлігі жеткізгіштің түріне, ақпаратты бекіту тәсілі мен техникасына қарамастан архивтік құжаттарды есепке алудың негізгі бірліктері болып табылады.

Тек бастапқы өңдеуден өткен жеке тектік архивтік құжаттар құжаттар немесе парақтар бойынша есепке алынады.

Реттелмеген (шашыраңқы) архивтік құжаттар бір шартты сақтау бірлігінде 150 парақ есебінен есепке алынады.

256. Архивтік құжаттарды былайша есепке алу жүргізіледі:

1) қағаз негізіндегі архивтік құжаттардың сақтау бірлігі іс болып табылады;

2) киноқұжаттардың сақтау бірлігі – бейнелеу және/немесе дыбыстық ақпарат жазылған киноүлдірдің немесе магниттік таспаның физикалық тұрғыдан оқшауланған орамасы;

3) фотоқұжаттарды сақтау бірлігі – физикалық тұрғыдан оқшауланған кадр (негатив, дубль-негатив, позитив, слайд (диапозитив), панорамалық түсірілімнің бірнеше кадры, фототаңбалар, диафильмнің орамасы, фотоальбом;

4) фоноқұжаттардың сақтау бірлігі – киноүлдірдің, магниттік немесе қағаз таспаның физикалық тұрғыдан оқшауланған орамасы, кассета, балауыз білікше, дыбыстық ақпарат жазылған диск;

5) бейнеқұжаттардың сақтау бірлігі – магниттік таспаның физикалық оқшауланған орамасы, кассета, бейнелеу және дыбыстық ақпарат жазылған диск;

6) электрондық құжаттардың сақтау бірлігі – электрондық құжаттың бір бөлігі, бір немесе бірнеше электрондық құжат жазылған физикалық тұрғыдан оқшауланған жеткізгіш;

7) киноқұжаттардың есепке алу бірлігі – белгілі бір фильм, журнал, арнайы шығарылым, сюжет жазылған сақтау бірлігінің бір бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі;

8) фотоқұжаттардың есепке алу бірлігі – белгілі бір диафильм жазылған бір немесе бірнеше сақтау бірлігі;

9) фоноқұжаттардың есепке алу бірлігі – белгілі бір оқиға, әдебиет пен өнер туындысы (авторлық, тақырыптық немесе басқа да белгілері бойынша біріктірілген әдебиет пен өнердің бірнеше туындысы) туралы дыбыстық ақпарат жазылған сақтау бірлігінің бір бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі;

10) бейнеқұжаттардың есепке алу бірлігі – белгілі бір сюжет, әдебиет пен өнер туындысы (авторлық, тақырыптық немесе басқа да белгілері бойынша біріктірілген әдебиет пен өнердің бірнеше туындысы) жазылған сақтау бірлігінің бір бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі;

11) электрондық құжаттардың есепке алу бірлігі – электрондық құжат жазылған сақтау бірлігінің бір бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі.

257. Архивте негізгі және қосалқы есепке алу құжаттары жүргізіледі.

Есепке алу құжаттары қағаз жеткізгіште және электрондық түрде ЭА АЖ қалыптастырылады.

258. Архивтің негізгі есепке алу құжаттарының құрамына "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 2-тармағының 2-7) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу қағидаларында белгіленген құжаттардан басқа мыналар кіреді:

1) осы Қағидалардың 55-қосымшасындағы нысанға сәйкес құжаттардың түсуін есепке алу кітабы;

2) осы Қағидалардың 56-қосымшасындағы нысанға сәйкес қорлардың тізімі;

3) осы Қағидалардың 57-қосымшасындағы нысанға сәйкес қор парағы;

4) осы Қағидалардың 58-қосымшасындағы нысанға сәйкес есепке алу парағы;

5) істер, құжаттар тізімдемесі;

6) осы Қағидалардың 59-қосымшасындағы нысанға сәйкес істер, құжаттар тізімдемелерінің тізілімі;

7) осы Қағидалардың 60-қосымшасындағы нысанға сәйкес қосымшасында бағалы металдар мен тастар бар, бағалы металдармен және тастармен безендірілген істерді, құжаттарды есепке алуды түгендеу кітабы;

8) архив қоймасының паспорты (еркін нысанда);

9) осы Қағидалардың 61-қосымшасындағы нысанға сәйкес мәдени құндылықтарға жатқызылған құжатты есепке алу және сипаттау парағы;

10) осы Қағидалардың 62-қосымшасындағы нысанға сәйкес аса құнды құжаттарды қамтитын қорлардың тізімі;

11) осы Қағидалардың 63-қосымшасындағы нысанға сәйкес аса құнды істердің, құжаттардың тізімдемесі немесе осы Қағидалардың 64-қосымшасындағы нысанға сәйкес аса құнды істер нөмірлерінің тізбесі (нөмірлік);

12) осы Қағидалардың 65-қосымшасындағы нысанға сәйкес аса құнды істер, құжаттар тізімдемелерінің тізілімі;

13) осы Қағидалардың 66 және 67-қосымшаларындағы нысанға сәйкес микрофишалардағы сақтандыру қорының және пайдалану қорының түсімдерін есепке алу кітабы, орама үлдірдегі сақтандыру қорының және пайдалану қорының түсімдерін есепке алу кітабы;

14) осы Қағидалардың 68 және 69-қосымшаларындағы нысанға сәйкес микрофишалардағы сақтандыру қорының тізімдемесі, орама үлдірдегі сақтандыру қорының тізімдемесі;

15) қор ісі;

16) істі куәландыру парағы;

17) осы Қағидалардың 70-қосымшасындағы нысанға сәйкес іс құжаттарының ішкі тізімдемесі.

259. Архивтің қосалқы есепке алу құжаттарының құрамына карточкалар мен қорлар, тізімдемелер қозғалысының кітаптары, басқа архивтерге берілген құжаттарды есепке алу кітаптары, жоюға бөлінген қорларды және құжаттарды есепке алу кітаптары, құжаттарды түріне қарай есепке алу кітаптары кіреді.

Қосалқы есепке алу құжаттары қағаз жеткізгіште де, ЭА АЖ да жүргізіледі.

260. 1917 жылға дейінгі архивтік құжаттарды мемлекеттік есепке алу қорларды дербес реттік нөмірленуімен 1917 жылдан кейінгі архивтік құжаттарды есепке алудан бөлек жүргізіледі.

Бұл талап жеке тектік архивтік құжаттар мен аудиовизуалды құжаттаманы сақтайтын мамандандырылған архивтерге қатысты емес.

Құжаттары 1917 жылдан кейінгі архив қорларының нөмірлерінде архив қоры нөмірінің сандық белгілеуінен сызықша арқылы бөлінетін "Р" деген индекс болады (мысалы, Р-1, Р-2).

Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) архивінің архив қорларының құрамына енгізілген таратылған партия архивінің архив қорлары нөмірлерінің архив қоры нөмірінің сандық белгілеуінен сызықша арқылы бөлінетін "П" индексі болады (мысалы П-1, П-2).

Архив қорларын қайта нөмірлеу ерекше жағдайларда уәкілетті органмен келісілген республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің немесе ЖАО-ның СТК шешімінің негізінде жүргізіледі.

261. Есепке алу құжаттарына өзгерістер осы Қағидалардың 280 – 285-тармақтарына сәйкес актілердің негізінде енгізіледі.

Есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізілгеннен кейін актілер қор ісіне, архивтік құжаттар қордан тыс ұйымдастырылған кезде – құжаттарды архивке сақтауға тапсырған ұйымның ісіне орналастырылады.

Актілер қор ісінде актілердің түрлері бойынша жалпы тәртіппен, архивтік құжаттар қордан тыс ұйымдастырылған кезде – құжаттарды архивке сақтауға тапсырған ұйымның ісінде нөмірленеді.

262. Құжаттар түсімдерін есепке алу кітабына архивтік құжаттардың барлық бастапқы және қайталама түсімдері ретретімен енгізіледі. Есептік жыл шегіндегі әрбір түсімге жалпы реттілікпен реттік нөмір беріледі.

Жыл сайын, келер жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша бір жыл ішінде келіп түскен архивтік құжаттар санының қорытындысы шығарылады.

263. Қорлардың тізіміне архив қоры архивке алғаш келіп түскен кезде бір рет қана жазылады. Архив қорын қорлардың тізіміне оның архивтік құжаттары сақтауға түскенге дейін енгізуге рұқсат етілмейді.

Архив қорына қорлар тізімі бойынша берілген нөмір оның есепке алу нөмірі болып табылады, барлық есепке алу құжаттарында сақталады.

Жеке құрам бойынша құжаттар архивінде қор құрушының жеке құрамы бойынша құжаттар кешеніне берілген архив қорының нөміріне бөлшек арқылы қор құрушының негізгі қызметі бойынша құжаттама ескерілген архив қорының нөмірі қосылады.

Архив қорларын есепке алу үшін нөмірлер жалпы реттілікпен, сондай-ақ осы Қағидалардың 285-тармағына сәйкес бұрын жоюға бөлінген немесе біріктірілген архив қорларының құрамына енгізілген және бұрын пайдаланылмаған архив қорларының нөмірлері пайдаланылады.

Жоғалған, басқа архивке берілген архив қорларының нөмірлері, сондай-ақ архивтік құжаттары бұрын пайдаланылған біріктірілген архив қорының құрамына кірген архив қорларының нөмірлері жаңадан түскен архив қорларына берілмейді.

264. Біріктірілген архив қорлары мен архивтік коллекциялар жалпы негіздерде есепке алынады. Бұған дейін дербес есепке алынған архив қорларынан құрылған біріктірілген архив қорына оның құрамына кірген архив қорларының бірінің нөмірі беріледі.

265. Архив қорының атауы қорлар тізіміне тарихи анықтама немесе тізімдеменің титулдық парағы негізінде енгізіледі.

Егер қор құрушының атауы өзгерсе, онда қорлар тізімінде архивтік құжаттар қабылданған кезең шеңберіндегі оның соңғы атауы көрсетіледі.

Жеке тектік архив қорының атауы жеке тұлғаның тегі мен аты-жөнінен, оның псевдонимінен, титулынан, дәрежесінен, атағынан тұрады. Отбасының немесе рудың архив қорының атауы отбасының немесе рудың басты мүшелерінің тегі мен аты-жөнінен және олардың титулдарынан, дәрежелерінен, атақтарынан тұрады. Отбасының немесе рудың барлық мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, титулдары, дәрежелері, атақтары, туыстық қатынастары қор парағында көрсетіледі.

266. Жыл сайын, келер жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қорлардың тізіміне жыл ішінде келіп түскен және шығарылған архив қорларының саны және архивте сақтаудағы

архив қорларының жалпы саны туралы қорытынды жазба жасалады.

Қорлар тізімдері қатты мұқабамен қапталады, парақтары нөмірленеді, куәландыру парағы жасалады.

Қорлар тізімін қайта басып шығару осы Қағидалардың 367-тармағына сәйкес қорлар қайта нөмірленген кезде ғана жүзеге асырылады. Бұл жағдайда қорлар тізіміне нөмірлері бұдан әрі басқа қорларға берілмейтін барлық архив қорларының нөмірлері, атаулары және шығу негіздері енгізіледі.

267. Қор парағы әрбір архив қорына жасалады.

Қор парағында архив қорындағы тізімге енбеген және құпия құжаттар қамтылған барлық архивтік құжаттар ескеріледі.

Қор парағын қайта жасауға ол түзетілмейтіндей зақымданған немесе оның мазмұны архив қоры қайта өңделгеннен немесе біріктірілген архив қоры құрылғаннан, қор құрушының тарихы нақтыланғаннан кейін архив қорының нақты жай-күйі мен көлеміне сәйкес келмеген кезде ғана жол беріледі.

Қор парағы қайта жасалған кезде бұрын қолданылған қор парағы қор ісіне орналастырылады. Қордың екі парағының жоғарғы оң жақ бұрышына қайта жасалған күнін, есепке алуға жауапты адамның лауазымын және қолын көрсете отырып, "Парақ қайта жасалды" деген белгі қойылады.

Егер қор парағында кезекті жазбалар үшін орын қалмаса, жоғары жағында "Жалғасы, № _ қор, 2-парақ" деген жазуы бар парақтың жалғасы басталады. Бірінші парақта "жалғасын 2-парақтан (мысалы 3, 4, 5) қараңыз" деген сілтеме жасалады.

Қор парақтары архив қорлары нөмірлерінің тәртібімен папкаларда сақталады. Әрбір папкаға архив қорының алғашқы және соңғы нөмірлері және архив қорының жалпы саны көрсетілген куәландыру парағы жасалады және олар папкаға орналастырылады.

Қор парақтарына архивтік құжаттарды архивтен жедел іздестіру үшін сілтегіштер жасалады.

268. Аудиовизуалды құжаттарды есепке алу парақтары архивтік құжаттарды қордан тыс ұйымдастырған кезде бейнеқұжаттардың әр түріне бөлек жасалады. Аудиовизуалды құжаттарды есепке алу парақтарын нөмірлеу және сақтау тәртібі қор парақтарын нөмірлеу және сақтау тәртібіне ұқсас.

269. Тізімдемеде сақтау бірліктері олардың жүйелеуіне сәйкес реттік есептік нөмірлермен есепке алынады.

Аудиовизуалды құжаттарға мәтіндік ілеспе құжаттамасы бар істердің нөмірлері аудиовизуалды құжаттардың есепке алу нөмірлеріне сәйкес келеді.

Тізімдемелерге есепке алу нөмірлері қор парағы, архивтік құжаттар қордан тыс ұйымдастырылған кезде – белгілі бір түрдегі аудиовизуалды құжаттарды есепке алу парағы бойынша беріледі.

270. Ғылыми-техникалық құжаттама тізімдемесінің нөміріне бір-бірінен сызықша белгісімен бөлінетін екі араб санынан тұратын топтық индекс қосылады: бірінші сан тізімдеме нөмірін, екіншісі – басқарушылық құжаттаманың топтық индексін білдіреді.

Осы Қағидалардың 290 – 298-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізімдемелерге бірдей есепке алу нөмірлерін беруге жол берілмейді.

Тізімдеменің соңында оның барлық даналарында сақтаудағы сақтау бірліктері, тізімдеме бойынша сақтау бірліктерінің алғашқы және соңғы нөмірлері, нөмірлердің түсіп қалғандығы жөнінде, литерлік нөмірлер, шығарылған бірліктер және олардың шығарылу себептері көрсетілген қорытынды жазба жазылады.

Әртүрлі жеткізгіштердегі сақтау бірліктерін қамтитын архив қорының тізімдемесіне қорытынды жазбада осындай сақтау бірліктерінің саны қосымша көрсетіледі.

Архивтік құжаттар келіп түскен немесе шығарылған сайын тізімдемеге жаңа қорытынды жазба жасалады, оған оның жасаушысы лауазымын және жасалған күнін көрсете отырып қол қояды.

Бірнеше жылдық бөлімдерден, томдардан тұратын тізімдемеге қорытынды жазба әрбір жылдық бөлімге, томға жасалады. Әрбір келесі жылдық бөлімге, томға өсу тәртібімен жиынтық қорытынды жазба жасалады.

Әрбір тізімдемеде, тізімдеменің томында куәландыру парағы болады.

Аяқталған тізімдеме 9999-дан аспайтын сақтау бірліктерін қамтиды.

Егер тізімдеме қайта жасалған болса, бұрын қолданылған тізімдеменің бір данасы соңғы есепке алу нөмірімен қайта жасалған тізімдемеге қосылады, қалған даналары осы Қағидалардың 283–284-тармақтарына сәйкес жоюға бөлінеді.

271. Тізімдемелер тізілімі бойынша архив тізімдемелерінің жеке және жиынтық есепке алуы жүргізіледі. Тізімдемелердің тізілімдері архивтер қоймасы және/немесе жалпы архивтер шеңберінде жүргізіледі, бұл құжаттарды есепке алу схемасында көрсетіледі.

Әрбір жаңа тізімдемеге тізімдемелер тізілімі бойынша кезекті реттік нөмір беріледі, ол тізімдеменің мұқабасының жоғарғы сол жақ бұрышына қойылады.

Жыл сайын, келер жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша тізімдемелер тізілімінде жыл ішінде архивке келіп түскен және шығарылған тізімдемелердің саны және олардың жалпы саны туралы қорытынды жазба жасалады.

272. Архив қоймасының паспорты жыл сайын жылдың соңында жасалады және онда орналасқан архив қорларының, істердің және архивтік құжаттардың көлемі көрсетіледі.

Архив қоймасы паспортының сілтегіштерін архив нақты архив қоймасында сақталатын архивтік құжаттардың құрамы мен жай-күйін ескере отырып дербес анықтайды.

273. Қор ісіне ол жүргізіле басталған архив қорының нөмірі беріледі. Қор ісі мынадай құжаттардан тұрады:

1) қор құрушының тарихы мен архив қорының тарихы бойынша тарихи анықтама;

2) архив қорының құрамы мен көлеміндегі өзгерістерді тіркейтін актілер, оның ішінде құжаттарды құпиясыздандыру туралы актілер;

3) жөнсілтер (анықтамалық) үшін жасалған архив қоры сипаттамасының көшірмесі;

4) архив қорының архивтік құжаттарымен жұмыс жөніндегі, оның ішінде тізімдемелерді жетілдіру және қайта өңдеу жөніндегі нұсқаулықтар, архив қорының архив құжаттарын жүйелеу схемалары.

Қор ісіне енгізілуге жататын, бірақ сақтау бірліктерінің құрамындағы архивтік құжаттардың орнына қор ісіне осы сақтау бірліктері мен олардың архивтік шифрлары көрсетілген анықтама енгізіледі.

274. Бастауыш партия және комсомол ұйымдары қорларының тарихы бойынша архивтік құжаттарды қамтитын Кеңестер Одағының Коммунистік партиясы, Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы органдары қорларының істері қайта қалыптастыруға жатпайды. Бастауыш партия және комсомол ұйымдары қорларының істеріне осы қордың тарихы бойынша архивтік құжаттардың басқа қордың істерінде болуы туралы мәліметтері бар анықтамалар орналастырылады.

275. Біріктірілген архив қорының құрамына кіретін қорлардың істері біріктірілген архив қорының ісіне енгізіледі.

276. Қор ісінің құжаттары куәландыру парағын жасай отырып нөмірленеді, қатты мұқабаға тігіледі. Қор ісіне ішкі тізімдеме жасалады. Қорлардың істері қорлардың нөмірлері тәртібімен сақталады.

277. Архивтік құжаттарды қордан тыс ұйымдастырған кезде жинақтау көзі ісінің құжаттар құрамы қор ісі құжаттарының құрамына ұқсас болады.

278. Архивтің есепке алу деректер базалары мыналарды:

1) есепке алуды ақпараттық қолдауды;

2) құжаттарды орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуды автоматтандырылған режимде жүргізуді;

3) архивте қандай да бір қор құрушының құжаттарының бар-жоғы туралы мәліметтерді жедел ұсынуды қамтамасыз етеді.

279. Есепке алу деректер базаларын, ЭА АЖ жоспарлы түрде толтыру есептік жылдан кейінгі 1 қаңтардағы жағдай бойынша жүзеге асырылады. Есепке алу құжаттарына, деректер базасына, ЭА АЖ өзгерістерді жедел енгізуді архив тұрақты негізде жүргізеді.

2-параграф. Архивтік құжаттардың келіп түсуін және шығуын есепке алу тәртібі

280. Архивтік құжаттардың ЭА АЖ арқылы архивке келіп түсуін есепке алу мынадай негізде жүзеге асырылады:

1) қағаз жеткізгіштегі құжаттарды сақтауға қабылдау-тапсыру актісі;

2) жеке тектік құжаттарды сақтауға қабылдау актісі;

3) миграция және электрондық құжаттарды қайта жазу туралы актісі.

Архивтік құжаттар осы Қағидалардың 164-тармағында көзделген жағдайларда да есепке қойылады.

281. Архивке қабылданған барлық архивтік құжаттар құжаттардың түсуін есепке алу кітабына енгізіледі. Архив қорына, біріктірілген архив қорына алғаш рет келіп түскен әрбір архив коллекциясы қорлар тізіміне жазылады. Істердің, құжаттардың алғаш рет келіп түскен әрбір тізімдемесі тізімдемелер тізілімінде есепке алынады.

282. Архивтік құжаттардың архивтен шығуын есепке алу:

1) сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актінің;

2) құжаттардың түзетілмейтін зақымдануы туралы актінің;

3) құжаттарды сақтауға қабылдау-тапсыру актісінің;

4) іздестіру жолдары таусылған құжаттардың табылмағандығы туралы актінің;

5) архивтік құжаттарды меншік иесіне қайтару актісінің;

6) осы Қағидалардың 71-қосымшасындағы нысанға сәйкес архивтік құжаттардың төлнұсқа сақтау бірліктерін алу туралы актінің негізінде жүзеге асырылады.

Архивтік құжаттар осы Қағидалардың 284-тармағында көзделген жағдайларда да есептен шығарылады.

283. Қажетті өзгерістер архивтің негізгі және қосалқы есепке алу құжаттарына енгізіледі. Тізімдеменің барлық архивтік құжаттары шығарылған кезде бұл тізімдеменің нөмірі басқа тізімдемелерге берілмейді және бос күйінде қалады. Тізімдемелер тізілімінде тиісті белгі жасалады.

Архив қоры (архивтік коллекция) шығарылған кезде қор тізіміндегі "Шығу туралы белгі" бағанында архив қорының (архивтік коллекцияның) қайда шығарылғандығы мен шығаруға негіз болған акт көрсетіледі.

284. Архив қоры бір архивтен екінші архивке берілген кезде тізімдеменің 3 данасы және қор ісі беріледі. Тізімдеме көшірмесі құжаттарды қабылдау-тапсыру актісіне қосымша ретінде сақтауда қалады және архив қорын тапсырған архивтің архив қорына енгізіледі.

285. Архив қорының барлық архивтік құжаттары жоюға бөлген жағдайда оның тізімдемелерінің бір данасы мен қор

парағы қор ісіне орналастырылады. Қор ісі архивтің архив қорына енгізіледі.

286. Архивтің архивтік құжаттарының саны мыналардың нәтижесінде өзгереді:

1) қорытындысы бойынша сақталатын архивтік құжаттардың санын есептеу кезінде жіберілген қателер анықталған есепке алу құжаттарын тексеру;

2) жүргізу барысында есепке алынбаған литерлік немесе өткізіп алынған нөмірлері бар сақтау бірліктері анықталғанда архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру;

3) реставрация жасалғаннан кейін бір іс бірнеше іске бөлінген архивтік құжаттарды реставрациялау;

4) жүргізу барысында сақтау бірліктерінің бөлінуі немесе бірігуі ықтимал архивтік құжаттарды сипаттау, тізімдемелерді қайта өңдеу;

5) жүргізу барысында сақтау бірліктерін жоюға бөлуге болатын құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу.

287. Көрсетілген жұмыстардың нәтижелері бойынша есепке алу құжаттарына, деректер базасына және ЭА АЖ өзгерістер енгізу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) есепке алу құжаттарындағы техникалық қателер туралы актілері;

2) осы архивке, архив қорына жатпайтын, есепке алынбаған және сол сияқты құжаттардың табылғаны туралы актілері және басқа да есеп құжаттары;

3) осы Қағидалардың 72-қосымшасындағы нысанға сәйкес істерді бөлу, біріктіру, сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу, іске жаңа құжаттарды енгізу туралы актілері;

4) осы Қағидалардың 73-қосымшасындағы нысанға сәйкес құжаттарды сипаттау, тізімдемелерді қайта өңдеу актілері;

5) жүргізу барысында сақтау бірліктерін жоюға бөлуге болатын құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу актілері.

4-параграф. Құпия және құпиясыздандырылған архивтік құжаттарды есепке алу тәртібі

288. Құпия архивтік құжаттарды есепке алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Есепке алу құжаттарында және сақтау бірліктерінің архивтік шифрларында құпия архив қорлары, істер, құжаттар тізімдемелері, сақтау "қ" (құпия), "өқ" (өте құпия), "ем" (ерекше маңызды) индексімен белгіленеді.

289. Архивтік құжаттарды құпиясыздандыру нәтижелері бойынша есепке алу құжаттарына өзгерістер осы Қағидалардың 74-қосымшасындағы нысанға сәйкес құжаттарды құпиясыздандыру туралы актінің негізінде енгізіледі.

290. Құпия құжаттармен қатар құпия емес (құпиясыздандырылған) құжаттарды қамтитын архив қорлары, істер, құжаттар тізімдемелері және сақтау бірліктері есепке алу құжаттарында және сақтау бірліктерінің архивтік шифрларында "ік" (ішінара құпия) индексімен белгіленеді.

291. Құпия тізімдеме бойынша барлық сақтау бірліктері құпиясыздандырылған кезде бұл тізімдеме де құпиясыздадырылады, ашық сақтауға беріледі және қор парағында сол нөмірмен, бірақ "қ" индексінсіз есепке алынады, ол осы тізімдеменің мұқабасында және титулдық парағында сызып тасталады. Тізімдеменің мұқабасы мен титулдық парағының жоғарғы оң жақ бұрышына "Құпиясыздандырылған" деген мөртабан қойылады.

292. Құпия тізімдеме бойынша архивтік құжаттар мен істердің бір бөлігі құпиясыздандырылған кезде құпиясыздандырылған архивтік құжаттар мен істерге бөлек тізімдеме жасалады, сақтау бірліктерінің нөмірлері бұрынғысынша қалады. Мұндай сақтау бірліктерін жалпы нөмірлеу үшін тізімдеменің 2-бағаны қолданылады. Жаңа тізімдеме құпиясыздандырылған істермен және архивтік құжаттармен бірге ашық сақтауға беріледі, қор парағында құпия кезіндегі нөмірімен, бірақ "қ" индексінсіз есепке алынады.

293. Құпия тізімдеме бойынша істер мен архивтік құжаттардың көп бөлігі құпиясыздандырылған кезде осы тізімдемеден Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен көшірмесі жасалады. Көшіру кезінде құпия сақтауда қалдырылған сақтау бірліктерінің тақырыптары жабылады. Құпиясыздандырылған істер мен архивтік құжаттардың тізімдемесінің көшірмесі ашық сақтауға беріледі. Құпия сақтауда қалған тізімдеменің данасында олардың нөмірленуі сақталады. Қор парағында мұндай

тізімдеме екі рет есепке алынады: тізімдеменің тиісті құпиялылық индекстелуімен құпия сақтауда қалған данасы және "қ" индексінсіз ашық сақтауға берілген көшірілген данасы.

294. Құпия тізімдеме бойынша жекелеген сақтау бірліктері құпиясыздандырылған кезде олар тиісті архив қорының ашық сақтау тізімдемесіне литерлік нөмірлермен немесе жалпы реттілік нөмірімен енгізіледі.

295. Құпия сақтауда қалған тізімдемелерде "Ескертпе" бағанында құпиясыздандырылған сақтау бірліктерінің тақырыптарына қарама-қарсы "Құпиясыздандырылған" мөртабаны және егер олар ашық сақтау тізімдемесіне енгізілсе (литерлік нөмірлермен немесе жалпы реттілікпен), жаңа нөмір қойылады.

296. Құпиясыздандырылғаннан кейін ашық және құпия сақтау тізімдемелеріне оларда нақты есепке алынған сақтау бірліктерінің көлемі туралы жаңа қорытынды жазбалар жасалады.

297. Құпия істің құрамындағы бір немесе бірнеше архивтік құжат құпиясыздандырылған кезде ол құпия сақтауда қалады. Істің мұқабасындағы архивтік шифрға "қ" индексіне "і" әрпі қосылады. Құпиясыздандырылған архивтік құжаттар парақтарының нөмірлері "Ескертпе" бағанында ішінара құпиясыздандырылған істің тақырыптарына қарама-қарсы, сондай-ақ істің ішкі тізімдемесінде санамаланады.

Істе ішкі тізімдеме болмаған жағдайда құпиясыздандырылған архивтік құжаттар туралы мәліметтер тиісті парақтардың нөмірлері көрсетіле отырып куәландыру парағында көрсетіледі.

298. Құпиясыздандырылған іс мұқабасының оң жақ жоғарғы бұрышына "Құпиясыздандырылған" деген мөртабан қойылады. Іс нөміріндегі "қ", "өқ", "ем" деген индекстер сызып тасталады.

5-параграф. Жеке тектік және жеке құрам бойынша архивтік құжаттарды есепке алу тәртібі

299. Меншік иесі мемлекеттік меншікке тапсырған жеке тектік архивтік құжаттардың түсуін есепке алу жеке тектік құжаттарды сақтауға қабылдау актісі негізінде жүргізіледі. Актіге архивтік құжаттардың тізімдемелері және осы құжаттарды архивке қабылдау туралы республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің немесе ЖАО-ның СТК шешімі қоса беріледі.

300. Шарт бойынша архивке сақтауға тапсырылған жеке меншіктегі жеке тектік архивтік құжаттарды есепке алу осы Қағидалардың 305–309-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

301. Жеке тектік архивтік құжаттарды сипаттау нәтижесінде олардың саны мен құрамындағы өзгерістер құжаттарды сипаттау актісімен құжатталады, оның негізінде есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізіледі.

302. Архивте сақтауға жатпайтын архивтік құжаттарға екі данада меншік иесіне құжаттарды қайтару актісі жасалады, оның біреуі құжаттармен бірге меншік иесіне беріледі.

Есепке алынбаған жеке тектік архивтік құжаттарды архивте сақтауға болмайды.

303. Жеке құрам бойынша архивтік құжаттарды есепке алу жалпы негізде осы Қағидалардың 262–263-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

304. Архивте сақталатын жеке құрам бойынша архивтік құжаттардың санын есепке алу оларды қағаз форматтағы қорлар парақтары мен жеке құрам бойынша тізімдемелер және электрондық істер тізімдемелері бойынша есептеу негізінде әрбір қор және жалпылама архив бойынша нәтижелерді жеке құрам бойынша құжаттарды есепке алу кітабында (еркін нысандағы) тіркей отырып жүргізіледі.

Жеке құрам бойынша құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу нәтижелері бойынша оларды сақтаудың 75 жылдық мерзімі өткеннен кейін есепке алу құжаттарына және ЭА АЖ-ға тиісті өзгерістер енгізіледі.

6-параграф. Шарт бойынша архивке сақтауға қабылданған жеке меншіктегі архивтік құжаттарды есепке алу тәртібі

305. Құжаттарды қабылдау-тапсыру актісі негізінде шарт бойынша архивке сақтауға қабылданған жеке меншіктегі ҰАҚ құжаттарын есепке алу архивтің негізгі есепке алу құжаттарында жүзеге асырылады.

Құжаттардың түсуін есепке алу кітабында құжаттардың меншік иесі немесе иеленушісі (3-баған), қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі мен күні (4-баған), тапсыру туралы шартқа қол қойылған күн және шарттың қолданылу мерзімі көрсетіледі.

Архив қорын қорлар тізіміне енгізгенде оның нөміріне "Ш" ("шарт") индексі қосылады, ол барлық есепке алу құжаттарында және сақтау бірліктерінің архивтік шифрларында

сақталады. Қорлар тізіміндегі "Ескертпе" бағанында да архивтік құжаттардың меншік иесі немесе иеленушісі, шартқа қол қойылған күні және қолданылу мерзімі көрсетіледі.

306. Шарт бойынша архивке сақтауға қабылданған архив қорларының саны қор тізіміндегі қорытынды жазбаларда, құжаттардың түсуін есепке алу кітабында жеке жолда көрсетіледі.

Архивтік құжаттардың меншік иесімен немесе иеленушісімен жасалған шарттың данасы қордың ісіне енгізіледі.

307. Шартқа сәйкес сақтау мерзімінің аяқталуына байланысты архив қорының архивтік құжаттары шығарылған кезде оның нөмірі басқа архив қорына беріле алмайды.

308. Архивке сақтауға шарт бойынша қабылданған жеке меншіктегі және емлекеттік меншікке өткен ҰАҚ құжаттары негізгі есепке алу құжаттарында жалпы негіздерде есепке алынады. Есепке алу құжаттарында және сақтау бірліктерінің архивтік шифрларында "Ш" индексі сызып тасталады, қорлар тізімінің "Ескертпе" бағанына тиісті мәліметтер енгізіледі.

309. ҰАҚ құрамына кірмейтін архивтік құжаттар, оның ішінде архивке сақтауға қабылданған жеке құрам бойынша құжаттар ҰАҚ құжаттарынан бөлек есепке алынады. Оларды есепке алу үшін құжаттардың түсуін есепке алудың жеке кітабы, қорлар тізімі, сондай-ақ қорлардың парақтары мен басқа да қағаз жеткізгіштегі және ЭА АЖ-да есепке алу құжаттары жүргізіледі.

7-параграф. Архивтік құжаттардың төлнұсқа құқығындағы көшірмелерін есепке алу тәртібі

310. ҰАҚ құрамына белгіленген тәртіппен енгізілген мыналар:

1) архивтік құжаттардың микрофильмдері;

2) төлнұсқалары жоғалған немесе жеке немесе заңды тұлғалардың меншігіндегі архивтік құжаттардың көшірмелері;

3) шетелден келіп түскен архивтік құжаттардың көшірмелері архивтік құжаттардың түпнұсқа құқығындағы көшірмелері болып табылады.

311. Қор құрушы архивке тапсырған архивтік құжаттардың төлнұсқа құқығындағы көшірмелері оның қорының құрамында жеке тізімдеме бойынша есепке алынады. Бұл ретте осы тізімдеменің "Парақтар саны" бағанында бөлшек

арқылы бір істен түсірілген кадрлардың, файлдардың саны да көрсетіледі.

312. Қорлар тізімінде есепке алынатын архивтік құжаттардың төлнұсқа құқығындағы көшірмелері архивтік коллекцияларға қалыптастырылады.

313. Архивтік құжаттардың төлнұсқа құқығындағы көшірмелері тиісті жеткізгіштердегі төлнұсқа архивтік құжаттармен бірдей тізімдемелерде ескерілетін сақтау бірліктерін құрайды.

314. Микрокөшірмелер түрінде жасалған, төлнұсқа құқығындағы архивтік құжаттар көшірмелерінің сақтау бірлігі ретінде түсірілген істер мен архивтік құжаттардың санына қарамастан микрофильмнің физикалық оқшауланған орамасы немесе микрофишалар кешені қабылданады. Әрбір сақтау бірлігі тізімдемеде дербес нөмірмен есепке алынады.

Тізімдемеге қорытынды жазбада микрокөшірмелердің сақтау бірліктерінің саны және оларды құрайтын кадрлардың жиынтық саны көрсетіледі.

8-параграф. Аудиовизуалды құжаттарды, сақтандыру қоры мен пайдалану қорын есепке алу тәртібі

315. Істегі парақтардың және аудиовизуалды құжаттарды есепке алу бірлігінің құрамындағы сақтау бірліктерінің саны олардың нөмірленуінің негізінде есепке алынады және куәландыру парағында және тұрақты сақталатын істер тізімдемесінің тиісті бағанында белгіленеді.

Фотоальбомдағы фототаңбалар саны фотоальбомның ішкі тізімдемесінде, сондай-ақ фотоальбомдар тізімдемесінің тиісті бағанында, басқа аудиовизуалды құжаттардың сақтау бірліктерінің саны – осы құжаттар тізімдемесінің тиісті бағандарында белгіленеді.

316. Аудиовизуалды құжаттардың есепке алу бірліктері құрамындағы сақтау бірліктерін есепке алу кезінде:

1) диафильмдердің сақтау бірліктері орамасы реттік нөмірімен орналастырылады;

2) киноқұжаттардың сақтау бірліктері жиынтық элементтері бойынша орналастырылады, оның ішінде бөлімдер нөмірлерінің реті бойынша нөмірленеді;

3) фоноқұжаттардың сақтау бірліктері өндірістік нөмірлердің реті бойынша орналастырылады.

317. Сақтандыру қоры мен пайдалану қорының көлемі сақтау бірліктерімен және есепке алу бірліктерімен, сондай-ақ:

1) қағаз негіздегі архивтік құжаттар мен фотоқұжаттар көшірмелері үшін – кадрлармен;

2) киноқұжаттардың көшірмелері үшін – метрмен;

3) фоноқұжаттардың көшірмелері үшін – дыбысталу уақытымен;

4) электрондық құжаттардың көшірмелері үшін – мегабайттармен өлшенеді.

Мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттардың, аса құнды құжаттардың, пайдалану қорының, қағаз негіздегі архивтік құжаттардан (орамы үлдірде және микрофишада бөлек), киноқұжаттардан, фотоқұжаттардан, фоноқұжаттардан, бейнефонограммалардан, электрондық құжаттардан түсірілген сақтандыру көшірмелері жеке есепке алынады.

318. Есепке алу сақтандыру қорының және пайдалану қорының түсімдерін есепке алу кітаптары және микрофишалардағы сақтандыру қорының тізімдемелері бойынша жүргізіледі. Сақтандыру көшірмелерінің келіп түсуін және шығарылуын есепке алу сақтандыру көшірмелерін және пайдалану қорының көшірмелерін дайындауға тапсырыстар, сақтандыру көшірмелерін арнайы сақтауға қабылдау-тапсыру актілері және басқа актілер негізінде жүзеге асырылады. Түсімдерді есепке алу кітаптарына жыл сайын қорытынды жазба жасалады.

319. Сақтандыру қорының микрофишалардағы, орама үлдірдегі тізімдемелері 3 данада жасалады. Бірінші данасы сақтандыру көшірмелерімен бірге сақтау орнына тапсырылады, екінші және үшінші даналары архивте қалады.

Сақтандыру көшірмелерін көшірілуі мен сақтауға тапсырылуына қарай сақтандыру қорының тізімдемесіне осы Қағидалардың 321-тармағына сәйкес жаңа қорытынды жазбалар жасалады.

320. Тізімдемелердегі "Ескертпе" бағанында көшірмесі жасалған сақтау бірлігінің тұсына "СҚ" мөртабаны қойылады. Егер тізімдемеге кірген барлық істер, құжаттар көшіріліп алынса, "СҚ" деген мөртабан тізімдеменің тек титулдық парағына және мұқабасына қойылады.

321. Мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттардың және қағаз негіздегі орама үлдірдегі аса құнды құжаттардың

сақтандыру қорының сақтау бірлігі ретінде физикалық оқшауланған микрофильм орамасы қабылданады.

Орама үлдірдегі сақтандыру қоры мен пайдалану қорының түсімдерін есепке алу кітабына сақтандыру көшірмелерін әзірлеуге тапсырыс негізінде жалпы тәртіппен (құжаттардың қай қорға жататындығына қарамастан) сақтандыру қорының әрбір сақтау бірлігі туралы жазба енгізіледі. Түсімдерді есепке алу кітабы бойынша (1-баған) сақтандыру қорының сақтау бірліктеріне олардың архивтік шифрларының құрамдас бөлігі болып табылатын есепке алу нөмірлері беріледі.

Құжаттардың барлық сақтандыру көшірмелеріне олардың қандай қорға жататынына қарамастан, орамды үлдірдегі сақтандыру қорының тізімдемесі жасалады, онда сақтандыру қорының сақтау бірліктерінің нөмірленуі түсімдерді есепке алу кітабы бойынша берілген есепке алу нөмірлеріне сәйкес келеді.

Архивтің қысқартылған атауы (оның ресми аббревиатурасы), сақтандыру қоры тізімдемесінің нөмірі, сақтандыру қорының сақтау бірлігін есепке алу нөмірі сақтандыру қорының сақтау бірлігінің "СҚ" индексі қосылған архивтік шифры болып табылады.

322. Микрофишалардағы қағаз жеткізгіштегі құжаттардың сақтандыру қорының есепке алу бірлігі ретінде бір істен түсірілген және бір конвертке салынған бір немесе бірнеше микрофишалар, сақтау бірлігі ретінде – микрофиша қабылданады.

Микрофишаларды сақтандыру қоры мен пайдалану қорының түсімдерін есепке алу кітабы бойынша әрбір түсімге реттік нөмір беріледі.

Сандық көрсеткіштер түсірілген көшірмелердің қай қорға жататынын ескере отырып, әрбір архив қоры және тізімдеме бойынша жеке енгізіледі.

Микрофишалардағы сақтандыру қорының тізімдемелері әрбір архив қорының сақтандыру көшірмелеріне, оның бір немесе бірнеше тізімдемесіне бөлек жасалады.

Микрофишаларда дайындалған қағаз негіздегі құжаттардың сақтандыру қоры мен пайдалану қорының есепке алу бірлігінің есептік нөмірі көшірмесі түсірілген істің есептік нөмірі, архивтік шифры тиісінше сақтандыру қоры үшін "СҚ", пайдалану қоры үшін "П" (Позитив), "Д" (Диазокөшірме)

индексін қоса отырып, түсірілген істің архивтік шифры болып табылады.

323. Аудиовизуалды құжаттардың сақтандыру қоры мен пайдалану қорының сақтау бірліктері аудиовизуалды құжаттардың сақтау бірліктерімен бірдей.

Кино және фотоқұжаттардың сақтандыру көшірмелері түсімдерді есепке алу кітаптарында және сақтандыру қоры мен пайдалану қорының тізімдемелерінде есепке алынады.

Магниттік таспадағы фоноқұжаттардың және грамтүпнұсқалардың сақтандыру көшірмелері әртүрлі түсімдерді есепке алу кітаптарында және тізімдемелерде есепке алынады.

324. Түсімдерді есепке алу кітаптарының және кино-, фотоқұжаттардың сақтандыру қоры мен пайдалану қорының тізімдемелерінің қорытынды жазбаларында тиісінше аралық позитивтер мен контратиптердің, позитивтер мен дубльнегативтер, тақ (I) және жұп (II) грамтүпнұсқалардың сақтау бірліктерінің саны қосымша көрсетіледі.

Кино-, фото-, фоноқұжаттардың сақтандыру көшірмелерінің тізімдемесіне қорытынды жазбаларда олардың көлемі метрмен, кадрмен, дыбысталу сағатымен де көрсетіледі.

Кино-, фото-, фоноқұжаттардың сақтандыру қорын есепке алу бірлігінің нөмірі түсімдерді есепке алу кітабынан тізімдемеге көшіріледі. Кино-, фото-, фоноқұжаттардың сақтандыру қорының есепке алу бірлігінің архивтік шифры архивтің қысқартылған атауы (оның ресми аббревиатурасы), "СҚ" индексі қосылған сақтандыру қорының есепке алу бірлігінің нөмірі болып табылады.

325. Пайдалану процесінде жасалған және пайдалану қорына енгізілген архивтік құжаттардың көшірмелерін есепке алу архивте осы құжаттардың көшірмелерін есепке алудың жеке кітабында және ЭА АЖ-да жүргізіледі.

5-тарау.
Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды пайдалану

1-параграф. Архивтік құжаттарды сипаттау

326. Архивтің архивтік құжаттарын сипаттау оның құжаттарының ұйымдастырылуына сәйкес негізгі үш деңгейде

жүргізіледі: қор, сақтау бірлігі немесе есепке алу бірлігі, құжат.

Қор, сақтау бірлігі немесе есепке алу бірлігі, құжат сипаттау бірлігі және сипаттау объектісі болып табылады.

Қорлардың топтары, тізімдемелер, құжаттар жиынтықтары, топтары, құжаттың бөліктері сипаттаудың қосымша объектілері ретінде сипатталады.

327. Архивтік құжаттарды сипаттау қағидаттары:

1) ақпараттың сипаттау бірлігінің деңгейіне сәйкестігі;

2) сипаттаудың әртүрлі деңгейлеріндегі ақпараттың өзара байланысы мен өзара толықтырылуы;

3) әртүрлі деңгейдегі сипаттаулардағы ақпараттың қайталанбауы (қосарланбауы).

328. Архивтік құжаттарды сипаттаудың өз құрылымы бар және архивтің тиісті бөлімдерінде (деректер базасында) және ЭА АЖ-да орналастырылатын жекелеген элементтерден тұрады.

Сипаттау элементтерін мынадай топтар құрайды:

1) сипаттау бірлігін сәйкестендіру жөніндегі ақпарат: атауы (қордың атауы, қор құрушының құрылымдық бөлімі, сақтау бірлігінің немесе есепке алу бірлігінің, құжаттың тақырыбы), анықтамалық деректер (архив шифры, сипаттау бірлігінің көлемі, сипаттау бірлігіндегі құжаттардың алғашқы және соңғы күндері (істің басталған және аяқталған күндері), ақпаратты жеткізгіштің түрі;

2) қорға тарихи анықтама;

3) аннотация;

4) қолжетімділік және пайдалану шарттары туралы ақпарат;

5) қосымша ақпарат: түпнұсқалардың орналасқан жері, осы сипаттау бірлігімен тақырыптық және/немесе шығу тегі бойынша байланысты архивтік құжаттар көшірмелерінің болуы және орналасқан жері, библиография.

329. Қор деңгейіндегі архивтік құжаттардың сипаттамасы қор атауынан, анықтамалық деректерден, қорға тарихи анықтамадан, аннотациядан, библиографиядан, қол жеткізу және пайдалану шарттары туралы ақпараттан тұрады.

330. Архив қоры туралы анықтамалық деректер іздеу деректерінен (қор нөмірі), құжаттама түрлері бойынша сақтау

бірлігі және/немесе есепке алу бірлігі бойынша қор көлемінен, құжаттаманың әрбір түрі бойынша құжаттардың алғашқы және соңғы күндерінен, қорішілік ҒАА бар-жоғын көрсетуден тұрады.

331. Қорға тарихи анықтама қор құрушының тарихынан және қордың тарихынан тұрады.

Біріктірілген қор үшін ортақ тарихи анықтама жасалады.

332. Ұйымның архив қорының қор құрушысының тарихы оның құрылған, атауы өзгерген, қайта ұйымдастырылған, таратылған күндерін, ведомстволық тиістілігін, құрылымы мен функцияларын, алдыңғы және мирасқор ұйымның атауын қамтиды.

Жеке тектік архив қорының қор құрушысының тарихы қысқаша өмірбаяндық деректерден (тегі, аты, әкесінің аты, псевдонимі, тұрмысқа дейінгі тегі, өмір сүрген жылдары, кәсібі, қызметтік және қоғамдық қызметі туралы деректер) тұрады. Отбасының, рудың архив қоры үшін осындай мәліметтер әрбір адам туралы туыстық дәрежесі бойынша дәйектілікпен беріледі. Шығармашылық қызметпен байланысты бірнеше адамның құжаттарынан тұратын қорға олардың әрқайсысы туралы тектерінің әліпбилік ретімен дәл осындай мәліметтер беріледі.

333. Қордың тарихы оның архивке алғаш түскен күнін, архивтік құжаттардың көлемі мен алғашқы және соңғы күндері, олардың сақталу дәрежесін, қалыптасу, сипаттау және жүйелеу ерекшеліктерін, архив қорының құрамы мен көлеміндегі өзгерістер және олардың себептері, басқа ұйымдардың немесе тұлғалардың архивтік құжаттарының (қорға енгізу), архив қорына ҒАА бар-жоғы туралы мәліметтерді қамтиды.

334. Тарихи анықтама қорды одан әрі толықтырған, сондай-ақ қайта ұйымдастырылған, құрылымы, қор құрушының функциялары өзгерген кезде қосымша толықтырылады.

335. Архивтік жинақтың тарихи анықтамасына оның құрылу тарихы, уақыты, шарттары, құрылу себептері, құрылу қағидаттары, архивке түскенге дейінгі жинақтың орналасқан жері, сондай-ақ құрастырушысы туралы мәліметтер кіреді.

336. Аннотация қор құрылымы мен архивтік құжаттардың түрлері, тақырыптар хронологиясын және олардың географиялық (әкімшілік-аумақтық) шекараларын белгілей

отырып, қор құрушы қызметінің бағыттарын көрсететін тақырыптар, мәселелер бойынша архивтік құжаттар құрамының қысқаша жинақталған сипаттамасын қамтиды.

337. Қолжетімділік және пайдалану шарттары туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе қор құрушы қолжетімділігі мен оларды пайдалану тәртібін шектейтін архивтік құжаттардың бар-жоғы;

2) архивтік құжаттардың, оның ішінде мәдени құндылықтарға жатқызылған және аса құнды құжаттардың төлнұсқа немесе көшірме екендігі;

3) пайдалану мүмкіндігіне әсер ететін архивтік құжаттардың физикалық жай-күйі;

4) пайдалану қорының бар-жоғы;

5) сипаттау бірлігіне ҒАА бар-жоғы;

6) құжаттардың тілі, оларды қайта жаңғырту тәсілі мен басқа да ерекшеліктері туралы мәліметтерден тұрады.

338. Архив қорына библиография қор бойынша жарияланған және жарияланбаған анықтамалықтардың және оның негізінде орындалған құжаттық жарияланымдардың тізімін қамтиды.

339. Архивтік құжаттарды сақтау бірлігі немесе есепке алу бірлігі деңгейінде сипаттамаға:

1) сақтау бірлігінің немесе есепке алу бірлігінің реттік нөмірі;

2) ескі түгендеу нөмірі;

3) сақтау бірлігінің немесе есепке алу бірлігінің тақырыбы;

4) сақтау бірліктері немесе есепке алу бірліктері туралы анықтамалық деректер;

5) төлнұсқа немесе көшірме екендігіне сілтеме;

6) жеткізгіш түріне немесе қайта жаңғырту тәсіліне сілтемелер;

7) тілі, сыртқы ерекшеліктері;

8) архивтік құжаттарға қолжетімділік және оларды пайдалану шарттары кіреді.

340. Басқарушылық құжаттаманың сақтау бірлігінің, жеке тектік архивтік құжаттардың сақтау бірлігінің тақырыбы архивтік құжаттар түрінің атауын, архивтік құжаттың

(құжаттардың) авторын (авторларын), құжаттар жіберілген адресатты (адресаттарды) немесе алынған корреспонденттті (корреспонденттерді), мәселені немесе затты, оқиғаның, фактінің, жердің атауын, көрсетілген құжаттардың мазмұнына қатысты тұлғаның тегі мен аты-жөнін, оқиға күнін қамтиды.

Қажетті мәліметтер болмаған кезде тақырыпқа түсіндірме ақпарат – "авторы белгісіз", "күні жоқ", "...жылдан ерте емес" және басқа ақпарат енгізіледі.

Сақтау бірлігінің тақырыбын құрастырған кезде сақтау бірлігінің құрамын сипаттайтын сақтау бірлігінің түрі (іс, хат алмасу, құжаттар, тізілім, альбом, журнал, кітап және басқалар) немесе құжаттардың түрі (әртүрлілігі) (хаттамалар, баяндамалар, бұйрықтар, есептер, естеліктер актілер, мақалалар, роман, жазба кітапшалары) тақырыптың басында көрсетіледі.

Бір мәселе бойынша іс жүргізудегі реттілікпен байланысты құжаттарды қамтитын сот, тергеу, жеке, дербес, төрелік және басқа да істердің тақырыптары "іс" деген сөзбен аяқталады

Бір мәселе бойынша құжаттарды қамтитын, бірақ іс жүргізу реттілігімен байланысы жоқ сақтау бірліктері "құжаттар" деген сөзбен аяқталады, ал тақырыптардың соңында құжаттардың негізгі түрлері көрсетіледі. "Құжаттар" терминімен қандай да бір жалпылама құжатқа (бұйрыққа, өкімге, хаттамаға) қосымша құжаттар белгіленеді. Жеке тектік қорларда бұл термин бір тұлғаға қатысты түрі жағынан әртүрлі құжаттарды сипаттау үшін қолданылады.

Біртектес корреспонденттермен хат алмасудан тұратын сақтау бірлігінің тақырыбында корреспонденттердің жалпы атауы көрсетіледі.

Жобалау немесе конструкторлық құжаттамалардың сақтау бірлігінің тақырыбы объектінің шифрын, жоба атауын, кезеңін, бөлігін, томның нөмірін, авторын, әзірлеменің аяқталған жылын қамтиды.

Кино-, бейнеқұжатты есепке алу бірлігінің тақырыбы фильмнің, арнайы шығарылымның, киножурналдың авторлық атауын немесе кино- немесе телесюжетте көрсетілген оқиғаның атауын, шығарылған күнін және/немесе түсірілім күнін, режиссердің және/немесе түсірілім операторының тегі мен аты-жөнін, құжаттың тілін қамтиды.

Фоноқұжатты есепке алу бірлігінің тақырыбы фоноқұжаттың атауын және жанрын, көрсетілген оқиғаның атауын, орнын және күнін қамтиды. Фоноқұжаттың атауы болмаған кезде теле- немесе радиохабардың, баяндаманың, сұхбаттың және тағы басқаның негізгі мазмұны көрсетіледі. Әдебиет пен өнер туындысының жазбасы бар фоноқұжатты есепке алу бірлігінің тақырыбы туындының атауын және оның жанрын, тырнақшаға алынатын мәтіннің бірінші жолын, егер фоноқұжаттың авторлық атауы болмаса және бұрын жарияланбаған туынды болса, туындының, оның өңдеулерінің, қайта жазылуының, аудармаларының авторларының және/немесе орындаушыларының тектері мен аты-жөндерін, фоноқұжаттың тілін қамтиды

Фотоқұжаттың сақтау бірлігінің тақырыбы бейненің сипаттамасын немесе фотоальбомның, слайдтың, негативтің атауын, автордың тегі мен аты-жөнін, түсірілген орны мен күнін қамтиды.

341. Сақтау бірліктері немесе есепке алу бірліктері туралы анықтамалық деректер архивтік шифрдан, сақтау бірлігінің немесе есепке алу бірлігінің көлемінен, архивтік құжаттардың алғашқы және соңғы күндерінен, аудиовизуалды құжаттар үшін – жазбаның жазылған немесе қайта жазылған күндерінен, электрондық жеткізгіштердегі құжаттар үшін – жаңа электрондық жеткізгішке жазылған немесе қайта жазылған күнінен тұрады.

342. Сақтау бірлігі немесе есепке алу бірлігі құжаттарының толнұсқа немесе көшірме екендігі тақырыптан кейін бас әріппен жазылып көрсетіледі.

343. Істің құжаттары үшін қайта жаңғырту тәсілі, егер ол іс үшін өзгеше құжаттар түрін (түрлерін) қамтыса немесе мазмұнын сипаттау үшін қағидаттық маңызға ие болса көрсетіледі.

Құжаттарды жаңғырту тәсілін белгілеу үшін "қолжазба", "автограф", "машинкада басылған", "баспа", "гектограф", "стеклограф" және басқа да терминдер қолданылады.

344. Архивтік құжаттардың (істердің) сыртқы ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1) ерекше жазба материалы (пергамент, жібек және басқалары);

2) мұқабаның және түптеудің ерекше материалы (былғары, бедерлі мата);

3) мұқабада безендірудің, мәтінде иллюстрациялардың немесе безендірудің болуы;

4) архив қорының қалған құжаттарының тілінен ерекшеленетін құжаттардың тілі;

5) мөрлер;

6) қоса берілген қағаздар, маталар және басқа материалдардың болуы.

345. Құжаттардың толықтығы дәрежесі, қайта жаңғырту тәсілі, сыртқы және басқа да ерекшеліктері туралы деректер тақырыптан және аннотациядан кейін жаңа жолдан жазылады.

346. Сақтау бірліктеріне немесе есепке алу бірліктеріне қолжетімділік және оларды пайдалану шарттары:

1) қолжетімділігі мен пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе қор құрушы шектейтін архивтік құжаттардың;

2) мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттардың, аса құнды құжаттардың және физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз құжаттардың төлнұсқаларының;

3) пайдалану қорының;

4) сақтау бірліктеріне немесе есепке алу бірліктеріне ҒАА-ның болуы туралы мәліметтерді қамтиды.

347. Архивтік құжаттарының сипаттамасы архив қорының және оның құрылымдық бөлігінің (тізімдемесінің) атауымен, жекелеген архивтік құжаттардың немесе олардың осы сақтау бірлігі немесе есепке алу бірлігі топтарының аннотациясымен толықтырылады.

Сақтау бірлігі құжаттарының аннотациясы ерекшеліктері сақтау бірлігінің тақырыбында көрсетілмеген жекелеген архивтік құжаттар мазмұнының қысқаша сипаттамасы болып табылады.

Аса құнды құжаттар, негізгі құжатқа қосымша құжаттар, алдыңғы ұйымдардың құжаттары, жеке құрам бойынша анықтамалық мәні бар мәліметтерден тұратын құжаттар, дербес іздестіру нысаны бола алатын, осы істе оның тақырыбы бойынша анықталуы мүмкін емес құжаттар (үндеулер, үнпарақтар, прокламациялар, брошюралар, карталар, жос-

парлар, сызбалар, фотосуреттер және басқа да материалдар) аннотацияланады.

Баспасөз материалдарын аннотациялау кезінде құжаттың түрі, оның атауы немесе құжаттың бастапқы сөздері (атауы болмаған жағдайда), шығыс деректері көрсетіледі.

Сызба және басқа да бейнелеу материалдарының аннотацияларында құжаттың материалы, түрі, форматы және оны орындау тәсілі, карталар үшін – масштабы көрсетіледі.

Аннотацияның соңында жеке тұлғалардың тегі мен аты-жөні "аты аталады" айдарымен, ұйымдардың атаулары, құжаттарда аталған географиялық атаулар және басқа да маңызды мәліметтер беріледі, кейін аннотацияланатын құжаттар парақтарының нөмірлері көрсетіледі.

Аннотация тақырыптан кейін жаңа жолдан бастап жазылады.

Аннотацияланатын құжаттардың көлемі үлкен болған кезде аннотация жеке парақта жасалады, ол мұқаба мен құжаттың бірінші парағының арасына салынады.

348. Аннотациялау кезінде негізгі мағыналық жүктемесі жоқ субъективті тұжырымдар мен тіркестерді ("өте құнды құжаттар", "өте қызықты құжаттар", "құжаттарда ... бар", "құжаттар мынаған қатысты") қолдануға жол берілмейді.

349. Архивтік құжаттың сипаттамасы мыналарды қамтиды:

1) архивтік құжаттың тақырыбы;

2) архивтік құжат туралы анықтамалық деректер;

3) архивтік құжаттың төлнұсқа немесе көшірме екенін көрсету;

4) жеткізгіш түрі немесе қайта жаңғырту әдісі;

5) қолжетімділік пен пайдалану шарттары.

350. Архивтік құжаттың тақырыбы архивтік құжат түрінің, автордың, архивтік құжат жіберілген немесе одан алынған, адресаттың немесе корреспонденттің атауын, көрсетілген архивтік құжаттың мазмұнына қатысты мәселені немесе затты, оқиғаны, фактіні, тұлғаны, жердің атауын, оқиға күнін қамтиды.

351. Архивтік құжат туралы анықтамалық деректер архивтік шифр, архивтік құжаттың көлемі (парақтар саны), оның жасалған күні туралы мәліметтерді қамтиды.

352. Құжаттың төлнұсқа немесе көшірме екеніне сілтеме құжатқа аннотациядан кейін бас әріптермен жазылады.

353. Күнді сөзбен-цифрмен (күні, айы, жылы) ресімдеу тәсілі құқықтық актілерді, шығармашылық құжаттаманы, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты құжаттарды, қаржылық құжаттарды, бір мәселе бойынша істерді, сондай-ақ күнін көрсету өте маңызды болып табылатын құжаттарды (баяндамалар, үнпарақтар, стенограммалар, хаттар) сипаттау кезінде пайдаланылады.

354. Істі құрайтын құжаттардың алғашқы және соңғы күндері мерзімдерін анықтаған кезде мыналар ескеріледі:

1) істің бастапқы күні ең бірінші құжаттың жасалған (тіркелген) күні, ал соңғы күні – ең соңғы құжаттың жасалған (тіркелген) күні болып табылады;

2) декреттердің, жарлықтардың, шарттардың, қаулылардың, бұйрықтардың, өкімдердің және басқаларының күндері оларға қол қойылған уақыты бойынша көрсетіледі, егер құжаттардың күні көрсетілмесе, күні жарияланған немесе қолданысқа енгізілген уақыты бойынша көрсетіледі;

3) бағдарламалар, жоспарлар, шығыстар сметалары, штаттық кестелер, есептер мен құжаттар үшін алғашқы және соңғы күндері қойылмайды;

4) егер істегі қосымша құжаттар істің бірінші құжатының күнінен бұрын жасалған болса, онда олардың күндері жаңа жолдан – "...жылдың құжаттары бар" деп жазылады;

5) егер іс кітаптар мен журналдардан тұратын болса, онда олар үшін алғашқы және соңғы күндері бірінші және соңғы жазба күндері болады;

6) егер іс төлнұсқаларын жасағаннан кейін жасалған немесе қор құрушы жұмыс істеу үшін алған көшірме құжаттардан тұрса (мысалы, редакциялардың, түрлі комиссиялардың архив қорларынан), онда алғашқы және соңғы күндері көшірмелерді дайындау күні болып табылады (төлнұсқалардың күні тақырыпта келтіріледі);

7) егер іс бір ұйымда басталып, екінші ұйымда аяқталған болса, онда үш түрлі күн анықталады – бірінші ұйымның іс жүргізуінде істің басталған күні, оның екінші ұйымға келіп түскен күні және оның соңғы ұйымның іс жүргізуінде аяқталған күні (алғашқы екі күні бөлшек түрінде белгіленеді);

8) істерде революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдердің құжаттары болған кезде алғашқы және соңғы күндері екі кезеңнің де құжаттарының күндері енгізіледі;

9) күнді көрсеткен кезде алдымен жылы, содан кейін күні мен айы көрсетіледі.

355. Күндер құжаттардың өздеріне қойылған күннің стилі мен тәртібі бойынша көрсетіледі. Мынадай жағдайларда:

1) ескі стильді жаңа стильге ауыстыру уақытына жататын, яғни 1918 жылғы 14 ақпаннан 1 шілдеге дейін, оларға екі күн қойылады алдымен жаңа стиль бойынша күні көрсетіледі, ал одан кейін жақшаның ішінде – ескі стиль бойынша;

2) істегі құжаттар ескі стильді жаңа стильге ауыстырғанға дейін жасалса және халықаралық маңызы бар оқиғаларға қатысты болса, онда оған ескі стиль бойынша күні, кейін жақшаның ішінде жаңа стиль бойынша күні жазылады.

356. Нақты күнін белгілеу мүмкін болмаған кезде іс құжаттарының мазмұнын талдау негізінде оның ауытқу шектері ескерілетін шамамен алынған күндері айқындалады. Күндері немесе олардың жекелеген элементтері төртбұрышты жақшаға алынған. Олардың аса нақты емес толық немесе жекелеген элементтеріне сұрақ белгісі қойылады.

2-параграф. ҒАА жасау тәртібі

357. Архивтік анықтамалықтар мен архивтік құжаттардың құрамы және мазмұны туралы деректер базасы ҒАА жүйесінің міндетті элементтері болып табылады, олардың түрлері нысаналы мақсатына қарай айқындалады: тізімдеме, жөнсілтерлер, каталог, көрсеткіш, құжаттарға шолу.

358. Архивтік құжаттардың құрамы мен мазмұны туралы архиваралық, қорааралық және қорішілік архивтік анықтамалар мен деректер базасы жасалады.

359. Тізімдеме сақтау бірліктерінің құрамы мен мазмұнын ашуға, оларды қор ішінде жүйелеуді бекітуге және есепке алуға арналған архивтік анықтамалық ретінде пайдаланылады.

Тізімдеме сақтау бірліктерін сипаттау мақалаларынан, қорытынды жазбадан, істі куәландыру парағынан және тізімдемеге анықтамалық аппараттан тұрады. Тізімдеменің архивтік құжаттарын сипаттау объектісі сақтау бірлігі немесе есепке алу бірлігі болып табылады.

360. Тізімдеменің сипаттау мақаласына мыналар кіреді:

1) сақтау бірлігінің, есепке алу бірлігінің реттік нөмірі;

2) іс жүргізу индексі немесе ескі түгендеу нөмірі;

3) сақтау бірлігінің немесе есепке алу бірлігінің тақырыбы;

4) құжаттардың алғашқы және соңғы күндері, сақтау бірлігіндегі парақтар саны;

5) төлнұсқа/көшірме екеніне сілтеме;

6) архивтік құжаттардың тілі, жаңғырту тәсілі, сақталу дәрежесі, сыртқы ерекшеліктері.

Сипаттау мақаласы сақтау бірлігінің немесе есепке алу бірлігінің жекелеген құжаттарының (құжаттар тобының) аннотациясымен толықтырылуы мүмкін.

361. Тізімдемеге анықтамалық аппаратқа мыналар кіреді:

1) титулдық парақ;

2) мазмұны (тараулар атаулары);

3) алғы сөз;

4) қысқартулардың тізімі;

5) архив шифрлерінің аударма кестесі;

6) сілтегіштер.

362. Тізімдеменің титулдық парағында архивтің толық атауы, архив қорының атауы, архив қорының нөмірі, тізімдеменің нөмірі, тізімдеменің атауы, тізімдемеге енгізілген архивтік құжаттардың алғашқы және соңғы күндері көрсетіледі. Егер бірнеше жыл ішіндегі істер тізімдемеге үзіліспен енгізілген болса, титулдық парақта тек құжаттары бар жылдар ғана көрсетіледі.

363. Тізімдемеге анықтамалық аппараттың мазмұнына (тараулар атауларына) тізімдеменің тиісті парақтарының нөмірлерін көрсете отырып алғы сөз, тізімдемеге енгізілген барлық бөлімінің, кіші бөлімдердің, істегі басқа да ұсақ топтардың қысқартылған атауларының тізімі, сілтегіштер, шифрлардың аударма кестелері енгізіледі.

364. Алғысөз жеке тізімдемеге немесе архив қорының барлық тізімдемелеріне ортақ жасалады, оған жасаған күнін көрсете отырып құрастырушы қол қояды.

Алғысөзде құқықтық актілерге және қордың құжаттарына сілтемелер жасай отырып қор құрушының тарихы

қысқаша баяндалады. Біріктірілген архив қорының бірыңғай тізімдемесіне жалпы алғысөз жасалады.

365. Тізімдемеде қысқартылған сөздер қолданылса, қысқартулар тізімі жасалады, олар алфавиттік ретпен орналастырылады. Тізімге сөздердің жалпы қабылданған қысқартулары енгізілмейді. Еркін түрде қысқартулар жасауға болмайды.

366. Тізімдемеге жалпы және арнайы сілтегіштер жасалады.

Тізімдеменің жалпы сілтегіші сақтау бірлігінің немесе есепке алу бірлігінің реттік нөмірлеріне сілтемелік деректерден тұрады.

Ғылыми айналымға енген, басқа қор құрушылардың архивтік құжаттарын қамтитын архив қорлары үшін белгілі бір қор құрушының архивтік құжаттарын іздестіруді қамтамасыз ету мақсатында енгізілген қорлардың арнайы сілтегіші жасалады. Онда архив қорларының нөмірлері мен атаулары, осы архив қорларына жататын істердің нөмірлері көрсетіледі.

367. Архивтік шифрлардың аударма кестелері тізімдеме қайта өңделген кезде жасалады және мынадай нысан бойынша ескі шифрлардан жаңа архивтік шифрларға сілтемелерді қамтиды:

1) ескі тізімдеме бойынша істің нөмірі;

2) жаңа тізімдеме бойынша істің нөмірі;

3) ескертпелер.

Тізімдемені қайта өңдеу сақтау бірліктерінің немесе есепке алу бірліктерінің тақырыптарын нақтылау немесе жасау, тізімдемеге қажетті анықтамалық аппарат жасау жолымен жаңа тізімдемені жасаудан тұрады. Тақырыптарды редакциялау процесінде тақырыптың құжат мазмұнын дұрыс ашуы тексеріледі, күні, істің қорға, құрылымға жататындығы нақтыланады. Бұрмалаулар, дәлсіздіктер, стилистикалық және грамматикалық қателер жойылады, тақырыптарды бірегейлендіру жүргізіледі, қысқартулар толық жазылады. Қажет болған жағдайларда жекелеген құжаттарға аннотациялау жүргізіледі.

Тақырыптарды редакциялау кейіннен қайта басып шығара отырып тізімдеменің екінші данасының мәтіні бойынша жүргізіледі. Тақырыптардағы барлық өзгерістер мен нақтылаулар істердің мұқабасына көшіріледі.

Қайта өңдегеннен кейін ескі тізімдемелер жойылмайды, олар жаңа тізімдемелер бойынша жекелеген сақтау бірліктері құқығында есепке алынады және жаңа тізімдеменің соңында өзінің тақырыбымен соңғы нөмірмен және "Тізімдеме қайта жасалды" деген белгімен орналастырылады.

Тізімдемені қайта өңдеу қорытындысы бойынша архивтік құжаттарды сипаттау актісі жасалады.

3-параграф. Жөнсілтерлерді, каталогтарды, сілтегіштерді, шолуларды, кино-бейнеқұжаттардың монтаждау парақтарын және автоматтандырылған ҒАА жасау тәртібі

368. Жөнсілтерлер жүйелендірілген түрде архивтің архив қорлары туралы мәліметтерді қамтитын және пайдалануышыны олардың құрамымен және мазмұнымен таныстыруға арналған архивтік анықтамалық болып табылады.

Жөнсілтерлер архив қорының сипаттау мақалаларынан және анықтамалық аппаратынан тұрады.

Жөнсілтерлердің анықтамалық аппаратына мыналар кіреді:

1) титулдық парақ;

2) мазмұны (тараулар атаулары);

3) алғы сөз;

4) қысқартулар тізімі;

5) қосымшалар (болған жағдайда);

6) сілтегіштер.

Жөнсілтерлерге жалпы библиография жасалады.

Жөнсілтерлердің көп томдық басылымдарында анықтамалық аппарат жалпы бүкіл басылым үшін немесе оның жекелеген томдары үшін жасалады.

369. Жөнсілтерлердің түрлері:

1) архив (архивтер) қорлары бойынша жөнсілтерлер;

2) архив (архивтер) қорлары бойынша тақырыптық жөнсілтерлер;

3) архив (архивтер) қорлары бойынша қысқаша анықтамалық.

Архивтік (архивішілік) және архиваралық жөнсілтерлер жасалады.

Жөнсілтерлердің түрі мен құрылымының схемасы оның нысаналы мақсатына қарай айқындалады.

Архив (архивтер) қорлары бойынша жөнсілтерлер қордың атауынан, қордың нөмірінен, сақтау бірліктері немесе есепке алу бірліктері көрсетілген қордың көлемінен, құжаттаманың әрбір түрі бойынша құжаттардың алғашқы және соңғы күндерінен, тарихи анықтамадан, аннотациядан, қор бойынша библиографиядан тұратын архив қорлары сипаттамаларының жүйеленген тізбесін қамтиды. Сипаттамалардың тізбесі қорлардың атауларынан және олар туралы анықтамалық деректерден тұратын аннотацияланбайтын қорлардың тізімімен толықтырылуы мүмкін.

Архивтің (архивтердің) қорлары бойынша жөнсілтерлер қордың сипаттау объектісі болып табылады.

Архив (архивтер) қорлары бойынша тақырыптық жөнсілтерлер белгілі бір тақырып (тақырыптар) бойынша құжаттарды қамтитын қорлар сипаттамаларының немесе қорлар бөліктерінің жүйелендірілген тізбесінен тұрады.

Архив (архивтер) қорлары бойынша тақырыптық жөнсілтерлердің қордың (қорлардың), қор (қорлар) бөлігінің құжаттарының сипаттамасы қор атауынан, қор нөмірінен, қор құжаттарының алғашқы және соңғы күндерінен, тақырып бойынша құжаттарды қамтитын тізімдеме (тізімдемелер) нөмірінен, қорға (қорларға) архивішілік ҒАА-ның бар-жоғын көрсетуден, құжаттардың аннотациясынан және тақырып бойынша библиографиядан тұрады.

Архив (архивтер) қорлары бойынша қысқаша анықтамалық архив қорларының атауларын және олар туралы анықтамалық деректерді қамтитын архив қорлары сипаттамаларының жүйеленген тізбесінен тұрады. Қысқаша анықтамалық архивте сақталатын барлық қорларға немесе қорлардың белгілі бір тобына (құпиясыздандырылған және ашық сақтауға берілген жаңа түсімдерге) жасалады.

Қысқаша анықтамалықтар аннотацияланған және аннотацияланбаған болып бөлінеді.

370. Жөнсілтерлер деректемелерінің құрамын осы Қағидалардың 75-қосымшасындағы нысанға сәйкес ресімделеді.

371. Каталог архив қорларының, сақтау бірліктерінің, архивтік құжаттардың (немесе олардың бөліктерінің) мазмұны туралы мәліметтер құжаттық ақпаратты жіктеудің қабылданған схемасына сәйкес орналасқан пәндер (тақырыптар, салалар)

бойынша топтастырылған қораралық архивтік анықтамалық болып табылады.

372. Өзара байланысты және өзара бірін-бірі толықтыратын әртүрлі каталогтардың жиынтығы архив каталогтарының жүйесін құрайды.

373. Архив каталогтары жүйесінің құрамы архивтік құжаттардың құрамымен және мазмұнымен, оларды пайдалану қарқындылығымен, архив қорларының әзірлену дәрежесімен, архивтік анықтамалықтардың басқа түрлерінің болуымен және сапасымен анықталады.

374. Архив каталогтарының жүйесі мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) каталогтарды жасау қағидаттарының олардың нысаналы мақсатына сәйкес келуі;

2) ақпараттық іздеу аспектілерінің оңтайлы әртүрлілігін қамтамасыз ететін каталогтардың ұтымды құрылымы;

3) жүйенің түрлі каталогтарындағы ақпаратты топтастыруда параллелизмді болдырмау;

4) негізсіз қайталануды болдырмау және сілтеме карточкалары мен сілтегіштерді кеңінен қолдану.

375. Архивішілік және архиваралық каталогтар жасалады.

Каталогтағы сипаттау объектісі белгілі бір тақырып (мәселе) бойынша ақпаратты қамтитын құжат (құжаттар тобы, құжаттың бөлігі), сақтау бірлігі немесе есепке алу бірлігі, тізімдеме, қор (қорлар тобы) болып табылады.

Архивте каталогтарды дайындау, құру және жүргізу (каталогтау) жөніндегі жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Каталогтау барысында архив қорларын, олардың құрылымдық бөліктерін таңдау кезектілігі айқындалады, істер мен архивтік құжаттар іріктеледі және сипатталады.

376. Құрылу схемасына қарай каталогтар жүйелік, тақырыптық (ұйымдардың тарихы, әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша каталогтар және басқалар), нысаналы болып және олардың түрлері бойынша (атаулы, географиялық, объектілік) бөлінеді.

377. Жүйелік каталогта сипаттау объектісі ғылым, білім, өндіріс, экономика салалары бойынша жіктеледі және құжаттық ақпаратты жіктеудің қабылданған схемасына сәйкес

қисынды ретпен орналастырылады. Жүйелік каталогқа немесе оның кіші бөлімдеріне тиісті каталогтар болмаған кезде нысаналы, географиялық және атаулы сілтегіштер жасалады.

378. Тақырыптық каталогта тақырып бойынша сипаттау объектісі кіші тақырыптар, айдарлар және кіші айдарлар бойынша нысаналы ретпен топтастырылады. Тақырыптық каталог ондағы ақпаратты жүйелік каталогта жоқ белгі бойынша топтастыру кезінде жасалады.

379. Ұйымдардың тарихы бойынша каталогта сипаттау объектісі ғылым, білім, өндіріс, экономика салалары бойынша, кейін ведомстволық бағыныстылығы, ұйымдардың түрлері (банктер, зауыттар, фабрикалар, трестер) және атаулардың әліпбилік тәртібімен ұйымдардың атаулары бойынша жіктеледі.

380. Әкімшілік-аумақтық бөліну тарихы бойынша каталогта сипаттау объектісі әкімшілік-аумақтық бірліктердің түрлері мен олардың атаулары бойынша әліпбилік тәртіппен жіктеледі.

381. Нысаналы каталогтарда сипаттау объектісі нысаналы ұғымдардың (фактілер, оқиғалар, географиялық атаулар), тұлғалардың тегінің әліпбиі бойынша жіктеледі және хронологиялық немесе қисынды реттілікпен жүйеленеді.

382. Дербес қолданылып жүрген картотекалар каталог жүйесімен сілтеме арқылы байланысады.

383. Каталогтың сипаттау мақаласының құрамына архивтің атауы, индексі, айдары, кіші айдары, оқиғаның күні, оқиғаның орны, мазмұны, қордың нөмірі, қордың атауы, тізімдеменің нөмірлері, сақтау бірліктері немесе есепке алу бірліктері, парақтары, құжаттың тілі, жаңғырту тәсілі, құрастырушының тегі және сипаттау мақаласын жасаған күні кіреді.

384. Тақырыптық және нысаналы-тақырыптық картотекалар, барынша ақпараттық және жиі пайдаланылатын қорлардың құжаттарына жеке құрам бойынша картотекалар каталогтар жүйесін толықтыру көздері болып табылады.

385. Каталогтау кезінде құжаттарға сипаттау жүргізілетін каталог карточкасының ақпараты сипаттау мақаласында жинақталған құжаттардың мазмұны мен іздеу деректері туралы мәліметтердің жиынтығын білдіреді.

Бір каталогтық карточкада:

1) құжатты сипаттау кезінде – істегі қалған құжаттардың басқа мәселелерге қатысты болуы шартымен, істегі бір мәселеге арналған (аса құнды немесе мазмұны жағынан маңызды) бөлек құжат немесе барлық құжат көптеген мәселелерге қатысты болса (мысалы, есептер, хаттамалар), құжаттың бір бөлігі;

2) сақтау бірлігін немесе есепке алу бірлігін сипаттау кезінде – бір мәселеге, оқиғаға қатысты тұтас іс, бір мәселе бойынша хат алмасу;

3) топтастырып сипаттау кезінде – бір мәселе, нысана бойынша бір істің құжаттар тобы, егер осы мәселе бойынша басқа істерде құжаттар болса, онда әрбір істің құжаттары жеке карточкада сипатталады;

4) бір архивтік тізімдеменің біртекті істер тобы сипатталады.

386. Сипаттау үшін мәліметтерді топтау тәсілдері құжаттардың мазмұнымен айқындалады. Топтық карточка, егер олар құжаттардың тақырыптық тобын біріктірсе, жеке архивтік тізімдемеге немесе архивтік тізімдемелер тобына, сондай-ақ жалпы архив қорына жасалады.

387. Құжаттарды каталог карточкасында сипаттау аяқталғаннан кейін оны индекстеу жүргізіледі, ол белгілі бір индексті (индекстерді) таңдау немесе құрастырудан және оны каталог карточкасының тиісті ақпаратына жатқызудан тұрады. Индекстеу каталог карточкасының мазмұнын талдау және оны жіктеу схемасының белгілі бір құрылымдық бөлімшесіне жатқызу арқылы жүзеге асырылады.

388. Карточкалар индекстер мен айдарлар бойынша жүйеленеді және каталогқа орналастырылады.

389. Каталог бөлімдерінің арасында немесе каталог бөлімдері мен басқа архивтік анықтамалықтар арасында байланысты орнату үшін сілтемелер жүйесі қолданылады. Сілтеме карточкаларында "Айдар" және "Кіші айдар" бағандары әдеттегі тәртіппен толтырылады. "Мазмұны" бағанында "сондай-ақ ... қараңыз" деп жазылады және сілтеме жасалатын каталогтың тиісті бөлімшелерінің немесе басқа анықтамалық атауларының индекстері көрсетіледі.

390. Индекстеу кезінде карточкаларды редакциялау және олардың бастапқы сараптамасы жүргізіледі, оның барысында

мазмұны бойынша біртекті карточкалар біріктіріледі, сапасыз және маңызы аз карточкалар одан әрі өңдеуге бөлінеді. Қайталама сараптама карточкаларды индекстер бойынша жүйелеу процесінде жүзеге асырылады, бұл ретте қосарланған және қосылған карточкалар анықталады.

391. Карточкалардың бөлгіштер арасында дұрыс орналастырылуына және жаңа бөлгіштерді енгізу қажеттілігіне жүйелік каталогты мерзімді тексеру кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.

392. Архивтік құжаттарды каталогтау жөніндегі жұмысты есепке алу мақсатында істе куәландыру жазбасынан төмен "каталог" деген мөртабан қойылады немесе "... парақтар каталог үшін сипатталды" деп белгіленеді. Жекелеген тізімдемелер бойынша құжаттарды каталогтаудың аяқталғаны туралы осындай белгілер тізімдемелердегі куәландыру жазбаларға арналған парақтарға қойылады.

393. Архив қоры құжаттарын каталогтаудың аяқталуы архив қорының ісіне енгізілетін анықтамамен ресімделеді. Анықтамада архив қорының нөмірі мен атауы, каталогтау жүргізілген күн, оның орындаушысы, архив каталогына жасалған және енгізілген карточкалардың саны, анықтама жасалған күн, оны жасаған тұлғаның лауазымы және оның қолы көрсетіледі.

394. Журналда, картотекада немесе архивтің деректер базасында істердің нөмірлерін көрсете отырып каталогтауға ұшыраған істерді қор бойынша (әрбір тізімдеме бойынша) мемлекеттік есепке алу жүргізіледі.

395. Карточкалардың каталогқа түсуін есепке алу әрбір каталог бойынша жеке арнайы кітаптарда немесе деректер базасында жүргізіледі, онда карточкалардың каталогқа келіп түскен күні, архив қорының атауы мен нөмірі, құрастырушының тегі, карточкалардың каталогқа енгізілгені туралы белгі қойылады.

Жыл сайын каталогқа түскен және енгізілген карточкалардың саны белгіленеді. Жасалған және каталогқа енгізілген карточкаларды есепке алу архив паспортында жүргізіледі.

396. Сілтегіштер әліпбилік, жүйелік немесе қандай да бір өзге белгі бойынша жасалған архивтік құжаттарда аталатын

заттар атауларының (атауының) архивтік шифрлары көрсетілген тізбесі болып табылады.

397. Сілтегіштер қорішілік, қораралық, архиваралық, сондай-ақ тақырыптық, нысаналы (жалпы және арнайы), хронологиялық болып бөлінеді.

398. Сілтегіштердің сипаттау мақаласы нысаналы ұғымнан (айдардан) және архивтік шифрлардан тұрады.

Сілтегіштің мақсатына қарай айдарлар:

1) қарапайым, яғни кіші айдарлары жоқ;

2) күрделі, яғни бір кіші айдары немесе анықтамасы бар;

3) ұялы, яғни екі немесе бірнеше кіші айдарлары болуы мүмкін.

Айдарлардың құрылымы бойынша тұйық, аннотацияланған қысқа және аннотацияланған толық сілтегіштер болып бөлінеді.

Айдарлары ұғымдардың түсініктерін және архивтік шифрларды қамтитын сілтегіштер тұйық сілтегіштер болып табылады.

Айдарларына ұғымдардың түсініктері, архивтік шифрлар, қысқаша түсініктемелер мен анықтамалар кіретін сілтегіштер аннотацияланған қысқаша сілтегіштер; құрамына ұғымдардың түсініктері, архивтік шифрлар, қысқаша түсініктемелер, анықтамалар мен егжей-тегжейлі сипаттамалар кіретін сілтегіштер аннотацияланған толық сілтегіштер болып табылады.

399. Сілтегіштердегі жақын ұғымдар арасындағы байланыс "....қараңыз" деген жалпы сілтемені (қайырма сілтемені) және "сондай-ақ.....қараңыз" деген жеке сілтемені пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы сілтеме:

1) айдар немесе кіші айдар ретінде қабылданбаған синонимдерден;

2) ұғымның қысқартылған нысанынан толық атауына және керісінше;

3) егер сілтегіште сілтемелік деректерді беру жүйесі тек күрделі айдарларға берілетін болса жекеше, түрлік ұғымнан тектік ұғымға;

4) бірінші топқа ұғымдар тобындағы екіншісінен және одан кейінгілерден "және" жалғаулығымен немесе үтірмен біріктірілген;

5) тура нысандағы ұғымнан инверсиялық нысандағы ұғымға сілтемелері жасалған жағдайда қолданылады.

Жеке сілтеме, егер олар сілтегіштің жеке баптарын құраса, тектік ұғымды түрлік ұғыммен байланыстыру үшін, сондай-ақ ассоциативті қатынастармен байланысты ұғымдар үшін қолданылады.

400. Сілтегіштер оқиғалардың, құбылыстардың және фактілердің күндерін немесе хронологиялық тәртіппен орналасқан құжаттардың күндерін қамтитын айдарлардан тұрады, іздестіру деректерінде сілтемелер каталогтың немесе анықтамалықтың беттеріне немесе бөлімдеріне жасалады.

401. Тақырыптық сілтегіште ұғымдар жіктеудің қабылданған схемасына сәйкес орналасқан және себеп-салдарлық және жүйелік байланыстармен өзара байланысты: тарихи фактілер, оқиғалар, құбылыстар, ұйымдардың атаулары және осы оқиғалармен байланысты өзге де нысаналы ұғымдар тобы (қатары) арқылы ашылады немесе қисындық (жүйелік) тәртіппен ұсынылады.

Айдар, кіші айдар, оқиғаның күні, оқиғаның орны, мазмұны, архивтік шифры тақырыптық сілтегіштің сипаттау элементтері болып табылады. Ондағы айдарлар мен кіші айдарлардың атаулары атау септігінде беріледі.

402. Жалпы және арнайы сілтегіштердің ішіндегі ұғымдарды топтастыру әліпбилік тәртіппен жүзеге асырылады. Жалпы сілтегіштерде күрделі, әртекті ұғымдар болған кезде ұғымдарды топтастырудың жүйелік қағидатын қолдануға болады, әліпбилік орналастыру жүйелеудің соңғы кезеңінде қолданылады.

Сипаттау мақаласының негізгі деректемесі – нысаналы ұғым (айдар, кіші айдар) негізінен жекеше немесе көпше түрдегі атау септігіндегі зат есіммен немесе зат есімдердің тіркесімен (кейде сын есімдермен) берілген атау түрінде жазылады.

403. Мемлекеттердің, әкімшілік-аумақтық бірліктердің, теңіздердің, өзендердің және басқа да географиялық ұғымдардың атаулары географиялық сілтегіштегі айдар болып

табылады. Географиялық пунктің атауы өзгерген кезде мәтінде ол бұрынғы және жаңа атауымен көрсетіледі, хронологиялық тұрғыдан соңғы атауы негізгі ретінде алынады. Бұрынғы атауы жаңасының жанында жақшаның ішінде көрсетіледі және сілтегішке жаңа атауына сілтеме жасала отырып, тиісті әліпбилік реттілікпен енгізіледі.

Күрделі ұғымдарды білдіретін географиялық атаулар инверсиясыз, бірінші сөзі бойынша беріледі.

404. Жалпылама ұғымдар немесе әкімшілік-аумақтық атаулар сілтегішке түсіндірмесіз енгізіледі.

405. Атаулы сілтегішке тегі, аты, әкесінің аты (әртүрлі оқылуы, псевдонимдері, таңылған аты, лақап аты) кіреді.

Атаулы сілтегіште адамдардың тегі, аты, әкесінің аты құжаттарға сәйкес көрсетіледі. Аты жалпыға мәлім болса, бірақ толығымен қолданылмаған кезде (қысқартылған аты, псевдонимі, таңылған аты) толық аты жақшаның ішінде көрсетіледі және адамның негізгі мінездемесіне сілтеме көрсетіле отырып, адамның толық аты әліпбидің тиісті әрпімен сілтегішке енгізіледі.

Бір тектің жазылуы әртүрлі болған кезде мәліметтер мен сілтемелік деректер адамның дұрыс атауымен беріледі. Түрлі оқылулар дұрыс жазылудан кейін жақшаның ішінде тиісті әліпбилік ретпен оған сілтемелер жасай отырып келтіріледі.

Сілтегіште тектер, аттар мен әкелерінің аттары заманауи фонетикалық белгіленуі бойынша беріледі. Мәтіндегі ескі жазылулар заманауи жазылулардан кейін жақшаның ішінде көрсетіледі және сілтегішке заманауи нысанға сілтеме жасай отырып енгізіледі.

Мәтінде тегі мен аты-жөні бірдей адамдар берілсе, аты мен әкесінің аты толық көрсетіледі және түсініктемелер жасалады.

Қосарланған тектер атаулы сілтегішке инверсиясыз бірінші сөзі бойынша енгізіледі.

406. Хронологиялық сілтегіш оқиғалардың, құбылыстар мен фактілердің күндерін немесе хронологиялық тәртіппен орналасқан құжаттардың күндерін қамтитын айдарлардан тұрады. Хронологиялық сілтегіш тұйық болып жасалады.

407. Шолулар архивтік құжаттардың жекелеген кешендерінің құрамы мен мазмұны туралы олардың деректа-

нушылық талдауымен толықтырылған жүйеленген мәліметтерді қамтитын архивтік анықтамалықтар болып табылады және қордың шолулары мен тақырыптық шолулар болып бөлінеді.

Қордың шолуы бір архив қорының архивтік құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметтерді қамтиды. Қордың шолуы үшін құжат (құжаттар тобы, құжаттың бір бөлігі), сақтау бірлігі немесе бір қордың есепке алу бірлігі сипаттаудың объектісі болып табылады.

Тақырыптық шолу белгілі бір тақырып бойынша бір архив қорының немесе архив қоры тобының (архивішілік) немесе бірнеше архивтің (архиваралық) архивтік құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметтерді қамтиды. Архивтің (архивтердің) құжаттары бойынша тақырыптық шолу үшін құжат (құжаттар тобы, құжаттың бір бөлігі), архивтің (архивтердің) бір қорының (қордың бір бөлігінің, қорлар тобының) сақтау бірлігі немесе есепке алу бірлігі сипаттау объектісі болып табылады.

408. Шолу сақтау бірліктерінің немесе есепке алу бірліктерінің, құжаттардың және ҒАА жекелеген топтарының жеке немесе топтық аннотацияларының жиынтығынан тұрады.

Аннотацияда сақтау бірліктері тобының немесе есепке алу бірліктерінің, деректанушылық талдауы бар құжаттардың мазмұны баяндалады, құжаттардың негізгі түрлері, олардың авторлары, мазмұны, хронологиялық шектері, төлнұсқалығы, архивтік шифрлары көрсетіледі.

Шолудың анықтамалық аппаратына титулдық парақ, мазмұны (тараулар атауы), алғысөз, қысқартулар тізімі, сілтегіштер кіреді. Тақырыптық шолуға шолуда ақпарат қамтылған қорлар тізімі және шолудың тақырыбы бойынша библиография жасалады.

409. Кино-, бейнеқұжаттың монтаждау парағы есепке алуды жүзеге асыратын, мазмұнын ашатын және жекелеген жоспарлардың (монтаждау кадрларының) жүйелендірілуін бекітетін архивтік анықтамалық болып табылады.

Кино-, бейнеқұжаттың монтаждау парағы аяқталған кинотуындының (фильмнің, арнайы шығарылымның, киножурналдың, телесюжеттің) кадр бойынша сипаттамасы болып табылады, ол кинотуындыны жасау процесінде пайда болады

және архивке киноқұжатқа немесе бейнефонограммаға мәтіндік ілеспе құжаттама құрамында түседі.

Монтаждау парағы екі данада жасалады, оның біреуі зерттеушілер мен архив қызметкерлерінің жұмысында пайдаланылады, екіншісі – түптеледі және сақтандыру көшірмесі ретінде қызмет етеді.

410. Кино-, бейнеқұжаттың монтаждау парағы ол архивте болмаған кезде жасалады және ол бас әріптерден тұратын жазбадан, сипаттамалық мақалалардан және қорытынды жазбалардан тұрады.

Бас әріптерден тұратын жазбада архивтің атауы, монтаждау парағының нөмірі, киноқұжаттың сипаттамалары (дыбысталуы, түсі, бөліктерінің саны) көрсетілген оның атауы, студияның атауы, киноқұжаттың шығарылған күні, фильмнің авторлары (режиссерлері, операторлары, сценарий авторлары) көрсетіледі.

411. Монтаждау парағын жасау киноқұжаттың позитиві бойынша оны дыбыс монтаждау үстелінде қарау кезінде бір мезгілде сипаттай отырып, мынадай ретпен жүргізіледі:

1) реті бойынша жоспардың нөмірі;

2) жоспарды айқындау (жалпы, орташа немесе көлемді);

3) жоспардың метражы;

4) киноқұжат жоспары бейнесінің қысқаша мазмұны.

412. Дыбысты монтаждау үстелінде позитивпен жұмыс аяқталғаннан кейін киноқұжат жинағының барлық элементтерінің бір-біріне сәйкестігі тұрғысынан позитивті негативпен және лавандамен салыстырып тексеру жүзеге асырылады.

413. Бейнеқұжатқа монтаж парағы архивте жасалады.

Арнайы шығарылымдардың, киножурналдардың немесе жылнамалық материалдардың монтаждау парақтары титулдық парағын ресімдеуден басталады, онда олардың атаулары, шығарылған жылы, түсіру студиясы, түсі, дыбысталуы, секундтары, секундтық хронометраж (жазудың басталуы мен аяқталуы) көрсетіледі.

Титулдық парақты сипаттағаннан кейін бейнефонограмманы жоспарлы сипаттау жүзеге асырылады, ол мынадай реттілік бойынша жүргізіледі:

1) реті бойынша жоспардың нөмірі;

2) жоспарды айқындау (жалпы, орташа немесе көлемді);

3) жоспар бейнесінің жазбасы басталатын секундтың реттік нөмірі;

4) бейнефонограмманың қара-ақ бейнесінде түрлі-түсті жоспарлардың немесе түрлі-түсті бейнеде қара-ақ жоспарлардың болуын көрсету.

Монтаждау парағының соңында монтаждау парағын жасаушының лауазымы, тегі және жасалған күні көрсетіледі.

414. Архивтік анықтамалықтар архивте автоматтандырылған режимде жүргізіледі, ол құжаттық ақпаратты, оның ішінде қашықтан қол жеткізу режимінде жедел және көп аспектілі іздеу мен ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

415. Архив қорының архивтік анықтамалықтарының, сақтау бірліктерінің немесе есепке алу бірліктерінің, архивтік құжаттың сипаттау мақалалары, сондай-ақ түйінді сөздер мен рубрикаторлар автоматтандырылған ҒАА қалыптастырудың негізі болып табылады.

416. Автоматтандырылған ҒАА жүргізу кезіндегі түйінді сөздердің негізгі түрлері:

1) "тақырып" – сипаттау объектісінің құжаттарында көрсетілген фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды, қызмет түрлерін қысқаша нысанда білдіретін терминдер;

2) "тұлғалар" – осы деңгейдегі сипаттау бірліктері байланысты адамдарды сәйкестендіретін терминдер, аты және әкесінің атымен бірге тектері, аты мен тектері, аты-жөні жоқ тектері, бір немесе бірнеше аты-жөні мен псевдонимдер, лақап аттары терминдер болуы мүмкін;

3) "география" – географиялық немесе топонимикалық атаулар (елдердің, облыстардың, губерниялардың, уездердің, болыстардың, елді мекендердің, теңіздердің, өзендердің атаулары) болып табылатын терминдер.

417. Түйін сөздер деректер базасына нақты объектіні сипаттау процесінде немесе ол аяқталғаннан кейін енгізіледі, бір сөзден немесе қысқаша сөз тіркесінен тұруы мүмкін және арнайы түйін сөздер файлына салынады.

418. Архив қорларының, сақтау бірліктерінің немесе есепке алу бірліктерінің, құжаттардың тізбелері жедел іздестіру шарттарына жауап беретін автоматтандырылған ҒАА-ның шығыс нысандары болып табылады. Архивтің автоматтандырылған ҒАА-да қамтылған ақпарат негізінде анықтамалық-

тардың мәтіндері олардың ішкі анықтамалық аппаратымен (жөнсілтерлер, қысқаша анықтамалықтар, архивтік тізімдемелер) бірге қалыптастырылады. Анықтамалықтың мәтіні автоматтандырылған түрде қалыптастырылған кезде түйін сөздердің файлдары анықтамалыққа сілтегіштерді автоматты түрде құрастыру үшін қолданылады.

419. Автоматтандырылған ҒАА-ның деректер базасында сипаттамалардың әрбір деңгейі үшін жүйелі және тақырыптық рубрикаторлар құрылады.

Архив қорының деңгейі үшін жөнсілтерлердегі архив қорларын жүйелеу схемасы архивтің архив қорлары бойынша жөнсілтерлер мәтінін қалыптастыруға арналған рубрикатор болып табылады.

420. Архивтің ҒАА деректер базасында сипаттаудың әрбір деңгейі үшін түйін сөздер, аннотация, тарихи анықтама мәтіндері, сипаттау объектісінің толық және қысқартылған атауларының мәтіндері, архив қорының және/немесе қор құрушының толық және қысқартылған қайта аталуы бойынша, сипаттау объектісінің хронологиялық тиесілігі (сипаттау бірлігіне кіретін құжаттардың алғашқы және соңғы күндері бойынша), санамаланған деректемелердің кез келген үйлесімі бойынша ақпаратты көп аспектілі іздеу рәсімдерінің жиынтығы көзделеді.

421. Іздеу нәтижелерін ұсыну мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) сұрау салу шарттарына сәйкес қысқартылған деректер базасы;

2) сұрау салуды қанағаттандыратын мәтіндік файл немесе басып шығарылған сипаттама.

422. Архивтің құжаттары бойынша деректер базасына анықтамалық аппарат архивте бар деректер базасының сипаттамасын қамтитын деректер базасы түрінде іске асырылады. Деректер базасында әрбір дербес деректер базасы бойынша мәліметтер – деректер базасының атауы, оның деректемелерінің тізбесі, сипаттау бірлігінің (бірліктерінің) деңгейі (деңгейлері), жазбалардағы және/немесе мегабайттағы ағымдағы көлемі, деректер базасын басқару жүйесіне нұсқау немесе деректер базасын құру үшін пайдаланылған бағдарламалау тілі қамтылады.

4-параграф. Архивтің архивтік құжаттарын пайдалану

423. Қолжетімділік санаттары бойынша архивтік құжаттар ашық және қолжетімділігі шектелген болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ жеке меншіктегі архивтік құжаттардың меншік иесінің немесе иеленушісінің келісімі бойынша қолжетімділік шектелмеген барлық архивтік құжаттар ашық болып табылады.

Қолжетімділігі шектеулі архивтік құжаттарға мыналар жатады:

1) мемлекеттік құпияларды немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын архивтік құжаттар;

2) жеке тұлғаның жеке және отбасылық құпиясы, оның жеке өмірі туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның қауіпсіздігіне қатер төндіретін мәліметтерді қамтитын архивтік құжаттар;

3) меншік иелері немесе иеленушілері оларды архивке тапсыра отырып, шартта оларға қол жеткізу және оларды пайдалану талаптарын белгілеген архивтік құжаттар;

4) аса құнды құжаттардың, мәдени құндылықтарға жатқызылған құжаттардың және осы Қағидалардың 203–204-тармақтарына сәйкес физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз болып танылған ҰАҚ архивтік құжаттарының төлнұсқалары.

Пайдаланушының мұндай құжаттарға, деректер базасына қолжетімділігі және оларды пайдалануы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді және архив құжаттарының меншік иелері немесе иеленушілері оларды архивке тапсырған кезде белгілеген шарттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Пайдаланушылардың осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжаттарға қол жеткізуі, сондай-ақ оларды пайдалануы ерекше жағдайларда архив басшысының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады. Пайдаланушыға көрсетілген құжаттардың көшірмелері (пайдалану қоры) немесе осы құжаттарды қамтитын құжаттық жарияланымдар ұсынылады.

424. Архив пайдаланушыға ашық архивтік құжаттарға, оларға ҒАА және кітапхана қорының басылымдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

425. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген немесе архивтің пайдаланушымен ақпараттық қызмет көрсету жөніндегі шартында айтылған жағдайларды қоспағанда, архив пайдаланушыға өз бетінше іздеу нәтижесінде алынған немесе оған ақылы қызметтер көрсету тәртібімен архив ұсынған ақпаратты пайдалану шарттарын шектемейді және айқындамайды.

426. Архивтік құжаттарды пайдаланудың негізгі нысандары:

1) пайдаланушыларды олардың сұрау салуына сәйкес, сондай-ақ бастамашылық тәртіппен ақпараттық қамтамасыз ету;

2) пайдаланушыларға архивтің оқу залында архивтік құжаттарды ұсыну;

3) архивтік құжаттарды көрмелерге қою;

4) архивтік құжаттарды бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану;

5) архивтік құжаттарды пайдалана отырып, ақпараттық іс-шаралар (жұртшылықпен кездесулер, архивке экскурсиялар, тұсаукесерлер, ашық есік күндері, дәрістер, баяндамалар, ауызша журналдар, конференциялар, студенттер мен оқушылар үшін сабақтар және басқалар) өткізу;

6) архивтік құжаттарды жариялау.

427. Архивтік анықтама, архивтік көшірме, архивтік үзінді, ақпараттық хат, архивтік құжаттардың тақырыптық тізбесі, архивтік құжаттардың көшірмелерін тақырыптық іріктеу, архивтік құжаттарға тақырыптық шолу пайдаланушыларды ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстағы архивтің негізгі құжаттары болып табылады.

428. Архивке, оның ішінде ақпараттық жүйелер бойынша келіп түсетін сұрау салулар:

1) тақырыптық сұрау салулар (белгілі бір проблема, тақырып, оқиға, факт, өмірбаян бойынша ақпарат беру туралы сұрау салулар);

2) генеалогиялық сұрау салулар (екі немесе одан да көп тұлғаның туыстығын, туыстық байланыстарын, отбасының, рудың тарихын белгілеу үшін қажетті ақпарат беру туралы сұрау салулар);

3) әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұрау салулар (еңбек өтілін және жалақы мөлшерін, жасын, отбасы құрамын, білімін, марапатталуын, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарын аударуды растау, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, жазатайым оқиғалар, емделуде болғаны, эвакуация, репрессияға ұшырағаны, ақтап шығарылғандығы, әскери бөлімдер мен құралымдардағы қызметте болғаны, экологиялық апат аймақтарында тұрғаны, бас бостандығынан айыру орындарында болу, азаматтық хал актілері, мүліктік құқықтар туралы сұрау салулар және мемлекеттік архивтерде сақталатын өзге де мәліметтер) болып бөлінеді.

429. Тақырыптық, генеалогиялық, әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұрау салуларды орындау бойынша жауаптар мыналарға бөлінеді:

1) оң жауаптар – бұл сұратылған мәліметтердің архивте мемлекеттік сақтауда бар құжаттардың негізінде расталуы;

2) теріс жауаптар құжаттар архивте мемлекеттік сақтауда бар, бірақ оларда сұратылған мәліметтер болмаған кезде беріледі;

3) құжаттардың сақталмағандығы туралы жауаптар мекеменің не кәсіпорынның құжаттары архивке мемлекеттік сақтауға түспеген және олардың орналасқан жерін анықтау мүмкіндігі болмаған кезде беріледі;

4) тиесілігі бойынша (бейінді емес).

Құжаттар мемлекеттік сақтауда болмаған және олардың орналасқан жері (ұйымда ведомстволық сақтауда немесе басқа мемлекеттік архивте) туралы мәліметтер анықталған кезде архив келіп түскен сұрау салуды тиістілігі бойынша сұрау салынған мәліметтер бойынша құжаттар орналасқан ұйымға не мемлекеттік архивке жібереді.

430. Пайдаланушының сұрау салуын архив жеке тұлға үшін – пайдаланушының тегі, аты, сондай-ақ әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық және/немесе электрондық мекенжайы, заңды тұлға үшін – оның атауы, пошталық және/немесе электрондық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі болған кезде қарайды және орындайды. Сұрау салуда сұратылған ақпараттың тақырыбы (мәселесі), хронологиясы көрсетіледі. Сұрау салуға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

431. Архивте сақталатын архивтік құжаттардың құрамына жатпайтын сұрау салу ол тіркелген сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде пайдаланушыны хабардар ете отырып қажетті архивтік құжаттар сақталатын басқа архивке немесе ұйымға тиесілігі бойынша жіберіледі.

432. Архив жеке тұлғаларды қабылдауды жүзеге асырады. Архив басшысы жеке тұлғалардың сұрау салуларын қабылдауды және қарауды ұйымдастыру үшін жеке жауап береді.

433. Мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, сот органының өз функцияларын орындауына байланысты тақырыптық сұрау салуын архив Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды. Мұндай сұрау салуды орындау ақысыз негізде жүзеге асырылады.

434. Жеке және заңды тұлғалардың тақырыптық және генеалогиялық сұрау салулары бойынша құжаттарды анықтау ақылы негізде жүзеге асырылады.

435. Архив әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұрау салуларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде және Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес ақысыз орындайды.

Әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қайта түскен сұрау салуды орындау немесе пайдаланушының өтініші бойынша бұрын берілгенге ұқсас архивтік анықтаманы жасау кезінде архив осы анықтамаға енгізілген мәліметтердің архивтік құжаттардағы мәліметтерге сәйкестігін тексереді және қосымша мәліметтер табылған кезде, оларды қайта берілетін архивтік анықтамаға енгізеді.

436. Пайдаланушыларға қызмет көрсету үшін архивтерде оқу залы, қарау залы, архивтік құжаттардың микрокөшірмелерімен, аудиовизуалды және электрондық құжаттармен жұмыс істеуге арналған арнайы жабдығы бар фоноқұжаттарды тыңдау бөлмесі жұмыс істейді. Арнайы бөлінген үй-жай болмаған жағдайда, пайдаланушыларға қызмет көрсету архивтің жұмыс бөлмесінде архив қызметкерінің бақылауымен жүргізіледі.

437. Архивтің оқу залында пайдаланушылардың архивтік құжаттармен жұмыс істеу тәртібі архив басшысы бекітетін пайдаланушылардың архивтің оқу залында жұмыс істеу

регламентімен айқындалады. Архив пайдаланушыларды осы регламентпен қол қойғыза отырып таныстырады.

438. Пайдаланушының архивтік құжаттарды, техникалық жабдықтар мен мүліктерді ұрлағаны немесе зақым келтіргені анықталған кезде архив өзі орналасқан жердегі ішкі істер органына тиісті өтінішпен жүгінеді, залалды өтеу шараларын қабылдайды.

439. Пайдаланушылардың тапсырыстары бойынша архивтің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, архивтік құжаттардың көшірмелері (ксерокөшірмелер, микрокөшірмелер, фототаңбалар, кинокөшірмелер, видеокөшірмелер, фонокұжаттардың көшірмелері, сондай-ақ электрондық жеткізгіштердегі көшірмелер) дайындалады.

ҰАҚ физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз құжаттарының көшірмелері жасалмайды.

Қолжетімділігі шектеулі архивтік құжаттардың көшірмелерін жасау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

440. Көшірме жасауға берілген тапсырыстарды орындау тәртібі, оның ішінде архивтік құжаттарды, жарияланбаған тізімдемелерді, ҒАА көшіру көлемі, көшірмелерді дайындаудың құны және оларды дайындау үшін есеп айырысу тәртібі "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 2-тармағының 2-6) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидаларында айқындалады.

441. Пайдаланушының тапсырысы бойынша дайындалған архивтік құжаттың көшірмесінде архив архивтік шифр мен архивтік құжатты сақтау бірлігі парақтарының нөмірлерін көрсетеді.

Құпиясыздандырылған архивтік құжаттың көшірмесін ресімдеу кезінде көшірменің бірінші және соңғы парағының алдыңғы жағының оң жақ жоғарғы бұрышына "Құпиясыздандырылған" деген мөртабан қойылады. Құпиясыздандырылған архивтік құжат көшірмесі оның барлық парақтарының алдыңғы жағына мөртабанды қою арқылы куәландырылады.

442. Архивтік құжаттардың көшірмелері пайдаланушыларға, олардың уәкілетті тұлғаларына беріледі немесе көрсетілген мекенжайлар бойынша жіберіледі.

Көшірме жасауға тапсырыстарды есепке алу қағаз жеткізгіште немесе автоматтандырылған нысанда жүргізіледі.

443. Архив өз бетінше немесе басқа архивтермен және ұйымдармен бірлесіп, архивтік құжаттардың көрмелерін дайындауды және өткізуді ұйымдастырады.

Архивтік құжаттардың көрмесін дайындау үшін тақырыптық (тұжырымдама), тақырыптық-экспозициялық және графикалық жоспарлар әзірленеді.

Тақырыптық жоспардың негізінде архивтік құжаттарды, иллюстрациялық және өзге де материалдарды анықтау және іріктеу жүргізіледі.

Тақырыптық-экспозициялық жоспарға көрме бөлімдеріне сәйкес жүйеленген, көрмеге қою үшін іріктелген архивтік құжаттардың, иллюстрациялық және өзге де материалдардың аннотацияланған тізбесі, олардың өлшемдерін көрсете отырып енгізіледі. Көрмеге қою үшін іріктелген барлық архивтік құжаттар мен басқа да материалдар аннотацияланады. Басқа тілдегі материалдарға аударма немесе мазмұнының толық аннотациясы беріледі.

Графикалық жоспарда көрме құжаттарын стендтерде немесе витриналарда, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде орналастыру тәртібі көрсетіледі.

Көрменің ұйымдастырушылары экспозиция кезінде архивтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

444. Архивтік құжаттардың жарияланымдарын дайындау кезінде архив Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 16 қарашадағы № 349 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7342 болып тіркелген) бекітілген, Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидаларын және уәкілетті органның басқа да әдістемелік құжаттарын басшылыққа алады.

445. Архивтік құжаттардың жарияланымдарының типтері (ғылыми, ғылыми-танымал және оқу) және түрі (қор бойынша, тақырыптық немесе басқа да) олардың мақсаты, дереккөздерді таңдау ерекшелігі, архивтік құжаттардың және

олардың ҒАА құрамымен, мәтінін қабылдау-тапсыру бойынша анықталады.

446. Архивтік құжаттарды жариялаудың нысандары:

1) баспа: серия, жинақ, альбом, буклет, проспект, плакат, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланым;

2) электрондық: гипермәтін, мультимедия, деректер базасы.

447. Архив деректі жарияланымдарды дайындаудың ғылыми-зерттеу және техникалық процестерін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүзеге асырады: редакциялық алқаны, құрастырушылар ұжымын қалыптастыру, ұйымдастыру-әдістемелік құжаттарды жасау, мүдделі ұйымдармен және баспалармен шарт жасасу және тағы басқалары.

448. Дайындалған және редакцияланған қолжазба ішкі және сыртқы рецензиялаудан өтеді және оны баспаға ұсынуға құқығы бар уәкілетті органның ғылыми-кеңесі немесе архивтің, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінің Ғылыми-кеңесі талқылайды.

Егер белгіленген талаптарға сәйкес рецензенттердің ескертулері мен талқылау қорытындылары бойынша пысықталып, баспаға бекітілген болса, қолжазба дайындалған болып саналады.

Баспамен шарт жасалады, онда баспаның және тапсырыс берушінің (архивтің) құқықтары мен міндеттері қарастырылады.

449. Архив қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда архивтік құжаттардың пайдаланылуын есепке алуды жүзеге асырады.

5-параграф. Архивтік анықтамаларды, архивтік үзінділерді және архивтік көшірмелерді ресімдеу тәртібі

450. Архивтік анықтама осы Қағидалардың 76-қосымшасындағы нысанға сәйкес архивтік құжаттардың түрлері мен олардың күндері көрсетіліп, оқиғалардың хронологиялық ретімен ресімделеді.

Архивтік анықтамада архивтік құжаттардан дәйексөз келтіруге болады.

451. Архивтік анықтамада деректер олардың архивтік құжаттарда баяндалуына сәйкес жазылады.

Архивтік құжаттардың жекелеген деректерінің сәйкессіздіктері, айырмашылықтар, нақты емес атаулар, атының, әкесінің атының, аты-жөнінің болмауы немесе олардың біреуінің ғана болуы, түсініксіз жазылған, автор түзеткен, түпнұсқа мәтінінің бүлінуі салдарынан оқуға келмейтін орындары архивтік анықтаманың мәтінінде жақшаның ішінде ("Құжатта солай", "Түпнұсқа мәтінде солай", "Мәтінде түсініксіз") ескертіледі.

452. Бір архивтің құжаттары бойынша анықталған бірнеше ұйымдардағы, оқу орындарындағы жұмысы, оқуы туралы мәліметтер бір архивтік анықтамаға енгізіледі.

Архивтік анықтаманың мәтінінде архивтік анықтама жасауға негіз болған архивтік құжаттардың мазмұны бойынша орындаушының өзгертулеріне, түзетулеріне, түсініктемелеріне, өзіндік тұжырымдарына жол берілмейді.

453. Архивтік анықтаманың соңында архивтік құжаттарды сақтау бірлігінің архивтік шифры мен парақтарының нөмірлері, архивтік анықтаманы жасау үшін пайдаланылған баспа басылымдары келтіріледі. Архивтік анықтаманың мәтінінде әрбір фактіні немесе оқиғаны баяндағаннан кейін бірден архивтік шифрлар мен архивтік құжаттардың сақтау бірлігі парақтарының нөмірлерін қоюға рұқсат етіледі.

454. Көлемі бір парақтан асатын қағаз форматтағы архивтік анықтаманың парақтары тігіліп, нөмірленеді және архивтің мөрімен бекітіледі.

455. Қағаз форматтағы архивтік анықтамаға архивтің басшысы немесе уәкілетті лауазымды тұлға, орындаушы қол қояды және архивтің мөрімен куәландырылады. Онда берілген мәліметтер толық болмаған кезде себептері көрсетілген ілеспе хат жасалады.

Ақпараттық жүйелерде архивтік анықтамаға архив басшысының не уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ-сымен қол қойылады.

Өтініш берушінің талабы бойынша архивтік анықтамаға архивтік құжаттардың көшірмелері немесе архивтік анықтамада баяндалған мәліметтерді растайтын олардан үзінді көшірмелері қоса беріледі.

456. 1961 жылғы Гаага конвенциясына қол қойған, соған сәйкес ресми құжаттарды консулдық заңдастыруды қажет

етпейтін мемлекеттерге жіберілетін архивтік анықтамалар арнайы "апостиль" мөртабанын қою және толтыру арқылы куәландырылады.

22. Электрондық құжаттарға (істерге) сараптама жүргізу кезінде қосымша мынадай арнайы өлшемшарттар қолданылады:

1) метадеректердің сақталуы;

2) электрондық құжаттардың (істердің) теңтүпнұсқалығы;

3) архивтік сақтауға қабылданған құжаттарда қайталанатын ақпараттың болмауы.

23. Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу және оның нәтижелерін қарау үшін ұйымда сараптау комиссиясы (бұдан әрі – СК) құрылады.

Аумақтық органдары және/немесе ведомстволық бағынысты ұйымдары бар мемлекеттік органдарда, сондай-ақ филиалдары бар ұйымдарда орталық сараптау комиссиясы (бұдан әрі – ОСК) құрылады.

24. ОСК (СК) кеңесші орган болып табылады және ұйым басшысы бекітетін ереже негізінде әрекет етеді.

25. Құжаттардың құндылығына сараптаманы жоспарлы түрде жыл сайын ұйым архивінің жұмыскері жүргізеді. Мемлекеттік архивтің жинақтау көзі болатын ұйымда құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу тиісті мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президентінің Архивінің әдістемелік басшылығымен және консультациялық көмегімен жүзеге асырылады.

Ұйым қайта ұйымдастырылған (таратылған) кезде құндылыққа жоспардан тыс сараптама жүргізіледі.

26. ОСК (СК) шешімдері ұйым басшысы бекітетін хаттамамен ресімделеді.

Мемлекеттік архивтердің, Қазақстан Республикасының Президентінің Архивінің жинақтау көздерінің ОСК (СК) шешімдерін мемлекеттік архивтер, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, ЖАО құратын тиісті сараптау-тексеру комиссиясымен (бұдан әрі – СТК) келісілгеннен кейін ұйым басшысы бекітеді.

27. Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу кезінде:

1) ұйым құжаттарының құрамын талдау;

2) мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне (мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президентінің Архивінің жинақтау көздері үшін) тапсыру үшін сақтау мерзімі тұрақты істерді іріктеу және дайындау;

3) құжаттардың төлнұсқа даналарының бар-жоғын тексеру және істеріне осы құжаттар енгізілген құрылымдық бөлімшелерді айқындау;

4) олардағы ақпараттың өзге де құжаттарда қайталану сипатын, қайталаудың түрін, нысанын және толықтығын нақтылау жүзеге асырылады.

Қайталанатын ақпараты бар құжаттарды және дубледттік құжаттарды жоюға бөлу олар тұрақты сақтауға іріктелген құжаттармен салыстырылғаннан кейін ғана жүргізіледі.

28 Қағаз жеткізгіштердегі тұрақты сақталатын құжаттарды қамтитын "СТК" белгісі бар істер қайта пішімдеуге жатады. Олардың құрамынан бөліп алынған тұрақты сақталатын құжаттар жеке істерге қалыптастырылады не тұрақты сақталатын біртектес істерге қосылады. Уақытша сақталатын қалған құжаттардан тұратын істер белгіленген мерзімдер ішінде сақталады.

Электрондық құжаттарды (істерді) пішімдеу қағаз жеткізгіштердегі істерге ұқсас жүзеге асырылады.

Тұрақты сақталатын құжаттарды қамтитын "СТК" белгісі бар электрондық құжаттардың (істердің) әр файлы бөлек, файлда – парақтап қаралады.

29. Құжаттардың құндылығына сараптама істің құжаттарын парақтап және (немесе) әр файлды қарап шығу жолымен жүргізіледі (аудиовизуалды құжаттар монтаждау үстелінде немесе экранда көрсетіледі, аудиоқұжаттар тыңдалады, электрондық құжаттар (істер) қаралады).

30. Сараптама жүргізу барысында:

1) құжаттарды аталған іске жатқызудың негізділігі;

2) құжаттың заңды күші (деректемелердің бар-жоғы);

3) іс мұқабасы деректемелерінің дұрыс ресімделуі және бар-жоғы;

4) істер парақтарының дұрыс нөмірленуі;

5) құжаттың физикалық-химиялық және техникалық жай-күйі тексеріледі.

Құрылымдық бөлімшелерде құжаттарды ұйым архивіне тапсыруға дайындау кезінде құжаттардың екінші және одан кейінгі даналары, шимайқағаздары, құжаттардың ресімделмеген көшірмелері алынбаса, олар қарап шығу (тыңдау) барысында алып тасталады.

Анықталған кемшіліктерді ұйым архивінің жұмыскері жояды. Қажет болған кезде істердің тақырыптары нақтыланады, істер сөгіледі және пішімделеді, істегі парақтарды қайта нөмірлеу жүзеге асырылады.

31. Құжаттардың құндылығын сараптау нәтижелері бойынша және құрылымдық бөлімшелер істерінің, құжаттарының тізімдемелері негізінде:

1) осы Қағидаларға нысан бойынша тұрақты сақталатын құжаттардың істер тізімдемесі 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 қосымшаларға сәйкес;

2) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрақты сақталатын электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі;

3) осы Қағидаларға 10 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрам бойынша істер тізімдемесі;

4) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрам бойынша электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі;

5) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша (10 жылдан астам) сақталатын істердің, құжаттардың тізімдемесі;

6) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша (10 жылдан астам) сақтаудағы электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі;

7) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акт;

8) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтауға жатпайтын электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы акт.

32. Жобалау, конструкторлық және технологиялық құжаттаманың құндылығына сараптама жүргізу кезінде осы

Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми – техникалық құжаттамасы мемлекеттік сақтауға беруге жататын өнеркәсіптік өндіріс бұйымдары мен технологиялық процестер, жоспарлау және күрделі құрылыс объектілері жобаларының тізбесі (бұдан әрі-тізбе) жасалады.

33. Тізбе бес жылда бір реттен сиретпей жасалады.

34. Тізбе тармақтарын жүйелеу хронологиялық, тақырыптық немесе тақырыптық-хронологиялық белгілер бойынша жүзеге асырылады.

35. Тізбені ұйымның ОСК (СК) келіскеннен кейін ұйымның басшысы және республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің немесе ЖАО-ның СТК бекітеді.

Тізбе екі данада жасалады. Ол бекітілгеннен кейін бір данасы тиісті мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне жіберіледі, екіншісі ұйымда қалады.

36. Тізбенің негізінде құндылықты одан әрі сараптау және электрондық құжаттардың (істердің) жобалау, конструкторлық және технологиялық құжаттама істерінің, құжаттарының тізімдемелерін жасау жүргізіледі.

Ғылыми-зерттеу және патенттік-лицензиялық құжаттамалар үшін тізбе жасалмайды.

37. Істердің, құжаттардың, электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемелері ғылыми-техникалық құжаттаманың әр түріне жеке жасалады: жобалау, конструкторлық және технологиялық, ғылыми-зерттеу патенттік-лицензиялық және ғылыми-техникалық құжаттаманың түрін айқындайтын цифрлық индексі бар дербес нөмірі болады.

38. Аудиовизуалды құжаттардың құндылығына сараптама жүргізген кезде аудиовизуалды құжат кешенінің толықтығы мен сақталу дәрежесі, мәтіндік ілеспе құжаттаманың бар-жоғы және оның сапасы, ғылыми және практикалық пайдалану мүмкіндігі, аудиовизуалды құжаттың дублеттілігі, игерілуі және нұсқалылығы ескеріледі.

39. Құндылыққа сараптама жүргізу процесінде қандай да бір бүлінген тұстары бар аудиовизуалды құжаттар анықталады.

Ақау, әсіресе химиялық-биологиялық сипаттағы (сарғаю, көгеру, эмульсияның қабыршықтануы) ақау табылған кезде сол

жылы өндірілген, сақталу жағдайлары бірдей барлық аудиовизуалды құжаттарға бақылау жүргізіледі.

Ақауы бар аудиовизуалды құжаттарға реставрация-профилактикалық өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

40. 1922 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде жасақталған аудиовизуалды құжаттар жоюға бөлінбейді. 1922 жылдан 1945 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде қалыптасқан аудиовизуалды құжаттарды жою уәкілетті органның келісім бойынша жүзеге асырылады.

3-параграф. Істердің, құжаттардың тізімдемесін жасау тәртібі

41. Тұрақты, уақытша сақталатын, жеке құрам бойынша істер, құжаттар, оның ішінде электрондық құжаттар (істер) тізімдемелеріне және сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актілерге әр архив қоры шегінде жеке реттік нөмірлер беріледі.

Істер, құжаттар тізімдемесі енгізілген тақырыптардың саны 9999 (тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғызға) жеткенде аяқталады.

Келесі істер, құжаттар, оның ішінде электронды құжаттар (істер) тізімдемесіне кезекті реттік нөмірі беріледі.

Ұйым қайта ұйымдастырылған немесе таратылған кезде істер, құжаттар, оның ішінде электрондық құжаттар (істер) тізімдемесі енгізілген істер, құжаттар тақырыптарының жалпы санына қарамастан аяқталады.

42. Істер, құжаттар тізімдемесінің жылдық бөлімі жыл сайын жасалады және бекітіледі.

43. Тізімдемені ресімдеген кезде тақырыптары (істердің томдары, бөлімдері) жалпы тәртіппен нөмірленеді.

44. Қосымша анықталған істер тақырыптары қабылданған жүйелендіруге сәйкес тиісті істер, құжаттар, оның ішінде электрондық құжаттар (істер) тізімдемесіне литерлік нөмірлермен енгізіледі. Бір жыл ішінде саны 10-нан астам іс болған жағдайда тақырыптары жеке-жеке нөмірлене отырып істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) қосымша тізімдемесі жасалады.

Істер, құжаттар тізімдемесіне, электрондық құжаттар (істер) тізімдемесіне істің түскені немесе шығарылғаны туралы

жазба енгізілгеннен кейін түпкі қорытынды жазба жасалады, онда енгізілген өзгерістердің негіздемесі де көрсетіледі.

45. Бірнеше жылдар бойынша құжаттарды қамтитын іс істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесіне іс жүргізуде басталған жылы бойынша енгізіледі, кейінгі жылдар бойынша оның тақырыбы көрсетіледі, ал "Ескертпе" деген бағанда – "№ істі қараңыз" деген белгі қойылады.

46. Тұрақты сақталатын істердің, құжаттардың тізімдемесі ұйымның ОСК-мен (СК-мен) келісілгеннен кейін республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің немесе ЖАО-ның СТК-мен бекітеді, ұйымның басшысы бекітеді.

Жеке құрам бойынша істердің тізімдемесін ұйымның ОСК (СК) келіседі, ОСК (СК) келіскеннен кейін республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің немесе ЖАО-ның СТК-мен келісіледі және ұйымның басшысы бекітеді.

Уақытша (10 жылдан астам) сақталатын істердің, құжаттардың тізімдемесін ұйымның ОСК-мен (СК) келісілгеннен кейін ұйымның басшысы бекітеді.

47. Мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің жинақтау көздері болып табылмайтын ұйымдар тұрақты сақталатын, жеке құрам бойынша істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемелері мен сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актілерді СТК-ға бекітуге (келісуге) ұсынбайды.

48. Тұрақты сақталатын істердің, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесіне:

1) тұрақты сақталатын, оның ішінде ҰАҚ құрамына жатқызылған істердің, құжаттардың;

2) "СТК" белгісі бар құжаттардан қалыптастырылған, ұйымның сол жылғы істер номенклатурасымен салыстырылғаннан, істерді қалыптастыру мен ресімдеудің дұрыстығы тексерілгеннен кейін уақытша сақталатын мерзімдері бар істерден бөлінген істердің. Қажет болған жағдайларда істер тақырыптары нақтыланады;

3) республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астана ұйымдары басшыларының іс жүргізу аяқталған жеке істерінің;

4) саяси мемлекеттік қызметшілердің іс жүргізу аяқталған жеке істерінің;

5) жоғарғы айырым белгілері, құрметті мемлекеттік және өзге де атақтары, наградалары, ғылыми дәрежелері бар жұмыскерлердің іс жүргізу аяқталған жеке істерінің тақырыптары енгізіледі.

49. Архив қорының сақтау бірліктері (істер) жүйелеу схемасына сәйкес архив қоры шегінде жүйеленеді.

Істің дұрыс қалыптастырылмағаны анықталса, қағаз жеткізгіштегі істер сөгіледі және қайта пішімделеді.

50. Тұрақты сақталатын істердің, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесінде тақырыптарды жүйелеу мынадай:

1) құрылымдық (сақтау бірлігінің тиісті құрылымдық бөлімшеге тиесілілігіне сәйкес);

2) хронологиялық (сақтау бірлігі жатқызылған кезеңдер немесе күндері бойынша);

3) функционалдық, салалық, тақырыптық, пәндік-мәселелік (сақтау бірлігінің мазмұнына қатысты ұйымның функциясын, тақырыбын немесе мәселелерін есепке ала отырып);

4) номиналдық (іс жүргізу нысаны бойынша – құжаттардың түрлері мен әртүрлілігі);

5) корреспонденттік (ұйымдармен және тұлғалармен хат алмасу нәтижесінде пайда болған сақтау бірліктері);

6) географиялық (құжаттардың мазмұны, олардың авторлары, корреспонденттері байланысты болатын белгілі бір аумақтарға, елді мекендерге және өзге де географиялық объектілерге сәйкес);

7) авторлық (құжаттың авторы болып табылатын ұйымның атауы немесе тұлғалардың тегі бойынша) белгілермен айқындалады.

51. Ғылыми-зерттеу ұйымдарының архив қорларындағы жеке құрам жөніндегі құжаттар, ғылыми-техникалық құжаттама, баспалардағы қолжазбалар, медициналық ұйымдардағы аурулар тарихы, бақылау органдарының архив қорларындағы тексеру

актілері жеке топқа бөлінеді және басқарушылық құжаттардан бөлек жүйеленеді.

52. Киноқұжаттар мен бейнеқұжаттар:

1) түрлеріне қарай (фильмдер, арнайы шығарылымдар, киножурналдар, жеке кино- және телесюжеттер);

2) фильмдердің, арнайы шығарылымдардың, киножурналдардың шығу жылдарына қарай; жеке кино- және телесюжеттердің өндірістік нөмірлері бойынша;

3) есепке алу бірліктері (жиынтықтары) бойынша;

4) түстілігі (түрлі-түсті, ақ-қара);

5) үлдірдің форматы (8 миллиметр (бұдан әрі – мм), 16 мм, 35 мм, 70 мм және өзге де) бойынша жүйеленеді.

53. Фотоқұжаттар мына түрлер:

1) әр түсті негативтер (түрлі-түсті немесе ақ-қара) және 2-8 цифрларымен белгіленген көлемдері (2 цифры 2,5 сантиметр (бұдан әрі – см) х 3,5 см, 3 – 6 см х 6 см, 4 – 6 см х 9 см, 5 – 9 см х 12 см, 6 – 10 см х 15 см, 7 – 13 см х 18 см, 8 – 18 см х 24 см) көлемдегі негативтерге сәйкес келеді) бойынша жүйеленеді.

Көлемі шағын, 6-8 мөлшерлі негативтерді жүйелеу кезінде оларды бір топқа біріктіруге рұқсат етіледі;

2) әр түсті слайдтар (диапозитивтер);

3) позитивтер, фототаңбалар;

4) фотоальбомдар;

5) диафильмдер;

6) "Э" әрпімен белгіленетін электрондық құжаттар (цифрлық немесе заманауи жеткізгіштегі фотоқұжаттар) бойынша жүйеленеді.

54. Фоноқұжаттар дыбыстық ақпаратты жазу түрлері бойынша: фонографиялық, граммофонды, оптикалық, магниттік, лазерлік болып жүйеленеді. Белгілі бір жазба түрінің фоноқұжаттарына жеке тізімдеме жасалады. Түрлердің ішінде фоноқұжаттар сақтау бірліктері және жиынтықтары бойынша орналастырылады.

55. Тұрақты сақталатын жеке құрам бойынша істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесінің осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша титулдық парағы, мазмұны (тарауларға бөлінгені), алғы сөзі, қысқартылған сөздер тізімі мен қорытынды жазбасы болады. Жеке құрам бойынша

тізімдеменің титулдық парағында мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің ресми атауы жазылмайды.

56. Тұрақты сақталатын істердің, құжаттардың оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі қағаз жеткізгіште 4 данада жасалады. Бекітілгеннен кейін оның екі данасы мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне беріледі, екеуі ұйым архивінде қалады.

57. Жеке құрам бойынша істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі қағаз жеткізгіште 4 данада жасалады. Бекітілгеннен кейін екі данасы мемлекеттік архивке беріледі, екеуі ұйым архивінде қалады.

58. Ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) сақталатын істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі қағаз жеткізгіште 4 данада жасалады. Бекітілгеннен кейін екі данасы мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне беріледі, екеуі ұйым архивінде қалады.

59. Барлық құжат түрлерінің электрондық істер тізімдемелері мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне ЭА АЖ арқылы не ол болмаған жағдайда электрондық жеткізгіштер арқылы беріледі.

60. Жеке құрам бойынша істердің, оның ішінде электрондық істердің тізімдемесіндегі тақырыптарды жүйелеу хронологиялық, құрылымдық (функционалдық) және номиналдық жіктелу белгілерімен айқындалады. Істердің тақырыптары іс жүргізудің басталған (аяқталған) жылы бойынша топтастырылады, әр жылдың ішінде ұйымның құрылымдық бөлімшелері (қызметінің бағыттары) бойынша, соңғылардың ішінде – істер маңыздылығының кемуіне қарай жүйеленеді.

61. Жеке құрамды есепке алу жөніндегі карточкалар мен жұмыскерлердің жеке істері (көлемі бір жылда 20 істен асса) істердің жеке тізімдемесіне енгізіледі. Олардың тақырыптары іс жүргізуде істердің аяқталу жылы бойынша, әр жыл ішінде – жұмыскерлер тегінің әліпби тәртібімен топтастырылады.

62. Ұзақ уақыт (10 жылдан астам) сақталатын істер, құжаттар, оның ішінде электрондық құжаттар (істер) тізімдемесіне мазмұны, алғы сөз және қысқартылған сөздер тізімі жасалады.

63. Ұзақ уақыт (10 жылдан астам) сақталатын істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың (істердің) тақырыптарын жүйелеу хронологиялық-құрылымдық немесе хронологиялық-функционалдық (хронологиялық-номиналдық) және номиналдық-логикалық жіктеу белгілерімен айқындалады.

4-параграф. Сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актіні жасау тәртібі

64. Сақтауға жатпайтын құжаттарды, жоюға бөлу туралы акт істер, құжаттар тізімдемесімен қатар жасалады.

65. Актіге құжаттардың құндылығына сараптама жүргізілетін жылдың 1 қаңтарына дейін сақтау мерзімдері өтіп кеткен істер мен құжаттардың тақырыптары енгізіледі.

66. Сақтауға жатпайтын құжаттар мен істерді, оның ішінде электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы Акт осы Қағидаларға 14, 15-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Актіде жеке істердің тақырыптары немесе біртектес істердің топтық тақырыптары көрсетіледі.

67. Сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актіні ұйымның ОСК-мен (СК) және республикалық мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінің немесе ЖАО СТК-мен келісілгеннен кейін ұйым басшысы бекітеді.

68. Сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акт екі данада жасалады, оның біреуі мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне, екіншісі ұйым архивіне тапсырылады.

69. Сақтау мерзімдері өтіп кеткен құжаттар, тиісті кезеңнің істер тізімдемесі мен жоюға бөлу туралы актісі бекітілгеннен кейін ғана жоюға бөлінеді.

3-тарау.
Ұйым архивінің құжаттарын сақтау

1-параграф. Құжаттардың сақталуын ұйымдастыру тәртібі

70. Электрондық құжаттардың (істердің) ұйым архивінде сақталуын қамтамасыз ету үшін:

1) құжаттарды сақтаудың материалдық-техникалық базасын құру (ғимарат және сақтау қоймалары (үй-жайлар),

құжаттарды сақтау құралдары, жабдықтар, күзету және сақтау қауіпсіздігі құралдары, климаттық бақылау құралдары, құжаттарды көшіріп алу және зақымдалғандарын қалпына келтіру құралдары) және дамыту бойынша шаралар кешені;

2) құжаттарды сақтаудың нормативтік шарттарын жасау (сақтаудың температуралық-ылғалдылық, жарық, санитариялық-гигиеналық, күзету режимдері) және сақтау бойынша шаралар кешені;

3) превентивті сипаттағы шаралар құжаттардың физикалық-химиялық сақталуын қамтамасыз ету, олардың архив қоймаларынан берілуін регламенттеу, құжаттардың бар-жоғын және жай-күйін тексеруді жүргізу, аса құнды құжаттарды айқындау, сақтандыру қорын және пайдалану қорын құру) жүзеге асырылады.

71. Электрондық құжаттар (істер) үшін сақтаудың барлық кезеңінде олардағы ақпаратты жаңғырту мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Электрондық құжаттарды (істерді) жаңғыртуға арналған форматтар немесе бағдарламалық қамтылым ескірген жағдайда, олардың ұзақ мерзімді сақталуы мен тұтастығы эмуляция немесе конвертациялау процестерімен қамтамасыз етіледі.

72. Эмуляция кезінде электрондық түрдегі құжаттарды барынша дәл жаңғыртуға арналған бағдарламалық-техникалық ортаны құру қамтамасыз етіледі.

Электрондық құжаттарды (істерді) бір файл форматынан өзге конвертациялау кезінде жасалған файл мен электрондық құжаттың (істің) эталондық данасы мазмұнының теңтүпнұсқалығын тексеру жүзеге асырылады.

Эмуляция мен конвертациялау кезінде электрондық құжаттың (істің) сәйкестендіргіші мен эмуляциялауға немесе конвертациялауға дейінгі атауы сақталады.

Эмуляция немесе конвертациялау туралы ақпарат сақталған және өзгерістер енгізуден қорғалған болуға тиіс.

73. Эмуляция немесе конвертациялау туралы ақпарат мыналарды қамтиды:

- конвертациялау процесінде құрылған сақтау объектісінің көлемі, форматы, бақылау сипаттамасы, жасалған күні мен уақыты;

- эмуляция немесе конвертациялау процестерін іске асыратын бағдарламалық құрал туралы мәліметтер;

- эмуляцияны қолданған немесе конвертациялауды жүзеге асырған ұйымның архив жұмыскері туралы ақпарат (лауазымының атауы, аты-жөні, тегі).

Конвертацияланған жағдайда электрондық құжаттың (істің) эталондық көшірмесі ұйым архивіне бастапқыда түскен түрі мен құрамында сақталады.

Конвертациялау кезінде, сондай-ақ эмуляция немесе конвертациялау процестерін құжаттау кезінде жасалған барлық сақтау объектілері электрондық құжаттың (істің) эталондық көшірмесі сияқты есепке алу бірлігіне қосылады не дербес есепке алу бірлігін құрайды.

Есепке алу құжаттарына тиісті өзгерістер енгізіледі.

74. Құжаттарды сақтауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар жүйесі құжаттардың сақталуын және ұйымның архивіне құжаттар келіп түскен кезде оларды сақтау және тиісті мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тұрақты сақтауға тапсыру кезінде олардың физикалық жай-күйін бақылауды қамтамасыз етеді.

75. Электрондық құжаттарды (істерді) сақтауды ұйымдастыру мыналарды қамтиды:

- белгіленген сақтау мерзімі ішінде электрондық құжаттарды (істерді) кепілдік берілген сақтау;

- барлық сақтау объектілерінің болуы мен физикалық сақталуын қамтамасыз ету;

- барлық сақтау объектілерінің тұтастығын қамтамасыз ету;

- ұзақ мерзімді перспективада электрондық құжаттарды қайта жаңғыртуға жағдай жасау;

- электрондық құжаттардың (істердің) орын ауыстыруын бақылау (жаңа электрондық жеткізгішке қайта жазу).

76. Архивте электрондық құжаттарды сақтау:

1) физикалық оқшауланған жеткізгіштерде – екі данада, оның біреуі негізгі, екіншісі жұмыс бабындағы болып табылады. Бұл ретте негізгі және жұмыс бабындағы даналар жеткізгіштерді өндірушілер ұсынған температуралық-ылғалды-

лық режимінде әртүрлі архив қоймаларында (үй-жайларында) сақталады;

2) электрондық архивтің ақпараттық жүйесінде – архивтің меншікті жабдығында немесе мемлекеттік органдардың деректерді өңдеу орталықтарында жүзеге асырылады.

Электрондық құжаттарды физикалық оқшауланған жеткізгіштерде сақтау шарттары:

1) ақпаратты ұзақ уақыт (10 жылдан астам) сақтауға арналған жеткізгіштерді қолдану;

2) оларды жаңғыртуды, көшіруді және конвертациялауды жүзеге асыруға, сондай-ақ физикалық және техникалық жай-күйін бақылауға мүмкіндік беретін техникалық және бағдарламалық құралдардың болуы;

3) жаңа жеткізгіштерге көшіруді және заманауи форматтарға конвертациялауды жүргізу;

4) олардың теңтүпнұсқалығын, тұтастығын, анықтылығын, пайдалануға жарамдылығын бақылауды ұйымдастыру болып табылады.

Электрондық архивтің ақпараттық жүйесінде электрондық құжаттарды сақтаудың нормативтік шарттары:

1) оның мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құру, дамыту, пайдалануға беру және оларда ақпаратты сақтау саласындағы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заң талаптарына сәйкестігімен;

2) оны пайдалану кезінде ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау талаптарының сақталуымен;

3) электрондық құжаттарды резервтік, оның ішінде бұлтты технологияларды қолдану арқылы көшірумен және оларды заманауи форматтарға конвертациялаумен қамтамасыз етіледі.

77. Электрондық құжаттарды (істерді) сақтау шарттары:

- температуралық-ылғалдылық режимінің сақталуын;

- санитариялық-гигиеналық, өртке қарсы және күзет режимдерінің сақталуын;

- арнайы сақтау құралдарын (серверлік жабдықтар, металл шкафтар, футлярлар және өзге де қолдануды қамтамасыз етуге тиіс.

Электрондық құжаттарды сақтау шарттарының сенімділігін айқындайтын негізгі параметрлер:

- ортаның ластануы;

- температуралық сақтау шарттары;

- ортаның салыстырмалы ылғалдылығы;

- электромагниттік өрістердің әсері;

- деректерді өңдеу орталығын оның қажетті жағдайларда жұмыс атқаруы үшін инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

- электрондық жеткізгіштерді пайдалану мерзімін бақылау болып табылады.

78. Ұйым архивін әкімшілік ғимараттағы ыңғайластырылған үй-жайларға орналастыру конструкцияның отқа төзімділік, беріктік талаптарына, санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкестігі, жылыту және желдету жүйелерінің болуы шартымен жүргізіледі.

79. Ұйым архивіне арналған үй-жай мыналардан:

1) құжаттарды сақтауға арналған архив қоймасынан;

2) зерттеушілердің жұмыс істеуіне арналған бөлмеден (оқу залы);

3) архив жұмыскерлеріне арналған жұмыс бөлмелерінен;

4) серверлік және коммуникациялық жабдықтарға арналған бөлмеден тұрады.

Архив қоймалары оқшауланған үй-жайларда орналасады.

Бөгде адамдар архив қоймасына ұйым басшысының келісім бойынша және ұйым архиві қызметкерінің қатысуымен ғана кіргізіледі.

80. Архив қоймалары химиялық заттарды немесе азықтүлік өнімдерін сақтаумен немесе қолданумен байланысты зертханалық, өндірістік және қойма үй-жайларынан алыс орналастырылады.

Архив қоймалары негізгі өрт сөндіру құралдарымен жабдықталады. Ұйым архиві үй-жайларының өрт сөндіру жүйелерінде және құралдарында бейтарап, құжаттар үшін қауіпсіз заттар қолданылады.

Архив қоймаларында отты, қыздыру құралдарын қолдануға рұқсат етілмейді. Олардың ішінде газ, су, кәріз құбыржолдарын және өзге де магистралдық құбыржолдарды орналастыруға рұқсат етілмейді.

Архив қоймасы үшін терезелері жоқ үй-жайды сағатына 2-3 рет ауа алмасу жиілігімен табиғи немесе жасанды желдету болған кезде пайдалануға жол беріледі.

81. Ұйым архиві үй-жайларының сыртқы есіктері металмен қапталады және берік ысырмалары болады. Жұмыс уақытында архив қоймалары кілтпен жабылады. Жұмыстан тыс уақытта архивтің барлық үй-жайларына мөр басылады немесе пломбаланады. Мөр (пломбир) кілттермен бірге ұйым, күзет жөніндегі кезекшіге сақтауға тапсырылады.

Архив қоймасынан істерді, құжаттарды ғимараттың сыртына шығару осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен арнайы рұқсаттамалар бойынша ғана жүзеге асырылады.

82. Архив қоймалары күзет дабылдарымен жабдықталады. Орналасуы сырттан кіруге мүмкіндік беретін терезелерге металл торлар орнатылады.

83. Архив қоймаларындағы электр өткізгіш жасырын салынады, герметикалық штепсельдік розеткалар пайдаланылады. Ортақ және әр қабаттағы ажыратқыштар архив қоймаларынан тысқары орналастырылады.

2-параграф. Істерді орналастыру және сақтау тәртібі

84. Ұйым архивінде құжаттар архив қоймаларында сақталады және есепке алу құжаттарына, оның ішінде электрондық құжаттарға (істерге) сәйкес олардың жедел іздестірілуін қамтамасыз ететін тәртіппен орналастырылады. Архивте істерді, оның ішінде электрондық құжаттарды (істерді) орналастыру тәртібі оларды орналастыру жоспарымен (схемасымен) айқындалады.

85. Архив қоймалары негізгі (стационарлық немесе жылжымалы металл стеллаждармен) және қосалқы (металл шкафтар, сейфтер) сақтау құралдарымен жабдықталады. Оттан қорғайтын құралдармен өңдеу шартымен ағаш стеллаждарды қолдануға рұқсат етіледі.

Фоно және бейнеқұжаттарды сақтауға арналған стеллаждар ферромагнитті емес материалдан әзірленеді.

86. Стеллаждар терезе ойықтары бар қабырғаларға перпендикуляр түрде, ал терезесі жоқ үй-жайларда – үй-жайлар мен жабдықтардың ерекшеліктерін есепке ала отырып орнатылады. Сақтау құралдарын ғимараттың сыртқы қабырғаларына және жылу көздеріне тым жақын орналастыруға рұқсат етілмейді.

Сақтау құралдарын орналастыру арақашықтықтың мынадай нормаларына сәйкес жүзеге асырылады:

1) стеллаждар қатарларының аралығы (басты өтетін жер) – 120 см;

2) стеллаждардың аралығы (өтетін жер) – 75 см;

3) ғимараттың сыртқы қабырғасы мен сыртқы қабырғаға параллель тұрған стеллаждардың аралығы – 75 см;

4) қабырға мен стеллаж немесе шкаф бүйірінің (сейфтер) аралығы– 45 см;

5) еден мен стеллаж немесе шкаф (сейфтің) төменгі сөресінің аралығы – кемінде 15 см, цоколь қабаттарда – кемінде 30 см.

87. Қағаз жеткізгіштердегі басқарушылық құжаттамасы бар істер картон қағаздан жасалған архивтік қораптарда, папкаларда немесе бумаларға орналастырылады.

Ғылыми-техникалық құжаттама жабдықтар мен сызбалардың форматтарына қарай ораулы, ашық немесе басқа түрде сақталуы мүмкін.

Электрондық жеткізгіштер отқа төзімді шкафтарда, бокстарда, футлярларда, ұяшықтарда, ал электрондық құжаттар арнайы құрылғыларда сақталады.

88. Киноқұжаттарда қорғау ракордтары болады. Бастапқы ракордтың ұзындығы 3 метрді құрайды, соңғы ракордтың ұзындығы – 1,5-2 метрді құрайды. Бастапқы және соңғы ракордтарға шифрлеу белгісі қойылады. Киноқұжаттар фотографиялық қабаты сыртқа қаратылып өзекшелерге рулон етіп тығыз оралады, рулон шеттерінде шығып тұрған орам болмауы керек. Орау бағыты – соңынан басына қарай.

Магниттік таспадағы фоноқұжаттар жазбаны тыңдау жылдамдығына байланысты түсі әртүрлі ракордтармен ресімделеді. Бастапқы ракордқа жұмыс жүргізілмейтін жағынан шифрлеу белгісі қойылады. Құжат жұмыс жүргізілетін қабаты сыртқа қаратылып өзекшеге оралады (рулондағы шығып тұрған орамдардың биіктігі 0,05 мм аспайды). Фоноқұжатты орау бағыты магнитофонда тыңдалған кезде сағат тіліне қарсы айналдырылатын рулонның айналуына сәйкес келеді.

Аудиовизуалды құжаттың әр сақтау бірлігі бастапқы, содан кейін – екінші қаптамаға оралады. Бастапқы қаптама құжаттарға тікелей тиіп тұрады және шаң мен дымқылдан қорғайды, ал екінші қаптама – құжат пен бастапқы қаптаманы

механикалық зақым келуден, жарықтан және қоршаған ортаның өзге де әсерлерден қорғайды.

Қаптама биозақымданудың пайда болуына кедергі келтіретін, құрамында хлор, азот жоқ, сондай-ақ құжаттардың зақымдануына әкеп соқпайтын немесе оларға жабыспайтын химиялық инерттік материалдардан дайындалады.

89. Киноқұжаттар жұқа қағаздан жасалған қаппен немесе көп қатпарлы полиэтилен, полиэтилентерефталат пакетпен және металл қораппен қапталады. Пакет мөлшері рулон мөлшеріне сәйкес келеді.

Үлдірдегі, фотоқағаздағы, шыны фотопластиналардағы фотоқұжаттар жарық өтпейтін қышқылсыз қара қағаздан жасалған конверттермен қапталады.

Магниттік таспадағы фонокұжаттар полиэтилен үлдірден жасалған пакетпен және зауыттық қораппен қапталады немесе заттаңбаларға арналған ойықтары бар полиэтилен футлярға (контейнерге) салынады.

Дискілі жеткізгіштердегі аудиовизуалды құжаттар зауыттық қаптамаға салынады, ал содан соң қорап ыдысқа орналастырылады.

Бейнефонограммалар берік полимерлік материалдан жасалған арнайы зауыттық қаптамада сақталады.

90. Құжаттарды еденге, терезе алдына, баспалдақ алаңдарына қоюға немесе реттелмеген күйде қоюға жол берілмейді.

91. Архив қоймалары, стеллаждар, шкафтар (сейфтер) және олардың сөрелері араб цифрларымен нөмірленеді. Стеллаждар және шкафтар (сейфтер) архив қоймасына кірген жерден солдан оңға қарай, олардың сөрелері – жоғарыдан төмен қарай жеке-жеке нөмірленеді.

92. Архив қоймаларында істердің, құжаттардың сақталу орны стеллаждар бойынша топографиялық сілтегіштерде көрсетіледі.

Әрбір стеллажға осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша постеллаждық топографиялық көрсеткіштің карточкасы жасалады. Постеллаждық топографиялық көрсеткіштің карточкалары әрбір жеке архив қоймасы шегінде стеллаждардың нөмірленуіне сәйкес жүйеленеді.

Құжаттардың орналасуындағы барлық өзгерістер стеллаж бойынша топографиялық сілтегіштерде уақтылы көрсетіліп отырады.

93. Электрондық құжаттарды (істерді) сақтаған кезде ұйым архиві мынадай негізгі техникалық құралдармен:

1) ақпаратты сенімді енгізуді қамтамасыз ететін лек сканерлерімен;

2) сұрау салуларды қатар өңдеуді жүргізуге қабілетті серверлермен;

3) мәтіндік, графикалық және аудиовизуалды құжаттардың көп легін енгізуге және өңдеуге бағдарланған өнімділігі жоғары (100 Мбит/с және одан көп) есептеуіш желімен;

4) жүйенің іздестіру деректеріне өнімділігі жоғары және өте сенімді қол жеткізуді қамтамасыз ететін жабдықтармен;

5) деректерді компакт немесе магнитті-оптикалық дискілерге көшіретін жабдықтармен;

6) магниттік таспаға резервтік көшіріп алу жабдықтарымен;

7) мәтіндік және графикалық ақпаратты өңдеуге бағдарланған автоматтандырылған жұмыс орындарымен;

8) үздіксіз қоректендіру көзімен;

9) ең жаңа модификациядағы принтерлермен және модемдермен;

10) мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасына (мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган болып айқындалған ақпараттандырудың өзге де субъектілері үшін) қол жеткізуді қамтамасыз ететін жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

94. Электрондық құжаттар архивінің базалық (жүйелік) бағдарламалық құралдарына:

1) деректердің қомақты ауқымын өңдеуге бағдарланған операциялық желілік орта және дерекқорды басқару жүйесі;

2) деректерді көрсету мен өңдеу құралдары;

3) санкциясыз кіруден қорғау құралдары және вирусқа қарсы құралдар кіреді.

95. Ұйымның электрондық құжаттар архивінің жұмыс істеуіне арналған арнайы бағдарламалық құралдарға:

1) ақпаратты электрондық жеткізгіштегі құжаттарды тұрақты іздестіру жүйесін тиімді сүйемелдеу құралдары;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерді танып білудің бірыңғай құралдары;

3) деректер базасына ақпаратты енгізудің бірыңғай технологиясын қамтамасыз ететін құралдар;

4) ақпараттарды жедел іздестіру құралдары және ақпараттарды жедел талдау құралдары;

5) пайдаланушылардың сұрау салуларын әзірлеу және оңтайландыру құралдары;

6) ұйымның электрондық құжаттар архивінің ақпаратына рұқсатсыз кіруден бағдарламалық және аппараттық қорғау құралдары кіреді.

3-параграф. Құжаттарды сақтау режимін қамтамасыз ету тәртібі

96. Архив қоймаларында құжаттармен жұмыстардың барлық түрі жарықтандыру деңгейлері шектеліп жүргізіледі. Құжаттар, оның ішінде электрондық құжаттар (істер) сақтаудың бастапқы қорғаныш құралдарында (архивтік қораптарда, бумаларда, арнайы футлярларда, пакеттерде, бокстарда) орналастырылады.

97. Табиғи жарық түсіп тұрған кезде терезеге жарық түсуін реттегіштер, қорғаныш сүзгілері, перделер, жалюздер немесе боялған әйнектер орнатылады.

Жасанды жарық үшін беті тегіс жабық плафондардағы қыздыру лампалары қолданылады. Люминисцентті лампалар сәулелену спектрінің ультракүлгін учаскесі азайтылып қолданылады.

98. Архив қоймаларында мынадай температуралық-ылғалдылық режимдер қамтамасыз етіледі:

1) ақпаратты қағаз жеткізгіштердегі құжаттар үшін – температура +17 – +19°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50-55 %;

2) ақпаратты ақ-қара үлдір жеткізгіштердегі құжаттар үшін – температура + 15°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-55 %;

3) ақпаратты түрлі-түсті үлдір жеткізгіштердегі құжаттар үшін – температура +2 – + 5°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 40-55 %;

4) магниттік таспадағы және диск жеткізгіштердегі құжаттар үшін – температура +8-ден + 18 °С-ге дейін, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы – 45-65 %;

5) ақпаратты электрондық жеткізгіштегі құжаттар үшін – температура +15 – +20 °С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы – 50-65 %.

Электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, электрондық құжаттарды (істерді) сақтаудың оңтайлы температуралық-ылғалдылық режимін қамтамасыз ету үшін қоймада мынадай талаптардың орындалуын қамтамасыз ету қажет:

- магниттік таспа мен дискілі жеткізгіштер үшін ауа температурасы +8-ден +18 °С-қа дейін, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 45-65 % аралығында сақталады;

- оптикалық дискілер үшін температура +25 °С-тан аспай, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 20-50 %-ды құрайды;

- серверлік жабдық үшін ауа температурасы +18-ден +24 °С-қа дейін болады, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30-50 %-ды құрайды.

Ауа ылғалдылығының өзгеру жылдамдығы сағатына 6 %-дан аспайды.

Атмосфералық қысым 84 – 107 кПа аралығындағы шекте болады.

99. Климаты реттелмейтін архив қоймаларында ұйымның ғимаратын ұтымды жылыту, архив қоймаларындағы ауаны желдету және ылғалдандыру (құрғату) негізінде климаттық жағдайларды оңтайландыру жөніндегі тиісті іс-шаралар жүзеге асырылады.

100. Архив қоймаларындағы температуралық-ылғалдылық режим тиісті бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері негізінде ауаның температурасы мен салыстырмалы ылғалдылығы параметрлерін үнемі өлшеп тұру жолымен бақыланады. Ауа бапталатын үй-жайларда аптасына екі рет, климаты реттелмейтін үй-жайларда аптасына үш рет параметрлерді өлшеу жүзеге асырылады.

Қоймада электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, электрондық құжаттарды (істерді) сақтаудың температуралық-ылғалдылық режимі температураны үнемі өлшеу және дәл сол уақытта:

- ауа бапталатын үй-жайларда – аптасына бір реттен сиретпей;

- климаты реттелмейтін қоймаларда – аптасына екі рет;

- сақтау режимі бұзылған жағдайда – күніне бір рет салыстырмалы ылғалдылықты анықтау арқылы бақыланады.

Бақылау-өлшеу аспаптары (термометрлер, психрометрлер, гигрометрлер) негізгі дәлізде жылыту және желдету жүйелерінен алыс стеллажда орналастырылады. Өлшеу аспаптарының көрсеткіштері (термометр, психрометр) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін тіркеу журналында тіркеледі.

Архив қоймаларындағы температура мен ылғалдың күрт ауытқуына жол берілмейді.

101. Архив қоймаларында санитариялық-биологиялық тұрғыдан қауіпті (өңездің, жәндіктердің, кеміргіштердің, шаңның пайда болуын), желдетілмейтін аймақтардың пайда болуына жол бермейтін ауа айналымы қамтамасыз етіледі.

Жылдың жылы уақытында ашылатын терезелер, сондай-ақ архив қоймаларының қабырғаларындағы, төбелеріндегі, еңдеріндегі желдету тесіктері және желдету жүйелерінің сыртқы тесіктері ұяшықтарының диаметрі 0,5 мм аспайтын торлармен жарақтандырылады.

Архив қоймаларына сырт киімдермен, дымқыл және лас аяқ киіммен кіруге, азық-түлік өнімдерін сақтау мен пайдалануға рұқсат берілмейді.

102. Жылына кемінде бір рет стеллаждарды, шкафтарды, құжаттарды бастапқы қорғау құралдарын шаңнан тазалау қажет. Бұл ретте еңдер, плинтустар терезе алды тақтайлары, стеллаждардың төменгі жақтары формалиннің екі пайыздық ерітіндісімен тазаланады. Архив қоймаларында аптасында екі реттен сиретпей дымқыл тазалау жұмысы жүргізіледі.

103. Құжаттар (таңдау бойынша) мен архив қоймаларына жылына екі рет (жылыту мерзімі басталған және аяқталған кезде) жәндіктер мен өңезді саңырауқұлақтарды уақтылы анықтау үшін тексеру жүргізіледі.

Биологиялық зиянкестер табылған жағдайда санитариялық-эпидимиологиялық қызметтердің көмегімен дезинфекция және дезинсекция бойынша шұғыл шаралар жүргізіледі.

104. Негізінде немесе мәтінінде физикалық кемшіліктер анықталған үнемі сақталатын құжаттар (құжаттың бір бөлігінің

жоғалуы, жыртылу, эмульсия қабатының қабыршықтануы) құжаттардың физикалық жай-күйі журналына (есепке алу картотекасында) тіркеледі. Аталған журналда (есепке алу карточкасында) құжатты қалпына келтіруге (реставрациялау, дезинфекциялау, микрофильмдеу, фотореставрациялау, көшірмесін түсіру, электрондық форматқа көшіру) қажетті арнайы өңдеу түрлері тіркеледі және құжаттардың физикалық жай-күйін жақсарту жөніндегі нақты іс-шаралар көрсетіледі.

105. Өңез және жәндіктер зақымдаған істер, құжаттар өңдеуге (дезинфекциялауға, дезинсекциялауға) дереу беріледі.

4-параграф. Архив қоймаларынан істерді, құжаттарды беру тәртібі

106. Архив қоймаларынан істер, құжаттар:

1) ұйым жұмыскерлерінің пайдалануы үшін;

2) жеке тұлғалардың оқу залында пайдалануы үшін;

3) өзге де ұйымдарға уақытша пайдалану үшін;

4) құжаттардың физикалық жай-күйін жақсарту мақсатында оларды арнайы өңдеу үшін беріледі.

107. Архив қоймаларынан уақытша пайдалануға істер, құжаттар:

1) ұйым жұмыскерлерінің пайдалануы үшін бір айдан;

2) құжаттарды оқу залында пайдалану үшін бір айдан;

3) өзге де ұйымдарға уақытша пайдалану және құжаттарды көрмеге қою үшін үш айдан аспайтын мерзімге беріледі.

108. Істерді, құжаттарды уақытша пайдалануға берудің белгіленген мерзімін ұзартуға пайдаланушының құжаттың сақталуы туралы қарар бойынша ұйым басшысының жазбаша рұқсатымен ерекше жағдайларда рұқсат беріледі.

109. Тұрақты сақтауға тапсыруға жататын ғылыми-техникалық құжаттарға электрондық және өзге де жеткізгіштерде пайдалану қоры құрылады. Олардың төлнұсқалары архив қоймаларынан берілмейді.

110. Құқық қорғау органдарына, сот және прокуратура органдарына істер, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі істер, электрондық құжаттар (істер) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде айқындалған тәртіппен беріледі.

111. Архив қоймаларынан істерді, құжаттарды беру мынадай құжаттармен:

1) осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу залына және ұйым қызметкерлеріне істерді беруге тапсырыстармен;

2) ұйымның жалпы бланкісінде ресімделетін осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша істерді, құжаттарды уақытша пайдалануға беру туралы актілермен;

3) құжаттардың көшірмесін жасау және реставрациялау жұмыстарын жүргізуге тапсырыстармен ресімделеді.

Архивтік құжаттарға (істерге) тапсырыс беру ЭА АЖ, логин және құпия сөз арқылы, оның ішінде зерттеушілер үшін жүзеге асырылуы мүмкін.

112. Архив қоймасынан істерді, құжаттарды, оның ішінде электрондық құжаттарды беру осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды беру кітаптарында немесе ЭА АЖ-да тіркеледі.

113. Зерттеушілердің орындалған тапсырыстары зерттеушілердің жеке істерінде, қалғандары істің бар-жоғы мен жай-күйіне тексеру жүргізілгенге дейін сақталады.

114. Істерді, құжаттарды өзге ұйымдарға уақытша пайдалануға беру екі данада жасалатын актімен ресімделеді, оның бірі ұйым архивінде қалады, ал екіншісі алушыға беріледі. Актіге істі беретін ұйымның басшысы мен істі алған ұйым басшысы қол қояды. Істер қайтарылғаннан кейін актінің екі данасына тиісті белгілер қойылады – бір данасы алушы ұйымда қалады, екіншісі құжатты берген ұйымның архивінде қор істерінде сақталады.

115. Құжаттарды көшірмесін түсіруге, реставрациялауға, түптеуге жолдау тапсырыспен ресімделеді. Тапсырыс ұйым архивінде құжаттарды өзге ұйымның уақытша пайдалануына беру туралы актінің нысаны бойынша ресімделеді.

116. Архив қоймасынан істерді, құжаттарды берер алдында мұқабадағы шифр мен іс тақырыбының жиынтық тізімдемедегі шифр мен іс тақырыбына сәйкестігі тексеріледі. Архив қоймасынан істі берер алдында және қайтарып алу кезінде берілген әр істегі құжаттардың парақтар саны мен жай-күйі тексеріледі.

Архив қоймасынан берілетін әрбір істің осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдалану парақтары болады.

117. Қоймадан электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды беру кезінде берілетін құжатты құрайтын барлық сақтау объектілерінің тұтастығын тексеру жүзеге асырылады.

118. Архив қоймасынан істі (құжаттарды) берілген кезде олардың орнына осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтау бірлігінің орынбасары-карта салынады. Істі (құжатты) архив қоймасына қайтарған кезде орынбасар-карта алынады.

119. Пайдаланылғаннан кейін ұйым архивіне қайтарылатын құжаттардың жай-күйі оларды қайтарған тұлғаның қатысуымен тексеріледі.

Құжаттардың немесе олардағы жекелеген парақтардың жетіспеуі, сондай-ақ істердің зақымдануы анықталған жағдайда, ұйым архивінің қызметкері бұл туралы басшылығына хабарлайды.

5-параграф. Архивтік істердің, құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйіне тексеру жүргізу тәртібі

120. Архивтік істердің, құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру жоспарлы тәртіппен 5 жылда бір рет, электрондық құжаттар (істер) бойынша 3 жылда бер рет жүргізіледі.

121. Істердің, құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін кезектен тыс тексеру:

1) істер, құжаттар өзге де архив қоймасына ауыстырылғанға дейін және одан кейін;

2) оларды мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне сақтауға берер алдында;

3) істерді көшіруге (эвакуациялауға) немесе архив қоймасына бөгде тұлғалардың кіруіне әкеп соққан төтенше жағдайлардан кейін;

4) ұйым архивінің басшысы (архивке жауапты адам) ауысқаннан кейін;

5) ұйым қайта құрылған (таратылған) жағдайда жүргізіледі.

122. Құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында:

1) ұйым архивінде сақтаудағы құжаттардың нақты бар-жоғын анықтау;

2) құжаттарды есепке алудағы кемшіліктерді анықтау мен оларды түзету;

3) жоқ құжаттарды анықтау және оларды іздеуді ұйымдастыру;

4) реставрациялауды, консервациялауды және профилактикалық өңдеуді талап ететін құжаттарды анықтау және есепке алу жүзеге асырылады.

123. Құжаттаманың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру жөніндегі жұмыстар басталмас бұрын алдыңғы тексерулердің құжаттары зерделенеді.

Құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында істердің, құжаттардың әр тізімдемесіндегі нөмірленуінің дұрыстығы, істер, құжаттар тізімдемесіндегі және есепке алу құжаттарындағы қорытынды жазбаларға істер тақырыптарының нөмірленуінің сәйкестігі тексеріледі.

Істер, құжаттар тізімдемесі бөлімінің сипаттаушы мақалаларын істер мұқабаларындағы деректемелердің мазмұнымен (шифрлер, қор құрушының және оның құрылымдық бөлімшелерінің атауы, істердің іс жүргізу индекстері, істердің тақырыптары, істердің күндері, парақтар саны) салыстыру жүргізіледі.

Аса құнды құжаттары бар істер, брошюраланбаған істер парақтап тексеріледі. Тексеру қорытындылары істердің куәландыру парақтарында тіркеледі.

124. Электрондық жеткізгіштердің бар-жоғы мен жай-күйін біржолғы тексеру:

- архивтің электрондық жеткізгіштерін өзге де қоймаға орын ауыстырғаннан кейін;

- төтенше жағдайлардан кейін;

- архив басшысы (мемлекеттік есепке алуға және архив қоймасына жауапты тұлға) ауысқаннан кейін жүргізіледі.

125. Аудиовизуалды құжаттаманы тексеру кезінде сипаттаушы мақала кино-, фоно-, бейнеқұжаттардың заттаңбасындағы жазбалармен салыстырылады. Мәліметтер сәйкес келмеген кезде сипаттаушы мақала құжат ракордындағы жазбамен салыстырылады.

126. Сызбалардың бар-жоғын тексеру парақтап жүзеге асырылады, ерекшелік деректемелерінің немесе ішкі тізімдеменің атауы жобаның (әзірлеменің) құрамына кіретін сызбаның әр парағының атауымен салыстырылады.

127. Құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру кезінде:

1) стеллаждардағы және бастапқы сақтау құралдарындағы құжаттардың орналасу тәртібін сақтау;

2) тексеру барысында дұрыс қойылмағаны анықталған істер мен құжаттарды өз орындарына қою;

3) істердің, құжаттардың тиісті тізімдемелерінің бөлімдеріне тақырыптары енгізілмеген істерді алу;

4) көгерген немесе өзге де биологиялық зиянкестермен бүлінген істер мен құжаттарды алу және оқшаулау;

5) физикалық ақаулары бар құжаттарды анықтау қажет.

128. Тексеру барысында істердің, құжаттардың тізімдемелеріне және басқа да есепке алу құжаттарына белгі қою немесе жазба жазу жүргізілмейді.

129. Ұйым жұмыскерлеріне оқу залына және өзге ұйымдарға уақытша пайдалануға берілген қағаз жеткізгіштегі істер істерді беру кітаптары мен актілері бойынша тексеріледі және қолда бар деп саналады.

130. Тексеру барысында осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша архив қорында істердің, құжаттардың бар-жоғын және жай-күйін тексеру парағы жасалады. Тексеру парақтары әрбір архив қоры шегіндегі нөмірлер тәртібі бойынша нөмірленеді және орындаушы қол қояды.

Архив қорын тексеру аяқталғаннан кейін тексеру парақтары аталған архив қорының істеріне енгізіледі.

Істердің бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында тексеру парағының бағанында көзделмеген кемшіліктер анықталған жағдайда параққа қосымша бағандар енгізіледі. Егер тексеру нәтижесінде кемшіліктер анықталмаса, тексеру парағы архив қорының ісіне енгізілмейді.

131. Тексеру парағының (парақтарының) негізінде осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша архивтік құжаттардың бар-жоғын және жай-күйін тексеру актісі жасалады.

132. Архивтік құжаттардың бар-жоғы мен жай-күйін тексеру аяқталғаннан кейін істердің, құжаттардың (есепке алу кітаптары мен сипаттамалары) тізімдемесінің соңына "Тексерілді" деген сөз, күні, лауазымы жазылады және тексеру жүргізген тұлға қол қояды.

Қорытынды жазбада істер, құжаттар тізімдемесінің (есепке алу кітабы мен сипаттамасы) есепке алынбаған,

белгіленген сақтау бірліктерінің тәртібіне сәйкес шығып қалған литерлік және өткізіп алынған реттік нөмірлері анықталған жағдайда қорытынды жазба қайта жасалады.

133. Барлық жетіспейтін сақтау бірліктеріне архивтік құжаттардың бар-жоғын және жай-күйін тексеру барысында осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықталмаған архивтік құжаттарды есепке алу карточкалары жасалады.

Табылмаған архивтік құжаттардың картотекаларын жүргізу орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады.

134. Егер істердің бар-жоғы мен жай-күйін тексеру барысында істердің, құжаттардың, электрондық құжаттардың (істердің) жетіспейтіндігі анықталса, онда оларды іздестіру ұйымдастырылады.

Табылмаған істерді, құжаттарды іздестірген кезде:

1) істер, құжаттар құрылымдық бөлімшеден ұйым архивіне тапсырылған тізімдемелерді зерделеу;

2) тексеру кезінде табылмаған істерді, құжаттарды, электрондық құжаттарды (істерді) ұйымның оларды жасаған тиісті құрылымдық бөлімшелерінде іздестіруді ұйымдастыру;

3) архив қоймасынан істерді, құжаттарды беру туралы есепке алу құжаттарын зерделеу;

4) архив қоры ісінде құжаттарды (істерді), электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы актілерді зерделеу;

5) жақын орналасқан архив қорларындағы істерді тексеру жүзеге асырылады.

Іздестіру құжаттардың (істердің), электрондық құжаттардың (істердің) жетіспеушілігі анықталғаннан кейін бір жыл ішінде жүргізіледі.

135. Іздестіру нәтижесінде табылған істер, электрондық құжаттар (істер) өз орындарына қойылады, табылмаған істерді тиісті есепке алу карточкасына табылғандығы туралы белгі қойылып, уақыты және ұйым архиві басшысының (ұйым архивіне жауапты адамның) қолы көрсетіледі.

136. Болмау себебі құжаттамамен расталған істер, оның ішінде электрондық істер тізімдемелерден, оның ішінде электрондық істер тізімдемелерінен алып тасталады. Тиісті карточкаларда істің болмауы расталатын актілердің уақыты мен нөмірлері көрсетіледі, іздестірудің жүргізілгені туралы анықтамалар жасалады. Іздестірудің нәтижелерін ОСК (СК) отыры-

сында қарағаннан және оның шешімін ұйым басшысы бекіткеннен кейін табылмаған құжаттар есептен алынады.

137. Тексерілетін архив қорының есепке алу құжаттарына тексеру анықтаған өзгерістер енгізілгеннен және тұрақты сақталатын істер туралы тиісті мәліметтер тұрақты сақталатын істердің, құжаттардың бекітілген тізімдемелеріне өзгерістер енгізу үшін мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне берілгеннен кейін істердің, оның ішінде электрондық істердің бар-жоғы мен жай-күйін тексеру аяқталды деп саналады.

6-параграф. Құжаттардың қорға тиістілігін айқындау тәртібі және архив қорын құру (жабу)

138. Ұйым архивіне сақтауға берілген құжаттар, оның ішінде электрондық құжаттар ұйымның архив қорын құрайды.

139. Архив қорының түрлері:

1) ұйымның қызметі процесінде қалыптасқан құжаттардан, оның ішінде электрондық құжаттардан тұратын ұйымның архив қоры;

2) өзара тарихи және/немесе логикалық шарттасқан байланыстары бар (қызметтердің біртектілігі және сабақтастығы, бағыныстылығы, қызмет объектілері мен уақытының біртұтастығы, орналасу жері және өзге де) екі немесе одан көп ұйымдардың құжаттарынан, оның ішінде электрондық құжаттарынан қалыптастырылған біріктірілген архив қоры болып табылады.

140. Ұйым құжаттарының, оның ішінде электрондық құжаттарының қорға тиістілігін айқындау оларды нақты архив қорына жатқызуға негізделеді.

141. Ұйымның құжаттарының қорға тиістілігін анықтау кезінде мыналар ескеріледі:

1) кіріс құжаттары оларды алған ұйымның архив қорына жатқызылады (көрсетілген құжаттардың қорға тиістілігі адресат, құжаттың ұйымға келіп түскені туралы белгі, қарар, құжаттың орындалғаны және оның іске жіберілгені, құжаттың мәтіні сияқты деректемелермен айқындалады);

2) шығыс құжаттарының кетуі олардың авторлары болып табылатын ұйымның архив қорына жатқызылады (олардың қорға тиістілігі қолтаңба, құжаттың мәтіні сияқты деректе-

мелермен, сондай-ақ құжаттардың сақталатын нұсқасындағы іс жүргізу белгілерімен айқындалады);

3) ішкі құжаттар олардың авторы болып табылатын ұйымның архив қорына жатқызылады (олардың қорға тиістілігі ұйымның ресми атауы, қолтаңба, құжаттың мәтіні, бұрыштама сияқты деректемелермен айқындалады).

142. Істер, оның ішінде электрондық істер екі ұйымда дәйекті түрде жүргізілген істер іс жүргізумен қай ұйымда аяқталса, сол ұйымның архив қорына енгізіледі.

143. Бірыңғай архив қорын:

1) қызметінің түбегейлі өзгеруіне әкеп соқпаса, қайта ұйымдастырылғанға (қайта құрылғанға) дейінгі және одан кейін ұйымның;

2) меншік нысаны мемлекеттіктен мемлекеттік емеске ауыстырылған, бірақ жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің үлесі басым болатын ұйымның;

3) өз қызметін уақытша тоқтатқан және сол міндеттері мен функциялары қалпына келтірілген ұйымның;

4) ұйымның және оның жанынан құрылған консультативтік-кеңесші органдардың;

5) ұйымның және оны тарату (конкурстық) комиссияның құжаттары құрайды.

144. Еншілес ұйымдардың құжаттары олардың негізгі ұйымдарының құжаттарынан бөлек архив қорларын құрайды.

145. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымның жанында әрекет ететін қоғамдық (кәсіподақтық, спорттық және өзге де) бірлестіктердің осы қоғамдық бірлестік тіркелген сәттен басталған құжаттары ұйым архивіне сақтауға түскен кезде дербес архив қорын құрайды немесе біріктірілген архив қорын құрай отырып, ұйымның архивіне қосылады.

146. Біріктірілген архив қоры:

1) белгілі бір аумақта әрекет ететін, нысаналы мақсаты мен функциялары біртектес ұйымдардың;

2) белгілі бір аумақта әрекет ететін басшы органның және оған бағыныста ұйымдардың;

3) қызмет объектісімен біріктірілген ұйымдардың;

4) осы ұйымның жұмыскерлері мүшелері болып табылатын ұйымдардың және қоғамдық (кәсіподақтық, ғылыми-техникалық және өзге де) ұйымдардың;

5) алдыңғыларының функциялары мұрагерлеріне толық немесе ішінара берілген болса және беріліп жатса, сондай-ақ олардың істерін қалыптастыру, бөлуге жатпайтын құжаттардың байланысты кешенін құруға әкелген үздіксіз процестер ретінде жүрсе, бірін бірі алмастырған ұйымдардың архивтік құжаттарынан, электрондық архивтік құжаттарынан қалыптасады.

Құжаттары біріктірілген архив қорына кірген ұйымдардың атаулары есепке алу құжаттарында көрсетіледі.

Біріктірілген архив қорын құру оның құрамына кірген қорлардың құжаттарын бөлмеу шартымен жүзеге асырылады.

147. Ведомстволық архивке түскен әр архив қорына атау мен нөмір беріледі. Архив қорының атауы қор құрушының ресми атауына сәйкес келеді, оның ұйымдық-құқықтық нысаны, бағыныстылығы, хронологиялық реттілікпен барлық қайта аталуы, сондай-ақ орналасқан жері көрсетіледі.

148. Архив қорының атауында оның хронологиялық шекаралары көрсетіледі.

149. ЖАО атауларын немесе әкімшілік шекараларын өзгерту тиісті ЖАО мен осы аумақта орналасқан өзге де ұйымдардың архивтік құжаттарынан тұратын жаңа архив қорларын құруға негіз бола алмайды.

150. Ұйым қайта ұйымдастырылған кезде жаңа архив қорлары мына:

1) ұйым қызметінің нысаны өзгергенде;

2) ұйымның меншік нысаны өзгерген жағдайларда құрылады.

Таратылған ұйымның құжаттары, электрондық құжаттары жеке архив қорын құрайды.

151. Жаңа архив қорын құруға мыналар:

1) ұйымның қайта аталуы немесе оның қызметінің немесе функцияларының әкімшілік-аумақтық шекараларының өзгеруі;

2) оларға алғашқы ұйымның жекелеген функцияларын бере отырып, ұйымнан бір немесе бірнеше жаңа ұйымның бөлініп шығуы;

3) ұйым мүлкінің меншік нысанын өзгертпей, осы ұйым құрылтайшысының (құрылтайшыларының) ауысуы;

4) ұйымды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру);

5) ұйымның республикалық меншіктен коммуналдық меншікке және керісінше ауысуы негіз болып табылмайды.

152. Архив қорының хронологиялық шектері мыналар болып табылады:

1) ұйымның архив қоры үшін құқықтық актілердің негізінде белгіленетін олардың құрылған (тіркелген) және таратылған ресми күндері (бірнеше құқықтық акт бар болса, онда олардың ішіндегі неғұрлым ерте күні ұйымның құрылған күні ретінде алынады);

2) біріктірілген архив қоры үшін құжаттары біріктірілген архив қорының құрамына енгізілген ұйымдар қызметінің мерзімі бойынша ең ерте құрылған (тіркелген) және ең кеш таратылған күндері.

7-параграф. Архив қоры шегінде құжаттарды ұйымдастыру тәртібі

153. Архив қоры шегінде сақтау бірлігі есепке алу және жіктеу бірлігі болып табылады.

154. Қағаз жүзіндегі архивтік құжаттардың сақтау бірлігі іс болып табылады.

155. Мыналар аудиовизуалды құжаттарының есепке алу бірліктері болып табылады:

1) киноқұжаттар үшін – физикалық тұрғыдан оқшауланған киноүлдір орамы;

2) фотоқұжаттар үшін – физикалық тұрғыдан оқшауланған кадр (негатив, дубль-негатив, позитив, слайд (диапозитив), диафильмнің рулоны, фототаңба, фотоальбом, дискілі жеткізгіш және панорамалық түсірілімнің физикалық тұрғыдан оқшауланған кадрлары;

3) фоноқұжаттар үшін – физикалық тұрғыдан оқшауланған магниттік таспаның рулоны, дискілі жеткізгіш және физикалық тұрғыдан оқшауланған аудиокассета;

4) бейнеқұжаттар үшін – физикалық тұрғыдан оқшауланған бейнекассета, физикалық тұрғыдан оқшауланған дискілі жеткізгіш.

Мыналар аудиовизуалды құжаттардың сақтау бірліктері болып табылады:

1) киноқұжаттар үшін – кинотуындыға немесе белгілі бір оқиғаны түсіруге қатысты сақтау бірлігінің бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі;

2) фотоқұжаттар үшін – мағыналық мазмұнымен біріктірілген, бір оқиғаны көрсететін сақтау бірлігінің бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі;

3) фоноқұжаттар үшін – белгілі бір оқиғаның, авторлық, орындаушылық, тақырыптық және өзге де белгілермен біріктірілген әдебиет пен өнердің бір немесе бірнеше туындыларының дыбыстық жазбасы бар бір немесе бірнеше сақтау бірлігі;

4) бейнеқұжаттар үшін – белгілі бір оқиғаның, авторлық, орындаушылық, тақырыптық және өзге де белгілермен біріктірілген әдебиет пен өнердің бір немесе бірнеше туындысы жазылған сақтау бірлігінің бөлігі, бір немесе бірнеше сақтау бірлігі.

156. Электрондық құжаттардың сақтау бірлігі ретінде ілеспе құжаттамасы бар физикалық тұрғыдан оқшауланған жеткізгіш (қатты диск, компакт-диск және өзге де заманауи жеткізгіштер) қабылданады.

157. Электрондық құжаттардың есепке алу бірліктері ретінде бірыңғай бағдарламалық-ақпараттық объектіні (мәтін, гипермәтін, мультимедиалық объект, деректер базасы, деректер банкі, білім базасы) құрайтын файл немесе бірнеше файл жазылған сақтау бірлігі немесе сақтау бірліктерінің жиынтығы, сондай-ақ ілеспе құжаттама қабылданады.

158. Біріктірілген архив қорында сақтау бірліктері қор құрушылардың маңыздылығы, олардың пайда болу хронологиясы, әліпбилік атаулары бойынша орналастырылады. Біріктірілген архив қорына енгізілген әр қордың шегінде жүйелеудің әртүрлі схемалары қолданылады, оларды таңдау нақты ұйымдар қызметінің сипатымен, олардың құжаттарының құрамымен және көлемімен анықталады.

159. Архив қорының ішінде ғылыми-техникалық құжаттама түрлері бойынша (жобалық, конструкторлық, технологиялық, ғылыми-зерттеу, патенттік құжаттама) орналастырылады.

160. Жобалық құжаттама пәндік-тақырыптық, хронологиялық немесе географиялық жіктелу белгілері бойынша орналастырылады.

Жобалық құжаттама:

1) тұрғын үй-азаматтық құрылыс бойынша;

2) өнеркәсіптік құрылыс бойынша;

3) ауыл шаруашылығы құрылысы бойынша;

4) энергетикалық және су шаруашылығы құрылысы бойынша;

5) көліктік құрылыс бойынша бөлінеді.

Топтарды кіші топтарға бөлуге болады.

Жобалық сатыдағы құжаттар жобалау кезектілігі бойынша орналастырылады.

Үлгілік жобалар сериялардың нөмірлері бойынша жүйелендіріледі.

161. Конструкторлық құжаттама әзірлемелер түрлері бойынша, хронология немесе нақты әзірлемелердің нөмірлері бойынша, әзірлеме ішінде – ерекшеліктеріне сәйкес түйіндер бойынша орналастырылады.

Түрлендірілген бұйымға конструкторлық құжаттама базалық бұйымға жасалған құжаттамадан кейін орналастырылады.

Бұйымдардың сынақтары бойынша құжаттар хронология бойынша, ал жылдың шегінде – техниканың мақсаты, тіркеу нөмірлері бойынша орналастырылады.

162. Технологиялық құжаттама технологиялық процестерге сәйкес жүйеленеді.

163. Ғылыми-зерттеу құжаттамасы хронологиялық қағидат бойынша, жыл шегінде – тақырыптардың нөмірлері, түгендеу нөмірлері, мемлекеттік тіркеу кезінде берілген нөмірлер, ғылыми жұмыстардың тақырыптары, олардың атауларының әліпбиі немесе әзірлеуші – авторлардың (жауапты орындаушылардың) тектері бойынша, құрылымдық белгілер бойынша орналастырылады.

Өзге ұйымдардың тапсырыстары бойынша орындалған есептер бөлек жүйеленеді.

164. Патенттік-лицензиялық құжаттама мынадай түрлер:

1) өнеркәсіптік меншік объектілері (өнертабыс, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, өсімдік сұрыптары, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері);

2) күзеттік құжат (патенттер, куәліктер) бойынша орналастырылады.

Әр түрдің шегінде – патенттердің немесе куәліктердің нөмірлері бойынша, күзеттік құжаттарды беру туралы шешім қабылданған өтінімдердің нөмірлері және күзеттік құжатты беруден бас тарту туралы шешім қабылданған өтінімдердің нөмірлері бойынша.

Есепке алу бірліктерінің ішінде сақтау бірліктері заттаңбаларда белгіленген өндірістік нөмірлердің тәртібімен, ал жиынтықтың ішінде мынадай реттілікпен – түпнұсқалар, көшірмелер болып орналастырылады.

165. Киноқұжаттар мен бейнеқұжаттар:

1) түрлеріне қарай – фильмдер, арнайы шығарылымдар, киножурналдар, жеке кино- және телесюжеттер болып;

2) фильмдердің, арнайы шығарылымдардың, киножурналдардың шығу жылдарына қарай, жеке кино- және телесюжеттердің өндірістік нөмірлері бойынша;

3) есепке алу бірліктері (жиынтығы) бойынша;

4) түстілігі (түрлі-түсті, ақ-қара) бойынша;

5) үлдірдің форматы (8 мм, 16 мм, 35 мм, 70 мм және өзге) бойынша жүйеленеді.

Сақтау бірліктері жиынтықтың элементтері бойынша, олардың ішінде – киноқұжат бөлімдері нөмірлерінің реті бойынша орналастырылады.

Киноқұжаттың жиынтығы бір фильмге, арнайы түсірілімге, киножурналға, кино- және телесюжетке жататын түпнұсқадан және көшірмелерден тұрады.

Белгілі бір түрдегі киноқұжаттар мен бейнеқұжаттарға осы Қағидаларға 3, 4-қосымшаларға сәйкес жеке тізімдеме жасалады.

166. Фотоқұжаттар мына түрлері:

1) түсі әртүрлі негативтер (түрлі-түсті немесе ақ-қара) және 2-8 цифрларымен белгіленетін мөлшерлері (2 цифры 2,5 см, х 3,5см, 3 – 6 см х 6 см, 4 – 6 см х 9 см, 5 – 9 см х 12 см, 6 – 10 см х 15 см, 7 – 13 см х 18 см, 8 – 18 см х 24 см) мөлшердегі негативтерге сәйкес келеді) бойынша жүйеленеді.

Көлемі шағын, 6-8 мөлшерлі негативтерді жүйелеу кезінде оларды бір топқа біріктіруге рұқсат етіледі;

2) түсі әртүрлі слайдтар (диапозитивтер);

3) позитивтер, фототаңбалар;

4) фотоальбомдар;

5) диафильмдер;

6) "Э" әрпімен белгіленетін электрондық құжаттар (цифрлық немесе өзге де заманауи жеткізгіштердегі фотоқұжаттар).

Белгілі бір түрдің фотоқұжаттарына жеке тізімдеме жасалады.

167. Фоноқұжаттар ақпаратты дыбыстық жазу түрлері бойынша – фонографиялық, граммофонды, оптикалық, магниттік, лазерлік болып жүйеленеді. Жазбаның белгілі бір түрінің фоноқұжаттарына жеке тізімдеме жасалады. Түрлердің ішінде фоноқұжаттар есепке алу бірліктері және жиынтықтар бойынша орналастырылады.

Есепке алу бірліктерінің ішінде сақтау бірліктері заттаңбаларда белгіленген өндірістік нөмірлердің тәртібімен, ал жиынтықтың ішінде мынадай реттілікпен – түпнұсқалар, көшірмелер болып орналастырылады.

Фоноқұжаттың жинақтамасы белгілі бір есепке алу бірлігіне жататын түпнұсқадан және көшірмелерден тұрады.

8-параграф. Ұлттық архив қорының құжаттарын мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға тапсыру тәртібі

168. ҰАҚ құжаттарын, оның ішінде электрондық құжаттарын тапсыру ретке келтірілген түрде архивтерді тапсыратын заңды тұлғалардың жеке қаражаты есебінен жүргізіледі.

169. ҰАҚ құрамына жатқызылған құжаттарды, оның ішінде электрондық құжаттарды ведомстволық сақтаудың мынадай шекті мерзімдері белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты аппаратының, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі аппаратының, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республи-

касы министрліктерінің, Қазақстан Республикасы агенттіктерінің, Қазақстан Республикасы министрліктері комитеттерінің құжаттары – 15 жыл;

2) Қазақстан Республикасы министрліктерінің, Қазақстан Республикасы агенттіктерінің, Қазақстан Республикасы министрліктері комитеттерінің аумақтық органдарының құжаттары – 10 жыл;

3) акцияларының бақылау пакеті мемлекет меншігіне жататын ұйымдардың, республикалық деңгейдегі өзге де мемлекеттік заңды тұлғалардың құжаттары – 10 жыл;

4) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құжаттары – 10 жыл;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) деңгейдегі мемлекеттік ұйымдардың құжаттары – 10 жыл;

6) қаланың (ауданның) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құжаттары – 5 жыл;

7) қалалық және аудандық деңгейдегі мемлекеттік заңды тұлғалардың құжаттары – 5 жыл;

8) азаматтық хал актілерінің жазбалары, шаруашылық кітаптар, азаматтарды тіркеу кітаптары, нотариалдық іс-әрекеттердің жазбалары және сот істері мен құжаттары – 75 жыл;

9) ғылыми-зерттеу, технологиялық және патенттік-лицензиялық құжаттама – 10 жыл;

10) тәжірибе-конструкторлық құжаттама – 15 жыл;

11) күрделі құрылыс жөніндегі жобалау құжаттамасы – 20 жыл;

12) картографиялық құжаттама – 25 жыл;

13) геодезиялық құжаттама – 25 жыл;

14) телеметриялық құжаттама – 5 жыл;

15) аудиовизуалды құжаттама – 3 жыл;

16) электрондық құжаттар – 5 жыл.

170. Ұйымдардың жеке архивтеріндегі ҰАҚ құжаттарын сақтау мерзімдері "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес олардың меншік иелері мемлекеттік архивтермен, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивімен, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті кітапханасымен немесе

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен жасасатын шарттарда көрсетіледі.

171. ҰАҚ құжаттарын мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға беру мемлекеттік архивпен, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивімен келісу бойынша ұйым басшысы бекіткен кестеге сәйкес тұрақты сақтаудағы істердің, құжаттардың тізімдемесі негізінде жүзеге асырылады.

172 Құжаттарды (істерді), электрондық құжаттарды (істерді) тұрақты сақтауға беру осы Қағидаларға 28, 29-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша құжаттарды (істерді), электрондық істерді тұрақты сақтауға қабылдау-беру актілерімен ресімделеді.

173 Тапсыру қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді, онда жоқ істердің, құжаттардың нөмірлері қосымша көрсетіледі, олардың болмау себептері іздестіру жөніндегі шаралар көрсетіле отырып, актіге қоса берілетін анықтамада жазылады.

174. Іздестіру нәтиже бермеген, жоқ істерге, құжаттарға ұйым басшысы бекітетін жоғалу туралы акт жасалады.

175. Басқарушылық, ғылыми-техникалық және аудиовизуалды құжаттардың жоғалған төлнұсқалары олардың куәландырылған көшірмелерімен ауыстырылады.

176. Тізімдеменің қорытынды жазбасында көрсетілген сақтау бірліктерінің саны мен қолда бар бірліктердің арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда, тізімдемеге жаңа қорытынды жазба жасалып, онда тапсырылғандардың іс жүзіндегі саны және жоқ сақтау бірліктерінің нөмірі көрсетіледі.

177. "ҚБП" деген белгісі бар тұрақты сақтаудағы істерді тиісті мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тапсыруға дайындаған кезде "ҚБП" белгісін алып тастау туралы мәселенің шешімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес қабылданады.

178. Электрондық құжаттар мен ақпараттық ресурстар мемлекеттік сақтауға тізімдемелердің нөмірі мен атауы, ілеспе құжаттама жиынтығына кіретін құжаттар, жеткізгіштердің түрлері көрсетілген ілеспе хатпен тапсырылады.

179. Электрондық құжаттар мен ақпараттық ресурстарды мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тапсырған кезде мыналар:

1) тапсырылатын құжаттардың жинақталуы;

2) ілеспе құжаттаманың жинақталуы және дұрыс жасалуы;

3) жеткізгіштердің физикалық және техникалық жай-күйі;

4) вирустардың және өзге де зиянды компьютерлік бағдарламалардың бар-жоғы;

5) мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің бағдарламалық құралдарымен бақылау сипаттамаларының көрсетілуі тексеріледі.

180. Тапсырушы ұйымда және мемлекеттік архивте, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде бақылау сипаттамаларын әзірлеу және тексеру үшін қолданылатын бағдарламалық құралдар бір-біріне сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік архивтің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің жұмыскерлері бақылау сипаттамаларын ұйым өкілінің қатысуымен өздерінің бағдарламалық құралдарымен әзірлейді. Аталған бақылау сипаттамалары электрондық құжаттарды қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі.

Ілеспе құжаттама дұрыс дайындалмаған жағдайда электрондық құжаттары бар жеткізгіштер және ілеспе құжаттама қайта пысықтауға ұйымға қайтарылады.

4-тарау.
Архивтік құжаттарды есепке алу

1-параграф. Ұйым архивінің құжаттарын есепке алу тәртібі

181. Архивте сақтауда тұрған барлық құжаттар, оның ішінде электрондық құжаттар, оның ішінде өңделмеген және аталған архивтің бейініне жатпайтындары да есепке алуға жатады.

182. Әр қоймада орналасқан ұйым архивінің электрондық жеткізгіштерін есепке алу оларда жазылған электрондық құжаттардың сақтау мерзіміне сәйкес бөлек жүргізіледі.

Есепке алу мәліметтері ЭА АЖ көмегімен оған енгізілетін деректер негізінде құрылуы мүмкін.

183. Архивтік құжаттарды, оның ішінде электрондық құжаттарды есепке алу архив шифрінің бір бөлігі болып табылатын сақтау бірліктеріне нөмірлер беру жолымен жүргізіледі.

Архивтік шифр істердің, құжаттардың, сақтау бірліктерінің тізімдемелері мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тұрақты сақтауға алғаш рет келіп түскен құжаттар рәсімделгеннен кейін мемлекеттік архив, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві беретін архив қорының нөмірлерінен тұрады.

184. Жеткізгіштің түріне, ақпаратты бекіту әдісіне және техникасына қарамастан, құжаттарды есепке алудың негізгі бірліктері:

1) архив қоры, архивтік коллекция;

2) сақтау бірлігі болып табылады.

185. Істердің, құжаттардың тізімдемесінен басқа есепке алу құжаттары қызмет бабында пайдалануға арналған және олар пайдаланушыларға берілмейді.

Қағаз жеткізгіштердегі барлық есепке алу құжаттары архив қоймаларындағы сейфтерде немесе металл шкафтарда сақталады.

186. Негізгі есепке алу құжаттарындағы әрбір жазбаның негіздері ұйым архивіне істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық істердің, құжаттардың келіп түсуі, өзге ұйымның архивіне немесе мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тапсырылуына байланысты ұйым архивінен құжаттардың шығарылуы, сақтауға жатпайтын құжаттардың жоюға бөлінуі, іздестіру жолы таусылып, құжаттардың табылмауы, түзетуге келместей болып бүлінуі болып табылады.

187. Негізгі есепке алу құжаттары:

1) осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың түсуі мен шығуын есепке алу кітаптары;

2) осы Қағидаларға 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша құжаттардың істер тізімдемесі, электрондық құжаттардың (істердің) істер тізімдемесі.

Істердің, құжаттардың тізімдемесі, электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі тұрақты, ұзақ (10 жылдан астам)

сақталатын істер мен жеке құрам бойынша істерді есепке алудың бастапқы есепке алу құжаты болып табылады.

Қандай да бір аяқталған тізімдеменің барлық істері шығарылған кезде оның нөмірі өзге де тізімдемеге берілмейді. "Ескертпе" деген бағанда әрбір шығарылған сақтау бірлігінің тұсына "Шығарылған" деген белгі қойылады.

Жекелеп есепке алу әрбір сақтау бірлігіне жеке нөмір бекіту жолымен жүзеге асырылады.

Тізімдемелердегі істерді, құжаттарды, оның ішінде электрондық істерді, құжаттарды жиынтық түрде есепке алу тізімдемелерге қорытынды жазба жазу арқылы жасалады. Қорытынды жазбада сақтау бірліктерінің саны (цифрлармен және дөңгелек жақшаның ішінде жазумен), жиынтық тізімдеме бойынша сақтау бірлігінің бірінші және соңғы нөмірлері көрсетіледі, бар болса жазылмай қалып қойған нөмірлер, литерлік нөмірлері бар сақтау бірліктері, шығарылған сақтау бірліктері туралы ескертіледі.

Жылдық бөлімдерден тұратын аяқталған істер, құжаттар тізімдемелерінде барлық тізімдемелерге ортақ қорытынды жазба болады.

Істердің шығарылуына, келіп түсуіне, біріктірілуіне немесе бөлінуіне байланысты істер, құжаттар тізімдемесіндегі істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық істердің, құжаттардың көлемінің әрбір өзгерісі тізімдемеге жасалған қорытынды жазбада көрсетіледі.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттары, оның ішінде электрондық құжаттары істерінің тізімдемелері осы жылдардың істері мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тұрақты сақтауға тапсырылғанға немесе жоюға бөлінгенге дейін архив қорының істерінде сақталуға тиіс;

3) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша істің куәландырушы парағы;

4) осы Қағидаларға 32, 33, 34, 35-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ұйым архивтік паспорты;

5) архив қорының ісі жасалады.

Ұйым архиві қосымша есепке алу құжаттарын: архив қорларының істердің, тізімдемелердің қозғалысын есепке алу кітабын, жеке құрам бойынша істерді есепке алу кітабын, өзге

де архивтерге тапсырылған құжаттарды есепке алу кітабын, жоюға бөлінген істерді есепке алу кітабын жүргізеді.

Қосалқы есепке алу құжаттары қағаз және/немесе электрондық жеткізгіштерде жүргізіледі.

188. Құжаттардың, оның ішінде электрондық құжаттардың келіп түсуін және шығуын есепке алу кітабы архив қорлары және істер құрамы мен көлеміндегі барлық ағымдағы және қорытынды өзгерістерді (әрбір жылдың 1 қаңтарына) есепке алуға арналған. Құжаттардың келіп түсуін және шығуын есепке алу кітабы ұйым архивінің паспортын жасау үшін негіз болады.

Құжаттардың әрбір келіп түсуі немесе шығуы дербес реттік нөмір алады.

Егер құжаттар бірнеше архив қорынан келіп түссе, онда әрбір архив қоры бойынша деректер (архив қорының атауы, бар болса оның нөмірі және тағы басқалары) сол реттік нөмірмен жаңа жолдан жазылады.

Жыл сайын құжаттардың келіп түсуін және шығуын есепке алу кітабында жыл бойы келіп түскен және шыққан құжаттар санының қорытындысы шығарылады.

189. Ұйым архив қоймасына келіп түскен барлық электрондық тасығыштарды есепке алу осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық тасығыштарды есепке алу кітабында жүргізіледі.

Электрондық тасығыштың қатты корпусына осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша затбелгі жапсырылады.

Қоймада тіркелген әрбір электрондық тасығышқа осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұйым архивтік электрондық тасығышының карточкасы іске қосылады.

190. Архив қорының ісі әрбір архив қорына жасалады. Оған мынадай құжаттар енгізіледі:

1) тарихи анықтама;

2) архив қорын жүйелеу схемасы;

3) тексеру парақтары;

4) ұйымның құрылымдық бөлімшелері істерінің тізімдемелері, электрондық істерінің тізімдемелері (осы жылдардағы істер мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Прези-

дентінің Архивіне тұрақты сақтауға берілгенге немесе жоюға бөлінгенге дейін);

5) істерді, құжаттарды, электрондық құжаттарды (істерді) тиісті мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға беру актілері;

6) сақтауға жатпайтын құжаттарды, электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы актілер;

7) табылмаған архивтік құжаттарды, оның ішінде электрондық құжаттарды (істерді) есепке алу карточкалары;

8) істердің, электрондық құжаттардың (істердің) бар-жоғы мен жай-күйін тексеру туралы актілер және архив қорының құрамы мен көлеміндегі өзгерістерді белгілейтін өзге де құжаттар ұйым архивінің барлық есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізілгені туралы белгі қойылғаннан кейін ғана архив қоры ісіне енгізіледі.

Актілер архив қоры шегінде актілердің түрлері бойынша жалпы тәртіппен нөмірленеді.

Архив қорының ісіндегі барлық құжаттар оларды жасаудың хронологиялық реттілігінде орналасады. Архив қоры ісінің құжаттарына ішкі тізімдеме жасалады, іс парақтары нөмірленеді, қор ісіне осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша істің куәландырушы парағы ресімделеді. Архив қоры толған сайын істің куәландырушы парағы мен ішкі тізімдеме қайта жасалады. Архив қорының әр ісіне тиісті архив қорының нөмірі қойылады.

191. Ұйым архивінің паспорты жыл сайын жасалады және одан әрі оны жүргізу "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәліметтерді Орталық қор каталогына енгізу үшін үш жылда бір рет тиісті мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне, оның ішінде ЭА АЖ арқылы тапсырылады.

192. Ғылыми-техникалық құжаттаманы сақтаудың әрбір бірлігі осы Қағидаларға 39, 40-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша негізгі тіркеу құжаттарында, түгендеу кітаптарында және ғылыми-техникалық құжаттаманы тіркеу карточкаларында тіркеледі және есепке алынады.

193. Түгендеу кітаптары сызбалардың, титулдық парақтардың негізгі жазуларының деректері негізінде толтырылады.

194. Түгендеу нөмірі бірнеше парақтан тұратын қағаз жеткізгіштегі жобалау, конструкторлық, технологиялық құжаттаманың төлнұсқалары мен телнұсқаларының әр парағына қойылады.

195. Түгендеу кітаптары ғылыми-техникалық құжаттаманың (жобалық, конструкторлық, технологиялық, ғылыми-зерттеу, патенттік-лицензиялық) әр түрі бойынша жеке жүргізіледі.

196. Жобалық құжаттаманың төлнұсқаларын тіркеу жобаның келіп түсуіне қарай жеке дербес бөліктері бойынша жүргізіледі.

Жеке түгендеу кітаптары:

1) жобалық құжаттаманың төлнұсқаларына;

2) өзге де ұйымдардың жобалық құжаттарының көшірмелеріне;

3) үлгілік жобаларға жүргізіледі.

Жобалық құжаттама көшірмелері түптелген томдар бойынша есепке алу карточкаларында тіркеледі.

197. Конструкторлық және технологиялық құжаттама үшін өзге де ұйымдардан келіп түскен төлнұсқалар мен сызбаларды есепке алудың түгендеу кітаптары негізгі және қосалқы өндіріс бұйымдарына жеке жүргізіледі.

Конструкторлық және технологиялық құжаттаманың қабылданған төлнұсқалары түйіндер бойынша парақтап тіркеледі.

Өзге де ұйымдардан қабылданған конструкторлық және технологиялық құжатардың көшірмелері әрбір папкаға, альбомға немесе жеке құжатқа жасалатын жеке түгендеу кітабында және есепке алу карточкаларында тіркеледі.

198. Ғылыми-зерттеу құжаттамасын есепке алу үшін осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жекелеген түгендеу кітаптары жүргізіледі.

199. Патенттік құжаттама осы Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнертабысқа патент беруге өтінімдерді тіркеу журналдарында тіркеледі.

200. Электрондық құжаттарды сақтаудың әрбір бірлігі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу дерекқорына немесе есепке алу карточкасына енгізіледі.

Электрондық құжаттар архив қорының құрамында тұрақты сақталатын электрондық құжаттардың тізімдемелері, есепке алу бірліктері және сақтау бірліктері бойынша есепке алынады. Электрондық ақпарат жеткізгіштегі құжаттардың ақпараттық көлемі мегабайттарда (бұдан әрі – Мбт) көрсетіледі.

201. Ұйымның электрондық архивіне электрондық құжаттардың уақытша сақтауға келіп түсуі, құжаттардың түсуі мен шығуының жалпы кітабында есепке алынады.

202. Жаңа тасымалдағыштарға қайта жазу немесе көші-қон (айырбастау) нәтижесінде орын алған электрондық құжаттарды сақтау бірліктері санының және/немесе ақпараттық көлемінің өзгеруі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта жазу және көші-қон туралы актіде, электрондық құжаттар тізімдемесіне жаңа қорытынды жазбада тіркеледі.

203. Электрондық құжаттарды сақтайтын ұйым архивінің паспортында қағаз жеткізгіште баламасы жоқ арнайы ақпараттық ресурстар ескеріледі.

204. Электрондық құжаттар үшін осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көші-қонды есепке алу және электрондық құжаттарды қайта жазу журналы қосалқы есепке алу құжаты болып табылады.

2-параграф. Деректер базасын
есепке алу және жүргізу тәртібі

205. Есептік деректер базаларының деректемелер тізбесі есепке алу нысанын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге – архив қорына, сақтау бірлігіне, есепке алу бірліктеріне, тиісті істер, құжаттар тізімдемесіне енгізілген сақтау бірліктерінің, есепке алу бірліктерінің тобына сәйкес жасалады.

206. Есептік деректер базасы ұйым архивінде бар өзге ақпараттық деректер базасымен өзара байланыста қолданылады және мемлекеттік архивтердің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің тиісті есептік деректер базаларымен үйлесу талаптарына сай келеді.

Есептік деректер базасында дәстүрлі негізгі есепке алу құжаттарының деректемелері пайдаланылады.

207. Есептік деректер базалары есепке алу құжаттары негізінде толтырылады.

5-тарау.
Архивтік құжаттарды пайдалану

1-параграф. Ғылыми-анықтамалық аппарат үшін архивтік құжаттарды сипаттау тәртібі

208. Ұйым архиві пайдаланушыларға архивтік құжаттардың ҒАА (анықтамалық-іздестіру құралдарын) ұсынады.

209. Архивтің ҒАА жүйесі негізгі архивтік анықтамалықтар кешенін (істер, құжаттар тізімдемесі, жөнсілтер, жүйелі каталог) және қосымша архивтік анықтамалықтарды (сілтегіш, шолу) қамтиды. Қосымша архивтік анықтамалықтарды жүргізудің орындылығын ұйымның архиві белгілейді.

210. ҒАА жүйесінде ұйымдардың іс жүргізуінде және архивтерінде құрылатын есептік-анықтамалық аппараттың сабақтастығы, оның мемлекеттік архивтердің, Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің ҒАА жүйесімен үйлесімдігі іске асырылады.

Ұйымдар архивтерінің ҒАА жүйесінің сабақтастығы оны құрудың талаптары мен қағидаттарының біртұтастығына негізделеді.

211. Архивтік құжаттарды, электрондық архивтік құжаттарды сипаттау (архивтік анықтамалықтар үшін ақпарат жасау) үш деңгейде жүргізіледі:

1) архив қоры;

2) сақтау бірлігі;

3) архивтік құжат.

212. Мыналар:

1) сәйкестендіру ақпараты (архив қорының, сақтау бірлігінің атауы мен анықтамалық деректері);

2) ақпараттың құрамы мен мазмұны туралы;

3) ақпаратқа қол жеткізу шарттары және пайдалану шарттары туралы;

4) архив қорының тарихы жөніндегі мәліметтерді қамтитын сипаттаушы мақала архивтік анықтамалықтың негізі болып табылады.

213. Қажет болған жағдайда сипаттаушы мақалаға түпнұсқалардың орналасқан жері, ұйымның архивтік құжаттарының, электрондық архивтік құжаттарының өзге де архив қорларының құрамында болуы және оларды сақтау орны, библиографиясы туралы өзге де қосымша мәліметтер енгізіледі.

214. Архив қоры деңгейіндегі архивтік анықтамалықтың сипаттаушы бабы:

1) архив қорының атауын;

2) архив қоры туралы анықтамалық деректерді (архивтік шифр (қор нөмірі), құжаттаманың түрлері бойынша сақтау бірліктеріндегі архив қорының көлемін, құжаттаманың әрбір түрі бойынша архивтік құжаттардың соңғы күндерін, қолда бар қорішілік ғылыми-анықтамалық аппараттың тізбесін;

3) архив қорына тарихи анықтаманы;

4) архивтік құжаттардың құрамы және мазмұны туралы аннотацияны;

5) қолжетімділік туралы ақпаратты;

6) библиографияны қамтиды.

215. Сақтау бірлігі деңгейіндегі архивтік анықтамалықтың сипаттаушы бабы:

1) сақтау бірлігінің реттік нөмірін;

2) бұрынғы тіркеу нөмірін;

3) сақтау бірлігінің тақырыбын;

4) сақтау бірлігі туралы анықтамалық деректерді;

5) төлнұсқалығын немесе көшірме екенін көрсетуді;

6) жеткізгіш түрін немесе жарыққа шығару тәсілін көрсетуді;

7) сақтау бірлігінің архивтік құжаттардың қолжетімділік шарттары, тілі және сыртқы ерекшеліктері туралы ақпаратты қамтиды.

Басқару құжаттамасын сақтау бірлігінің, жеке шығу тегінің архивтік құжаттарының, оның ішінде электрондық құжаттардың сақтау бірлігінің тақырыбы архивтік құжаттар түрінің атауын, архивтік құжаттың (құжаттардың) авторын (авторларын), құжаттар жіберілген немесе алынған адресатты (адресаттарды) немесе корреспондентті (корреспонденттерді), көрсетілген құжаттардың мазмұнына қатысты болатын мәселені немесе нәрсені, оқиғаның, фактінің, орынның атауын, тұлғаның тегі мен аты-жөнін, оқиғаның күнін қамтиды.

Қажетті мәліметтер болмаған жағдайда тақырыпқа түсіндірме ақпарат – "авторы белгісіз", "күні жоқ", "ж....бұрын емес" жазылады.

Жобалау немесе конструкторлық құжаттаманың сақтау бірлігінің тақырыбы объектінің шифрін, жобаның, сатының,

бөліктің атауын, томның нөмірін, авторын, әзірлеменің аяқталған жылын қамтиды.

Кинобейнеқұжатты есепке алу бірлігінің тақырыбы фильмнің, арнайы шығарылымның, киножурналдың авторлық атауын немесе кинода немесе телесюжетте бейнеленген оқиғаның атауын, шығарылған күнін және/немесе түсірілімнің күнін, түсірілім режиссерінің және/немесе операторының тегі мен инициалдарын, құжаттың тілін қамтиды.

Фоноқұжатты есепке алу бірлігінің тақырыбы фоноқұжаттың атауын және жанрын, фоноқұжатта көрсетілген оқиғаның атауын, орнын және күнін қамтиды. Фононқұжаттың атауы болмаған жағдайда теле- немесе радиохабардың, сөйленген сөздің, әңгіменің және өзге де негізгі мазмұны көрсетіледі. Әдебиет және өнер туындысының жазбасы бар фоноқұжатты есепке алу бірлігінің тақырыбы туындының және оның жанрының атауын, егер фоноқұжатта авторлық атауы белгісіз және бұрын жарияланбаған туынды болса, тырнақшаға алынған мәтіннің бірінші жолын, туындының өзінің, содай-ақ оның өңделуінің, үзіндісінің, аудармасының авторларының және/немесе орындаушыларының тегі мен инициалдарын, фоноқұжаттың тілін қамтиды.

Фотоқұжатты сақтау бірлігінің тақырыбы суреттің немесе фотоальбомның, слайдтың, негативтің сипаттамасын, автордың тегі мен инициалдарын, түсірілген орны мен күнін қамтиды.

Сақтау бірлігі туралы анықтамалық деректер архивтік шифрдің элементтерін (архив қорының нөмірлерін, істердің, құжаттардың тізімдеме нөмірлерін, сақтау бірлігінің нөмірлерін), сақтау бірлігі көлемінің деректерін, архивтік құжаттардың, электрондық архивтік құжаттардың соңғы күндерін қамтиды.

Архивтік құжаттарға қол жеткізу шарттары, тілі және сыртқы ерекшеліктері, туралы ақпарат, Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелген архивтік құжаттардың, электрондық архивтік құжаттардың болуы туралы мәліметтерді қамтиды.

Архивтік құжаттарға қол жеткізу шарттары, тілі және сыртқы ерекшеліктері, сақтау бірліктері туралы ақпарат оларға қолжетімділікті "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы", "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", "Мемлекеттік құпиялар

туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидасымен немесе қор құрушымен шектелген архивтік құжаттардың болуы туралы мәліметтерді, сондай-ақ аса құнды құжаттар төлнұсқаларының, оның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық игілік объектілеріне жатқызылған құжаттардың болуы мен физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз жағдайдағы құжаттардың, пайдалану қорының болуы, архивтік құжаттың тілі мен сыртқы ерекшеліктері туралы мәліметтерді қамтиды.Сипаттаушы мақала архив қоры мен оның құрылымдық бөлігінің (істер, құжаттар тізімдемесі, электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемелері атауымен, жекелеген архивтік құжаттардың немесе олардың осы сақтау бірлігі топтарының аннотациясымен толықтырылады.

216. Архивтік құжат деңгейдегі архивтік анықтамалықтың сипаттаушы мақаласы мыналарды қамтиды:

1) архивтік құжаттың, электрондық архивтік құжаттың тақырыбы;

2) архивтік құжат, электрондық архивтік құжат туралы анықтамалық деректер;

3) төлнұсқалығына/көшірме екеніне нұсқау;

4) жеткізгіштің түрі (немесе жарыққа шығару тәсілі);

5) архивтік құжатқа, электрондық архивтік құжатқа қол жеткізу шарттары, тілі және сыртқы ерекшеліктері туралы ақпарат.

Архивтік құжаттың, электрондық архивтік құжаттың тақырыбы архивтік құжат түрінің атауын, авторын, құжат жіберілген немесе алынған адресатты немесе корреспондентті, көрсетілген құжаттың мазмұнына қатысты мәселені немесе нәрсені, оқиғаны, фактіні, тұлғаны, орынның атауын, оқиғаның күнін қамтиды. Қажетті мәліметтер болмаған жағдайда тақырыпқа "авторы анықталған жоқ", "күні қойылмаған" деген түсіндірме ақпарат жазылады. Тақырып, қажет болған жағдайда, осы құжат тақырыбында көрсетілмеген мазмұнын ашатын аннотациямен толықтырылады.

Архивтік құжат, электрондық архивтік құжат туралы анықтамалық деректер архивтік шифр элементтерінен (қор

нөмірінен, істер, құжаттар тізімдемесінің нөмірінен, сақтау бірлігінің нөмірінен, парақтар нөмірлерінен), архивтік құжаттың көлемінен (парақтар санынан), оның жасалған күнінен тұрады.

Архивтік құжаттарға, оның ішінде электрондық архивтік құжаттарға қол жеткізу шарттары, тілі және сыртқы ерекшеліктері туралы ақпарат қолжетімділігін "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы", "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидасымен немесе қор құрушымен шектелгені, аса құнды құжаттың, Қазақстан Республикасының ұлттық игілік объектілеріне жатқызылған және/немесе физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз жағдайдағы құжаттың мәртебесі туралы мәліметтерді қамтиды.

217. Сақтау бірлігінің құрамын сипаттайтын сақтау бірлігінің түрі (іс, хат алмасу, құжаттар, тізілім, альбом, журнал, кітап және өзге де) немесе құжаттар түрі (хаттамалар, баяндамалар, бұйрықтар, есептер, естелік актілері, мақалалар, роман, жазба кітапшалары) тақырыптың бас жағында көрсетіледі.

Бір мәселе бойынша іс жүргізудің бірізділігіне байланысты құжаттардан тұратын сот, тергеу, жеке, дербес, төрелік және өзге де істердің тақырыптары "іс" деген сөзбен басталады.

Бір мәселе бойынша іс жүргізудің бірізділігіне байланысты емес құжаттардан тұратын сақтау бірліктерінің тақырыптары, негізгі құжатқа (бұйрыққа, өкімге, хаттамаға) қосымша-құжаттар немесе жеке тұлғалардың архив қорындағы құжаттың түрі бойынша әрқилы құжаттар "құжаттар" деген сөзбен аяқталады. Мұндай тақырыптың соңында жақшада осы құжаттардың түрлері көрсетіледі.

Хат алмасуды қамтитын сақтау бірлігінің тақырыбында корреспонденттердің ресми атаулары және хат алмасудың мәселесі (мәні) көрсетіледі. Хат алмасу біртекті корреспонденттермен жүргізілген жағдайда, тақырыпта корреспонденттердің жалпы түрінің атауы көрсетіледі.

Құжаттардың мазмұнын білдіретін мәселені (мәнін) баяндау тақырыптың негізгі бөлігі болып табылады және істің

түрін, құжаттардың авторы, корреспонденті (адресаты) көрсетілгеннен кейін жазылады.

218. Түрі бірдей ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттаманың сақтау бірліктерінің тақырыптарын жасаған кезде, олардың қысқаша нөмірлері қойылып құжаттардың атауы тақырыпқа көпше түрде жазылады.

219. Істің түрі немесе құжаттардың түрі белгіленгеннен кейін тақырыпта іске енгізілген құжаттардың авторы көрсетіледі. Егер құжаттардың авторы қызметінде осы құжаттар қалыптасқан ұйым болып табылса, істің тақырыбында ұйымның атауы жазылмайды не оның жалпы түрінің атауы келтіріледі (комитет, сот, комиссия).

220. Егер нақты күн оқиғалар мен фактілер арасындағы тарихи байланыстарды көрсететін болса және құжаттардың нақты мазмұнын түсіну үшін қажет болса, онда құжаттарда баяндалған оқиғаларға қатысты күндер тақырыпқа енгізіледі.

221. Егер іс бір құжаттан тұрса, онда тақырыпта құжаттың түрі, ол қайдан шыққаны, кімге жіберілгені, оның күні және қысқаша мазмұны жазылады.

222. Жоспарлар мен есептерден тұратын сақтау бірліктерінің тақырыбында жоспардың қай жыл (кезең) үшін немесе қорытындысы бойынша жасалғаны көрсетіледі.

Статистикалық есептерді қамтитын сақтау бірліктерінің тақырыптары статистикалық есеп нысандарының нөмірлері көрсетіліп құрастырылады.

223. Егер іс бірнеше томнан (бөліктен) тұратын болса, барлық томдарға (бөліктерге) ортақ тақырып беріледі, содан кейін (қажет болса) әрбір томның (бөліктің) мазмұнына жекежеке нақтылау жасалады, ең соңғы томға (бөлікке) "соңғы" ("соңғысы") деген сөз жазылады.

224. Осы істе бар-жоғын тақырыбы бойынша анықтау мүмкін емес аса құнды құжаттар, негізгі құжатқа қосымша-құжаттар, алдыңғы ұйымдардың құжаттары, жеке құрам жөніндегі мәліметтерді қамтитын анықтамалық маңызы бар құжаттар аннотацияланады.

225. Аннотация тақырыптан кейін азат жолдан жазылады.

Баспа материалдарын аннотациялау кезінде құжаттың түрі, оның атауы немесе құжаттың бастапқы сөздері (атауы болмаған кезде), шығу деректері көрсетіледі.

Сызба және өзге де бейнелеу материалдарының аннотацияларында құжаттың материалы, түрі, пішіні және оның орындалу тәсілі, карталар үшін – масштабы көрсетіледі.

Аннотацияның соңында "атап өтіледі" деген айдармен тұлғалардың аты, ұйымдардың атауы, географиялық атаулар және құжаттарда айтылған әрі айтарлықтай маңызы бар мәліметтер келтіріледі (санамаланады).

226. Аннотацияның соңында аннотацияланатын құжаттардың парақтар нөмірлері, мәліметтердің егжей-тегжейлігінің дәрежесі ("қысқаша мәліметтер", "егжей-тегжейлі хабар") келтіріледі.

Аннотацияланатын құжаттардың көлемі ауқымды болса, аннотация құжаттың мұқабасы мен бірінші парағының арасына салынатын жеке парақта жасалады.

2-параграф. Құжаттарды сипаттау кезінде күндерді қою тәртібі

227. Құқықтық актілерді, шығармашылық құжаттаманы, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты құжаттарды, қаржы құжаттарын, бір мәселе жөніндегі істерді, сондай-ақ күнін қою олар үшін маңызды болатын құжаттарды (баяндамалар, үнхаттар, стенограммалар, хаттар) сипаттағанда күні (күні, айы, жылы) сөз-цифр тәсілімен көрсетіледі.

228. Істің, оның ішінде электрондық істің бастапқы күні болып ең алғашқы құжаттың жасалған (тіркелген) күні, ал ең соңғы құжаттың жасалған (тіркелген) күні – соңғы күні болып табылады.

Құқықтық актілердің күндері оларға қол қойылған (бекітілген) уақыт бойынша көрсетіледі. Егер құжаттардың күні көрсетілмеген болса, онда күні жарияланған немесе күшіне енген күні бойынша көрсетіледі.

Бағдарламалар, жоспарлар, шығыстар сметалары, штаттық кестелер, есептер үшін соңғы күн қойылмайды.

Егер істегі қосымша-құжаттарға істің ең алғашқы құжатынан ерте күн қойылған болса, онда олардың күндері жаңа жолдан "... жылғы құжаттар бар" деп атап өтіледі.

Тіркеу кітаптары мен журналдарының бастапқы және соңғы күндері бірінші және соңғы жазбаның күндері болып табылады.

Іс төлнұсқаларынан айтарлықтай кейінірек жасалған немесе қор құрушы алған құжаттардың көшірмелерінен тұратын істердің бастапқы және соңғы күндері көшірмелер дайындалған күндер болып табылады (төлнұсқалардың күндері тақырыпта көрсетіледі).

Егер қағаз жеткізгіштегі іс бір ұйымда басталып, өзге ұйымда аяқталған жағдайда, үш күн көрсетіледі: бірінші ұйымның іс жүргізуінде істің басталған күні, оның екінші ұйымға келіп түскен күні және оның соңғы ұйымның іс жүргізуінде аяқталған күні (алдыңғы екі күн бөлшек түрінде көрсетіледі).

3-параграф. Істердің, құжаттардың тізімдемесін жасау тәртібі

229. Істердің, құжаттардың, оның ішінде электрондық істердің, құжаттардың тізімдемесі сақтау бірліктерінің немесе есепке алу бірліктерінің сипаттаушы мақалаларынан, қорытынды жазбадан, куәландыру парағынан және тізімдемеге анықтамалық аппараттан тұрады.

230. Тізімдеменің сипаттаушы бабы:

1) сақтау бірлігінің реттік нөмірін;

2) іс жүргізу индексін немесе өндірістік нөмірін;

3) сақтау бірлігінің тақырыбын;

4) құжаттардың соңғы күндерін;

5) сақтау бірлігіндегі парақтар санын;

6) құжаттардың көшірмелілігіне нұсқауды;

7) құжаттарды жаңғырту тәсілін қамтиды.

Қажет болған жағдайда сипаттаушы мақала жекелеген құжаттардың, сақтау бірлігінің аннотациясымен толықтырылады.

231. Істер, құжаттар тізімдемесінің анықтамалық аппаратына:

1) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша титул парағы;

2) мазмұны (тақырыптық мазмұны);

3) алғысөз;

4) қысқартылған сөздер тізімі;

5) сілтегіштер кіреді.

4-параграф. Тарихи анықтаманы жасау тәртібі

232. Ұйым архивінде қор құрушы және архив қоры тарихы бойынша мәліметтерді, оның құжаттар құрамы мен мазмұнына және ҒАА жүйесіне қысқаша сипаттамасын қамтитын архив қорына тарихи анықтама құрастырылады.

Архив қорына тарихи анықтама қор құрушының тарихы және архив қорының тарихы бойынша ақпарат негізінде қалыптастырылады.

Қор құрушының тарихы жөніндегі ақпарат оның құрылған күндерін, ведомстволық бағыныстылығын, құрылымы мен функциясын, бұрынғы ұйым мен құқықтық мұрагерінің атауын, тіркелген күнін немесе атауы өзгерген, қайта ұйымдастырылған, сондай-ақ таратылған жағдайларда қайта тіркелген даталарын қамтиды. Жеке тұлғалардың архив қорының қор құрушысы туралы ақпарат оның қысқаша өмірбаян деректерін (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), бүркеншік есімін (бар болса), қыз кезіндегі тегін (бар болса), өмір сүрген күндерін, кәсібін, қызметтік және қоғамдық қызметі туралы деректерді) қамтиды. Отбасының, әулеттің архив қоры үшін осындай мәліметтер туыстардың әрқайсысы туралы беріледі. Біріктірілген архив қоры үшін ортақ тарихи анықтама жасалады.

Архив қорының тарихы жөніндегі ақпарат оның архивке келіп түскен күнін, архивтік құжаттардың көлемі мен бастапқы және соңғы күндерін олардың сақталу дәрежесін, қалыптастыру, сипаттау және жүйелеу ерекшеліктерін, архив қорының құрамындағы және көлеміндегі өзгерістер мен олардың себептері туралы, өзге ұйымдардың немесе тұлғалардың архивтік құжаттарының бар-жоғы туралы (қорға енгізілуі), архив қорына ҒАА құрамы туралы ақпаратты қамтиды. Архивтік коллекция үшін уақыты, шарттары, оның жасалуының себептері, қалыптастыру қағидаттары, архивке келіп түскенге дейінгі коллекцияның тұрған орны, құрастырушы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қорға тарихи анықтама архив қорының көлемі өзгерген кезде, сондай-ақ қор құрушы қайта ұйымдастырылған, құрылымы, функциялары өзгерген жағдайларда толықтырылады.

233. Архив қорының тарихы оларды аннотациядан, библиографиядан, құжаттарға қолжетімділік және пайдалану шарттары туралы ақпараттан тұрады.

Архив қорының архивтік құжаттарының, оның ішінде электрондық құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы аннотация тақырыптар хронологиясын көрсетіп және олардың географиялық (әкімшілік-аумақтық) шекараларын белгілей отырып, қор құрушының қызмет бағытын айқындайтын осы құжаттардың түрлері мен тақырыптары бойынша қысқаша жинақталған сипатын қамтиды. Архив қорының архивтік құжаттарына, оның ішінде электрондық құжаттарына қол жеткізу шарттары туралы ақпарат қолжетімділігін "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы", "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидасымен немесе қор құрушы шектейтін архивтік құжаттардың, ерекше құнды құжаттардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық игілік объектілеріне жатқызылған, физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз электрондық құжаттардың төлнұсқаларының бар-жоғы, пайдалану қорының бар-жоғы туралы мәліметтерді қамтиды.

Архив қорына жасалған библиография осы қор бойынша анықтамалықтар мен оның негізінде орындалған құжаттық жарияланымдар тізімін қамтиды.

234. Құжаттардың құрамы мен мазмұны бойынша архив қорының сипаттамасы қордың хронологиялық шеңберінен шығатын құжаттардың бар-жоғы туралы, архив қорына ҒАА туралы, ақпаратты жеткізгіш түрлері туралы мәліметтерден тұрады.

235. Қағаз жеткізгіштегі тарихи анықтамаға орындаушы және ұйым архивінің басшысы қол қояды, электрондық – ұйым басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Тарихи анықтама төрт данада басылады. Екі данасы архив қоры құжаттары бірінші тапсырылған кезде мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне беріледі, екеуі ұйым архивінің қор ісінде сақталады.

236. Тарихи анықтама архив қоры толықтырылған кезде немесе ұйым қайта ұйымдастырылған жағдайда қосымша толтырылып отырады. Тарихи анықтама істердің, құжаттардың әрбір аяқталған тізімдемесімен бірге мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне беріледі, сондай-ақ ЭА АЖ-ге енгізіледі.

5-параграф. Каталогтар мен картотекаларды жасау тәртібі

237. Каталог қораралық архивтік анықтамалық болып табылады, онда құжаттардың мазмұны туралы ақпарат осы каталог үшін қабылданған құжаттарды жіктеу схемасына сәйкес орналасқан пәндер (тақырыптар, салалар) бойынша топтастырылған.

Әртүрлі каталогтар жиынтығы каталогтар жүйесін құрайды.

238. Каталогтарды дайындау, жасау және жүргізу бойынша жұмыс құжаттарды каталогтау деп аталады.

Каталогтау жұмыстың жеке түрі ретінде (тақырыптық әзірлеме), сондай-ақ құжаттарды сипаттаумен және іздеп табумен байланысты жұмыстың өзге түрлері процесінде (қосымша (жолай) каталогтау) жүргізілуі мүмкін.

Каталогтау кезінде саралап жіктеу әдісі қолданылады, ол:

1) архив қорын, олардың құрылымдық бөліктерін таңдау ретін анықтауға;

2) істерді, құжаттарды және олардан ақпаратты іріктеуге;

3) құжаттық ақпаратты сипаттаудың тиісті әдістерін қолдануға сайып келеді.

239. Каталогтау мынадай жұмыстар түрін:

1) жіктеу схемасын құрастыруды;

2) құжаттарды іздеп табуды және іріктеуді;

3) каталогтық карточкаларда сипаттауды;

4) карточкаларды жүйелеуді;

5) каталогтарды жүргізуді қамтиды.

240. Жіктеу схемасын таңдау ұйым архиві құжаттарының құрамымен және оларды пайдалану міндеттерімен айқындалады.

Құжатты ақпараттық жіктеу схемасы белгіленген ретпен орналасқан және көрсетілген бөліктер бойынша құжаттардан мәліметтерді бөлуге арналған каталогтардың бөлінген жіктелу тізбесі бар жазба немесе графикалық құжат болып табылады.

241. Каталогтар құрылған схемасына қарай жүйелік, тақырыптық, пәндік және олардың түрлері (атаулы, географиялық, объектілік) болып бөлінеді.

242. Жүйелік каталогтағы құжаттық ақпарат білім салалары мен ұйымның практикалық қызметі бойынша жіктеледі және қисынды жүйелілікпен орналасады.

Атаулы каталогта құжаттық ақпарат құжаттарда аталатын немесе олардың авторы болып табылатын тұлға тегінің әліпбиі бойынша жіктеледі. Одан әрі жүйелеу хронологиялық немесе қисынды жүйелілік пен жүргізіледі.

243. Каталог сипаттамасының құрамына:

1) ұйым архивінің атауы;

2) индексі;

3) айдар, айдарша;

4) оқиға уақыты, оқиға орны;

5) мазмұны;

6) архив қорының нөмірі, архив қорының атауы;

7) істер (құжаттар) тізімдемесінің, сақтау бірлігінің, парақтардың нөмірі;

8) құжат тілі;

9) құжатты жаңғырту тәсілі кіреді.

Каталогтар бөлімдерінің арасындағы немесе каталогтар бөлімдері мен өзге де архивтік анықтамалықтардың арасындағы байланыс үшін сілтемелер жүйесі қолданылады.

244. Каталогты жүргізу мынадай жұмыс түрлерінен тұрады:

1) жұмысты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

2) карточкаларға индекстер қою;

3) карточкаларды индекстер мен айдарлар бойынша жүйелеу;

4) каталогқа сілтеме аппаратын құрастыру;

5) каталогты жетілдіру.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жекелеген архив қорлары (немесе олардың топтарын) каталогтау бойынша әдістемелік құралдар, каталогтарды жіктеудің жұмыс схемаларын әзірлеуді, оларды нақтылау мен толықтыруды қамтиды.

Карточкаларға индекстер қою жіктеудің схемасы бойынша индексті таңдау немесе құрастыру және оны

каталогтық карточканың тиісті ақпаратына жатқызу болып табылады. Атаулы каталогта карточкаларға индекс қойылмайды және ол әліпби бойынша орналасады.

245. Каталогтар жүйелері барынша ақпараты көп және жиі пайдаланылатын архив қорларының жеке құрам бойынша картотекаларымен, тақырыптық және пәндік-тақырыптық картотекалармен толықтырылады.

246. Жеке құрам бойынша картотекалар карточкаларында архив қорының нөміріне, істердің жиынтық тізімдемесінің жылдық бөліміне, ол туралы мәлімет бар істер, парақтар нөміріне сілтемемен жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) жазылады. Карточкалар тегінің әліпбилік ретімен, ал тегі шегінде аты мен әкесінің аты (бар болса) бойынша әліпбимен жүйеленеді.

247. Аудиовизуалды құжаттаманы сақтайтын ұйым архиві картотекалардың мынадай түрлерін жасайды:

1) киноқұжаттың авторлары (режиссері, сценарисі және операторы) туралы мәліметі бар атаулы картотека, киноқұжаттың шығарылған уақыты туралы мәліметі бар хронологиялық картотека, киноқұжаттардың атаулары туралы, әліпбилік ретпен орналасқан, мәліметі бар әліпбилік картотека;

2) фотоқұжаттарда өздері туралы ақпарат қамтылған тұлғалар туралы мәліметі бар атаулы картотека және фотоқұжаттарда олар туралы ақпарат бар объектілер, оқиғалар туралы мәліметтері бар объектілік картотека;

3) фоноқұжатқа жазылған көркемсуреттің, музыкалық немесе құжаттық туындының авторы және орындаушысы туралы мәліметі бар атаулы картотека, фоноқұжатқа жазылған көркемсуретті, музыкалық немесе құжаттық туындылар туралы мәліметі бар жанрлық картотека;

4) бейнеқұжаттардың әліпбилік реттегі атаулары туралы мәліметі бар әліпбилік картотека, бейнеқұжаттың шығарылған күні туралы мәліметі бар хронологиялық картотека.

248. Ғылыми-техникалық құжаттаманы сақтайтын ұйымның архиві мына каталогтар түрлерін жасайды:

1) күрделі құрылыс объектілеріне және құрастыру объектілеріне объектілік каталог;

2) жобалардың, әзірлемелердің, бұйымдардың, зерттеу тақырыптары авторларының тегі бойынша құрастырылған атаулы каталог;

3) орналасқан орны бойынша жобалау объектілеріне географиялық каталог;

4) әліпбилік ретімен ғылыми-техникалық әзірлемелер атаулары бойынша әліпбилік каталог.

249. Аудиовизуалды құжаттарға сақтау бірліктерінің тақырыптарына және (немесе) құжаттарға сілтегіштер жасалады.

250. Көрсеткіштің сипаттаушы мақаласы бір пәндік ұғымнан (айдардан) және іздестіру деректерінен тұрады. Істердің, құжаттардың тізімдемесінің сақтау бірлігіне сілтегіштің іздестіру деректері сақтау бірлігінің реттік нөмірлерін қамтиды. Бір ұйым архивінің көрсетілген деректері бірнеше архив қорының сақтау бірліктеріне сілтегіштің іздестіру деректері архив қорларының істер, құжаттар тізімдемесінің нөмірлерімен толықтырылады.

251. Тақырыптық сілтегіш тарихи фактілер мен құбылыстарды білдіретін ұғымдарды қамтиды. Мұндағы айдар мен айдаршалардың атаулары атау септігінде жазылады.

252. Пәндік сілтегіш әліпби ретімен орналастырылған ұғымдарды қамтиды.

Жалпы пәндік сілтегіш әртүрлі ұғымды қамтиды.

Арнайы пәндік сілтегіш біртектес ұғымдарды (құжаттар түрін, авторлардың тегін, ұйымдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің атауларын, салалардың атауларын) қамтиды.

Атаулы сілтегіш әліпби тәртібімен жасалады және тегін, атын, әкесінің атын (әркелкі оқылуы, бүркеншік есім, лақап аты, жалған аты) және өмірбаяндық анықтаманы қамтиды.

Географиялық сілтегіш мемлекеттің, әкімшілік-аумақтық бірліктің, теңіздің, өзеннің және өзге де географиялық объектілердің атауларын қамтиды.

Жалпылаушы ұғымдар немесе әкімшілік-аумақтық атаулар сілтегішке түсіндірмесіз енгізіледі.

253. Хронологиялық сілтегіш хронологиялық тәртіппен орналасқан тарихи оқиғалардың, құбылыстардың және фактілердің күндері немесе құжаттардың күндері енгізілетін айдарлардан тұрады.

254. Архивтік анықтамалықтарға іздестіру сілтегіштерінде сілтемелер анықтамалықтардың, каталогтың беттеріне немесе бөлімдеріне беріледі.

255. Ұйым архивінде архив қорын шолу және тақырыптық шолу жасалады.

Шолу жекелеген құжаттар кешенінің құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметтерді қамтиды.

256. Архив қорын шолу жеке алынған архив қоры құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметтерді қамтиды.

257. Тақырыптық шолу белгілі бір тақырып бойынша архив қорының біреуінің немесе тобының құжаттары бөлігінің құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметтерді қамтиды.

258. Шолу сақтау бірлігінің, құжаттардың жекелеген топтарының аннотациялар жиынтығынан және анықтамалық аппараттан тұрады.

Аннотацияда сақтау бірлігі, құжаттар тобының мазмұны баяндалады, құжаттардың негізгі түрлері, олардың авторлары, хронологиялық шектері, төлнұсқалығы, іздестіру деректері көрсетіледі.

Архив қорының шолуында іздестіру деректері істер, құжаттар тізімдемелерінің, сақтау бірлігінің, сақтау бірлігі парақтарының нөмірлерінен тұрады. Қораралық тақырыптық шолуда іздестіру деректері қорлардың нөмірлерімен толықтырылады.

Шолудың ҒАА титулдық парағы, мазмұны (тақырып атаулары), алғысөз, қысқартылған сөздер тізімі, сілтегіштер кіреді. Тақырыптық шолуға олар туралы ақпарат шолуда қамтылған архив қорларының тізімі және тақырып бойынша библиография жасалады.

Шолуға алғысөзде қор құрушының тарихы және архив қорының тарихы, шолудың құрылымы, ҒАА құрамы бойынша мәлімет баяндалады.

259. Шолулар құрылымдық, салалық (функционалдық), пәндік-тақырыптық, географиялық, хронологиялық және өзге де белгілері бойынша жасалады.

260. Кино-, бейнеқұжаттың монтаждық парағы жекелеген жоспарлардың (монтаждық кадрлардың) мазмұнын ашады және жүйеленуін бекітеді.

Кино- бейнеқұжаттың монтаждық парағы аяқталған кинотуындының (фильмнің, арнайы шығарылымның, киножурналдың, телесюжеттің) әр кадрын сипаттауды білдіреді. Монтаждық парақ кинотуындыны жасау процесінде түзіледі және киноқұжатқа немесе бейнефонограммаға мәтіндік ілеспе құжаттама құрамында ұйым архивіне түседі.

Кинобейнеқұжаттың монтаждық парағы болмаған жағдайда ол ұйым архивінде жасалады және бас әріптен жазылған жазулардан, сипаттаушы мақалалардан және қорытынды жазбадан тұрады.

261. Бас әріптен жазылған жазуларда:

1) архивтің атауы;

2) монтаждық парақтың нөмірі және оның сипаттамасы (дыбысталуы, түсі, бөлімдер санын) көрсетілген киноқұжаттың атауы;

3) студияның атауы, киноқұжат шығарылған күн, фильмнің авторлары (режиссерлер, операторлар, сценарий авторлары) көрсетіледі.

262. Монтаждық парақты жасау оны дыбыс-монтаж үстелінде қарау арқылы киноқұжат позитиві бойынша жүргізіледі, сонымен бір уақытта әр көрінісі сипатталады.

Кинобейнеқұжаттың монтаждық парағында мәліметтер мынадай реттілікпен көрсетіледі:

1) реті бойынша жоспардың нөмірі;

2) жоспарды айқындау (жалпы, орташа немесе ірі);

3) жоспардың метражы (кадрдың оннан біріне дейінгі дәлдікпен);

4) киноқұжат жоспарын бейнелеудің қысқаша мазмұны.

Монтаждық парақ соңында монтаждық парақты құрастырушының лауазымы, тегі және құрастырылған күні көрсетіледі.

6-параграф. Ұйым архивінің автоматтандырылған ғылыми-анықтамалық аппаратын жасау тәртібі

263. Архивтің автоматтандырылған ҒАА архивтік құжаттар мен ақпаратты тиімді іздестіруге арналған электрондық анықтамалықтардың кешенін (құжаттар сипаттамаларының деректер базаларын) білдіреді.

264. Басқару құжаттамасының автоматтандырылған ҒАА ұйымның ағымдағы іс жүргізуінде (электрондық тіркеу-бақылау

картотекалары мен электрондық істер номенклатурасы) жасалатын ақпараттық-іздестіру жүйесіне негізделеді.

265. "Номенклатура бойынша істер нөмірі" тіркеу-бақылау карточкаларының өрісі құжат деңгейіндегі ақпаратты іздестіруден істер деңгейіндегі іздестіруге өткен кездегі байланыстырушы іздестіру деректемелері болып табылады.

Автоматтандырылған режимде істердің электрондық номенклатурасы болған жағдайда істегі құжаттарды есептен шығару және істерден құжаттарды алу жүзеге асырылады.

Істер номенклатурасының негізгі іздестіру деректемелері – істің индексі, істің (томның, бөлімнің) тақырыбы, істің (томның, бөлімнің) саны, тізбе бойынша сақтау мерзімі мен тармағы болып табылады.

266. Автоматтандырылған режимде істердің электрондық номенклатурасы негізінде құжаттарды сақтау мерзімі бойынша (тұрақты, ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) уақытша (10 жылға дейін қоса алғанда) сақтау) істер тізімдемесін қалыптастыру жүзеге асырылады.

267. Істердің электрондық тізімдемесінде іс деңгейіндегі ақпаратты сипаттаудың мынадай деректемелері болады:

1) жазбаның реттік нөмірі (істің нөмірі);

2) істің индексі;

3) істің тақырыбы;

4) төлнұсқалығына (көшірмесіне) сілтеме;

5) құжаттардың соңғы күндері;

6) істегі парақтар саны;

7) құжаттар аннотациясы.

268. Электрондық тіркеу-бақылау карточкалары негізінде құжаттар немесе істер деңгейіндегі сипаттамадан тұратын электрондық каталог қалыптастырылады.

269. Ұйымда құжаттарды тіркеудің автоматтандырылған жүйесі болмаған жағдайда басқарушылық, аудиовизуалды және ғылыми-техникалық құжат деңгейінде сипаттамалардың деректер базасы (электрондық каталог) жасалады.

Электрондық каталогта сипаттаудың негізгі деректемелері:

1) индекс, айдар, айдарша;

2) оқиғаның уақыты, оқиғаның орны;

3) мазмұны;

4) архив қорының атауы, архив қорының нөмірі;

5) істер, құжаттар тізімдемесінің нөмірі;

6) істің, құжаттың нөмірі, парақтың нөмірі болып табылады.

Архив қорының атауы, архив қорының нөмірі, істер, құжаттар тізімдемесінің нөмірі, істің нөмірі, парақтың нөмірі есептік сипаттамаларды қамтиды және олар есепке алудың автоматтандырылған жүйесінен трансформацияланады.

270. ҒАА функциясы ақпаратты іздестіру, іздестіру нәтижелерін экранда немесе файлдар түрінде қарау және басып шығару, анықтамалықтардың мәтінін қалыптастыру рәсімдерінің көмегімен атқарылады.

Сипаттау объектісін сипаттайтын түйін сөздер жүйеге сипаттау процесінде немесе ол аяқталғаннан кейін енгізіледі. Түйін сөздер пайдаланушыға архив қоры, істер тізімдемесі, іс, құжат деңгейіндегі ақпаратты жедел іздестіруге мүмкіндік береді.

Материалдардың толық мәтінін (архивтік құжаттарды, журнал мақалаларын, заңнамалық актілерді) қамтитын толық мәтінді деректер базасы бойынша ақпарат іздеу пайдаланушының құжат тақырыбының бөлімдеріне назар аударуын, қажет болған жағдайда тиісті мәтінге ауысуын көздейді.

Пайдаланушыға құжаттың толық мәтінінің көшірмесін жедел алуға мүмкіндік беріледі.

Толық мәтінді құжаттар бойынша ақпарат іздеу тезаурустың баспа нұсқаларынан таңдап алынатын дескрипторлар, жіктеу индекстері немесе құжат мәтінінен алынған сөздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

271. Тұрақты тапсыруға жататын құжаттар автоматтандырылған ҒАА-мен бірге архивке беріледі.

Автоматтандырылған ҒАА деректер базасының құрылымында деректемелердің болуы және осы деректемелер бойынша электрондық форматта ақпарат беру ұйым архивінің деректер базасы мен мемлекеттік архивтің автоматтандырылған ҒАА үйлесуін қамтамасыз етеді.

7-параграф. Пайдаланушылардың сұрау салуларын орындау тәртібі

272. Қолжетімділік санаттары бойынша архивтік құжаттар, оның ішінде электрондық архивтік құжаттар ашық және қолжетімділігі шектелген болып бөлінеді.

273. Ұйым архиві пайдаланушыға ашық архивтік құжаттарға, сондай-ақ оларға ҒАА қолжетімділікті ұсынады.

"Ұлттық архив қоры және архивтер туралы", "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидасымен, сондай-ақ жеке меншіктегі архивтік құжаттардың меншік иесінің немесе иеленушінің өкіміне сәйкес қол жеткізу шектелмесе, барлық архивтік құжаттар, оның ішінде электрондық архивтік құжаттар ашық болып табылады.

274. Қолжетімділігі шектелген архивтік құжаттарға, электрондық архивтік құжаттарға:

1) таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызылған мәліметтерді қамтитын архивтік құжаттар, электрондық архивтік құжаттар;

2) дербес деректерді қамтитын архивтік құжаттар, электрондық архивтік құжаттар;

3) меншік иелері немесе иеленушілері оларға қолжетімділік пен оларды пайдалануға шектеу белгілеген архивтік құжаттар, электрондық архивтік құжаттар жатады.

Қолжетімділігі шектелген архивтік құжаттарға, электрондық архивтік құжаттарға физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз деп танылған құжаттар да жатады.

Пайдаланушылардың көрсетілген құжаттарға қол жеткізуі, сондай-ақ оларды пайдалануы, ерекше жағдайларда, ұйым басшысының қарар бойынша жүзеге асырылады.

275. "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы", "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидасында көзделген немесе архивті пайдаланушылар жасаған ақпараттық қызмет көрсету шартында ескертілген жағдайлардан басқа, ұйым архиві пайдаланушыларға өзіндік іздестіру нәтижесінде алынған немесе ұйым архиві қызметтер көрсету

тәртібімен берген ақпаратты пайдалануға шек қоя алмайды немесе шарт белгілей алмайды.

276. Ұйым архивінің архивтік құжаттарын пайдаланудың негізгі нысандары:

1) пайдаланушыларға олардың сұратуы бойынша, сондай-ақ бастамашылық тәртіппен ұйым архивінде қандай да бір құжаттардың бар-жоғы және олардың мазмұны туралы ақпарат беру;

2) ұйым архивінің оқу залында жұмыс істеу үшін құжаттарды беру;

3) құжаттарды бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану;

4) ақпараттық іс-шаралар (көрмелер, конференциялар, презентациялар) дайындау;

5) құжаттарды уақытша пайдалануға беру болып табылады.

277. Ұйым архивінде электрондық жеткізгіштердегі, электрондық құжаттарды қолдану нысандары:

- пайдаланушылардың сұрау салуларына сәйкес, сондай-ақ бастамашылық негізде оларды ақпараттық қамтамасыз ету;

- құрылымында архив жұмыс істейтін ұйымның жұмыскерлеріне жергілікті желі, цифрлық байланыс арналары арқылы электрондық құжаттарды беру;

- мемлекеттік органдардың, соттардың, мүдделі ұйымдардың жұмыскерлеріне, азаматтарға ұйым архивінің оқу залында (арнайы жабдықталған жұмыс орнында) жұмыс істеу үшін электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, электрондық құжаттарды ұсыну.

278. Пайдаланушыларды ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстағы архивтің негізгі құжаттары:

1) архивтік анықтама;

2) архивтік көшірме;

3) архивтік үзінді;

4) ақпараттық хат;

5) архивтік құжаттардың тақырыптық тізбесі;

6) архивтік құжаттар көшірмелерінің тақырыптық іріктемесі;

7) архивтік құжаттарды тақырыптық шолу болып табылады.

279. Архивке келіп түсетін сұрау салулар былайша бөлінеді:

1) белгілі бір проблема, тақырып, оқиға, факт бойынша ақпарат беру туралы сұрау салулар (тақырыптық сұрау салулар);

2) екі немесе одан көп тұлғалардың туыстығын, туыстық байланысын, отбасының тарихын, тегін анықтау үшін қажетті ақпарат беру туралы сұрау салу (генеалогиялық сұрау салу);

3) әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұрау салу (жұмыс өтілі мен жалақы мөлшерін, жасын растау, отбасының құрамы, білімі, марапатталуы, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың аударылғаны, ғылыми дәреже мен атақтар берілгені, жазатайым оқиғалар, емделуде, эвакуациялауда болғаны, қуғын-сүргін қолданылғаны туралы, ақталғаны туралы, әскери бөлімдер мен құралымдардағы қызметі, экологиялық апат аймағында тұрғаны, бас бостандығынан айыру орынында болғаны туралы, азаматтық хал актілері туралы сұрау салулар.

280. Жеке тұлғаның сұрау салуында оның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса), жеке тұлғаның пошталық мекенжайы не заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), сұрау салу жолданған күн көрсетіледі. Сұрау салуда сұратылатын ақпараттың тақырыбы, мәселесі, хронологиясы көрсетіледі. Қағаз нысандағы сұрау салуға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды. Электрондық нысанда – ЭЦҚ-мен куәландырылады.

281. Ұйым архивінде сақтаудағы құжаттар құрамына жатпайтын сұрау салу тіркелген сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде тиістілігіне қарай мемлекеттік архивке, Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне немесе қажетті архивтік құжаттар сақталатын ұйымға жіберіледі, бұл туралы пайдаланушыға хабарланады.

282. Архивке пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық поштасының мекенжайы және (немесе) пошталық мекенжайы және расталуы қажет мәліметтер көрсетілген өтініші (сұрау салуы) электрондық пошта немесе ақпараттық жүйелер арқылы келіп түскен кезде оның электрондық поштасына өтініштің (сұрау салудың) қарауға

қабылдағаны туралы электрондық хабарлама немесе қарауданан дәлелді бас тарту жіберіледі. Қарауға қабылданған өтініш (сұрау салу) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығымен бекітілген Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес тәртіппен орындалады.

283. Архив әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұрау салуды Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес ақысыз орындайды және пайдаланушыларға қағаз және (немесе) электрондық нысандағы архивтік анықтама, архивтік көшірме және архивтік үзінді нысанында береді.

284. Әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұрау салу қайтадан орындалған немесе пайдаланушының сұрау салуы бойынша бұрын берілгенге ұқсас архивтік анықтама жасалған кезде ұйым архиві бұл анықтамаға енгізілген мәліметтердің қолда бар архивтік құжаттарға сәйкестігін тексереді және қосымша мәліметтер анықталған жағдайда қайтадан беріліп отырған архивтік анықтамада оларды қосымша көрсетеді.

285. Архивтік анықтама және архивтік үзінді құжаттың атауын "Архивтік анықтама", "Архивтік үзінді" деп белгілей отырып, ортақ бланкіде жасалады.

286. Осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша архивтік анықтамадағы мәтін архивтік құжаттардың түрлері және олардың күндері көрсетіле отырып, оқиғалардың хронологиялық реттілігінде беріледі. Архивтік анықтамада архивтік құжаттарға дәйексөз келтіруге жол беріледі.

287. Архивтік анықтамада мәліметтер архивтік құжаттардың мәтініне сәйкес келтіріледі. Алшақтық, сәйкес келмеу және атауының дәл келмеуі, атының, әкесінің атының, аты-жөнінің болмауы немесе олардың бірінің болуы жөнінде анықтаманың мәтінінде жақша ішінде ("Құжатта солай", "Түпнұсқаның мәтінінде солай") түсіндіріледі.

288. Архивтік анықтамаға ескертпеде құжат түпнұсқасы мәтінінің ерекшеліктері (түсініксіз жазылғны, автордың түзеткені, бүлінуі салдарынан оқуға жарамайтыны) ескертіледі ("Түпнұсқаның мәтінінде осылай", "Мәтінде түсініксіз").

Архивтік анықтаманың мәтінінде архивтік құжаттардың архивтік анықтама жасауға негіз болған мазмұны бойынша

өзгерістерге, түзетулерге, түсініктемелерге, орындаушының жеке тұжырымына жол берілмейді.

289. Архивтік анықтаманың соңында архивтік анықтаманы жасау үшін пайдаланылған архивтік құжаттардың сақтау бірліктерінің архивтік шифрі мен парақтар нөмірі, баспа басылымдары келтіріледі. Архивтік анықтаманың мәтінінде архивтік құжаттардың сақтау бірліктерінің архивтік шифрлары мен парақтар нөмірлерін әрбір факт немесе оқиға баяндалғаннан кейін бірден қоюға рұқсат етіледі.

290. Көлемі бір парақтан асатын қағаз нысандағы архивтік анықтамада парақтар тігіледі, нөмірленеді және ұйымның мөрімен бекітіледі.

291. Қағаз нысандағы архивтік анықтамаға ұйым басшысы, орындаушы қол қояды және ол ұйымның мөрімен куәландырылады. Электрондық нысанда – ұйым басшысының ЭЦҚ қойылады. Ондағы ұсынылатын мәліметтер толық болмаған жағдайда, себептері көрсетілген ілеспе хат жасалады.

Архивтік анықтамаға қажет болған жағдайда архивтік анықтамада баяндалған мәліметтерді растайтын архивтік құжаттардың көшірмелері немесе олардан үзінділер қоса беріледі.

292. Сұрау салуды орындау үшін қажетті құжаттар ұйым архивінде болмаған жағдайда ұйым хатының бланкісіне сұрау салудың тақырыбы бойынша архивтік құжаттардың болмауының себептері туралы жауап жасалады.

293. Сұратылған мәліметтерді қамтитын архивтік құжаттардың жоғалу фактісі құжатпен расталған жағдайда, ұйым архиві осы мәселе бойынша қажет болған жағдайда ұйым мөрімен куәландырылған анықтама береді.

294. Архивтік үзіндіде архивтік құжаттың атауы, оның нөмірі мен уақыты толық жазылады. Архивтік құжаттардың мәтінінен алынған үзінділер сұрату бойынша толық деректерді қамтиды. Үзінді бір-біріне қатысы жоқ бірнеше жеке мәселе қамтылған құжаттардан ғана жасалады.

Әрбір үзіндінің басы мен соңы, сондай-ақ архивтік құжат, оның ішінде электрондық архивтік құжат мәтініндегі жекелеген сөздердің болмауы көп нүктемен белгіленеді.

Архивтік үзінді мәтініне ескертпеде түпнұсқа мәтінінің түсініксіз жазылған, автор түзеткен, мәтіннің бүлінуі

салдарынан оқылмайтын бөліктері туралы тиісті ескертулер жасалады. Түпнұсқаның дәлдігіне күмән келтірілетін жекелеген сөздері мен тіркестері "Түпнұсқа мәтінінде солай", "Құжатта осылай" деген сөздермен ескертіледі.

Сұрау салу бойынша берілген қағаз нысандағы архивтік үзінділердің тең түпнұсқалығы ұйым басшысының қол қоюымен және ұйымның мөрімен, электрондық нысанда – ұйым басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

295. Теру құралдарын, дербес компьютерді пайдалана отырып дайындалған архивтік көшірмелер ұйымның ортақ бланкісіне құжаттың атауын "Архивтік көшірме" деп белгілеумен ресімделеді. Қағаз нысандағы құжаттың ксерокөшірмесін немесе фотокөшірмесін дайындаған кезде ұйымның ортақ бланкісі пайдаланылмайды.

Архивтік көшірменің немесе архивтік үзіндінің мәтінінен кейін құжаттың архивтік шифрі және архивтік құжаттың сақтау бірліктерінің парақтар нөмірі көрсетіледі. Егер көшірме немесе үзінді бір парақтан артық болса, архивтік шифр әрбір парақтың сырт жағына қойылады. Қағаз нысандағы архивтік көшірменің немесе архивтік үзіндінің барлық парақтары тігіледі, нөмірленеді және тігілген жерде ұйым архивінің мөрімен бекітіледі.

Электрондық нысанда архивтік көшірмеге ұйым басшысының ЭЦҚ қол қойылады.

296. Архивтік анықтама, архивтік үзінді, архивтік көшірме және сұрау салуларға жауаптар пошта арқылы жай немесе тапсырыс хаттармен жіберіледі.

297. Азамат немесе оның сенім білдірілген адамы ұйым архивіне жеке өтініш білдірген жағдайда архивтік анықтама, архивтік үзінді, архивтік көшірме оған паспортын немесе өзге де куәландырушы құжатын, сенім білдірілген адам – Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес ресімделген сенімхатты көрсеткен кезде қолхатпен беріледі. Архивтік анықтаманы және архивтік үзіндіні алушы олардың көшірмелеріне немесе оларға жасалған ілеспе хаттың сырт жағына алынған уақытын көрсете отырып, қолын қояды.

298. Құжаттардың иесі уақытында алмаған азаматтық халжағдайы туралы, білімі туралы жеке төлнұсқа құжаттарды, еңбек кітапшаларын және өзге де архивтік істен алып, иесіне немесе олардың туыстарына беруге болады.

Төлнұсқа жеке құжаттар ұйым басшысының қарар бойынша өтініш білдірушілерге жеке басын куәландыратын құжатын, ал олардың туыстарына немесе сенім білдірілген адамына нотариалды куәландырылған сенімхатты көрсеткен кезде беріледі. Төлнұсқа жеке құжаттар өтініш білдірушіге тапсырыс хатпен жіберіледі.

299. Істен алынған құжаттың орнына алынған құжаттың көшірмесі салынады. Архивтік құжаттардың алынғаны, сондай-ақ оларды көшірмесімен ауыстырылғаны істің куәландыру парақтарында, істердің, құжаттардың тізімдемелерінде көрсетіледі.

300. Архивтік құжаттардың қайтарылуы көрсетілген құжаттардың істен алынғаны туралы актімен ресімделеді. Архивтік құжаттарды қайтаруды жүргізуге негіз болған акт пен өзге де құжаттар және оларды қолына алған тұлғаның қолхаты архив қоры ісіне енгізіледі.

8-параграф. Істерді, құжаттарды оқу залына және уақытша пайдалануға беру тәртібі

301. Архив ұйымында пайдаланушылардың жұмыс істеуіне жағдай жасау мақсатында микрокөшірмелермен, электрондық, аудиовизуалды және ғылыми-техникалық құжаттармен жұмыс жасауға арналған тиісті техникалық құралдармен жабдықталған оқу залы (көру залы, компьютер залы, фонокұжаттарды тыңдайтын бөлме) құрылады.

Оқу залының жұмыс тәртібін ұйым басшысы белгілейді.

Ұйым архивінде оқу залына арнайы бөлінген үй-жай болмаған жағдайда пайдаланушылар құжаттармен, оның ішінде электрондық құжаттармен жұмысты ұйым архивінің немесе басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің жұмыс бөлмелерінде ұйым архиві қызметкерінің бақылауымен жүргізеді.

302. Пайдаланушылар оқу залына жеке өтінішінің негізінде жіберіледі, ғылыми ұйымдардың жоспарына сәйкес ғылыми жұмыс жүргізетін немесе қызметтік тапсырманы орындайтын пайдаланушылар өздерін жіберген ұйымның хатын көрсетеді, ұйым жұмыскерлері оқу залына қызметтік куәліктері бойынша жіберіледі. Қызметтік мақсатта пайдалану үшін архивтік құжаттар ұйым жұмыскерлеріне жұмыс үй-жайларында беріледі.

Жеке өтініште немесе хатта пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, тақырыбы және зерттеудің хронологиялық шегі көрсетіледі.

Ұйым басшысы пайдаланушыға оқу залында жұмыс жасауға рұқсатты қажетті мерзімге, бірақ ресімделген күннен бастап 1 жылдан аспайтын мерзімге береді.

303. Ұйым архиві пайдаланушыларға оқу залында пайдалану үшін есепке алынған және ғылыми-техникалық өңдеуден өткен, анықтамалықтары мен өзге де іздестіру құралдары бар ашық құжаттарды береді. Есепке алынбаған және өңделмеген құжаттар пайдаланушыларға оқу залында жұмыс істеу үшін пайдалануға берілмейді.

304. Істер, электрондық құжаттар тізімдемелеріне қолжетімділік және оларды ұйым қызметкерлеріне және архивтің оқу залында (арнайы жабдықталған жұмыс орнында) мемлекеттік органдар, соттар, мүдделі ұйымдар жұмыскерлерінің, азаматтардың жұмыс істеуі үшін беру жергілікті желі, цифрлық байланыс арналары, ЭА АЖ арқылы жүзеге асырылады.

Істер тізімдемелеріне және электрондық құжаттарға (істерге) қашықтан қол жеткізу үшін архив басшысы пайдаланушыға оның авторизациясы және ЭА АЖ-дағы өтініші негізінде ЭА АЖ-не рұқсат береді.

305. Электрондық тасығыштармен жұмыс істеу кезінде қолдарымен электрондық тасығыштардың жұмыс беттерін тигізуге жол берілмейді. Электрондық тасымалдағыштарды тазалау және қолмен өңдеу кезінде тек қолғаппен шеттерінен немесе қорғаныш корпусынан алу керек.

Оптикалық дискілерді өңдеу кезінде қолғаптар, сүрткіштер мен майлықтар қолданылатын тазартқыш заттарға төзімді болуы қажет. Қолғаптар үшін ең қолайлы материал мақта болып табылады. Сондай-ақ пластиктенбеген полиэтиленді, фторы бар полимерлерді және латексті қолдануға жол беріледі. Қолғап материалының құрамында бояғыштар болмауға тиіс.

306. Қоймадан электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды берген кезде берілетін құжатты құрайтын барлық сақтау объектілерінің тұтастығы тексеріледі.

307. Құжаттарды, оның ішінде электрондық құжаттарды беруден бас тарту немесе кейінге қалдыру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) физикалық жай-күйі нашар болса;

2) пайдаланылуына "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы", "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидасымен белгіленген немесе қор құрушы белгілеген шектеулер болса;

3) қызметтік тапсырманы орындау үшін құжаттар ұйым архиві жұмыскерлерінің пайдалануында болса;

4) құжаттар уақытша пайдалануға немесе оқу залында басқа пайдаланушыға берілген болса істерді, құжаттарды беруден бас тарту немесе кейінге шегеру жүзеге асырылады.

Ұйым архивінің құжаттарды, оның ішінде электрондық құжаттарды беруден бас тартуы жазбаша нысанда бас тарту себептері көрсетіліп беріледі.

308. Ұйым архивінің техникалық мүмкіндіктері ескеріле отырып, пайдаланушылардың тапсырысы бойынша архивтік құжаттардың көшірмелері (ксерокөшірмелер, микрокөшірмелер, фототаңба, кинокөшірме, бейнекөшірме, фоноқұжаттардың көшірмелері, сондай-ақ электрондық жеткізгіштердегі көшірмелер) дайындалады.

Физикалық жай-күйі қанағаттанғысыз архивтік құжаттардан көшірме алу жүргізілмейді.

Қолжетімділігі шектелген (құпия және жасырын ақпараты бар) архивтік құжаттардан көшірме алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

309. Көшірме алуға тапсырыстарды орындау тәртібін, оның ішінде архивтік құжаттарды, істердің, құжаттардың жарияланбаған тізімдемелерін көшіру көлемі өзге де архивтік анықтамалық-іздестіру құралдары мен деректер базасы, көшір-

мелерді дайындау құны мен оларды дайындау үшін есеп айырысу тәртібін ұйым басшылығы айқындайды.

310. Пайдаланушының тапсырысы бойынша дайындалған архивтік құжаттың көшірмесінде архив архивтік құжаттың сақтау бірлігінің архивтік шифрі мен парақтар нөмірін көрсетеді.

Көшірме түсіруге тапсырыстарды есепке алу қағаз немесе электрондық нысанда жүргізіледі.

311. Істің оқу залына, қоймадан құжаттар құжаттарды беруге тапсырыстың толтырылған бланкісі негізінде беріледі және осы Қағидаларға 20, 22-қосымшаларға сәйкес істерді қоймадан беру кітабында ескеріледі.

312. Архивтің сақтау қоймасынан оқу залына берілетін әрбір істің, құжаттың істі пайдалану парағы болады.

313. Істер, құжаттар ұйымның құрылымдық бөлімшелеріне уақытша пайдалануға 20 күннен аспайтын мерзімге беріледі. Істерді, құжаттарды өзге ұйымдарға уақытша пайдалануға беру олардың жазбаша сұратуы бойынша істерді, құжаттарды уақытша пайдалануға беру туралы актімен ресімделеді. Акт екі дана жасалады, біреуі алушыға беріледі, ал екіншісі ұйым архивінде қалады. Актіге құжаттарды беруші ұйымның және алушы ұйымның басшылары қол қояды, қойылған қолдар ұйым мөрлерімен бекітіледі. Істерді, құжаттарды басқа ұйымдарға уақытша пайдалануға беру үш айдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.

314. Істерді, құжаттарды уақытша пайдалануға берген кезде әрбір іс сақтау қоймасынан істерді беру кітабына жазылады, ал берілген істің орнына әрбір іс үшін алмастыру картасы салынады. Алмастыру карталары ұйым архивінде қажеті өткенге дейін сақталады. Қайтарылған істердің жай-күйі істі қайтарушы адамның қатысуымен тексеріледі.

315. Уақытша пайдалану үшін архивтің сақтау қоймасынан берілетін әрбір істің, құжаттың істі пайдалану парағы болады.

9-параграф. Құжаттарды бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану тәртібі

316. Ұйым архиві ақпараттық іс-шаралар, көрмелер ұйымдастырған кезде құжаттарды бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалануды, сондай-ақ оларды жариялауды ұйымдастырады.

317. Ұйым архиві бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе отырып, тақырыпты, құжаттарды дайындаудың көлемі мен мерзімін айқындайды, тақырып пен мерзімді ұйым басшысы бекітеді. Мақалалар мен өзге де баспа нысандарының бұқаралық ақпарат құралдары үшін дайындалған, ұйым архивінде қалатын даналарында пайдаланылған құжаттардың іздестіру деректері, сондай-ақ олар жарияланған күні мен орны көрсетіледі.

10-параграф. Уақытша сақтау мерзімі бар электрондық істерді жою және электрондық құжаттарды, электрондық істерді мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға беру тәртібі

318. Ұйым архивінде электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, электрондық құжаттарды уақытша сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін оларды тұрақты сақталатын электрондық істердің жиынтық тізімдемелеріне (жиынтық тізімдемелердің жылдық бөлімдеріне) немесе сақтауға жатпайтын электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы актілерге енгізу мақсатында құндылыққа сараптама жүргізіледі.

319. Электрондық жеткізгіштердегі құжаттар, электрондық құжаттар (істер), егер оларды сақтаудың белгіленген мерзімі акт жасалған жылдың 1 қаңтарына дейін аяқталған болса, электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы актіге енгізіледі. Электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, сақтауға жатпайтын электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы Акт осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады, ұйымның ЭК отырысында қаралады, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінің, ЖАО-ның немесе республикалық мемлекеттік архивтің СТК-мен келісіледі, содан кейін ұйымның басшысы жиынтық тізімдемелермен бір мезгілде бекітеді (жиынтық тізімдемелердің жылдық бөлімдерімен), оның ішінде жеке құрам бойынша тұрақты, уақытша (10 жылдан астам) сақталатын электрондық істердің.

320. Мемлекеттік архивті толықтыру көзі болып табылатын ұйымда жасалған актіні ұйым басшысы тиісті мемлекеттік архивпен немесе уәкілетті органмен тұрақты сақталатын электрондық істердің жиынтық тізімдемелері (жиынтық тізімдемелердің жылдық бөлімдері), жеке құрам бойынша электрондық істердің жиынтық тізімдемелері (жиынтық тізімдемелердің

жылдық бөлімдері) және "СТК" белгісі бар электрондық түрдегі құжаттарды, электрондық құжаттарды жоюға бөлу туралы акт келісілгеннен кейін бекітеді.

321. Мемлекеттік архивті толықтыру көзі болып табылмайтын ұйымда жасалған актіні жоғары тұрған ұйымның СК тұрақты сақталатын электрондық істердің жиынтық тізімдемесін (жиынтық тізімдемелердің жылдық бөлімдерін) бекіткеннен және жеке құрам бойынша электрондық істердің жиынтық тізімдемелерін (жиынтық тізімдемелердің жылдық бөлімдерін) және "СТК" белгісі бар электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы актіні келіскеннен кейін ұйым басшысы бекітеді.

322. Электрондық жеткізгіштердегі құжаттар, сақтау мерзімі өткен электрондық құжаттар (істер) уәкілетті органмен немесе ЖАО-мен келісілгеннен және ұйым басшысы электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды, сақтауға жатпайтын электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы актіні бекіткеннен кейін ғана жойылады.

323. Электрондық жеткізгіштердегі құжаттар, электрондық құжаттар (істер) жойылған кезде ұйым архивінен олардың барлық даналары алынады. Электрондық құжаттар (істер) жоюға жатады. Қайта пайдалануға жарамды электрондық жеткізгіштер оларға жазылған ақпаратты өшіргеннен кейін ақпаратты қайта жазу үшін пайдаланылуы мүмкін. Пайдалануға жарамсыз электрондық жеткізгіштер осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен есептен шығарылады және жойылады. Ұйым архивінің есепке алу құжаттарында олардың есептен шығарылғаны туралы белгі жасалады.

324. Электрондық құжаттарда таратылуы және (немесе) берілуі шектелген ақпарат болған кезде оны жоюдың мынадай тәсілдері қолданылады:

- электрондық жеткізгіштің бетіне магнит өрісімен әсер ету (магнитсіздендіру);

- электрондық жеткізгішті ақпаратпен бірге механикалық жою (ұнтақтау, балқыту, химикаттарды пайдалану). Бұл әдіс толық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оңтайлы болып табылады.

325. Ақпараттық ресурстың архивтік көшірмесін білдіретін электрондық құжатқа арналған метадеректердің құрамы қосымша мыналарды:

- ақпараттық ресурстың атауын; ақпараттық ресурстың типін;

- ақпараттық ресурсты пайдаланудың соңғы күндерін;

- ақпараттық ресурсты Ақпараттық ресурстардың мемлекеттік тіркелімінде тіркеу туралы деректерді;

- ақпараттық ресурсты орналастырудың интернет-мекенжайын (жаһандық интернет компьютерлік желісінде орналастырылған ақпараттық ресурс үшін);

- ақпараттық ресурстың меншік иесі туралы мәліметтерді;

- ақпараттық ресурстың иесі туралы мәліметтерді қамтиды.

326. Электрондық істер құрамында электрондық құжаттарды мемлекеттік архивке беруді ұйымның ведомстволық архивке жауапты жұмыскері жүзеге асырады және электрондық құжат айналымы және ЭА АЖ құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Электрондық құжаттар (істер) мемлекеттік архивке олардың метадеректерімен бірге беріледі.

Тұрақты сақтаудағы электрондық істерді беру ұйымның тұрақты сақтаудағы электрондық істерінің тізімдемелері бойынша, ал Уақытша (10 жылдан астам) сақтаудағы ұйым таратылған жағдайда – мемлекеттік архивке электрондық істерді қабылдау кестесіне сәйкес осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған уақытша (10 жылдан астам) сақтаудағы электрондық істердің тізімдемелері бойынша жүргізіледі.

Ұйымның электрондық істерінің тізімдемесі ұйым басшысының кілтін қолдана отырып, ЭЦҚ қою арқылы бекітіледі.

327. Электрондық құжаттарды (істерді) мемлекеттік сақтауға беру, бар болса, ұйым архиві мен мемлекеттік архивтің ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау регламентіне сәйкес цифрлық байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық құжаттар (істер) мемлекеттік сақтауға PDF/A-1 сақтау форматында беріледі.

328. Электрондық істің құрамына әрбір электрондық құжаттың метадеректері енгізіледі.

329. Ұйымнан мемлекеттік архивке беруге дайындау кезінде электрондық істер әрбір электрондық құжаттың метадеректері (біріншісінен басқа) алдыңғы электрондық құжаттың

бақылау сипаттамаларын және оның метадеректерін (бір бағытты байланысқан тізім) қамтитындай етіп қалыптастырылады.

330. Электрондық істерді беру және қабылдау форматы электрондық құжат айналымы жүйесі мен ұйым архиві және мемлекеттік архивтің ақпараттық жүйесі арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау регламентінде айқындалатын ақпараттық пакеттің құрамындағы цифрлық байланыс арналары арқылы немесе электрондық жеткізгіштермен жүзеге асырылады.

Тұрақты және уақытша (10 жылдан астам) сақталатын электрондық істер тізімдемелерінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- электрондық істерді мемлекеттік архивке беретін ұйымның жұмыскері туралы мәліметтер (лауазымның атауы, аты-жөні, тегі);
- электрондық істерді ұйым архивіне қабылдайтын мемлекеттік архивтің жұмыскері туралы мәліметтер (лауазымның атауы, аты-жөні, тегі).

331. Ақпараттық пакет электрондық іс деңгейіндегі мынадай метадеректерді қамтиды:

- ұйымның электрондық істер тізімдемесіндегі электрондық істің реттік нөмірі;
- электрондық істің индексі;
- электрондық істің тақырыбы;
- электрондық істегі электрондық құжаттардың соңғы күндері;
- электрондық істің электрондық құжаттарының саны;
- электрондық істің электрондық құжаттарының көлемі;
- электрондық істің электрондық құжаттарының тілі (тілдері).

Электрондық іс деңгейіндегі метадеректердің тұтастығы ақпараттық пакетте олардың бақылау сипаттамалары көрсетіле отырып расталады.

332. Ақпараттық пакет уақытша (10 жылдан астам) және тұрақты сақталатын электрондық құжат деңгейіндегі мынадай метадеректерді қамтиды:

- электрондық құжат түрінің атауы (бұйрық, хат, смета және т.б.);

- электрондық құжаттың сыныбы (электрондық құжаттың құжаттаманың біріздендірілген жүйелерінің біріне тиесілігін көрсету);

- электрондық құжаттың тақырыбы;

- электрондық құжаттың күні;

- электрондық құжаттарға қол жеткізу құқығы (барлығына қол жеткізуге рұқсат етілген; қол жеткізуді қор құрушы белгілейді);

- қол жеткізу шектеулері алып тасталған күн (олар бар болса);

- электрондық құжаттың тіркеу индексі;

- тіркеу-бақылау карточкасының болуы туралы белгі;

- электрондық құжатқа аннотация (бар болса);

- электрондық құжаттың тілі;

- электрондық құжаттың авторы туралы деректер (орындаушы лауазымының атауы, электрондық құжатты дайындаған ұйымның атауы);

- электрондық құжаттың құрылымы туралы ақпарат;

- электрондық құжаттың файлдары туралы мәліметтер (атаулары, көлемі, бақылау сипаттамалары);

- бақылау сипаттамаларын тұжырымдау алгоритмі (хэштеу алгоритмі – хэш-функцияның мәнін есептеудің криптографиялық алгоритмі) (алгоритмнің белгіленуі, техникалық нормативтік құқықтық актіге сілтеме) туралы мәліметтер.

Электрондық құжат деңгейіндегі метадеректердің тұтастығы ішкі тізімдемеде көрсетілген бүкіл құжат үшін ортақ бақылау сипаттамасымен расталады.

333. Қажет болған жағдайда электрондық құжат деңгейінде сипаттау үшін электрондық құжаттарды жасау мен жаңғырту ерекшеліктерін сипаттайтын қосымша метадеректер:

- жалпы басқару мәнмәтінін құрайтын өзге де құжаттарға сілтемелер;

- электрондық құжат жасалған ақпараттық технология (бағдарламалық өнім нұсқалары) туралы мәліметтер;

- электрондық құжатты жаңғырту үшін қажетті техникалық және бағдарламалық құралдар туралы мәліметтер;

- электрондық құжатты қорғау туралы мәліметтер пайдаланылады.

334. Электрондық жеткізгіштердегі электрондық істерді беру кезінде метадеректердің құрамына электрондық жеткізгіштерде (электрондық жеткізгіш түрі, типі) және электрондық құжаттарды (істерді) осы электрондық жеткізгіштерде орналастыру туралы деректер енгізіледі.

335. Электрондық құжаттар үшін метадеректердің құрамына электрондық құжат айналымы жүйесі мен ЭА АЖ арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау регламентіне сәйкес айқындалатын ЭЦҚ құралдары туралы мәліметтер қосымша енгізіледі.

ПРИКАЗ МИНИСТРА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 25 АВГУСТА 2023 ГОДА № 235 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ПРИЕМА, ХРАНЕНИЯ, УЧЕТА И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ДОКУМЕНТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО АРХИВНОГО ФОНДА И ДРУГИХ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ ВЕДОМСТВЕННЫМИ И ЧАСТНЫМИ АРХИВАМИ»

Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 28 августа 2023 года № 33338

Глава 1. Общие положения

1. Правила приема, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда и других архивных документов ведомственными и частными архивами (далее – Правила) разработаны в соответствии с законами Республики Казахстан "О Национальном архивном фонде и архивах" и "Об электронном документе и электронной цифровой подписи".

2. Правила определяют порядок приема, хранения, учета и использования документов Национального архивного фонда (далее – НАФ) и других архивных документов ведомственными и частными архивами (далее – архив организации).

3. Основные понятия, используемые в настоящих Правилах:

1) информационное письмо – документ, составленный на бланке письма организации по запросу пользователя или инициативе архива организации, содержащий информацию о хранящихся в архиве документах по определенной проблеме, теме;

2) архивная справка – документ, составленный на бланке письма юридического лица (далее – организации), содержащий необходимую физическим и юридическим лицам информацию с указанием архивных шифров и номеров листов единиц хранения тех архивных документов, на основании которых она составлена, имеющий юридическую силу (подлинника);

3) архивная копия – копия, дословно воспроизводящая текст архивного документа, с указанием архивного шифра и номеров листов единицы хранения, оформленная в соответствии с пунктом 295 настоящих Правил;

4) тематическая подборка копий архивных документов – систематизированный комплект копий архивных документов или их частей по определенной теме, подготовленный архивом организации по запросу пользователя или инициативе архива организации;

5) упорядочение архивных документов (далее – упорядочение) – комплекс работ по формированию архивных документов в единицы хранения (дела), описанию и оформлению таких единиц хранения (дел) в соответствии с законодательством Республики Казахстан о НАФ и архивах;

6) хранилище архивных документов (архивохранилище) – специально оборудованное хранилище (помещение) для хранения архивных документов;

7) тематический перечень архивных документов – систематизированный краткий или аннотированный перечень заголовков архивных документов, единиц хранения по определенной теме с указанием их дат и архивных шифров, составленный по запросу пользователя или инициативе архива организации;

8) архивный указатель – архивный справочник, представляющий собой алфавитный, систематический или составленный по иному признаку перечень наименований предметов, упоминаемых в архивных документах, с указанием их поисковых данных;

9) архивная выписка – документ, составленный на бланке письма организации, дословно воспроизводящий часть текста архивного документа, относящийся к определенному факту, событию, лицу, с указанием архивного шифра и номеров листов единицы хранения;

10) архивный шифр – обозначение, наносимое на каждую единицу хранения с целью обеспечения ее учета и идентификации;

11) архивное дело – сфера деятельности физических и юридических лиц, связанная с формированием Национального архивного фонда Республики Казахстан, образованием архивов,

архивных фондов и коллекций, организацией сбора, комплектования, упорядочения, хранения, учета и использования архивных документов;

12) особо ценный документ – архивный документ НАФ, который имеет непреходящую историко-культурную и научную ценность, особую важность для общества и государства;

13) аудиовизуальная документация – комплекс документов, содержащих изобразительную и (или) звуковую информацию, созданный с помощью технических средств;

14) управленческая документация – комплекс документов, используемых при реализации основных функций управления организации (организация, планирование, регулирование, контроль);

15) ведомственный архив – учреждение или структурное подразделение государственного юридического лица, осуществляющие сбор, упорядочение, временное хранение, учет, использование архивных документов и государственный учет документов НАФ;

16) научно-справочный аппарат (далее – НСА) – совокупность описаний архивных документов в архивных справочниках, предназначенных для поиска архивных документов и содержащейся в них документной информации;

17) система НСА – комплекс взаимосвязанных и взаимодополняемых, создаваемых на единой научно-методической основе архивных справочников о составе и содержании архивных документов;

18) научно-техническая документация – комплекс документов, фиксирующих процесс и результаты научной, научно-технической, производственно-технической, проектной, строительной и иной деятельности;

19) частный архив – негосударственное юридическое лицо или его структурное подразделение, осуществляющие сбор, приобретение, комплектование, упорядочение, хранение, учет и использование архивных документов или архивных документов физического лица, возникших в результате его деятельности, сбора и приобретения;

20) организация хранения документов – система мероприятий, включающая рациональное размещение документов, контроль за их движением и физическим состоянием,

